

Л 2006

981715

ИСА БАЙЗАҚОВ

ШЫҒАРМАЛАРЫ



ҚАЗАҚ ССР ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫ
Тіл және Әдебиет институты

ИСА БАЙЗАҚОВ

ШЫҒАРМАЛАРЫ



Қазақтың мемлекеттік
КӨРКЕМ ӘДЕБИЕТ БАСПАСЫ
Алматы — 1951

Редакциясыв басқарғандар:

Профессор Әуезов М.

Филология ғылымының кандидаттары:

Ғабдуллин М.,

Исмаилов Е.

Ақын-жазушылар:

Бегалин С.,

Адамбеков Ө.

ШЫҒАРУШЫЛАР АЛҚАСЫНАН

Иса Байзақовтың шығармалары 1924 жылдан бері республиканың газет, журналдарында үнемі басылып келді. Осы ұсынылып отырған толық шығармалар жыйнағынан бұрын Иса шығармалары мына мезгілдерде өзалдына жеке кітап болып басылып шыққан:

1. *Байзақұлы Иса* «Құралай сұлу», Қызылорда, 1926 жыл. Қазақстан мемлекет баспасы.
2. *Байзақұлы Иса* «Ұлы құрылыс», Семей, 1933 жыл. Қазақстан мемлекет баспасы.
3. *Байзақов Иса* «Алтай аясында», Алматы, Қаз. көркем әдебиет баспасы, 1939 жыл.
4. *Байзақов Иса* «Кавказ», Алматы, Қазақтың Біріккен мемлекет баспасы, 1941 ж.
5. *Байзақов Иса* «Ақбөпе», Алматы, Қазақтың Біріккен мемлекет баспасы, 1945 ж.
6. *Байзақов Иса* «Таңдамалы шығармалары», Алматы, Қазақтың Біріккен мемлекет баспасы, 1948 ж.

Ақынның бұрынғы басылғандары мен осы жыйнаққа кіріп отырған шығармаларының арасындағы кейбір айырмашылықтар, өзгерістер, қосымшалар жайы және әр шығарманың жазылуы, жарыққа шығуы ту-

ралы деректер кітаптағы түсініктерде айтылды. Шығармада кездесетін жеке сөздердің түсінігі кітаптың әр бетіне берілді.

Жыйнақ негізгі жеті бөлімнен құралды. Бірінші бөлімге ақынның 1924—1944 жылдар арасында жазған, бұрын жарияланған өлең, жырлары енді. Екінші бөлімге ән, өлеңдері және оның ноталары кірді. Үшінші бөлімге ақынның жаңадан табылған, немесе бұрынғы баспаларынан қалып қойған шығармалары (өлең, кара сөзі аралас) кірді. Төртінші бөлімге поэмалары берілді. Бесінші бөлімге Исаның айтуымен таралған шығармалар кірді. Алтыншы бөлімге ақынның өмірбаянына қосымша материалдар, түсініктер берілді. Жетінші бөлім түсініктер.

Жыйнақты баспаға дайындаған және түсініктерді жазған: Қазақ ССР Ғылым Академиясының Тіл және Әдебиет институтының ғылыми қызметкерлері, филология ғылымдарының кандидаты Есмағамбет Исмаилов, Сапарғали Бегалин және Садықбек Адамбеков. Кейбір материалдарды қарасуға институттың ғылыми қызметкерлері М. Фумарова, Қ. Қаңтарбаев жолдастар көмектесті.

Кіріспе сөзін жазып, жалпы редакциясын басқарған Е. Исмаилов.

И С А Б А Й З А Қ О В

Қазақ Совет әдебиетінің тарихында Иса Байзақовтың алатын орны ерекше. Ол — революцияның алғашқы күнінен бастап, совет дәуірінің шындығын, ұлы Октябрь революциясы аркасында гүлденген қазақ халқының бақытты өмірін, сталиндік замандағы халықтар достығын, советтік патриотизм идеясын, Совет елінің жеңімпаздық даңқтарын, қазақ халқының бұрынғы батырлық, бостандық сүйгіш ізгі дәстүрлерін кең жырлаған талантты, терең ойлы, өткір сезімді ірі ақынның бірі. Ол Совет дәуіріндегі гүлденіп дамыған қазақтың халық поэзиясында іргелі орын алатын шешен, суырыпсалма (импровизатор) — айтыс ақыны және бұрын-соңғы әдебиет нұсқаларын жатқа айтушы жыршы, әрі халық музыкасының үлгісінде ән-өлеңдер шығарып таратқан әнші-композитор.

Исаның әдебиетіміз тарихында алатын осындай ерекше маңызды орны, өмірі мен творчествосы, бұл күнге дейін әр кезде жазылған бірлі-жарым мақалалар болмаса, өге аз зерттеліп келді. Қазақ ССР Ғылым Академиясының Тіл және Әдебиет институты, 1946 жылғы Қазақ ССР Министрлер Советінің арнаулы қаулысын жүзеге асыру жолында Исаның шығармаларын, қолжазбаларын, өмірбаянына байланысты материалдарды жыйнап, зерттей отырып, 1948 жылы ақынның «Таңдамалы шығармалар жыйнағын» бастырып шығарды. Енді оқушылар жұртшылығына Исаның осы шығармалар жыйнағын ұсынып отыр. Иса-

нын бұл шығармалар жыйнағын баспаға дайындаумен байланысты, акынның бірталай жаңа шығармалары табылды, өмірбаянына керекті материалдар жыйналды, музыкалы шығармалары зерттелді. Міне, осының барлығы Исаның шығармаларын зерттеудің, оны қалың жұртшылыққа кең таныстырудың маңызы зор екендігін көрсетеді.

* * *

Иса Байзақов 1900 жылы, осы күнгі Павлодар облысы, Ертіс ауданында туған. Көп балалы, кедей семьясында өскен Исаның жастық шағы өте ауыр халде өтеді. Жокшылық салдарынан Иса ағаларымен бірге жастайынан кісі есігінде жалшы болады, қозы бағады, бұзау бағады, отыншы, сушы болады, саудагерлердің қолында тұрып, мал айдаушы да болады. 1916 жылы патшаның 25 июньдегі жарлығы бойынша 16 жасар Иса бай балаларының орнына 21 жаста «болып» шығып, әкесі мен ағасы Мұса үшеуі бірдей приёмға ілініп, Сибирьде Томск қаласының жанында Анжерке деген шахтада жұмыс істейді. Бұл шахтада 1917 жылғы революцияға дейін болады. Міне, революцияға дейінгі Исаның басынан кешкен өмірі осындай.

Иса тұрмыстың нелер ауыр соқпағына душар болса да, оның өлең-әнге жастайынан бейімді болғандығы байқалады. Сол өлең, жыр, ән, күйге құмар болуына Исаның бала кезіндегі алған азды-көпті әсерлері, жақын туыстарының тәрбиесі де недәуір себепші болады. Шешесі жастай өлгеннен кейін жетім қалған Иса біраз уақыт нағашы шешесі Жанбала мен нағашы ағасы Рахметтің қолында тұрады. Кәрі ана Исаны әрі еркелетіп, әрі оған үнемі қызықты өлең, әңгіме-ертегілер айтып беретін болса, Рахмет Исаны домбыра тартуға, ән салуға үйретеді. Исаны ең алғаш акындық жолға баулыған осы акын-әнші Рахмет болса керек. Иса жалшылықта кісі есігінде жүрген уақыттарында да, қозы бағып жүргенде де өлең, ән білетін адамдардан естігендерін ылғый жаттап алып отырады. Ауыл арасындағы ойын, сауықтарда, ол іркілмей домбыра гартып, ән салып, өлең айтып жүреді. Бірақ, революцияға де-

Ұян Исаның бұл бағыттағы өнері ешқандай өрле ала алмайды, қанша талаптанғанымен ол көпшілік арасына ақын болып танылмайды. Жоқшылық пен ауыр тұрмыс соққысы, оның талантын тұншықтырып, ақындық қанатын жаздырмайды.

Он үш, он төрт жасар кезінде Иса ескіше оқып білім алу талабына кіріскенімен әрең-әрең хат тану дәрежесіне жетеді де, онан әрі аса алмайды.

Исаның білім алып, таланты оянып ақындық жолда шарықтап өсуіне тек ұлы Октябрь социалистік революциясы ғана жол ашады. Ақын революциямен бірге сана-сезімі оянып, шарықтап өседі.

Исаның совет дәуірінде білім алып, ақыл, ой жағынан қалыптасуына, ақындық жолда өсіп ержетуіне ең қолайлы қоғамдық жағдайлар туады. Алдымен ақын қазақ ауылындағы жаңа советтік құрылыстың, ескінің өшіп, жананың өсіп жатқан революциялық дамудың қызу толқынына күнбе-күн араласып жүріп үлгі алады, жергілікті совет, ағарту, заң орындарының жұмысына белсене көмектеседі.

Онан соң Иса әуелі ауылдық мектептерде, онан кейін Павлодар, Семей, Орынбор, Алматы қалаларындағы орта дәрежелі мектептерге түсіп оқып, жүйелі білім ала бастайды. Бұл мектептерде оқып жүргенінде ақын мәдениет, искусство қызметкерлерінің және ақын, жазушылардың ортасына көбірек араласады. Зирек, сезімтал, алғыр зейінді Иса оқыған мектептерінен де, араласқан мәдениеттік ортадан да білім қорын мол ала біледі.

Әсіресе, Исаның 1925 — 1930 жылдар арасында қазақтың тұнғыш ұлттық театрының артисі болуы, 1931 — 1939 жылдар арасында Алматы, Қарағанды, Семей, Орал қалаларында радио, театр, жазушылар одағы орындарында қызмет істеуі — Исаның жалпы білімін көтеруіне, творчестволық жолда үздіксіз өсіп отыруына зор мектептің бірі болады. Бір жағынан театрдан үйреніп үлгі алса, екінші жағынан Иса қазақтың белгілі искусство қайраткерлері — Әміре Қашаубаев, Қалибек Қуанышбаев, Серке Қожамқұлов, Елубай Өмірзақов, Құрманбек Жандарбеков, Қапан Бадыров тағы басқаларымен бірге қазақтың совет дәуірінде ғана

туып дамыған театрын, искусствосын өркендетуге қажырлы еңбек сіңіреді, сол жаңа искусствоның ең алғаш ірге тасын қаласады.

Исаның ақындық жолдағы өсу, қалыптасуының кейбір ерекшеліктері бар. Оқып білім алудың үстіне Исаның творчестволық жолда өсуінің бір саласы — ауылдағы белгілі ақындармен кездесіп, сөздерінен үйреніп үлгі алу болады. Иса Семей, Павлодар, Омбы, Көкшетау, Ақмола, Қарқаралы аудандарына қарасты елдерді аралап, бірталай атақты ақындармен кездеседі. Өзінің Тіл және Әдебиет институтіне жазып берген «Қазақтың өткендегі кейбір ақындары туралы білетіндерім» дейтін қолжазбасында Көтеш, Құдайберген, Құлтума, Әзденбий сал, Естай өнші сыяқты жыйырмадан аса ақынды атайды. «Олардың бірталайының сөзін естідім, бірталайымен айтыстым» — дейді. Сол ақындардың алдында тұтқиылдан бөгелмей, сөз тапқандығына қаты сүйсінеді. Ол ел аралап, алғаш ақындық жолға мықтап берілгенде ел ақындарымен қатар Сәбит Дөнен-таев, Сұлтанмахмұт сыяқты ақындармен де үнемі кездесіп жақын араласады.

Халық әдебиеті дәстүріндегі өсуі бір жағынан оқу, үлгі алу, жақсы шығармаларды, жақсы ақын сөздерін жаттау арқылы болса, онан кейінгі өсудің сатысы айтыс болады. Иса айтысты әуелі жеңіл ойын-сауықтарда құрбы-құрдас арасында бастайды да, 1919—1920 жылдардан былай шаршы топтағы ірі айтыстарға араласады. Қазақ ауылдарында, Баянауыл, Павлодар, Семей, Орынбор қалаларында әр мезгіл өткен революциялық мерекелерде, Қоянды, Қарқара жәрменкесі сыяқты халықтың жыйын жерлерінде Иса көптеген ақындармен айтысады.

Иса айтыстарда бөгелмей шапшаң айтқыштығымен қандай озық болып көзге түсетін болса, үлкен жыйындарда, мереке, той күндерінде халықтың сұрауы бойынша қалаған тақырыптың бәріне де қолма-қол өлең шығарып, тамаша көркем түрде жырлап кете алады.

Кенеттен берілген тосын сұрау, тақырыптарға дерсу өлең шығарып айтуда Иса бөгеліп іркілу дегенді білмейді. Бұл — Исаның ақын шабыты тасып, шарықтаған мезгілдері. Ақындық шабыты келген шағында

Исаны бабына келген алғыр қыранға, алысқа шабатын тұлпарға ұқсатуға болар еді. Халық артисі Қапар Бадыров 1922 жылы Орынбор қаласында Исаның сахнаға шығып, жұрттың сұрауы бойынша бөгелмей өлең айтқандығына қайран қалып, ақындық шабытының келген мезгілін былай сыпаттайды:

«Иса... жалтылдап жанған оттың ыстық жалынындай лаулап кеп, бір аз жерге барып қайтты да, бір кезде қып-қызыл боп, қайнар шоққа ұсап, маңдай терің сүк бармағымен бір сыпырып тастап, асыл сөздің бір-сыпырасын айтып үлгірместен, жүйрік ойы, бай қыялы: екіншісін даярлап тұрғандай самғай жөнелді. Қатты айғайдан түйтіге, долдана, дауылдатып күйіндата келген нөсердей, бөгеті ағытылған тоғанның төңкеріліп кұлай аққан суындай, қарқыны қарсысындағысын жапырып таптай өткен екпінді алып күш тәрізденді*».

Жазушы Н. Анов Исаның Қоянды жәрменкесінде кооперацияның маңызын халыққа түсіндірген ақындық өнері туралы былай дейді: «Ол сөз тасқынын ағытып шаршы топтың алдында жыр нөсерін сорғалатып тұр. Ақынның күдіретінің күштілігі сондай, — әлгі думандатып жүрген жұрт лезде тына қалды. Атты, жаяулы 50 мың адам ақынның сөзін бір кісідей мақұлдап, күлісіп, дуылдасады». Н. Анов Исаның суырып-салғыш өнерін М. Горькийге әңгімелеп айтқанда, М. Горький оны ұнатып, осындай ақындар Қазақстанда көп пе, олардың сөздерін жазып алумен шұғылданып жүрген қазақ жазушылары бар ма, деп сұрайды**.

Исаның осындай ерекше шабытпен жырлайтын ақындық өнері ешбір бәсеңдемей үнемі дамып отырды. Ол кейде арнаулы тақырыпты, бір сюжетті әңгімені алып үздіксіз бірнеше сағат бойы жырлап кете алатын еді. Исаның осы күнгі белгілі поэмаларының бірталайы әуелінде сюжетін, әңгімесін немесе тақы-

* Қ. Бадыров, «Ақын-артист», «Әдебиет және Искусство», 1947, № 10, 66-бет.

** Н. Анов, «Горький қазақ көркем өнері туралы», сонда, 1948 ж. № 2, 8 — 9-беттері.

рыбын есітіп, анықтап алып, бірер кеште ауызша жырланған. Кейіннен жазып, қағазға түсірілген.

1938 жылы күзде Марина Расковалардың Қыйыр Шығысқа ұшу сапары, Тайгада он бір күн, он бір түн адасулары туралы әңгімелерін естісімен бір кеште оны қолма-қол поэма етіп жырлады. Осындай әртүрлі тақырыптарға, тың сюжеттерге, немесе егес айтыстарға қолма-қол суырыпсалып жырлаған мезгілдерде Исаны ерекше бір ақындық жалын билеп отыратын. Айтыстағы егес, қызықты әңгіме, жаңа тақырып, қалың көптің ықласы дегендер ақынның суырыпсалып айтуына негізгі бір түрткі болумен бірге, Иса үшін оның жанына, ақындық намысына тиетін себептер де керек еді. Осыны жырлай алар ма екенсін деп әдейі қайрап саларлық сөздер Исаның ақындық шабытын, қуатын тасытып жіберетіндей еді. Ақындық шабыт суырыпсалмалық (импровизаторлық) қуат туралы Иса өзі былай дейді:

«Ақындық қуат, талант дегенің от, электрдің тоғы сыяқты, ол қалың жыйын, думан үстінде ерегіскен айтыста жаңданады. Электр өзінен-өзі жанбайды, қуат та бермейді, ол қайралса, жанылса ғана от береді. Ақынды қайта-қайта қайрап салса ғана тұтанып жалындайды. Алайда, жыйын айтыс үстінде қасакана осы сүрінер ме екен, бөгелер ме екен деп ақындық намысыма тигендей мені үлкен айтысқа салса, немесе, тосын тақырыптар беріп әдейі қыйың бөгеттерге әкеліп итермелесе, міне осы кезде менің ақындық қуатым электрдің тоғындай лап етіп жанып, өрт болып қаулап сала береді. Неғұрлым намысыма тиерлік жерге көбірек қайрап, айтысқа араластырса, сол ғұрлым өлеңді бөгелмей, қыйналмай, таудың тасыған бұлағындай төгілтіп, суырыпсалып айтып кетем. Бұл уақыттарда мені ақындық шабыт, отты сезім, ұшқыр қыял сыяқты нәрселер билеп кетеді. Ақындығында лапылдаған жалын, қанатты жел, ұшқыр қыял жоқ ақын суырыпсалып өлен айта алмайды. Суырыпсалып айттым деп жүргендердің өленіндегі ұйқастың көбі жаттамалы»*.

Осы суырыпсалмалық, шапшаң айтқыштық Иса

* 1943 жылы 2 декабрь күні өз айтқанынан жазылып алынды.

ақындығының барлық дәуіріне тән негізгі творчестволық дәстүрдің бірі болып қалыптасты. Бірақ, Иса осы суырыпсалмалық дәстүрдегі халық ақыны дәрежесінде тоқтап қалған жоқ, оқып білуінің арқасында, алдымен советтік идеямен қарулануы арқасында, қазақтың классик ақын-жазушыларының шығармаларын — Абай, Сұлтанмахмұт, әуелгі кезде аударма арқылы, кейін өз тілінде орыстың классик ақындары Пушкин, Лермонтовты, өз замандастары Жамбыл, Сәбит Мұқанов тағы басқаларды тереңдей оқу арқасында ол идеялық, творчестволық бағытын анықтайды, өседі, жазба ақынның творчестволық дәстүріне көтеріледі.

Ақын айтыстары мен ауызша айтқан өлеңдерінде де, сондай-ақ, 1920 жылдардан бастап жазып шығарған өлеңдерінде Октябрь жеңісін, совет заманындағы еңбекші халықтың бостандық бақытын, сонымен бірге, талантын оятып әдебиет майданына шығуына жол ашқан ақындық мақтанын да зор қуанышты сезіммен жырлайды.

1927 жылы жазған «Мақтандым бүгін, мақтандым» дейтін толғауында ақын Октябрь революциясының жеңісі арқасында қазақ еңбекшілерінің бақытқа қолы жеткендігін жырлайды. Заман өзгеріп, ел бақытқа кенелумен бірге ақынның жаны мен жүрегі де жаңарды дейді:

«Заманымның қанатын,
Аспанға ұштым міндім де.
Аңсаған мейрім қанатын,
Қуандым жаңа ел көрдім де»* —

десе, 1938 жылғы «Жау адымын аттатпан» деген советтік патриотизм идеясымен жазылған өлеңінде:

«...Жайнатып нұрлы Отанда өмір гүлін,
Сайратып бұлбұл құстай ақын тілін.
Дәуірде Сталиндік бақ дарыған,
Шаттықтың шарықтаймын жырлап жырын»** —

дейді.

Ақын үлкен творчестволық еңбектер жазуға кірі-

* Таңдамалы шығармалары 1948 жыл, 26-бет.

** Сонда, 62 — 63-беттері.

серде өзінің ақындық жолын осылай айқындап, совет дәуірінің, революцияның бақытты, еркін талантты бұл-бұлдары екендігін терең түсінеді. Мұны әсіресе, «Ұлы кұрылыс», «Ұлы Октябрь» поэмаларында және белгілі «Желдірмелерінде» зор идеялық түйіндеумен айтады:

«..Өмірдің өрге жүзген ұланымыз,
Дәуірдің Сталиндік қыранымыз,
Бақытты Отан жырын шырқатайық,
Айбынды Октябрьдің ұлдарымыз.

Құлаштап өлеңіммен шарықтаймын,
Қарыштап шапқан сайын жалықпаймын,
Гүлденген күннен-күнге Оғанымның,
Өскенін айтқан сайын анықтаймын»*.

Осындай идеялық, ақындық жолы айқын Иса, творчестволық жұмысқа мықтап беріледі. Ол көптеген тақырыптарға ауызша өлең-жырлар айтып таратумен бірге, енді үздіксіз жазумен де айналысады. Өзінің айтуына қарағанда және замандастарының сезуіне қарағанда ауызша айтудан көрі, жазып шығару оған анағұрлым қиын және жауапты жұмыс саналады. Бірақ, сол қиынға мойын ұсынып жазып шығаруды белгілі бір творчестволық нысанаға айналдырады. Исадың жазу жұмысына шұғылдануына әрине жазба әлебиеттің әсері үлкен. Ауызша айтылып шығарылған өлең-жыр бір жарқ еткен сәуле сыяқты сол айтылған жерде көрінеді де жоқ болады, артында ешқандай із қалмайды, басылмайды.

Дүниедегі ұлы ақындар ауызша айтумен тарихта аты қалмаған, сондай ауызша шешен ақынның талайын қазақ өмірінен Иса өзі жақсы біледі де, ақын атаулы жазып шығарумен ғана кейінгі қауымға, бүкіл халыққа асыл қазына боларлық, еңбектер қалдырғанын және ауызша айтып өткен ақындардан жазба ақын-жазушылардың сөздері асыл терең мағналы екенін жақсы ұғынады. «Даналардың данасы» атты өлеңінде Иса дүние жүзіне белгілі кемеңгер ақын-жазушыларды — Пушкин, Лермонтов, Толстой, Абай, Максим Горь-

* Сонда, 72-бет.

кий, Фердауси, Гомер, Хаям, Шайх Сағадиларды атайды, олардың ақындық талантына бас иеді. Осылардың өмірі мен творчестволық қызметі Исаға зор үлгі болған.

Исаның алғашқы кезде жазған өлеңдерінің бірі «Ленин» (1924 жылы «Еңбекші қазақ» газетінде басылып шықты.) Мұнан кейінгі жылдарда Исаның өлең, поэмалары Қазақстанның республикалық газет-журналдарының бетінен іргелі орын алып отырады. 1924 — 1944 жылдар арасында ақын «Ұлы Октябрь», «Біздің еңбек», «Миллиондаған жалшымыз», «Жасасын қызыл болаттар», «Қордайдан өткенде», «Горький», «Көктем» «Сталиндік ұлы заң», «Қарталы темір жолы», «Киров каналы» атты толып жатқан лирикалы өлеңдер жазумен бірге, қазақ совет әдебиетіне аса бағалы қазына болып қосылған «Кұралай сұлу» «Алатау неге шаттанды» (1929 жылы), «Ұлы құрылыс» (1933 жылы), «Алтай аясында» (1934 жылы), «Он бір күн, он бір түн» (1939 жылы), «Кавказ» (1940 жылы), «Ақбөпе» (1941 жылы), «Қырмызы, Жанай» (1940 жылы бастап жазып аяқталмаған) атты белгілі поэмаларын жазады.

Театрларда, ойын-сауық бригадаларында істеуіне байланысты Исаның аса маңызды бір творчестволық қызметі — ән-өлеңдерге лайықтап сөз (текст) жазуы. 1927—40 жылдар арасында Иса әндерге, музыкаға, сахнада айтуға байланысты 40 тан аса өлең, жырлар жазып, оларды өзі де айтып және Қазақстанға белгілі әнші артистер арқылы таратқан. 1927 жылы Біржан мен Сара айтысын театрда ойнауға лайықтап пьесаға айналдырып жазған. Ән, өлеңдерінің ішінде Исаның өзі тыңнан әнін бірге шығарып жазған «Желдірме». «Қарағанды» сыяқты белгілі тақпақтары бар. Өлең, поэмалары бірінен соң бірі басылып таралумен байланысты енді Иса тек айтыстың ғана ақыны емес, жазба әдебиетте іргелі ақынның қатарында танылады, оның поэмалары қолдан-қолға түспей оқылып халық арасында ауызша таралып кетеді. Оның патриоттық идеялық өлең, жырлары мен поэмаларын қазақ әдебиет жұртшылығы аса жоғары бағалап, қабыл алды. Совет әдебиетін өркендетудегі ақындық еңбегі үшін

Иса 1939 жылы Еңбек Қызыл Ту орденімен наградталды.

Иса жалғыз жазба ақын ғана емес, халықтың жыйын-тобының ортасында суырыпсалып өлең айтатын халық ақыны, әнші-артист, әңгімеші-жыршысы дедік. Жазумен қатар Иса үнемі қазақтың алыс түкпірдегі ауылдарының көбін аралап жүріп, өлең жырын айтты. Барлық жерлерде халық оны қошеметпен қарсы алып, оның күшті ақындықпен айтқан өлең, жырларын айрықша ықылас, құмарлықпен тыңдады. Әсіресе, ол колхоздарды аралағанда ондағы колхоз тұрмысымен барған күні танысады да, кешкі жыйналған мезгілде сол колхоздың жайын қолма-қол жырлап береді, стахановшыларын көтере мақтайды, жалқауларын қатты сынайды, оған әрі сол жыйылған халықтың қалауы бойынша әртүрлі тақырыптарға өлең шығарып айтады.

Исаның Отан соғысы кезіндегі ақындық қызметі аса маңызды болды. Ұлы Отан соғысы басталысымен ол өзінің бұрынғы басталған ауыр сырқатына қарамастан колхоздарды аралауға аттанды. Ол Жамбыл, Алматы, Талдықорған, Қызылорда, Оңтүстік Қазақстан облыстарының колхоздарында болды. Совет халқының неміс-фашист басқыншыларына қарсы ерлік күресін, майдандағы совет армиясының даңқты батырлықтарын, тылдағы халықтың қажырлы еңбекпен майданға көмек көрсетіп жатқандықтарын кең жырлап отырды. Ол өзінің патриоттық күшті өлеңдерімен колхозшыларды еңбек ерлігіне, майданға азық-түліктей, ақшалай көмек беруге шақырды. Колхоздарда ақындардың айтысын ұйымдастырды. Отан соғысы кезінде колхоздарды аралағанда Иса қазақтың ауыз әдебиетінде белгілі батырлар жайлы жырларды, өзінің вариантымен де жырлайды, орыс халқының тарихындағы Александр Невский, Кутузовтарды, совет халқының даңқты қолбасшы батырлары — Чапаев, Фрунзеларды, Сталин жолдастың қолбасшылық, батырлық образдарын, Отан соғысының даңқты батырларын жырлайды. Кейде ақын орыс, қазақ яки Орта Азия халықтары әдебиетінен оқыған ерлік уақыттарды да ауызша дастан етіп жырлап отырған. Мәселен Иса «Шаһнамадан» Рүстем

Ғарап әңгімелерін, Б. Полевойдың «Геройдың тууы» деген очеркіндегі Советтер Одағының батыры Мәлік Ғабдуллиннің ерлігі туралы уақығаларды, генерал Панфилов, Төлеген Тоқтаров, 28 батыр туралы жазылған ерлік уақығаларды — барлығын да колхоз аралаған мезгілдерде колма-кол айтып, тамаша қызықты түрде жырлап отырған. Бірақ бұл ауызша жырланғандары қағазға түсірілмей, сол ауызша айтылған күйінде қалып қойған. Қысқасы Отан соғысы кезінде акын бірыным алмастан майдан жеңісі үшін аянбай қызмет істейді.

Иса, Отан—халық алдында өзінің бойындағы барлық ақындық талантын, жігер-қуатын түгел жұмсап, творчестволық жұмысқа жан-тәнімен берілген ақын еді.

Өзінің бір өлеңінде:

«Еркін күшпен өрлеймін,
Өмірім ұзақ өлмеймін.
Міне, мен жалшы тілімін,
Жарлы жайын жырлайтын,
Қажымайтын, талмайтын
Еңбекші таптың ұлымын»* —

деп жазған еді. Шынында да ол ақындық жолда қажу, кею, тоқтап қалу дегенді білмеді. Үлкен творчестволық жазу үстінде, немесе қызу қызмет кездерінде ол демалу, тынығу дегенді мүлде ұмытып, өзін-өзі күтпейтін де еді. Сондықтан ол көкірек ауруына шалдығып, әр уақыт жатып қалып, емделіп жүрді. Онын ол сырқаты, әсіресе 1945 жылдары едәуір дендей бастады. Ақыры сол ауруынан айыға алмай ұзақ жатып, 1946 жылы сентябрьдің 3 де Алматы қаласында қайтыс болды.

* *
*

Иса өзінің шығармаларында совет дәуірінің шындығын, советтік патриотизм идеясын, қазақ халқының

* Таңдамалы шығармалары, 39-бет.

ерлік, бостандық сүйгіш дәстүрлерін кең жырлады. Ең алғашқы «Ленин» атты өлеңінен бастап, «Он бір күн, он бір түн» поэмаларына дейін ақын еліміздегі Октябрь революциясының жеңісі, социалистік құрылыс жолындағы совет халқының ерлік күрестерін, құрылыс, еңбек майданының қарқынды тасқын күйлерін түйіндеп суреттеді.

Иса шығармаларының тақырыбы әр алуан. Алдымен ол Октябрь революциясының жеңісі, қазақ еңбекшілерінің бостандығы тақырыбын көбірек жырлады. Өйткені ақынның сезімін, ойын, жанын толқытқан, тұншығып жоғалуға айналған ақындық талантын оятып канат бітірген, мыңдаған қазақ жалшыларымен бірге қоғамның саналы адамының қатарына қосылуға жағдай жараған Октябрь жеңісі, советтік құрылыс ақынға ең жақын, бар өмірі мен тіршілігі біте қайнасқан ең қызықты, бақытты дүние еді. Сондықтан да ақынның қалам ұстап жырлаған толғау лирикаларының қай қайсысында болсын Октябрь революциясының жеңіс даңқы, совет халқының бақыты мен нұр сәулелі келешегі зор мақтанмен жырланып отырады. Ақын «Ұлы Октябрь», «Ленин», «Миллиондаған жалшымыз», «Ұлы құрылыс» атты толғау, жыр, поэмаларында еліміздегі Октябьдің, социалистік құрылыстың жеңістерін халықтар тарихындағы бақыт, бостандық үшін болып өткен ғасырлық арман күрестердің дамуы, кемеліне келіп жетілуі тұрғысынан алып жырлайды.

Октябьдің халыққа берген бостандығын қазақ еңбекшілерінің бақытты өмірін айту үшін ақын сол еңбекші халықтың басынан өткен құлдық, қанаушылық дүниелерінің ірік-шірігін батыл әшкерелейді, байлар, капиталистер, хандар, патшалар үстемдік құрған заманның бүгінгі қауымға жеркеніштен басқа ешқандай сыйпаты жоқ, қаратүнек заман екендігін барынша айқын ашық көрсетеді.

«Шеннің құлы зұлымдар,
Еңбек жегіш жылымдар,
Құнасыз талай күйдірген...
Аналарым күң болып,
Балаларым құл болып,

Тепкісінде жегілген.
Байлар урып-сокканда,
Бақайшағын шаққанда,
Көлдей жасы төгілген.
Байдың сұмы ерігіп,
Айуандай боп желігіп,
Ойын қылған өлімді...
Жалшының жеп еңбегін,
Суырып сорып жүрегін,
Бай білгенін істеген.
Қылдан тайса атуға,
Не кескілеп шабуға
Жарлыны жаншып күштеген...»* —

деп сол қанаушылық дүниеге қарсы таптық ыза, кекті қозғайды.

Екі дүниені салыстырып жырлап отырғанда ақынның ең жақын сырласы «жанын тербейтін» жағымды кейіпкері үнемі казактың жалшысы болып отырады. Ақын жырында кешегі құлдықта, қорлықта өткен, енді Совет тұсында бақытқа қолы жеткен қазақ жалшысының өмірін елестетеді. Ақын:

«Жарлы, жалшы, жұмыскер
Лениннің ерді соңынан
Жалшылар жаны айтып жыр,
Туды сонда Октябрь...»**

Немесе:

«Күнәсіз құлдың қанынан,
Қанды, жасты зарынан,
Ояндық — дүние жалшысы,
Тегісшілік тұрмыстың,
Ұлы мақсат өрістің
Қаһарманды басшысы...»*** —

деп революциялық жеңістің, социалистік қоғам құрылысы жолындағы ұлы мақсаттарды іске асырудың негізгі ұйтқысы, күші, жұмысшы табы болғандығын дұрыс көрсетеді. Сондықтан, ақын Октябрь жеңісі арқасында жалшылардың бақыт күні туды, жаны жыр-

* Сонда, 39 — 40-беттері.

** Сонда, 17-бет.

*** Сонда, 40-бет.

лады, солармен бірге менің де жаным жырлайды, ақындық шабытым қанаттанады, жырым тасқындайды дейді.

Октябрь тақырыбына жазылған ақынның өлең, толғауларында совет елінің Октябрден бергі жердегі жеңістерін, даму кезеңдерін сала-салаларымен жүйелеп жырлап, социалістік қоғамымыздың даму, жетілу жағдайын терең түсінеді де, осы ұлы жеңістердің ұйымдастырушысы ұлы коммунист партиясы, Ленин, Сталин көсемдеріміз екендігіне қортынды жасайды. Пікірлерін мұндай түйіндеп айтуға келгенде ақын үлкен шабытқа, творчестволық қанатты ойға беріледі, халықтардың басынан өткен өмір кезеңдерін, ұлы жеңістерді ғана айтумен тынбай, алдағы зор нысаналарға да көз жібереді. Ол нысаналы ойлары Совет елінің коммунизм құру жолындағы ұлы мақсаттарымен қабысып жатады.

Ақын Ұлы Октябрь мерекесі күнгі Совет халқының қуанышын, бақытын суреттей келіп:

«Бостандықтың жұлтызы,
Жасасын ұлы Октябрь!..
Кенес болып жер жүзі,
Айтар мәңгі осы жыр!..
Өрісі ұзақ ұлы той,
Тұғызды талай терең ой,
Бүкіл дүние жүзінде
Жалшы, жарлы, құлдарға,
Бейнет шеккен ұлдарға,
Жарық сәуле көрсетед,
Барлық кедей серт етед
Осы жолдан таймауға...
Жүз жыл өлмей жүрер ем,
Мунан да көпті білер ем,
Дүниенің төрт бұрышы
Октябрьді тойлаған,
Барлық дүние кеңес боп,
Еңбектен еңбек қайнаған
Тамашаның талайын.
Өлмей жасап көрер ем
Патшасы, байы болмаған
Социализм орнаған,
Адамды адам сыйлаған,
Бір туғандай ойнаған,

Әлемде жұмақ орнаған
Жаратылған қызықтың
Барлығын сонда көрер ем...
Барлық кедей, батырақ,
Октябрьді ұмытпа!
Дүниедегі коммунист,
Лениннің жолын бұлжытпа!..»* —

лейді.

Бұл 1927 жылы Октябрь революциясының 10 жылдық мерекесі күні жазылған сөз. Бірақ дәл бүгінгі күн үшін бұл толғаудың идеялық маңызы аса зор екендігі, Россияда басталған ұлы революциялық күрес түптеп келгенде бүкіл жер шарында бірте-бірте жеңетіндік сенімді терең нысаналы, өршіл идеямен жеткізіп жырлағандығы даусыз еді. Мұнда ақын реализм мен революцияшыл романтиканы қабыстыра білген, сол кездегі Маяковский жырларына да үн қосқан.

Исаның Ленин, Сталин көсемдеріміз туралы өлең жырларының идеялық түйіні де елімізде революцияның жеңісі, коммунизмнің орнауы жолындағы ұлы күрестер мен мақсаттарға байланысты айтылады. Ақын «Ленин», «Сталин туралы ән» деген өлеңдерінде кемеңгер көсемдерімізге деген бүкіл халықтың сүйіспеншілік сезімін Ленин мен Сталиннің даналық басшылығы арқасында іске асып жатқан, келешекте іске асатын зор мақсаттардың айқын көрінісімен, шын мақтанымен ұштастырып жырлайды.

«Ленин өлді, пікірі оның өлген жоқ,
Ленин өлді, жолын ешкім жеңген жоқ.
Ленин бүтін коммунистер жүрегі,
Жүрек оны өлді деп те сенген жоқ,
Жер жүзіне коммунизм орнығар,
Жаңа дүние жасарлық-ақ орны бар,
Жасар мәңгі коммунизм халқымен,
Құллі жұртқа мәңгі бақыт табылар!»** —

деп, Ленин жолы, Ленин идеясы коммунизммен бірге мәңгі жасай беретіндігін терең ұғынады.

Иса шығармаларында тереңдей жырланған ендігі

* Сонда 21—22 беттері.

** «Еңбекші қазақ» газеті, 31 январь 1924 жыл. Таңдамалы шығармалары 9 — 10-беттері.

бір тақырып еңбек, кұрылыс майданындағы ерлік. Отызыншы жылдар, яғни Сталиндік бесжылдықтар дәуіріндегі ақынның өлең, жыр, поэмалары совет халқының осы ерлік, жеңімпаздық даңқын жырлауға арналған. Бұл тақырыптардың нақты творчестволық шешуі «Желдірмелерде», Қарағанды, Турксіб, фабрика, стоноктегі жұмысшылар туралы жазылған өлеңдері мен «Алатау неге шаттанды», «Ұлы кұрылыс», «Он бір күн, он бір түн» поэмаларында толық берілген.

Иса осы кездегі шығармаларында еңбек, кұрылыс тақырыбын Совет Одағының даңқты ерліктерін ішіне кіре нақты жырлады. Сол нақты жырлаған тақырыптың бірі Түркстан—Сібір темір жолының салынуы. Бұл тақырыпқа арнап ақын «Қордайдан өткенде», «Турксіб», «Алатау неге шаттанды» деген толғау жырларын жазады. Мұнда ақын совет адамдарының, жұмысшы табының қажырлы еңбегін, дүлсі асау табиғатты, алып тауларды жеңіп, бағындырып, бұрынғы мылқау қазақ даласынан темір жол жүргізіп, ел өміріне ұлы жаңалық орнатып жатқандығын күшті ақындық сезіммен жырлайды. Әсіресе «Алатау неге шаттанды» деген толғауында ақын Алатау, Алматы төңірегінң тамаша сұлу табиғатын, темір жол салынып келе жатқан жердегі еңбек ерлігі мен жергілікті халқының қуанышты сезімдерін көтеріңкі леппен шебер сыйпаттайды. Ақынға еңбек дүниесі мен табиғат дүниесі бірдей сұлу, бірдей қызықты. Ол өмірге көңілі толы сезіммен карап, өзін ерекше шаттық күй билегендей зор шабытпен жырлаған.

«Неге Алатау шаттанды?
Неге аспандап мақтанды?
Шаттығына себеп сол —
Бауырында орнап астана,
Асқарының астына,
Кестеленді темір жол...
Күмістей таза булағы,
Секіріп ыршып құлады.
Менде кенес мүлкі деп
Көк жібекке көмілген.
Көкшіл орман төгілген,

Иілді еңбек еркі деп.
Алатау айтад: «ішімнен,
Аққан судың күшімен
Электрің жайшасын...» —
Деп Алатау шаттанад
Аспаннан асып мақтанад...»*

Сұлу Алатау, құлпырған бақшалы Алматы қаласы, даланы думан қылып жеткен жаңа темір жол, сол жолды салушы жұмыскерлердің қажырлы еңбегі, бақытты совет елінің жарқын келешегі, барлығы — ақынның Алатаудай асқарлаған ақындық дүниесінен түгел орын алғандай, өзі де Алатаудай асқарлап зор мақтанға берілгендей. Әсіресе поездың келіп жетуі, жүйрік жүрісі акын поэзиясына үлкен канат бітіргендей. Оны Иса кейде теңдесі жоқ, ұлы бір алып күш иесіне, кейде жел жетпес жүйрік тұлпарға ұқсатып суреттеп кетеді.

«Жұмыскердің білегі,
Жұртшылықтың тірегі
Тасты жүндей түтуде,
Ойпаң жерді өсіріп,
Өрді төмен түсіріп,
Октай ағып өгуде.
Алатаумен жарысып,
Қосарланып қабысып
Өтіп барад темір жол...
Шубалған түтін будақтап,
Үсті-үстіне шумақтап,
Қалып жатыр ере алмай.
Биік қырмен алысып
Ұшқан құспен жарысып
Ағып келед жұлдыздай...»**

дейді акын. Бұл өмірдің сыртқы жарастық көрінісіне арналған көңіл күйінен туған «Мендік» лирика ғана емес, ол осы сыртқы әдемі көріністің қоғамдық мәнін ашады, темір жол мен поездың қазақ даласы мен социалистік өмірдің келешегі үшін негізгі ұйтқы екендігін терең түсіндіреді. 1929—30 жылдары қазақ

* Сонда, 32 — 33-беттері.

** Сонда, 33 — 34-беттері.

ақындарының бірталайы (Сәбит, Асқар, Ғали, Әбділ-дә т. б.) Турксиб темір жолы тақырыбына елеулі шығармалар жазғанда, Иса да олардың қатарында, бірақ өзіндік суретшілік шеберлікпен Турксибті дұрыс идеялы көркемдік түйіндеумен жырлайды.

Темір жол тақырыбымен қатар, Исаның бірқыдыру түйінден жырлаганы өнеркәсіп-кұрылыс тақырыптары: Қарағанды, еңбек, станок, фабрикада директор болған комсомолка қыз Ажар, шахтерлар, Алтай тағы басқалар туралы жазылған толғау лирикалары, тақпақ — «Желдірмелері» Сталиндік бесжылдықтар дәуіріндегі совет адамдарының еңбек майданындағы ерліктерін, еңбекке коммунистік көзқарасын суреттейді.

Кұрылыс, еңбек ерлігі, советтік патриотизм идеясы ақынның «Ұлы құрылыс» поэмасында бірталай түйінделіп берілген. Бұл поэма Исаның Сталиндік бесжылдықтар дәуірінің тарихи табыстарын, жеңіспен алға басқан бейнесін елестеткен идеялық-көркемдік мәні зор шығармасының бірі. Рас, поэманың сюжет, композициясында жайылып кету, бүгіндік сақтамау сыяқты кемшіліктері бар. Алайда, ақын поэмасында революциялық күрес-жеңіс мотивін, әсіресе, 1929-30 жылдардағы совет елінің Отан қорғаудағы, социалистік шаруашылықты өркендетудегі даңқты ерліктерін, жеңімпаздық мақтанын кең суреттейді. Ақын екі дүниені салыстырады. Өткен қаратүнек құлдық дүниені қазіргі соғысқұмар, империалистік буржуазияның басқыншылық әрекеттерін батыл әшкерелей отырып, советтік құрылыстың келешегі айқын жеңімпаздық өскелең тұлғасын жарқын елестетіп, терең патриоттық идеямен түйіндеп жырлайды. Біздің жеңіспен алға баса беруіміздің тұтқасы, еліміздегі колхоз құрылысы мен өнеркәсіп майданындағы зор табыстарымыз деп қортынды жасайды. Бұл поэма осы кезде жазылған (1933 жыл) басқа ақындардың да шығармаларына ұқсас жақтары болғанымен, көркем тіл, нақты уақытталардың дамытын айту жақтарына келгенде, Иса ақындығының өзіндік қасиеті, ерекшелігі сақталып отырады. Осы кездегі кейбір ақындардай Иса, тақырыбы маңызды екен деп шығарманың көркемдік сапасын төмендетпейді. Исаға тән ақындық жалын мен суретшілік, қа-

натты сезім ойлары бұл шығармасынан да айқын байқалып отырады.

Иса өзінің «Желдірме» өлеңінің тақырыбына сай жаңа ән шығарған. Олар «Ал аузында да, раба», «Аларда да үнемі айтылып келеді. Біздің заманымыз — даңқты жеңіс, ерлік заманы. Совет адамы күрестің, құрылыстың қай майданында болсын алғыр, қажырлы, жеңбей тынбайтын өршіл қайрат иесі. Ақын желдірмесінде заманымызға, сонымен бірге совет адамына тән сыйпатты сол жеңімпаз асқақты сарын күймен бермек болады. Ақын:

«Ал алқа, келді кезің жайнайтуғын,
Бұлбұлдай бақшадағы сайрайтуғын,
Өнердің қысына шыққан сайын
Бозаттай тастаң табан таймайтуғын,
Дабылы дауылпаздай шарықтаған,
Екпіні самолеттей заулайтуғын.
Талапты жастарымыз үйреніп ал,
Өлеңі «Желдірме» атты самғайтуғын...»* —

деп, күйғытып, тасқындатып бастайды. Ақынның идеясы шешендік сөздің түйдегімен еселеніп барған сайын күшейе, тереңдей түседі. Оған атынан айтылатын ақынның қуатты, жалынды, лепті сөзі өскелең, жігерлі совет жастарының ой-сезімін де, мінез құлақын да көз алды-

«Өмірдің өрге жүзген ұланымыз,
Дәуірдің Сталиндік қыранымыз,
Бакытты Отан жырын шырқатайық,
Айбынды Октябрьдің ұланымыз...»**

Желдірмелерінің нақты тақырыптары, суреттелетін нақты объекті бейнелері — құрылыс, темір жол, Қарағанды, өнеркәсіп орындары. Ондағы жұмыскерлердің, совет жастарының ерлігі, аброй, мақтанға айналған еңбек дүниесі. Сондықтан, ақын желдірмесінде:

«Жұмыскер еңбегіне сенетұғын,
Болса да қандай қиын женетұғын,
Айнымас алып күштің арқасында
Құлпыртып тұрмысқа гүл ететұғын...»*** —

* Сонда, 72-бет.

** Сонда, 72-бет.

*** Сонда, 93-бет.

деп, еңбек ері жұмысшыны көтере жырласа, Қарағанды туралы желдірмесінде тағы да:

«Қарағанды үшінші алып көмірлі,
Гүлдендіріп нурға малып өмірді,
Тілегі бір, жүрегі бір миллион күш
Кен шығарып,
Жем шығарып,
Ұлы іске берілді»* —

деп, сол мотивті дамытып «тілегі бір, жүрегі бір» миллион күштердің тұлғасын жырлайды.

Осы жырларда, немесе әндердің сөзі ретінде жазылған толғау, лирикаларында ақын құрылыс, еңбек, өнеркәсіптеріміздің тасқынды лебін, қарқын күшін айқын бейнелеп отырған жоқ па? Бұл толғау лирикаларының көркемдік әсері, әсіресе Исаның өзі шығарған әнімен айтылғанда, арта түсетіндігі де даусыз. Бұл шығармаларда жеңіспен үздіксіз алға басқан социалистік дәуіріміздің қарқын күші де, асқақты үні де берілгендігін көреміз. Міне, бұл дәуірдің үнін, совет адамдарының жүрек соғуын терең ұғынған ақынның поэзиялық тілі — ақындық ерекшелігі.

Исаның поэзиялық шығармаларын түгел оқығанда, мейлі совет тақырыбына жазылғаны болсын, мейлі тарихи ерлік тақырыбына жазылғаны болсын — бәрінде де ақын ерекше ер, мықты адамдардың образын беруге зор назар аударып отырғандығын көреміз. Ақынның шығармаларында жұмысшы, совет адамы революциялық күресте, еңбек пен құрылыс майданында үздіксіз жеңуімен жаңа дүние жасаушы, батыл, ұлы күш бейнесі болып суреттеледі.

Міне осы ерекше мықты, жеңімпаз адамды Иса «Он бір күн, он бір түн» поэмасында нақты уақытқа, нақты қаһарманның іс-әрекетіне байланысты жырлады. Ақын бұл поэмада 1938 жылғы сентябрьде, Москвадан Қыйыр Шығысқа ұшқан советтің үш ұшқыш әйелінің даңқты ерліктерін суреттейді. Сталиндік бесжылдықтар дәуіріндегі совет әдебиетінің дамуындағы бір ерекшелік, совет адамдарының тарихта болмаған

* Сонда, 90-бет.

дүниежүзілік ұлы ерліктерін көрсету болды. Бұл тақырыптарға орыс әдебиетінде де, сондай-ақ, қазақ совет поэзиясында да күрделі жаңа шығармалар жазылды.

Шынында, Челюскиншілер мен Совет Одағындағы ұшқыштардың даңқты ерлігін қазақ ақындарының жырлауы — сөз жоқ қазақ поэзиясына үлкен жаңалық енгізді. Тақырып, сонымен бірге, акын жырлайтын ақындық объекті жаңарды, ол жаңалықтар ақындардаң жаңа ақындық, творчестволық ізденулерді талап етті. Найза ұстап, садақ тартқан батырды жырлаудан, енді самолет мініп жер шарын айналған, адам баласы аяқ баспаған мұз теңізіне жорық жасаған тамаша ерлікті жеткізіп жырлаудың өзі, қазақ поэзиясында үлкен өрлеу тудырғандығы даусыз.

Акын «Он бір күн, он бір түн» поэмасында даңқты ерлердің басынан кешкен, айта қаларлық ұмытылмас-тай осы бір тарихи уақытты алып ұшқыштардың, соның ішінде Марина Раскованың совет Отанына жаңтәнімен берілгендік сезімін, конбай ұшу сапарындағы қажырлы қайраттарын, тапқырлығын, апаты, қауып күшті Тайганың орманында он бір күн бойы адасқан шағында қажымай өмірге сеніммен қарағандығын, табандылығын шебер суреттейді.

Рас, басқа поэмаларындағыдай Исаның бұл поэмасында да геройлары ғажап жат сырлы бірде ажарлы, бірде үрейлі табиғат кұшағында қыйындықты жеңеді. Өздерінің табандылығын, қажырлылығын көрсетеді. Даңқты ерлердің басынан өткен қауыпты уақыттар, ұшу сапары әсерлі болып суреттеледі. Самолет ұшқан аспан дүниесі мен адамның мекені тау, өзен, орман сыяқты жер беті совет ұшқыштарының үздік ерлік жасаған тұтас бір майданы болып суреттеледі:

«Аспандап сол Еділді көктей асып,
Қос қанат табанына бұлтты басып,
Үн қосып Орал тауы айғайына
Алтыннан қалып жатыр шашу шашып.
Әуені жүндей түтіп пропеллер,
Үндерін үдей соқты машинелер,
Бақыттың айға аттанған алыбы деп,

Сүйініп қала берді талай жерлер.
Осылай ұшып келед Отан ері,
Аспанның ақ нығы мінгендері...»*

Отан алдында партия мен үкіметтің ерекше тапсырмасын орындауға осындай зор сеніммен, асқан қажырлылықпен мықтап кіріскен ұшқыштар, үлкен бөгетке кездеседі. Олардың рухани, моральдық қаспелі сынға түсті. Бұл қиындықтан, сындардан совет ұшқыштары сүрінбей өтеді. Ақын негізгі геройы Маринаның, Тайгада өткен он бір күнгі өмірін көтеріңкі леппен суреттейді.

Поэзия қаһарманының басынан өткен халдердің барлығын бірдей тізбектеп айта бермейді. Бір қатарын жалпы сарышымен бір ғана атап өтумен көркем бейнесін елестетіп отырады. Ақын үшін парашютпен секірген мезгілді ақ бұлттай, ақ жібектің қалықтап жерге қонуы түрінде айтса, немесе Тайганың дүлей орманы, өрт, жыртқыш аңдар ішінде аласыл, минут сайын ажал қауыпына душар болған кездегі ажалға Маринаны қарсы қайрат шеккен жалын жігерді алып күш несі түрінде көтеріңкі айтатын болса, ол поэзиялық шығарманың негізгі бір қаспелі сақталғаны.

Адам өтіл жүре алмайтын Тайганың орманы, аяқ бассаң батып кетерлік мый саз, аю, жолбарыс сыяқты жыртқыш аң, орманды кеудеген қалың өрт бәрі — Маринаны айнала қоршаған жолын бөгеп, апат төндірген жағдайлар. Советтің батыр қызы міне осы апат қиындыққа бас иемейді. Отанға, совет үкіметінің қамқорлығына сенген ол жыртқыш аңдармен де, өртпен де, апатпен де — бәрімен де алысады. Үйткені оның осынау Тайгадағы асқан ерлігі, табандылығы қара басының қамы үшін емес, Отан мақсаты — Отан даңқы үшін. Сондықтан ақын:

«Ел үшін, Отан үшін жүрген адам,
Шыдады күйінсе де сүйген адам.
Халық үшін қандай қайрат ету керек,
Зер салып түсінбейді-ау кейбір надан,
Ер қыздың сенім күшті жүрегінде,

*Сонда, 217 — 218-беттері.

Ол жетпей кім жетеді тілегіне.
Жүрегін шам ғып жағып алған жанға
Қауыптың, қорқынышпен керегі не?..* —

деп, Маринадай советтің даңқты ер әйелінің жан сырына дұрыс сыйпаттама береді. Максаты айқын, қорқуды білмейтін, өз ісіне сенімі күшті «жүрегін шам ғып жаққан» ерекше мінезді совет жасы ғана қиындықты жеңбей тынбақ емес. Бұлар қандай камал болсын алмай қоймайтын большевиктік ерлер. Поэма даңқты ұшқыштардың жеңіс салтанатын жырлаумен аяқталады. Рас, Поэмада Марина және оның жолдастарының ұшқыштық әрекеті, ерлігі аз суреттеледі. Біздіңше акын поэмасында батыр ұшқыштың образын кең жырлау мақсатын алдына қоймаған сыяқты, оның орнына совет адамының Отанға сүйіспеншілік, табандылық, ер жүректілік, қайраттылық сыйпаттарын (характерін) ашып көрсетуді негізгі творчестволық нысана қылып алған. Осы тұрғыдан поэма күшті жазылған. Сүйтіп, бұл поэмасымен Иса совет тақырыбына жазылған шығармаларына қортынды жасайды.

Исаның, совет тақырыбына жазған шығармаларында, елеулі жетіспеушіліктер де, кемшіліктер де жоқ емес. Иса бірқатар маңызды тақырыптарды жалпылап, үстірт жырлады.

Онан соң, Исаның бірқатар көлемді толғау поэмалары («Ұлы Октябрь», «Ұлы құрылыс») сюжет, композиция құрылысы жағынан әлсіз шыққан, онда жалпылап, схемалап, айтушылық байқалады. Осыдан келіп акын нақты образ жасау, белгілі бір тарихи кезеңнің айқын бейнесін беру мәселесін үлкен түйіндеу дәрежесіне жеткізе алмай қалады. Нақты адам образын суреттеуден көрі, өмірдің, табиғаттың сыртқы көріністерін айтуға көбірек салынады. Бұл кемшілік Исаның ең талантты жазылған «Он бір күн, он бір түн» поэмасында да байқалады. Акын тау, орман, өзен, табиғаттың құбылыстарын түйдектеп, әдемі суреттей отырып, өзінің негізгі қаһармандарын кейде, сол қалың табиғат құшағында жоғалтып алады, көлеңкеде қал-

* Сонда, 226-бет.

дырып қояды. Шынында қандай шығармада болсын адам әрекеті, оның тұлғасы барлық суреттерден жоғары, басым болуға тиісті.

Иса ауыз әдебиетімен тығыз байланысты болғандықтан кейбір өлеңдері, кейбір өлең шумақтары салақ жазыла салады. Ұйқас үшін орынсыз сөздерді де қолдануы бар. Мәселен:

«...Жалшы, жарлы жұмыскер,
Басшы болып көп іскер,
Лениннің ерді соңынан
Бай мен патша төреге,
Көрсетті талай «өнеге»,
Іс басталып Шығыстан.
Әуелі өтті Николай,
Дауыс қылды жалпы бай,
Патшаның досы төрелер,
Оқ астында туншықты...»*

Бұл өлең шумағында акын жұмысшы табының Ленин басшылығымен революция жасап, патша үкіметін құлатқандығын, қанаушы тапты талқандағандығын айтпақ болған. Пікірі айқын, бірақ, олақ өлеңмен айтқан; «төреге» деген сөзге ұйқасы үшін «өнегені» еріксіз әкеліп қосақтаған, мағнаны мүлде әлсіретіп екіұшты пікір тудырған «Іс басталып Шығыстан» дегені де, «Дауыс қылды жалпы бай» дегені де ұйқас үшін, тізбектей салған сөйлемдер. Әрине, мұндай салақтықтар Иса да үнемі бола бермейді, кейбір асығыс, атүсті жазылған өлеңдерінде кездеседі.

Ән-өлеңдерінің текстісі Исаның творчествосында маңызды орын алатындығы даусыз. «Желдірмелер», «Сталин туралы ән», «Улы заң», «Өндіріс», «Алтай», «Жастар», «Жаңа өмір» атты, Қарағанды, Қызыл әскер тағы басқалар туралы жазылған әндік өлеңдер жақсы жазылған. Алайда, Исаның ескі әндерге жазылған бірқатар текстілері тақырыбына сай келе бермейді, сол әндердің бойына қонымсыз сыяқты. Мәселен: «Назқоңыр» әніне жазылған өлеңнің мазмұны Алматының сұлулығы туралы, «Көкбай» деген әннің сөзі Қазақстан кен байлығы туралы, «Ақдариға» әні-

* Сонда, 17-бет.

нің сөзі өнер, білім, халық достығы жайында, «Бірби-дай» әнінің сөзі заман шаттығы жайында болып келеді. Аталған әндердің, әуелгі Исадан бұрын, халық аузында таралған сөзі мүлде басқа екендігі, олардың әрқайсысының өзіне сай, лирикалы мазмұнда өлеңі бар екендігі жұртқа белгілі. Міне, осы әндерге жазған Исаның өлеңдері мазмұн жағынан маңызды болғанымен, сол әндердің бойына қабысып жетпеген.

* *

*

Енді Исаның тарихи тақырыпқа жазған поэмаларына келейік. Исаның бұл тақырыпқа жазылған поэмалары: «Кұралай сұлу», «Алтай аясында», «Кавказ», «Ақбөпе», «Қырмызы, Жанай».

Иса поэмаларында тарихи шындықтың екі айқын түйінді мәселесі кең дамытылып жырланады. Олар: бірінші сыртқы жаудың шапқыншылығынан елді қорғау, сол жауға қарсы күрестегі бастан кешетін қыйындықтар, ерлік жеңістер немесе апат, құрбандықтар, екінші қазақ қоғамының ішкі тап қайшылығы, тап күресі, соның негізінде туған қазақ жастарының бас бостандығы, махаббат жолындағы күрестері. Осы түйінді екі мәселе Иса поэмаларының идеялық көркемдік нысаны болып отырады. Және поэмаларының қай-қайсысында болсын ерлік пен махаббат мотивтері, яғни геройлық-эпикалы сарындар мен лирикалы-романтикалы сарындар толық шебер түрде қабысып келеді.

Исаның поэмаларында жырланатын ерлік уақыттар, сөз жоқ қазақ тарихындағы шындықтан алынған. Қалмақ пен қазақ арасының жаулығы екі ғасыр бойы (XVII — XVIII ғ. ғ.) созылды. XVII ғасырдың 30 жылдарынан бастап Жонғар қалмақтары Қазақстанның шығысында ең шапқыншы мемлекетке айналып, алдымен қазақ даласына ауыз салды, үздіксіз шабуылдар бастады. XVII ғасырдағы Есім, Жангір, Тәуке хандар тұсында қалмақтардың қазақ даласына шапқыншылық әрекеті, бірде-бір тоқталған жоқ. Әсіресе XVIII ғасырда Абылай, Әбілмамбет, Әбілхайыр тұсында — қалмақтың Цеван, Равдан, Ғалдан-Серен хандарының бастауымен қазақ даласына қатты бірнеше шабуыл-

дар жасалып, 1723 жылдағы Актабан шұбырындыдағыдай қазақ халқын үлкен апатқа ұшыратты. Ата мекен қонысын басып алып, халықтың тіршілігін ойрандады, талады, адамдарды қырды, тұтқындады, бостырын жіберді.

Жоңғар басқыншыларынан көрген қорлық, апат, оларға қарсы халықтың ыза, кек намысы, күресі қазақ халқының тарихында, ел қыялында үлкен орын алған. Қазақтың батырлар жырындағы, жаулардың қалмақ болып отыратындығын, тіпті «Қызжібек», «Қозы Көрпеш — Баян сұлу» сыяқты ғашықтық жырларының өзінде де әйелді құлдануға әрекет жасаушы зорлықшыл күштер Хорен, Қодар сыяқты қалмақ болып кездесетіндігін көреміз. Қалмақ шапқыншыларына елдің намысын жібермеу, қасықтай қаны қалғанша, сол зұлым жаумен күресу, сол күресте ерекше ерлік жасау, қазақтың әрбір ержүрек намысқор жасына зор қасиет, мақтан саналған.

Иса ел есінде сақталған әңгімелерді, тарихи шындық тұрғысынан жырлайды. Ол «Кұралай сұлу» поэмасында уақытқа қазақтың Есім ханының тұсы, елдің жорықпен күні өткен заманы еді, қалмақтар Тарбағатай, Тянь-шан, Манрақ тауларын мекендейтін еді дейді*. Ал «Алтай ертегісі» поэмасында уақытқа Абылайдан бұрын болды дейді. Поэмадағы осы бір кішкене фактылардың өзі ақын жырлайтын уақыттардың тарихи заманын анықтап береді.

Иса поэмаларындағы Келден, Балағаз, Жоламан, Құбылай батырлардың ерекше ерлік сыйпаттары осы қалмақ шапқыншылығына қарсы кескілескен күресте көрінеді. Батырлардың соғыстағы асқан ерліктерін суреттеуде, Исаның ешкім қайталамайтын үздік ақындық шеберлігі бар. Келден немесе Балағаз, Құбылайлар жаумен қапылыста кездеседі және жаулар сол батырлардың намысына тиерлік, өз өміріне, немесе ел тағдырына қауып тудырарлық сұмдық әрекет жасайды. Иса өзінің геройларын, міне осындай қауыпты жағдайда намыс пен кекке қайрап алып соғысқа араластырады. Мәселен елін шауып талқандаған жаудың қор-

* Шығармалары, 117 — 130-беттері.

лығына ызаланған батырдың намысы мен кегін, Келденнің өз сөзімен ақын былай береді:

«...Жаланааяқ, жалаңбас кетті халық,
Біреу бақан, біреулер сырық алып,
Қатын-қалаш қалмады тайлы-таяқ,
Ел сендей соғылысты аттан салып.
Біреу жылап, біреулер құлап жатыр,
Ел басына түскен соң заман ақыр...
Ағамның қаруынан қару алып,
Бұл жауды не де болса қуам дедім.
Жалынды жалғыз анам, шешемнен
Айрылып қаламыз деп тағы сенеп.
Алдадым ізін біліп қалайып деп,
Қорлығы өтіп барад өңменімнен»*

Ол осындай ашулы кекпен қалың жауға араласып ерлікпен ұрыс салып жүріп, қалмақтың қолына тұтқындалып кете барады. Сондай-ақ «Алтай аясында» да қалмақтар ауылын шауып ойрандап, жалғыз қызы Еркежанды тұтқындап әкетпек болған жерде, ер Құбылай жауға өлтіре соққы береді. Өмірінің ақтық сағатына дейін жауынан кек алады. Құралайды тұтқынан босатып елге қарай шыққан бетінде, немесе, Балағаздың Еркежанды азат етіп аттанған бетінде, қалмақтың ең тандаулы деген батырларымен, қаптаған қалың қолымен айқасып, қанды майдан ұрыс салулары мейлінше шебер суреттеледі. Бұл ұрыстардағы Келден мен Балағаздың асқан батырлықтары, жауға деген әт жалынды намыс кектері, үздік қайрат, алғырлықтары, табандылықтары сондай жарасты, сондай әсем берілген. Оның бәріне сүйсініп отырасын.

Қалмақтың қорлығына, азабына кіріптар болған қаһармандар жау алдына бас имейді, жасымайды, өзінің ар намысын сақтай біледі. Қалмақ қолына тұтқын болған Еркежан өзін өлімге қыйса да, жауының алдына бас имейді, сондай-ақ тері тұлыпқа қол-аяғы қапталып, сірімен қатырылып, зынданда қорлық көрген Келден батыр жауынан кешірім сұрамайды. Қалмақтың ханы Сейқын «бізбен жау болмасқа ант берсең босатып жібереміз» деген уақытында, ол жаудың бұл сөзін өзіне қорлық санайды:

* Сонда, 126 — 127-беттері.

«...Ар көрдім ант беруді душпаныма,
Долданып қорлық іске қосқанына,
Кетіптің ызаланып қаным қайнап,
Қалмақтың ант берер деп тосқанына.
— Саған жау, Сейкын сұмрай, мендей қазақ,
Бөлмаймын бас алсаң да үйтіп мазақ.
Өлсем де елім үшін өкінбеймін,
Еркіңше көрсете бер қандай азап...»*

Сүйтіп, поэмадағы батырлар, жауына намысты жібермейтін табандылық, қайраттылық сыйпатымен көрінеді. Поэмалардағы ерлік, қалмақ шапқыншыларына қарсы күрес мотивтері, осы тұрғыдан өте дұрыс сыйпатталады.

Поэмаларда акын екі елдің ішкі қоғамдық тап қайшылығын ашуға да назар аударып отырады. Егер де «Кұралай сұлуда» ішкі тап қайшылығы көмескі қалатын болса, «Алтай аясында» қазақ пен қалмақтың ішіндегі тап қайшылығы, қазақтың ірі бай-феодалдары, сұлтандары мен қалмақтың бек, хандарының қыянат зұлымдығы бірдей әшкереленеді.

Поэмада шабуылмен келген қалмақтың ханына қазақтың феодал сұлтандары қосылып кетіп, опасыздық істен аз ата, кедей ауыл, кірмеден құблайдың қызы Еркежанды күндікке беруге, ауылын шауып әкетуге сырттай бітім жасағандығы айтылады. Елді шауып ойрандап, адамдарды қырғындап кеткен қалмақтан кек алуға аттанамыз дегенде, қазақтың бек, би, төрелері бұл соғыстан бас тартады. Міне, осы опасыздық қорлыққа шыдай алмаған Балағаз, әуелі сол билер мен бектердің ауылын шауып ойрандамақ болады.

«Алтай аясында» поэмасында бұл таптық қайшылық, күрес айқындала түседі, мұнда Балағаз бен қазақтың байы Қосан мырза арасында үлкен тартыс болады. Қосан қалмақ бектеріне қосылып алып Еркежанның ауылын бірге шабысады. Поэманың екеуінде де қалмақтың хандарынан қорлық көрген кедей мерген Қаутін батыр Балағаздардың досы болады. Ал, «Ақ-

* Сонда, 133-бет.

бөпе», «Кавказ», «Қырмызы, Жанай» поэмаларында қаһармандардың іс-әрекеттері таптық күрес жағдайында суреттеледі. Бұл ақынның идеялық творчестволық жағынан өсуін, тарихи шындықты социалистік реализм әдісімен жырлауға келгендігін көрсетеді.

Иса поэмаларында дамытылып жырланатын негізгі бір тақырып — қазақ жастарының бас бостандығы, еркіндігі, махаббаты жолындағы күрестері. Бұл тақырыпқа келгенде Иса қазақ жастарының өміріне, заманына, дәуіріне байланысты тарихи шындықтың бетін ашып, кең суреттер, адамдардың әр алуан мінездемелерін береді: көшпелі қазақтың ауылы, олардың тұрмыс салты, көшіп қонуы, жастардың басынан кешкен ерлік уақыттары; ессіз меңіреу дала, қалың орман, тасып аққан өзен, зәулім биік таулар құшағында жортып, жорық жасаған, қорықпай жауларынан кек алған ержүрек жастардың өмірі; феодалдық, ру-аралық жаулық, шапқыншылық жағдайында апатқа, қырғынға ұшыраған еңбекші халықтың аяншыты халдері; елді билеп-төстеген феодал байлардың халыққа істеген айуантық зорлық-зомбылықтары; жастардың достық, махаббат сезімдері, — тағы басқалары ірі ақындық талантпен жарқын суреттеледі.

Исаның қай поэмасын алсаң да қазақ өмірінің тарихи шындығын, адамдар басынан кешетін әр алуан шиеленіскен күрестерге, қызық уақыттарға, махаббаттық армандарға тығыз байланысты көрсетеді. Бір жағынан ақын феодалдық қоғамның зорлық-зомбылығын, қатал заң, әдет-ғұрыптарын батыл әшкерелеп отыратын болса, екінші жағынан сол қатал заң, әдет-ғұрыптың шырғауын талқандап үзіп, еркіндікке, биік қытқа ұмтылған Балағаз, Еркежан, Әмірқан, Ақбөпе, Қырмызы, Жанай сыяқты ержүрек намысқор жастардың күресін, арманын, ізгі қасиеттерін көтеріңкі леппен, қанатты сезіммен жырлайды. Осыдан келіп Иса поэмаларының лирика-романтикалы ерекшелігі көрінеді.

Поэзиядағы романтизм дегеніміз не? Белгілі сыншы Беллинский өз дәуіріндегі Жуковский, Пушкин, Лермонтовтың романтикалы поэзияларын кең талдай отырып, романтизмнің негізі, алдымен адамның сезім

дүниесін, жүрек сырларын ашып көрсетуде деп, түсіндіреді.

Белинский айтады: «Адамның көңілі мен жүрегіңде романтизмнің жасырын қайнар бұлағы бар: сезім, махаббат дегеніміз, романтизмнің көрінісі немесе әрекеті*».

Белинский романтизмнің өзіне тән ерекшелігін осылай анықтап беріп, орыс поэзиясындағы романтизм сезім еркіндігін, ар, намыс еркіндігін әйел мен еркектің моральдық қасиеттерін, айнымас, адал кіршіксіз махаббатын жырлауда деп біледі. Егер ақын махаббат туралы жазады екен, ол махаббат кіршіксіз өзінің сұлулық бейнесінде жырлануға тиіс. Романтикалы поэмалардың идеялық творчестволық кілті, Белинскийдің қағидасы бойынша, бір ғана махаббаттың арманы болып қоймайды, оның қоғамдық сырлары, оған байланысты әлеуметтік өмір, табиғат дүниесі, семья, адамгершілік, мораль мәселелері толық қамтылып жырлануға тиіс.

Рас, махаббатты романтикалық сарында жырлаудың адам баласы тарихында әртүрлі заманы, әртүрлі формалары болып өтті. Ескі гректе махаббат, сұлулыққа тәңірдей табыну түрінде жырланса, шығыс поэзиясында қол жетпес арман, азап шегу түрінде жырланды. Ал орта ғасырлардағы серілік дәуірінде сұлу әйелге тек сырттай табыну, бір қарағанда ықласын алу ғана махаббаттық мотив болып жырланды. Шығыс поэзиясында махаббаттың ақыры, үйленіп ұрпақ өсіруге әкелетін болса, орта ғасырдағы махаббат ер мен әйел қосылумен жойылады, ол бақыттың бітуі деп түсінеді. Онан бергі феодалдық қоғамның, діннің семья, үйлену жөніндегі қатал заңы, қағида ережелері үстемдік алған заманда махаббат бас бостандығына, еркіндікке талпыну арманына айналады. Феодалдық қоғамның әйел қауымын қатты қысыммен ұстаған заң тәртібі күшейген сайын, оған қарсы еркіндікті көксеу талабы, күресі де күшейе түседі. Қазақ тарихындағы ма-

* В. Г. Белинский, Собрание сочинений, Киев, 1911 г. том II, стр. 34.

хаббат тақырыбында жырланған шығармалардың, әсіресе «Қызжібек», «Қозы Көрпеш — Баян сұлу», «Ай-Ман—Шолпан» сыяқты ғашықтық жырлардың идеялық көркемдік мәнін осы тұрғыдан қарап түсінуіміз керек болар еді.

Иса поэмаларында сөз жоқ айнымас, адал махаббатты, махаббаттың қоғамдық сырларын, өкініш күйіктерін, үміт арманларын терең толғанып жырлайды. Ақын қаһармандардың басынан өтетін қиындық халдерге, жаң толқындарына өзі ортақтасқандай сезім дүниесін ұштастырып оғырады; ол қаһармандармен бірге сүйінеді де, күйінеді де, шаттанады да, өкінеді де:

«...Арман ғып жырламай ма махаббатты,
Өзі ұзақ тойдырмайтын болса тәтті.
Жалғыз-ақ махаббатты танымайтын,
Мейрімсіз жандар жоқ па тастан қатты...»*

Немесе:

«...Бар ма екен махаббаттай нәзік нәрсе,
Тоймайтын адам жаны көре берсе.
Сырласып сүйгенімен емін еркін,
Жүрегін сен сақта деп соған берсе...»** —

деген ақын толғауы махаббатты терең ұғынып жырлайтындығын, бұл ұғым Беллинскийдің — сезім, махаббат — романтикалы поэзияның негізі — деген қағидасына қайшы емес екенін көреміз. Исаның поэмаларында тепіне, сүйгеніне қосылуды арман еткен жастардың өмірі ерекше мінез бітіммен, ерекше ерлік әрекеттермен суреттеледі.

Романтизм жайы сөз болғанда, оның екі түрлі көрінісі барлығын ұмытпауымыз керек. ХІХ ғасырдағы орыс, Еуропа әдебиетінде романтизм екі түрлі идеялық творчестволық бағытта өріс алды. Бірі — Беллинский анықтауындай адамдардың жарқын сезімдерін, ізгі армандарын, ерлік талап, тілектерін жырлаған, ескі феодалдық қоғамның ірік-шірігіне, рухани құлдығына қарсы батыл күресті бейнелеген өршіл идеялы роман-

* Иса Байзақов, «Ақбөпе», Алматы, 1945, 15-бет.

** Сонда, 20-бет.

тизм; екіншісі — іргесі қаусап, ыдырай бастаған патриархалды феодалдық дүниені жоқтап камығу сезімдерін, адамдардың өлімін, өң мен түс арасындағы бұлдыр қайғы-зарын, діншілдік мистиканы, өмірден түңілуді жырлаған кертартпашыл романтизм. Белинский көтеріп айтқан, Пушкин, Лермонтовтар түрлендіріп жазған романтизм алғашқы формадағы өршіл идеялы романтизм. Бұл романтизмді ХІХ ғасырдың ақыры мен ХХ ғасырдың басында М. Горький жаңа мазмұнмен дамытып, революцияшыл романтизм дәрежесіне жеткізді. Ал кертартпашыл романтизм бұл дәуірде мүлде идеялық азғындыққа айналып, декаденс, символизм, импрессионизм түрінде көрінді. Сондықтан да қазақтың буржуазияшыл ұлтшыл ақындары осы соңғы кертартпашыл ағымдарға жармасты.

Қазақтың совет ақындары орыс әдебиетіндегі өршіл идеялы романтизмнен үлгі алып үйренді. Тақырыптың көлеміне қарай бірқатар шығармалар Пушкин, Лермонтов дәстүріндегі романтизм дәрежесінде жазылса, енді бірқатары М. Горькийдің революцияшыл романтизмі дәрежесіне көтеріліп жазылды. Исаның тарихи тақырыптағы поэмалары М. Горький романтизмінің үлгісіне жете алған жоқ, олар Пушкин үлгісіндегі романтизм әдісінде жазылған.

Иса өмір шындығын көгеріңкі романтикалы сарында ажарлап алып, адамдардың іс-әрекетін, күрестерін таңғаларлық жазап, немесе жан түршігерлік апат жағдайына әкеліп түйіндеп көрсетеді. Поэмалардың басты геройлары қазақтың ең аяулы ұл, қыздары — Құралай, Жоламан, Еркежан, Балағаз, Әмірхан, Ақбөпе, Қырмызы, Жанай т. б. ержүрек, намысқор, өжет адамдар. Жоламан, Балағаз, Әмірхандар қалың жауға шауып қамал бұзар батыр болып отырса, соларға серік дос әйелдер де от басы, ошак бұтының күң әйелдері емес. Ол әйелдер — Құралай, Ақбөпе, Қырмызы, Еркежандар — жаннан асқан ерекше сұлу, сымбатты болумен бірге, сол құлдық заманының қорлығына, мазағына бас игісі келмейтін өр мінезді, қайратты жандар және олар елдің данқты батырларын, ер мінез жігіттерін тандап сүйеді.

Қазақ әйелінің басынан өткен азап, қорлық хал-

дерді көз алдына айқын елестеткен Исаның ақындық талантына бас игендей боласың. Өткендегі қазақ әйелінің мал орнына сатылып, зат орнына таланын, адамдық праволардың қапдайынан болсын жūrдай, ең ауыр халдерін көзіңмен көргендей, оларға аяныш сезімін білдіргендейсің. Әсіресе, Ақбөпені қорлаған, азапқа салған Ақжан, Әбіш, Құдыяр, сыяқты бай-феодалдардың зұлымдығына ыза-кегің қайнайды, оларға қарғыс айтасың. Міне, осындай ең ауыр сәкқы көрген Құралай Ақбөпе, Еркежан сыяқты ержүрек қыздар, махаббатты жүрегін қаратүнек заманда жалын қып жаққандай, сол қорлық, азап дүниесіне қарсы шығады, өмір үшін, бақыт үшін алысады. Құралай өзі өлер алдында сүйікті Келденіне:

«...Мен өлді деп сен өлме өмір тіле,
Душпаныңнан кегіңді ал назаланған»

— деп, өмір үшін жауынан кек алуға шақырады, менімен бірге өл демейді. Сүйген жары Әмірхан оқна ұшып өлер халге жеткенде, Ақбөпе қас жауы Тайшықтан қан майданда кегін алады.

Иса поэмасында жырланатын сұлу әйелдер міне осындай, жауынан кегін ала білетін намысқор, өжет, тұлпар мініп, найза ұстаған, қанжар асынып, жүректөрін кекке суарған ерекше ер мінезді әйелдер.

Әрине, бұдан Иса поэмаларында әйелге тән сұлулық, сыпайыгершілік, нәзіктік мінездер берілмейді деген ұғым тумайды, қайта Иса Құралайдың, Еркежанның, Ақбөпенің сыртқы сұлу кескін келбеттерін, жарастық жүріс-тұрыстарын, олардың махаббатымен байланысты ішкі жан толқындарын тамаша суреттеп отырады. Әйелдің кескін, келбетін беруде, Исаның суретшілігінен ешқандай мін таба алмайсың. Мәселен Құралайдың сыйпаты:

«...Кең маңдайлы, қыр мұрын, бота көзді,
Түрімен ұқтырғандай айтпақ сөзді.
Құлқында жан тартарлық терең сыр бар,
Таппай ма дегендей-ақ өмір бізді.
Екі бет уылжып тұр қаны тамып,
Ақ жүзінде өмірдің шамы жанып...
Жұп-жұмыр үлбіреген алма мойын,

Ақылдан орнатқандай өлшеу алып,
Белгілі аппақ арай, ақ жамбыдай,
Сұлулық есі кетіп, тұр таңғалып...»*

Немесе, Ақбөпенің сыйпағын:

«...Жанары екі көздің жанған шамдай,
Нәркес пен кірпігі ойнап атылғандай,
Қызылы екі беттің ұялжыған,
Үстіне ақ мамықтың қан тамғандай...»**.

Ал, Еркежан сыйпаты былай суреттелген:

«...Шанқандағы шағала секілденіп,
Күнменен шағылады көрсен жүзі:
Ұыз беттің қанынан нуры тамып,
Күйден күшті, сөйлесе кейбір сөзі.
Кірпігінен секілді құндыз атқан,
Жіңішке қара қасы тура тартқан.
Ақ маңдайлы ақша бет аясында,
Ақылдылық белгі бар толып жатқан.
Қолаң шашы құйылған арқасына
Су еркесі құнайдай құндыз тапқан.
Осыншама сұлу ғып кім жаратқан?»***.

Міне, бұл суреттер тек Исаның өзіне тән ақындық шеберлік. Мұнда ол сыртқы әдемілікті сұлудың ішкі сезім дүниесіне қабыстырып бере білген.

Әсіресе, екі жастың кездескен, табысқан шаттық мезгілдерін суреттегенде, Иса ақындығының жалынды күші, лирикалық-романтикалық қасиеті шарықтап шыңға өрлегендей көзге түседі. Құралайдың тұтқыннан қашып шыққан бетіндегі халі, Ақбөпе мен Әмірханның, Еркежан мен Балағаздың табысқан кездері Иса суреттеуінде аса көтеріңкі ажарланып жырланды.

Екі жастың тілегі орындалғандай, тұтқыннан азат болып кең далада қос тұлпармен жортып келе жатады. Таң атып, күн шығып келе жатқан шақ, табиғат дүниесі, сонымен бірге екі жастың көңіл дүниесі де, бар әлемнің шаттығын бойына жыйнағандай. Сыртқы көрініс те, екі жастың көңілі де ерекше сұлулыққа табынып тұрғандай:

* Таңдамалы шығармалары, 1948 ж. 132-бет.

** «Ақбөпе», 13-бет.

*** Таңдамалы шығармалары, 159-бет.

«...Анасы махаббаттың жер құлпырды,
Нұр төгіп жер-жаһанға күн құлпырды,
Тенбіл аспан тесіле қарағандай,
Далада тағыға еріп кім құлпырды?..
Книнген, асыл киім жас құралай,
Қадаған бриллианттай жалғ-жулғ егед,
Мөлдіреп екі көзі қарақаттай.
Нұрланған екі беті жарқ-жүрк етед,
Тұлпардың жалы су-су, тақым ду-ду,
Сүйріктей сұлу қолын ербедетед...»*

Немесе:

«...Нұрланып жанарынан күлді сұлу,
Бақыт қой сүйгенімен сүйтіп күлу..
Бетке алып тек ағытқан қоңыр желді
Сәскеде бақыттылар елге келді...»**

Мұндай жағдайды ақын өте жарқыратып, құлпыртып шегіне жеткізе ақындықтың күшімен ерекше әсем махаббат дүниесін жасағандай болады. Иса суреттеуінде сұлулықты, әсем көріністерді, адамның ішкі жан сырын, қас-қабаттың қағуы арқылы ма, немесе, қуаныш, сүйініштері арқылы ма әр алуан құбылыстарға байланысты терең ашып көрсетуге тырысады. Бірақ, Исаның поэмаларында екі жастың не уақыт кездесуі, өмірдің қас пен қабақ арасындай өткізетіні бір мезгіліндей ғана, махаббат арманына, бақытқа жақын келуі баянды болмайды, қаратүнек заманның сокқысы, қиын бөгеттері алдарын орап апатқа ұшыратады. Махаббат өкініш, арманға айналмайды. Құралай арманына жете алмайды, Келден дертті болып қалады. Ақбөпе арманына жете алмайды, сүйген жарының кегін жоқтап қалады. Сүйтіп, Иса жырлайтын махаббат бақытқа жете алмайды, арман, күйік болып отырады. Бұл қазақтың өткен заманындағы ұл қызының басынан өткен арман, күйіктері еді. Ақын сол шындықты елестетеді. Сырттай жарастықты табиғат, өмір көрінісінің, адамдар өмірінің ішкі сырында аянышты, өкінішті армандар өткендігін айтады.

Иса поэмаларында ер жігіттердің образы да терең түйінделіп суреттеледі. Олар сыртқы жаумен айқаста

* Сонда, 137-бет.

** «Ақбөпе», 32-бет.

да, сүйген жарларына қосылу жолындағы күрестерде де асқан батыр, табанды қайсар, қызу қанды өнерпаз, махаббат жанды сері адамдар Жоламан, Балағаз, Әмірхан, Жанай — бәрі де өлім, апат дегеннен қорықпайтын, қастасқан жауының алдында бас имейтін өр мінезді, тәкәппар жандар. Бұлардың мақсаты елін жаудан қорғау, достарын жау азабынан құтқару, сүйген жарларына қосылып бақыт табу. Ақын бұлардың қанды қырғын майдандағы асқан ерліктерін де, сүйген жар, достарын жау азабынан азат ету үстіндегі ашуы, ызасы, қайраты, қуанышы, үміті сыяқты психологияларын да жеткізіп суреттейді.

Ақын «Алтай аясында» поэмасында Еркежаннан қапыда айрылып, елдегі бай-феодалдардың опасыздығынан түңіліп, қалмаққа кеткен кекті ала алмай, ызға бөленген Балағаздың ашулы қалпын тамаша күшті сыпаттайды.

Балағаздың жауына аттанар алдындағы ашулы кескіні, ішкі жан толқындары соншалық күшті, романтикалы суреттеу әдісімен беріліп, біресе ол ашулы арыстанға, Алтайдың тауын сілкіндіргендей теңдесі жоқ алып күшке, дүрілдеп жайып атып төніп келген сұрапыл дауылға, теңіздің тасыған долы толқынына ұқсайды. Сондай ашулы, ызалы Балағаз өзінің серік жігіттерін ертіп алып елді шапқан, сүйген жары Еркежанды тұтқындап өкеткен қалмақ ханына және опасыздықпен ел намысын сағқан бай-феодалдарға аттанып, олардан кегін алмақ болып:

«Жау артынан жетейік,
Зығырданды қайнатты,
Жалғыз да болсам қуамын,
Қанды қанмен жуамын».*

— деп толғайды. Иса Балағаз, Әмірхан образдарын, олардың сырттай қарулы тұлғаларын, ерекше ер мінездерін, намысты, ызалы кескін келбеттерін осындай жарқыратып, даралап суреттеп отырады. Міне, бұдан туатын жалпы бір қортынды, мұның өзі Исаның совет тақырыбына жазылған шығармаларының

* Сонда, 188-б.

идеялық, творчестволық мотивіне тығыз байланысты Иса поэмаларында іс-әрекеті, мінез-құлқы жақтарынан кең суреттеген мықты ер адамдардың образын жасағандығы. Поэмадағы басты қаһармандардың қай-қайсысы болсын, қастасқан жауымен алысады, кек алады, өмір, бақыт үшін, бас бостандығы үшін ерлікпен күреседі, сол жолда не жеңіп кек алады, не өмірінің ақтық сағатына дейін өмір үшін алысып өледі. Иса поэмаларының идеялық мазмұнындағы ең күшті бір оптомистік мотив осында.

Исаның тарихи тақырыпты жырлауында өсу жолы бар. Қате, кемшіліктері де жоқ емес. Ең алғашқы жазған «Құралай сұлу», поэмасында ақын қазақ қоғамының ішкі таптық қайшылығын ашып көрсете алмайды. Уақытқа, тартыс түйіні сыртқы жауымен күрес төңірегінде болады. Онан соң ақын қазақтың ескі ауылын сырттай әдемі көріп, қызықтап жырлайды. Поэма үшін ешқандай қажеті жоқ Қелденнің он сегіз ауыл болып отырған он сегіз баласының байлық салтанатын айтуы да, Монтай биді ақылды деп суреттеуі де поэманы идеялық жағынан әлсіреткендігін, ақынның бұл алғашқы шығармасында тарихи тақырыпты социалистік реализм тұрғысынан толық меңгеріп кете алмағандығын көрсетеді.

Тарихи тақырыпты меңгеріп жазуда Иса «Алтай ертегісі» атты поэмасында бірқатар ілгері адым жасайды, мұнда ақын Балағаз, Құбылай, Жоламан бастаған батырларды кедейлер, кірме ауыл етіп суреттейді де, елді билеген бай-феодал сұлтандарды кедейге зорлық көрсетуші, ел мақсатын сатушы опасыздар бейнесінде көрсетпек болады. Алайда, ақын бұл поэмасын жазуда идеялық қатеге ұшырайды, өмірдің өкінішін, геройларының басынан кешкен қиындығын баса айтамын деп, жалған романтизмге көбірек бой ұрады. Алтай тауының сыйпаттары да романтикалы бейнемен беріледі, кей жерінде Алтайды жалаң дәріптеуге салынады. Бұл қате, кемшіліктерін Иса «Алтай аясында» деген поэмасында түзеді. Мұнда қазақ ауылының таптық қайшылығы, салты, тіршілігі айқынырақ суреттеледі.

Ал Исаның «Қойшының ертегісі» атты поэмасы (1925-ж.) тарихи шындықты бұрмалайды. Онда Қене-

сарының шапқыншылығына белсене қатнасқан феодал Ағыбайды дәріптейді.

Қазақ совет әдебиеті соңғы жылдарда күн сайын өсіп, есейіп келеді, соның ішінде поэзия да өмір шындығын кең қамтып жырлауда, ақындық мәдениетті жетілдіруде де өсіп отыр. Поэзияның қазіргі өскен талап тілегімен қарағанда, Исаның ертеректе жазған кейбір өлең, поэмалары көркемдік жағынан ескіруі, қазір оғаш көрінуі де ықтыымал. Әйтсе де, ондай шығармалардың ақынның, сонымен бірге Қазақ совет әдебиетінің даму кезендерін, жолдарын ұғынуда мәні зор.

* *

*

Исаның творчествосын түгел талдап қортынды жасау бір мақаланың міндетіне жатпайды. Бұл мақалада біз Иса творчествосының ең негізгі түйінді мәселелеріне тоқталып отырмыз. Творчестволық өрісі кең, жан-жақты Исаның жыршылық еңбегі де, айтыс өнері де, ақындық шеберліктері де өз алдына толық зерттеуді керек етеді.

Исаның реализмі, ақындық ерекшелігі өзінің таланты шығармаларымен қазақ поэзиясына қосқан жаңалықтары, орыстың, қазақтың классик ақындарынан үйрену жолдары да, әдебиет зерттеу ісіміздің келелі міндеті. Бұған бұл мақаланың көлемінде азды-көпті тоқталдық. Оның ақындық шеберлігі туралы сөз қылғанда тағы бір ерекшелігін айта кетпей болмайды. Иса ақындығының бұрқыраған күші, жарқыраған жалыны, әсіресе, табиғат көріністерін, табиғат құбылыстарын суреттеуде айрықша көзге түседі. Қандай тақырыпқа жазған шығармалары болсын, Иса қазақ даласының сан алуан жер, су мекендерін, табиғаттын құбылыстарын ажарлы, жанды, көркем дүниеге айналдырып жырлайды.

Алтай, Саян, Тарбағатай, Алатау, Қаратау, Қордай тауларын, Ертіс, Марқакөл, Зайсан, Байқал көлі, өзендерін — барлығын шебер сүйіп жырлауында Исаға орыстың классик әдебиеті, Абайдың поэзиясы зор көмек көрсеткендігі даусыз.

Иса Кавказ табиғатын да сұлу жырлады. Ол кавказ тақырыбын, Кавказдың ғажап сырлы тауын, сұлу өзен суын, ержүрек адамдарының махаббатын, кекті күрестерін жазуға кездейсоқ барған емес. «Кавказ» поэмасында Абайдың ақын баласы Ақылбай жазған «Дағыстан» поэмасының сюжетін алып, оны жаңа идеялық тұрғыдан қайта жазады. Бірақ, Иса Абай мен Ақылбайдан үйреніп қоймай, Пушкин мен Лермонтовтан, Кавказ тақырыбына жазған Л. Толстой шығармаларынан да көп үйреніп үлгі алады. Белинский, Пушкиннің Оңтүстік поэмаларын, Лермонтовтың Кавказ тақырыбына жазған шығармаларын талдап айта келіп: «Орыс поэзиясы кең тынысты жарқыраған бейнеде суреттеген сұлу Кавказ біздің ақындарымыздың талантын, шабытын әлдиледі. Сондықтан Кавказды, оның биік шыңдарын, аққан өзендерін көркем жырлады» деп бағалаған болатын*.

Иса, Абай аударған «Теректің сыйын», Ақылбайдың «Дағыстан» поэмасын сүйіп оқумен бірге, революцияның алғашқы жылдарынан бастап Пушкин, Лермонтовтың поэмаларын, Л. Толстойдың «Хажымұрат», «Кавказ тұтқыны» повестерін аса құмартып оқығандығын өзі үнемі айтатын. Сондықтан да, Кавказды, ондағы ер мінезді тау халқының өмірін қызығып жырлай отырып, сол ақындық дүниені өзіне таныс, көп аралап, көп жүрген Алтайдан, Тарбағатайдан, Алатаудан, Ертістен табады.

Исаның табиғатты суреттеуінде ерекше ақындық шеберлік бар дедік. Рас, Иса табиғат көріністерін құбылтып, түрлендіріп суреттейді, біресе табиғат дүниесі ажарлы адамның шаттық көңілді бір шағын көңі алдына алып келеді, біресе табиғат дүниесі түнеріп қабақ түйген, тұнжыраған бейнеде адамға апат төндіріп келе жатқандай болады. Әсіресе, қаһармандарының жан құбылыстарына қарай Алтай тауының, Алтай өзендерінің сыйпаттары сан түрлі құлпырып түрленіп отырады.

* В. Г. Белинский Собрание сочинений, Киев 1911. т. 4, стр. 97 — 98.

Бірнеше мысал келтірейік:

«...Қарағай жағасында сынсып тұрған,
Шашақты шымылдықтай қызға құрған.
Қыялы жиегінде долы жартас,
Телқынмен сүйіседі кемерге ұрған..
...Көк мөлдір суы толқып жатыр Марқа,
Моншақтай булақтарын қылып алқа.
Арқасын беткейдегі тауға сүйеп,
Жамылған жағасында жасыл торқа»*.

Немесе:

«...Күмістей Алтай сері қар жамылған,
Бұлт киіп төбесіне өр жағынан.
Бәріне табиғаттың шашу шашып,
Күн асты көк жиектің шарбағынан»**.

Бұл суреттер табиғат сырын терең ұғынып, оны адамның сезім дүниесімен ұштастырып жырлаған шын поэзияға тән қасиеттер. Алтайдың суреттері «Алтай аясында», «Қырмызы, Жанай» поэмаларында да шебер беріліп отырады. «Он бір күн, он бір түн» поэмасында Қыйыр Шығыстағы Саян тауы, Тайғаның орманы, аққан өзендері, ол жердің табиғат құбылысы бәрі сұлу ақындық дүниеге айналып сыпатталады:

«...Сайрады әрбір ағаш басқан сайын,
Тұр дегендей достарың мұнда дайын.
Бұлт ойнады, түнерді күн төбеден,
Орманнан орманға атып нажағайын.
Сөз сөйлеген секілді әрбір жапырақ,
Бері кел деп шақырад басын бұлғап.»***

Мұнда геройдың басына төнген қауыпқа байланысты табиғат, оның сан алуан құбылысы адам мінезіне ұқсас қаһарлы ашулы, жанды бейнеде елестейді. «Құралай сұлу», «Ақбөпе» поэмаларында табиғат құбылыстары — атып келе жатқан танның, батып бара жатқан күннің, немесе, жазғы кеш пен түн, сәске-лік мезгілдердің, немесе, сағымға бөленген кең жазық, несіз далалардың, ағып жатқан өзендердің суреттері

* Таңдамалы шығармалары, 193—194-беттері.

* Сонда, 207-бет.

*** Сонда, 219-бет.

«дәл, айқын шебер лирикалы сезіммен сыпатталады.
Мәселен:

«...Серпіліп қараңғылық қойнын ашып,
Ай туды аспанына жұлдыз шашып.
Жаңа өскен жас шіліктің тасасында
Сөйлескен екі ғашық мауқын басып»*.

Немесе:

«...Шашырап дөңгеленіп күн сәулесі,
Түрілді көк аспанның көлеңкесі.
Уялған қылығынан жас сұлудай,
Қубылды бәйшешектер шығып ісі...»**

Осындай шебер суреттерді Исаның әрбір поэмасынан, әрбір лирикасынан да үнемі кездестіріп отырамыз.

Әрине, Иса табиғатты жалаң, дерексіз жырламайды, табиғат құбылысы алдында табынбайды да, ол табиғатты адамның ой-сезім дүниесіне бағындырып, жанды бейнеде жырлайды, табиғат көрінісі, құбылысы үнемі қаһармандар іс-әрекетінің майданы, өрісі, бөсігі болып отырады. Табиғат құбылысын суреттеудегі ақынның шеберлігі өмір шындығын, белгілі бір тақырыпты нақты меңгеріп жырлау және образдардың ішкі жан сырларын ашын бейнелеу арқылы көрінеді.

Адам баласы өмір бойы табиғат құшағында өседі, оны зерттеп, сырын біліп, меңгерген сайын адам сол табиғат дүниесіне біте қайнасып араласа береді, оның сұлулығына қызығады, құмартады, бірақ табынбайды, қайта жаратылыстың өзінде бар табиғи сұлулықты поэзия арқылы онан да ажарлы, көркемдеп, ғылым арқылы онан да мағналы, жемісті етіп таныйды, өзіне бағындырады. Беллешкий—ақын жаратылысқа сәйкестемейді, қайта саналы творчествосымен табиғатты көркем бейнесін жасап шығарады, сол ғана табиғат көрінісінің шындығы—дейді. Иса, міне, осындай табиғатты табынып емес, меңгеріп, творчестволық көркем табиғат бейнесін жасап жазған ақын. Бұл классиктердің ақындық өнеріндегі үлгілі дәстүрдің бірі.

* «Ақбөкс», 22-бет.

** Сонда, 51-бет.

Исаның лирикалы, романтикалы поэмаларының қазақ поэзиясының тарихында алатын орны елеулі.

Қазақтың жазба поэзиясында жастардың бас бостандығы, махаббаты Абай лирикаларында бастап жырланды. Абайдың, Абай арқылы Пушкин, Лермонтовтың әсерімен қазақ әдебиетінде Ақылбайдың «Дағыстан», Мағауяның «Медғат Қасым» поэмалары, XX ғасырдың басында М. Сералиннің «Гүлкәшима» атты лирикалы поэмасы жазылады. Бірақ бұл поэмалар шын мәнінде Пушкин, Лермонтовтардың романтикалы поэмаларының дәстүріне көтеріле алмаған еді. Бір жағы әлі халықтың ауыз әңгімесіне байланысты еді. Қазақ поэзиясында лирикалы романтикалы поэма жазуды ең алғаш үлкен творчестволық планда шешкен Сәбит Мұқанов болды. Сәбит өзінің «Жетім қыз», «Сұлушаш» поэмалары мен қазақ поэзиясын Пушкин, Лермонтов дәстүріндегі сюжетті лирикалы поэма үлгісін енгізді.

Иса Байзақов та өзінің «Кұралай сұлу», «Алтай аясында», «Ақбөпе» атты поэмасымен қазақ поэзиясында лирикалы, романтикалы поэманың туып дамуына ең алғаш ат салысып, үлес қосты. Өзінің бұл поэмаларын жазуда Исаның орыс әдебиетінен, алдымен Пушкин, Лермонтовтың лирикалы поэмалар жазуынан көп үйренгендігі даусыз. Оны біз Исаның Кавказды, Алтай, Ертісті, жалпы табиғатты сұлу жырлауынан да көреміз.

Онан соң Иса поэмаларының сюжет, тартыс түйіндерінде де, қаһармандарының жан сезімдерін суреттеуде де ұлы орыс классиктерінің ақындық мәдениетіне кең құлаш сермегендігі байқалып отырады.

XIX ғасырдан бері қарай «Евгений Онегин» романының Абай аудармасы арқылы қазақ арасына таралуы, қазақ поэзиясында лирикалы поэмалардың туып қалыптасуына зор әсер етті. «Евгений Онегин» романын Абайдың ақындық дәстүріндегі ақындардың және онан кейінгі халық ақындары (Қуат, Сапарғали т. б.) халықтық вариантпен поэма етіп жырлауы қазақ поэзиясындағы үлкен жаңалықтың бірі екендігі даусыз. Исаның лирикалы поэмалары Абайдың, орыс поэзиясының әсерімен, сонымен бірге халықтық поэзияның

жақсы дәстүрін сақтай отырып жазылғандықтан қазақтың совет поэзиясында іргелі орын алды, халық арасында көп тарады. Иса поэмаларының қазақ поэзиясында жаңа сюжетті лирикалы поэмалар тууына да еткен әсері күшті болды. Осы күнгі халық аузында таралып айтылып жүрген, белгілі халық ақыны Нұрқан Ахметбековтың бірқатар поэмалары Иса жазған лирикалы поэмалардың үлгісін сақтайды.

Иса өлеңінің формасы, құрылысы жөнінде Абайдан бергі қалыптасқан ақындық үлгілерді толық пайдаланып отырды. Ол жеті буынды жыр, он бір буынды қара өлең өлшеулерінен басқа Абай жасаған алты аяқ, шалыс ұйқас, шалыс аттамалы ұйқас өлшеулерін де пайдаланды. Ал желдірме және өндіріс, Қарағанды тақырыптарына жазған толғау жырларында жаңа дәуірдің тасқын лебі, ырғақ күйі барлығын жоғарыда атап көрсеттік. Исаның тілі жатық және көркем, оның поэмасында әдебиет тіліне жатпайтын түсініксіз, көне, диалектік сөздер сирек кездеседі. Иса бір жағынан халық әдебиетінің творчестволық дәстүрін толық сақтағандықтан оның сөз байлықтары, сөз өнерлері қарапайым, жатық және өте тапқыр беріледі. Ол өлеңді өте тез жазумен бірге баспаға барарлық алдында неше рет қайта-қайта жөндеп отырған. Алтай туралы поэмаларын, «Ақбөпені», «Қырмызы, Жанайды» Иса бірнеше редакциядан өткізіп жазған. Өзіне ұнамаған талай өлеңдерін, поэмаларының кіріспе, үзінділерін жыртып тастап отырған. Бұл ақынның творчестволық еңбекке аса жауапты қарағандығын көрсетеді.

Иса қазақтың совет дәуіріндегі әдебиетін өркендетуде елеулі еңбек сіңірген, социалистік заманымыздың ерлік, жеңімпаздық бейнесін жырлаған көрнекті ақыны. Иса қазақ совет искусствосы — әдебиетіміздің дамуына да, әсіресе, халық ақындарының айтыс суырыпсалмалық (импровизаторлық) өнерлері дамып жетілуіне де белсене ат салысқан, үлкен творчестволық еңбек сіңірген белгілі халық ақыны. Сондай-ақ Исаның қазақ совет искусствосының туып қалыптасуына сіңірген еңбегі де зор.

Исаның осындай әр алуан ақындық еңбегі, өнері, әдебиеттік мұрасы бүгінгі қазақ әдебиеті жұртшылы-

ғына аса бағалы қазына. Исадан көптеген ақын-жазушылар үйреніп, үлгі алатындығы да даусыз. Исаның, заманымыздың талантты ақын болуына, творчестволық жағынан гүлденіп өсуіне Ұлы Октябрь социалистік революциясының жеңісі, Сталиндік бақытты заман толық жағдай жасады.

Сондықтан ақын өзі:

«Дәуірдің Сталиндік қыранымыз,
Бақытты Отан жырып шырқатайық.
Айбынды Октябрьдің ұлдарымыз...
Сол күннің күннен жарық улы несі, —
Сталин. Сталинді жырлау керек»* —

деп Сталиндік бақытты заманды жырлады, өзінің замандас ақындарып солай жырлауға шақырды. Исаның, қазіргі қалың оқушылар жұртшылығы сүйіп оқыйтын талантты шығармалары — қазақ совет әдебиетінің дамуына зор үлес болып қосылған кұнды қазына. Бұл кұнды әдебиеттік қазынаны творчестволық жолмен де, ғылыми зерттеу жолымен де меңгеріп, социалистік мәдениетіміздің игілігіне жарату біздің басты бір міндетіміз.

*Тандамалы шығармалары, 72—73-беттері.

Есмағамбет Исмаилов,

филология ғылымдарының кандидаты.
Алматы, май 1950 жыл.

І Б Ө Л І М

ӨЛЕҢДЕРІ

Л Е Н И Н'

Ленин — бүтін бейнетқорлар жүрегі,
Ленин — бүтін еңбекші тап тірегі,
Өлсе дағы өлмейді деп сенеміз,
Мәңгі қабыл бола бермек тілегі.

Өмір бойы өмір іздеп алыстан,
Қайраттанып, дұшпанымен алысқан,
Бейнетқорлар қаһарманы басшысы,
Коммуналық тұрмыстағы данышпан.

Ес білгеннен кедей мұнын жырлаған,
Қыянатшы жауыздарды қарғаған,
Патшашыл мен байшылдарға ләнет деп.
Ерлігімен дүние жүзін шарлаған.

Бейнетқорлар бостандыққа жетсін деп,
Залым құрттар қан сормасын, бітсін деп,
Сүйген жалғыз бейнетқорлар жүрегі,
Тас бауырлық, рақымсыздық кетсін деп.

Ленин өлді, пікірі оның өлген жоқ,
Ленин өлді, жолын ешкім жеппен жоқ,
Ленин — бүтін коммунистер жүрегі,
Жүрек оны өлді деп те сенген жоқ.

Жер жүзінде коммунизм орнығар,
Жаңа дүние жасарлық-ақ орны бар.

Қай күнде де махаббаты жойылмас,
Шын қамқорға шын сүйіші табылар.

Жасар мәңгі коммунизм халқымен,
Күллі жұртқа мәңгі бақыт табылар,
Ақылы кен, асып туған дананы,
Өзгерістің* тарихында бағалар.

Қош, қош Ленин, бейнетқордың қорғаны,
Сен мәңгілік коммунистің ұраны,
Біз бақытты тудық сенің тұсында,
Келешектің сен боларсын арманы.

Ленин — бүтін бейнетқорлар жүрегі,
Ленин — бүтін еңбекші тап тірегі.
Өлсе дағы өлмейді деп сенеміз,
Мәңгі қабыл бола бермек тілегі.

* Ол кезде революция деген сөз — өзгеріс, төңкеріс деп т^е айтылатын

Январь, 1924 ж

БІЗДІҢ ЕҢБЕК?

Қазақстанның 5 жылдық мерекесіне

Еңбек етіп езіліп жатқан еліне,
Жеміс егіп қазақтың ескі жеріне,
Жетім зарын, елдің қамын баяндап,
Үлгі берген еңбекші қазақ еліне.

Битке тәні, байға жаны құл болған.
Өмірі өксіп, үміті өшіп тұл болған.
Бейуаздардың көңіліне күн беріп,
Біздің еңбек жауыздарға түн болған

Сүйгеніне сүйінішпен бармаған,
Жылы жауап ата-анадан алмаған,
Әйелдерге бостандығын әперіп,
Біздің еңбек тұңғыш рет қорғаған.

Құсын күтіп құсбегідей тояттан,
Сезім беріп ар мен намыс оятқан,
«Кел бауырлар оқып, білім ізде» деп,
Біздің еңбек ел жастарын оятқан.

Еңбекші елдің шын кірісіп қамына,
Шығындар деп дүниенің алдына,
Біздің еңбек құшағына шақырған,
Құншығыстың жаңа жарық таңына

Үмітті, ойлы, саналыға сән берген,
Үміті жоқ өлген елге жан берген,
Біздің еңбек ел жүрегін қыздырып,
Қажымас қайрат, оттан ыстық қан берген.

Шынығамыз тағы көп жыл еңбекте,
Сені сүйген ойлар жатыр түү шетте,
Төрт жасында төрт жүз жылдық іс қылды,
Жұмылайық қосып тізе еңбекке!

1925 ж

СЕГІЗ ЖАСТА ҰЛЫ ОКТЯБРЬ³

Бүгінгі күн өмір кұшақ ашқан күн,
Қайғы, хапа, хасірет ойдан қашқан күн.
Бейнетқорлар қаһарманы адақтап,
Қалың жаудың қанын судай шашқан күн.
Қара пейіл арам кұрттар жеңіліп,
Езілгендер қуанып үн қосқан күн.
Тұтқындағы өзгерістің ұлдары,
Не заманғы бұғауларын шешкен күн.
Қызыл әскер тасты жүндей копарып,
Жаңа дүние жайлауына көшкен күн.
Адамзатты кұлданатын байлардың
Патшасына жайдың оғы түскен күн.
Неше жүз жыл дүниені шіріткен,
Шен кұмардың ішегін алмас кескен күн.
Неше мың жыл көкке өрлеген қыянат,
Еңбекшілдің табанына түскен күн.
Еркек, әйел, жетім, жесір, аруға —
Бостандықтың жас егіні піскен күн.
Бүгінгі күн барлық күнге тұрған күн,
Ұлы Октябрь сегіз жасқа толған күн.
Езілгендер ұрандасып той тойлап,
Жауыздардың қол-аяғын буған күн.

7-ноябрь, 1925 ж

МАҚТАНДЫМ, БҮГІН МАҚТАНДЫМ!

Мақтандым бүгін, мақтандым
Төбем жетіп аспанға.
Үміт сырын ақтардым,
Қоймайын деп қашсаң да.

Адам адам болғалы,
Бұл қуаныш болған жоқ.
Жер-дүние орнап тұрғалы,
Мұндай сәуле жанған жоқ.

Заманымның қанатың,
Аспанға ұштым міндім де,
Арқаның сансыз даласы,
Қуандым жана ел көрдім де.

Биікте тұрып қарасам,
Арқаның сансыз даласы,
Әлемнен көп санасам,
Өсіпті шығыс баласы.

Қуарған кейбір далада,
Көкорай өсіп басыпты,
Ақыл менен санаға
Заман нұрын шашыпты.

Езілген шығыс ұлтына,
Есігін білім ашыпты,

Патшалықты талқандап,
Капитал, байды жаншыпты

Арам, сасық тәндерді
Көк найзаға шаншыпты,
Күй кылып сұлу әндерді,
Бейнетқор үнін косыпты.

Қызыл туы желбіреп,
Шын бақытқа көшіпті,
Әйел ана мөлдіреп,
Ақ бейілін шешіпті.

Қарасам тағы қазақты,
Оянған жастар дүрілдеп,
Тартқызған сұмдар азапты,
Жалынады дірілдеп.

Мыңдаған қазақ баласы,
Әр қалада оқыған,
Гүлдеп қазақ баласы,
Күш алыпты жаңадан.

Жас киіктей ойнақтап,
Үміт қуған баласы,
Нұрлана күліп құшақтап,
Еркелетед анасы.

Қомша-қомша киінген
Кешегі кедей баласы.
Етек-жең сыптай түйінген,
Періште бүгін, қарашы!

Лениншіл жас — комсомол,
Пионерлер соңында,
Ленин салған жаңа жол,
Заманымның оңында.

Газет, журнал басылып,
Мың-мыннан елге тараған,

Білім көгі шашылып,
Ел білімге қараған.

Аласқан елге таң беріп,
Кернеді білім, кернеді,
Залымды тыяр заң беріп,
Ерледі кеңес, ерледі.

Мақтандым бүгін мақтандым
Төбем жетіп аспанға,
Үміт сырын ақтардым,
Коймайын деп қашсаң да.

20 январь, 1927 ж

БҮГІН⁵

Күн бүгін күндегіден неге нұрлы,
Сөз бүгін неге әдемі, неге сырлы.
Сыйпаттап ел тұрмысын кұйылды сөз,
Түйінді шешпек болып неше түрлі.

Бұл нұрлы сәулеленген баспа күні,
Әлемге ұран салып шыққан үні.
Баспасөз жұртшылықтың жаққан шамы,
Ескеріп еңбекшілер ұқсын мұны.

Құлдықта жаны езілген жалшы-жарлы,
Қараңғы неше мың жыл болған зарлы,
Сендерге ақыл айтып, білім берер,
Үлгі алу баспасөзден өнер алды.

Тексеріп салт-сананы жөн сермейтін,
Қаламгер тілшілері өзгермейтін,
Білім мен мәдениет өркендеуге,
Шырағын партияның сөндірмейтін.

Баспасөз желдей ессін, судай тассын,
Әлемге жарық күндей нұрын шашсын,
Болғандай дос сүйінер, жау күйінер,
Көркейіп көп жасасын, алға бассын!

5 май, 1927 ж

АЭРОПЛАН

Жаңа оянған жас қазақ.
Қонақ келді ордаңа.
Қонағынды құрметте
Көрсетсін үлгі далаңа...

Айтайын ба, ертені,
Баяғыда ертегі,
Ертегі еске салғалы
Есептесең ерте еді,
Ертегінің қыялы,
Болжап еді қыяны,
Сол қыялдан ұл туды,
Болды ма кәне зыяны.

Ертегіде бір жас ер
Аралашты талай жер.
Жоқ іздеген жігітке
Кез болыпты дуакер.

Оқымысты дуакер,
Өнерлі скен тым шебер,
Жан салыпты кілемге,
Жаяу жүрмін дегенге.
Кілемге жігіт мініпті,
Аспанға ұшып шығыпты,
Қыялмен ұшқан кілем ат,

Дүниенің төрт бұрышын
Сонымен жігіт көріпті.

Қап тауынан қауыпты,
Сүйгенін жігіт тауыпты.
Талай теңіз, талай тау,
Бөгет болмай қалыпты.

Сол заманның қыялы
Білімменен іске асты.
Аспанға ұшып адамзат,
Ай, күнменен тілдесті.
Аэроплан — ұшқыр кұс,
Сәуледен озып өткен кұс.
Еңбекшілер дүниесін,
Көгертетін осы күш.
Жаңа оянған жас казак,
Қонақ келді ордаңа.
Қонағынды кұрметте,
Көрсетсін өнер далана.

17 мағ, 1927 ж

У Л Ы О К Т Я Б Р Ы

1

Шабытым еркін келгенде,
Сөз билігін бергенде,
Ал жортақта қаламым,
Табиғат көркі өзінде,
Жаздың жұмбақ кезінде,
Сылқылдаған гүлдерін,
Мың құбылған түрлерін,
Адаспай, саспай абайлап,
Сөз жүйесін дәл байлап,
Сөйлеуге тілім жетер ед.

Жер мен көктің қымбатын,
Күннің асыл сымбатын,
Көңілдің күйлі жырымен,
Өмірдің түрлі сырымен,
Нақ-нағымен тізілтіп,
Нәзік жандай үзілтіп,
Сайрауға шамам жетер ед.

Адамды дүние көргелі,
Өмірді адам білгелі,
Аңмен бірге өскенін,
Үйір-үйір көшкенін,
Құралсыз күшпен алысып,

Жәрдемсізге жабысып,
Орман кезіп жалаңаш,
Бір күні тоқ, бір күні аш,
Қасқырша талап айуанды,
Өткізген талай заманды,
Сондай соқыр қызықты,
Аңнан арам бұзықты,
Ес таппаған қылықты,
Айтуға тілім жетер ед.

Бірақ менің қаупым сол,
Маңызы терең алыс жол,
Кешегі ұлы той үшін,
Тойда тойған ой үшін,
Өлшеуін тауып, дәлдеуге,
Қалдырмай анық сөйлеуге,
Шын ынтамен қуанған;
Қала менен даланы,
Ана менен баланы,
Бас-басына іреттеп,
Қуанышын суреттеп,
Қандырғанша айызды,
Тіл байлығы жетпейді!..
Жетпесең, үзіл шешен тіл,
Өрлеуді көңілім өзің біл!
Үміттің кешіп теңізін,
Жүрегіңнің негізін,
Айта алмасаң желпініп,
Таусылдың ақын, арам өл!

II

Дүние жер боп тұрғалы,
Дүниеде адам болғалы,
Сан өзгеріс болып ед,
Ержетіп адам ес тауып,
Есіне серік күш тауып,
Табиғатты көндіріп,
Сан керегін алып ед.

Есейген соң адамның,
Еңбегі түргө бөлінген,
Қыянатшыл сұмдардың,
Сонда-ақ сыры білінген,
Ханзада мен бекзада
Ханға жаққан бай зада,
Хан мен байдың күйрығы,
Сұм, сұрқыя би зада?..
Әлсіздерді құл етіп,
Ел көзіне көрінген.

Әміріндегі адамның,
Еркектерін құл еткен,
Әйелдерін күң еткен,
Қосақтап айдап жетімді,
Көз жасын көрмей күңренткен.
Аш, жалаңаш жәрдемсіз,
Зарлауменен күні өткен.

Заманды заман жаңалап,
Бірден бірге жағалап,
Ханның күшін патша алды,
Төре мен төтен ат салды,
Жарлы менен жалшыны
Бай мен патша құл қылды,
Шенге иманын сатқанды,
Өзіне тартып ұл қылды.
Бұратана ұсақ ұлт,
Атасы төмен кедей жұрт,
Еңбегінен айрылды,
Қажыры қайтып майырылды
Қапиталдың қожасы
Бар ерікті бай алды.

III

Ақырғы демге жеткенде,
Алдымен қуат біткенде,
Күнбатыстан ер туды.

Ер көңілінде шер туды.
Шермен туған данышпан,
Әделет іздеп алыстан,
Күресуге бел буды...

Әуелі істі бастаған
Маркс пенен Энгельс.
Олардың сөзін кұндаған,
Дәлелін жазып шындаған,
Данышпан туған Лениндей
Ұран салған ұлы күш...
Жалшы-жарлы, жұмыскер.
Лениннің ерді соңынан,
Әуелі өшті Николай,
Дауыс қылды жалпы бай,
Патшаның досы төрелер,
Оқ астында тўншықты.
Жалшылар жаны айтып жыр,
Туды сонда Октябрь!..
Қараңғы тўман серпіліп,
Көлбең қағып, күн шықты

Ленин туын ұстатқан —
Октябрьдің ұраны.
Данышпан туған ер Ленин,
Қоммунистер қыраны!
Сол ұлы күн Октябрь
Толып өтті он жасқа,
Табаны берік қадалды,
Мақсатынан таймасқа...

IV

Таңертең сәске кезінде,
Толықсып жердің жүзінде
Жүз кұлпырып, желбіреп
Қызыл нұрлы ту шықты.
Ту астында шұбалып,
Есі шығып қуанып,

Жері, көгі елжіреп,
Шаттанысқан шу шықты
Желкілдеген қызыл ту,
Жапырылған қалың ну.
Лек-легімен саулаған.
Әр көшенің бойында,
Ентелей басып дулы топ,
Ту көтерген пионер,
Зор қуаныш ойында.
Мындаған сансыз ер шықты.
Бүлдіршіндей көбелек,
Октябрат тәй-тәйлап,
Жасасын деп айқайлап,
Балапандай тізіліп,
Тамашаға қызығып,
Қызыл туын байласқан,
Бір туғандай ойнасқан,
Октябрьдің тұңғышы,
Еркеленіп мол шықты.

Қазақтың әйел, қыздары,
Білім алып оқыған,
Өз сәнінде түрлі жан,
Біз де алдық деп теңдікті.
Туларын ұстап мақтана,
Дабырласып шаттана,
Екінші топта сол шықты.

Еңбекші, жалшы-батырақ,
Ылғый кедей көңілі ақ,
Қызыл тудың астында,
Думандатып, дулады,
Еңбекшінің егізі,
Октябрьдің жұлдызы,
Қызыл әскер шыққанда
Құлпырды тағы жер жүзі.
Сәніменен келісті,
Әуелі топтап жүрісті.
Қаладан жеке алаңға,

Реттесіп тұрысты.
Ортадағы мінбеге
Шешендер кезек шығысты.
Октябрьдің маңызын,
Ұлы тойдың негізін,
Түсіндіріп халыққа,
Шыққанын жұрттың жарыққа,
Сөйлеп-сөйлеп берісті!..

Төңкерістің жолында,
Сұм байлардың қолынан,
Қаза тапқан ерлердің,
Атап өтіп аттарын,
Түсіндіріп заттарын,
Жұрт жүйесін босатты,
Заманнан туған шешендер!..

Байшылдармен күресіп,
Ақ мақсатқа тіресіп,
Өлсе де жетті мұратқа,
Еңбекшілдің қорғаны,
Төңкерістің құрбаны,
Жазылды атың тарихқа.

Сендердің тамған каныңнан,
Қызыл нұрлы ту шықты.
Әділдікке шам жақтың,
Молаңнан жарық нұр шықты.

Өлсең де ақыр өлмедің,
Әділ күнде ақталдың,
Миллиондаған еңбекші
Достарыңның көңілінде,
Күн сөнгенше сақталдың.

Бостандықтың жұлдызы,
Жасасын ұлы Октябрь!..
Кеңес болып жер жүзі
Айтылар мәңгі осы жыр!

Күйшілер де күңіреңгі
Топ жыйналған даланы.
Жым-жырт болып мың сан жұрт,
Өзінен-өзі болды ұмыт,
Неше толғау тартылып,
Еңбекшілер ұраны.

Өрісі ұзақ ұлы той,
Туғызды талай терең ой
Бүкіл дүние жүзінде,
Жалшы-жарлы құлдарға,
Бейнет шеккен ұлдарға,
Жарық сәуле көрсетеді,
Барлық кедей серт етеді,
Осы жолдан таймауға...

V

Жүз жыл өлмей жүрер ем,
Мұнан да көпті білер ем,
Дүниенің төрт бұрышы,
Октябрьді тойлаған,
Барлық дүние кеңес боп,
Еңбектен еңбек қайнаған,
Тамашаның талайын,
Өлмей жасап көрер ме ем.

Патшасы, байы болмаған,
Социализм орнаған,
Адамды адам сыйлаған.
Бір туғандай ойнаған
Әлемде жұмақ орнаған,
Октябрьдің нұрынан,
Жаратылған қызықтың,
Барлығын сонда көрер ме ем.

Байлар табы суалған,
Жапырағы түсіп қуарған,
Шенқұмарлар суалған,

Еңбекші табы еркіндеп
Әділ мақсат өркендеп,
Заманды көзбен көрер ме ем.
Барлық кедей, батырақ.
Октябрьді ұмытпа,
Дүниедегі коммунист,
Лениннің жолын бұлжытпа,
Жасасын ұлы Октябрь,
Лениннің қызыл туымен,
Сендер де жаса, білім ал,
Октябрьдің нұрымен.

9 ноябрь, 1927 ж.

Б Е Т І Н Д І А Ш⁸

Теңіздей теңдік алып жеткеніңе,
Күндіктен басыңды азат еткеніңе,
Атқардың он бір жылда талай міндет,
Тағы жет бұдан әрі күткеніңе.

Шіріген ескі жолмен жұртты арбаған,
Монтансып, молда, жожа сыйқырлаған,
Күндікте, талайыңды туншықтырып,
Әлі бар, дін қырсығы арылмаған.

Көміліп көлеңкеде күнді көрмей,
Теңдікпен пайдаланған түрді көрмей,
Паранжы, шәшбантпенен жаншып, езіп,
Тутқында талай әйел азып, өлмей.

Бүгін марттың сегізі, он бір жасың,
Әлі күнге көмілсең не боласың.
Бірің қалмай отқа жақ паранжыңды,
Серпіліп қатарға кел кәрі-жасың.

Қазақ, өзбек, кашқарлық, ұйғыр, дұңған,
Әйелін, әсіресе, күнсіз көмген.
Осы іспен күресуге қамданыңдар,
Белсенді комсомолдар нақ бүгіннен.

Не сұмдық жас ананың жанын жеген,
Көміліп, күнсіз, демсіз сасық термен.

Анадан туа сала жазалы деп,
Қырсығы қыянаты діннің берген.

Теңдікті іске асыру жалпы міндет,
Тойында он бір жылдық теңдікке жет,
Білгенің білмегенге түсіндіріп,
Жоюға паранжыны ет қызмет.

8 март, 1928 ж.

ҚАПЫ ҚАЛМА, ҚАМДАНБАЙ

Патшашыл, байшыл заманда,
Тұтқын едік тұманда,
Бізге теңдік беріп пе ед.
Жердің жақсы талайын
Таңдамалы шұрайын,
Егуге ерік тиіп пе ед.

Ақтылы қой андаған,
Алалы жылқы аунаған,
Байдың болған жайлауы.
Енді ол жерге біз қожа,
Ие болдық біржола,
Кеңестің әділ байлауы.

Сайын шалқар сар дала,
Бас иеді алдына,
Бар пайдасын беруге,
Тамырынан сүт беріп,
Егісіңе күт беріп,
Кел деп төсін керуге.

Жермен күрес салуға,
Жеңіп жеміс алуға,
Еңбек ері келіндер.
Тегістіктің тірегін,
Жұртшылықтың тілегін,
Егіспенен беріндер.

Еңбекші ауыл маңында,
Кеңестің кең заңында,
Егістен ешкім қалмасын.
Барлық қара шаруа,
Болма еңбексіз ажуа,
Шаруа өсімсіз болмасын.

Еңбекші елдің шаруасын,
Меңгеруге қожасын,
Қооператив артельмен,
Ұйымдассаң трактор,
Бәріңе де дайын тұр,
Барлығына қожа сен.

Қапы болма қамданбай,
Жарлы-жалшы жан қалмай
Таянды егіс науқаны.
Еңбек керек егіске,
Жетем десең жеңіске,
Олжаң егіс науқаны.

Коллектив пен артельдер,
Қажетіңе арыз бер,
Тиісті жерден аласын,
Соқа-сайман, бидайдың
Тағы басқа ау-жайдың,
Ертерек білдір шамасын.

21 март, 1929 ж.

ҚОРДАЙДАН ӨТКЕНДЕ¹⁰

Түн еді, жым-жырт еді, ыңсыз-шыңсыз,
Айтқандай айға әнгіме көкте жұлдыз.
Ақырын теңселеді биік таулар,
Төменде жерге сүңгіп құдыйған күз.

Оппа қар жота-жота ақ қояндай,
Үйіліп кесе-кесе жатыр солай,
Жамылған қараңғыда ақ торғыны,
Төселген түн астына ақ кыраудай.

Үлкен жол қарсыдағы қара барқын,
Ілгері жүрген сайын болад салқын,
Шуу-шуулей, шықырлайды арба даусы,
Ол бірақ өзгертпейді түннің қалпын.

Жүкшілер өрлеп келед өрге қарай,
Қақпалап сыйырларын жанамалай,
Бричка, қоқан арба жүрген сайын,
Шақырлап әнін қосып салад айғай.

Тырмысып аттары да өрге қарай,
Қаратер буы шығып жануар-ай.
Иесі мандай терін сан сыпырып,
Атына қарап қояд аяғандай.

Қордайдың ең үстіне келген кезде,
Үскірік суық аяз басталды өзге,

Желдетіп кәрі Қордай бұлт ойнатып,
Боранды ұластырып тықты көзге.

Ақ түтік алай-дүлей соқты боран,
Үілдеп дауыл ойнап салады уран.
Қар алды жүкшілердің қойын-қоншын,
Жүктері ауырлады одан жаман.

Соңынан бір заманда жетті автобоз,
Жарқылдап маңдайында жайнайды көз,
Бүгіліп қарайсыңдар деген де жоқ,
Сырқырап алға түсіп жоқ болды тез.

Жүре бер ойнақтармыз біз де саған,
Темір жол біткен күні жаңа салған,
Қақ жарып қара тасын қарт Қордайдың,
Мақсатқа жетер-ақпыз көңілге алған.

Темір жол тесіп өтіп салар өрнек,
Асықпа, ертең ғана жанар еңбек,
Шалдыққан жүкшілер де масаттанып,
Өнерін бұл Қордайдың сонда көрмек.

Неше жыл жолшыға азап берген Қордай,
Талайды боранымен жеңген Қордай,
Тиген соң еңбекшінің темір қолы,
Өткізбек темір жолды кәр қыла алмай.

1929 ж.

НЕГЕ АЛАТАУ ШАТТАНДЫ

АСТАНА-ЖОЛ

I

Асқар-асқар Алатау,
Кен кернеген сара тау,
Атандай ақша ала бас,
Өркештене өрлеген,
Бұлтқа бойын бермеген,
Күрделі көкше күрке тас.

Бір кезде қайғы ұйытқан,
Шер жайлаған, қан жұтқан,
Аңсағай, аңғал Алатау,
Аюы андып тас атқан,
Бұлақ болып жас аққан,
Ан ордасы Алатау.

Ұлары ойнап, үн салып,
Бұлбұлы бұғып, ән салып,
Тендік күткен Алатау,
Көкшіл буы дірілдеп,
Өлкеде өзен гүрілдеп,
Шындық күткен Алатау.

Шыңның — шыңы өрісі,
Бұғы, бөкен, бөрісі,

Шыңда шырлап ойнаған,
Қызыл киік құралай,
Айшықты мүйіз арқары-ай,
Тоспада тойын тойлаған.

Ол күнде сондай Алатау,
Қалың қайғы шер еді-ау,
Теңдік таңын көрмеген,
Еңбегін емген арлының,
Жанын жеген жарлының,
Залымдар ерік бермеген.

II

Сол ара бүгін шаттанад,
Аспаннан асып мақтанад,
Бұлтты аяққа басқандай,
Құлын-тайын гүл сүйіп,
Көксең тасын күн сүйіп,
Шаттана шашу шашқандай.

Неге Алатау шаттанды,
Неге аспандап мақтанды?
Шаттығына себеп сол:
Баурында орнап астана
Асқарының астына,
Кестеленді темір жол.

Еңбекпенен ер жеткен,
Тап дұспанын тітіреткен,
Құтты болсын жаңа жұрт!
Октябрьдің таңымен,
Кеңестің кең заңымен,
Еңбекші елге қонды құт.

Күмістей таза бұлағы,
Секіріп, ыршып құлады,
Менде кеңес мүлкі деп.
Көк жібекке көмілген,

Көкшіл орман төгілген,
Иілді еңбек еркі деп.

Алатау айтад: «ішімнен,
Аққан судың күшінен,
Электрің жайнасын.
Алма, жиде, шиемнен,
Жеміс жеңсік дүниемнен,
Жемей ешкім қоймасын».

Деп Алатау шаттанад,
Аспаннан асып мақтанад,
Кенейтіп, кернеп арнаны.
Қойнын ашып қол жайып,
Кені кернеп молайып,
Алатау қарсы алды орданы.

III

Жұмыскердің білегі,
Жұртшылықтың тірегі,
Тасты жүндей түтуде.
Ойпаң жерді өсіріп,
Өрді төмен түсіріп,
Оқтай ағып өтуде.

Ырғып өтті Қордайдан,
Баса көктеп маңдайдан,
Өрлеп барад шығысқа.
Еңбекшіге ес беріп,
Шаруаға дес беріп,
Өрнек болмақ ұлысқа.

Өрмектің арқау жібіндей,
Қолдың сала жүбіндей,
Сұлаған сұңғақ бойы сол

Алатаумен жарысып,
Қосарланып қабысып,
Өтіп барад темір жол.

Кеңестің қара жорғасы,
Тізілген сансыз арбасы
Ағып өтті ордадан,
Жарқыраған жанары,
Электрлі фонары,
Ай туғызды даладан.

Буы бұрқ-бұрқ қара тер,
Солқылдайды қара жер,
Даусы тауға соғылад.
Пыс-пыс етіп пысылдап,
Ырс-ырс етіп ырсылдап,
Күрсілі көкке қосылад.

Шұбалған түтін будақтап,
Үсті-үстіне шумақтап,
Қалып жатыр ере алмай,
Биік қырмен алысып,
Ушқан құспен жарысып,
Ағып келед жұлдыздай.

Ауылда бұрын білмеген,
Шаруалар көрмеген,
Қалысып қайран шуылдап
Жақындасып барысты,
Кей даңғойы жарысты,
Өте шықты суылдап.

IV

ПОЕЗД КЕЛГЕН КҮНІ

Оянды ертең ертемен,
Жадырап жайнап көркімен,
Жасыл киген Алматы!
Күй қуаныш қозғады,
Жұрт жыйылды, қоздады,
Қопарылды Алматы.

Ентелесіп кәрі, жас,
Асығысып жанталас,
Паровозды көруге,
Лек-легімен ағылды,
Атты-жаяу сабылды,
Жол тимеді жүруге.

Андады халық андады,
Кәрі-жасы қалмады,
Бала-шаға, кемпір-шал,
Бықырлап жер майысып
Ушан-теңіз қайысып,
Келе жатыр көзің сал.

Кісі тасып сабылып,
Ерсіл-қарсыл ағылып,
Автомобиль зулады,
Шаң аспанда шарықтап,
Ушқан тозаң қалықтап,
Өлкенің бойын қулады.

Шаң да жүртпен ойнады,
Күн де аспанда қайнады,
Станция басы «қара құрт»,
Қала менен даладан,
Келіп жатыр манадан,
Ушан-теңіз неткен жүрт.

Жас балапан ылғый ер,
Октябрат, пионер,
«Әзірміз» деп сап етті,
Ұлы тірек біздің ол,
Қаз тізіліп комсомол,
Қатарына тап етті.

Еңбек ұлы жұмыскер,
Жаны болат, қолы іскер,
Сағыз қылған темірді.
Шаруа мен батырак,
Ортасында нақта-нақ,
Шаттықпенен көрінді.

Еңбекшінің қорғаны,
Тегісшілдік ұраны,
Келді қызыл қанаттар,
Асауларын қарғытып,
Ор текедей орғытып,
Жарқылдайды болаттар.

Душпан десе қайнайтын,
Оқ, нөсерден таймайтын,
Қызыл әскер жауынгер,
Күй ойнатып күңіrentіп,
Жер жинанды еміrentіп,
Сап-сап тұрды қызыл ер.

Гипспенен жасаған,
Тап өзіне ұсаған,
Ленин бабаң суреті,
Төрінде тулар желбіреп,
Күлген сынды елжіреп,
Бабаңның өлмес келбеті.

Сұл мезгілде аспанлап,
Аэроплан келді андап,
Көкте күңгірт жарасып,
Құдыят та түйілед,
Жерде халық сүйінед,
Анталасып, қарасып.

Ал, ал деді, ал деді,
Ал көзінді сал деді,
Мың сан жұрт бірден шуылдап,
Қырық арбаны ойнатып,
Жанар көзін жайнатып,
Поезд келед суылдап.

Қане-қане дегенше,
Тай-таласып көргенше,
Солқ-солқ етті қара жер,
Табан біткен дірілдеп,
Дүрс-дүрс дүрілдеп,
Қақ жарды жерді қара тер.
Мың сан дауыс «ура!» лап,

Кезек-кезек жағалап,
Екі езу екі құлақта,
Құттықтады шешендер,
Қуаныш күйі жан-жақта.

Бұлшық еті бөлінген,
Етек-жеңі түрілген,
Жұмыскерлер жүрісед,
Біздің еңбек осы деп,
Жұртшылықтың күші деп,
Жымыңдасад, күлісед.

Жарлы-жақыбай шаттанды,
Алатау соған мақтанды,
Жасасын кеңес жасасын!
Социализм ұраны,
Еңбекшіл елдің ұланы,
Бірлессін, мәңгі жасасын!

1929 ж.

МИЛЛИОНДАҒАН ЖАЛШЫМЫЗ¹²

Еркін күшпін өрлеймін,
Өмірім ұзақ, өлмеймін.
Міне, мен жалшы тілімін,
Жарлы жанын жырлайтын,
Қажымайтын, талмайтын,
Еңбекші таптың ұлымын.

Менің жаным күйлі жан,
Күңіренген күйден жаралған,
Төгілген жастан миллион жыл,
Күң мен кұлдың шерінен,
Қанды-қайғы сөлінен,
Мен туғамын, соны біл!

Аналарым күң болып,
Балаларым кұл болып,
Тепкісінде езілген.
Байлар ұрып-соққанда,
Бақайшағын шаққанда,
Көлдей жасы төгілген.
Байдың сұмы ерігіп,
Айуандай боп желігіп,
Ойын қылған өлімді,
Кұлды кұлға сойдырып,
Қарнын қанға тойдырып,
Көрдей қылған көңілді.

Аналарым күңіренген,
Жасын сыққан, еңреген,
Бай қыянат қылғанда,
Жүректерін жаралап,
Тәнін, жанын аралап.
Улы найза салғанда.

Жалшының жеп еңбегін,
Суырып сорып жүрегін,
Бай білгенін істеген.
Қылдан тайса атуға,
Не кескілеп шабуға,
Жарлыны жаншып, күштеген.

Ашындым енді, ашындым,
Өрісім өсті, ашылдым,
Дұспанымды білемін;
Кұлдың қанын май қылған,
Өзін сүйтіп бай қылған,
Байларға тап-тап беремін.

Күнасіз құлдың қанынан,
Қанды, жасты зарынан,
Ояндық дүние жалшысы,
Тегісшілдік тұрмыстың,
Ұлы мақсат өрістің,
Қаһарманы басшысы.

Қашқын-пысқын жалданып,
Байға ақшаға малданып,
Құтыртса Қытай бұзығын,
Жандаралы басшы боп,
Қорқаулары қосшы боп,
Жасаса қанды тұздығын.

Қалың Қытай елінде,
Аспан асқан жерінде
Мың-мыңдаған еңбекші,
Отанын байлар шаңдатса,
Кеңеске қарсы оқ атса,
Жазасын жаудың бермекші.
Батыс пенен шығыста,
Жақын менен алыста,
Тілектес боп Кеңеске,
Жер жүзінің жарлысы,

Ақ пейілі, арлысы,
Серт етед жауға бермеске.

Еңбекші таптың тілегі,
Кеңесі ғана тірегі,
Өркендейді, өрлейді.
Құмар емес соғысқа,
Қан төгіске, жұлдысқа,
Зорлыққа тағы көнбейді.

Асауларын билеткен,
Еңбек әнін күйлеткен,
Октябрьдің шырағы.
Жаны Кеңес жолында,
Көк найзасы қолында,
Кызыл әскер қырағы.

Кеңес елін қорғауға.
Нөсер жаусын, таймауға
Серт етеді шетінен,
Мейлі сусыз шөл болсын,
Мейлі тау-тас, бел болсын.
Қайтпайды қажып бетінен.

Аспан оған жермен тең,
Жүйріктері желмен тең.
Су еркесі балықтай,
Алыс-жақын сөз емес,
Жалқау емес, ез емес,
Жалындайды жалықпай.

Бай бандысы қаптаса,
Оғын улап саптаса,
Кеңес елін алмаққа.
Қызыл әскер алдынан,
Жалпы еңбекші соңынан.
Бәрі әзір жауын қумаққа.

Ер жүректі, құрыш қол.
Ақиқатқа туған ол,
Тап тілегін сақтауға,
Еңбекшісін ерке ұстап,
Ленин жолын берік ұстап,
Міндетті Кеңес ақтауға.

1929 ж.

Ж А С А С Ы Н Қ Ы З Ы Л БОЛАТТАР¹³

Жүйріктерін орғытқан,
Қыялардан қарғытқан,
Қызыл болат кім екен?
Атта жердей ойнаған,
Көздері оттай жайнаған
Бұлар кімнің ұлы екен?

Қызыл туын кұлпыртып,
Дұспан сағын сындырып,
Теңдік биін билеген;
Жарақтарын жайнатып,
Шағылтып жалт-жұлт ойнатып,
Еңбек күйін күйлеген.

Бұлар біздің қызыл ер,
Қызыл әскер жауынгер
Еңбекшілер қыраны,
Еңбекшінің өз көзі,
Октябрьдің жұлдызы,
Тегісшіл, теңдік ұраны.

Дұспанын аяп көрмейтін,
Жауға жолын бермейтін.
Еңбекшінің ұланы,
Байға кегін кешпейтін,
Жеңбей жарақ шешпейтін,
Қызыл ер — таудың қыраны.

Қысылтаяң күн туса,
Нәсер күйса, оқ жауса,
Жалығып, қажып талмайтын
Арам күзғын ойларға
Қара жүрек байларға,
Наркескенін арнайтын.

Байлар қастық камдаса
Қаны бұзық қайнаса,
Тап қорғауға дайын ол;
Кеңес елін қорғауға,
Өз сертінен таймауға,
Болаттан да берік ол

Еңбекшілер дүниесін
Шын еңбектің иесін,
Жау қолына бермейтін,
Жасасын қызыл болаттар,
Біздің темір қанаттар,
Еңбегі мәңгі өлмейтін.

24 февраль, 1930 ж

ҚЫЗЫЛ ӘСКЕР МАРШЫ¹⁴

Біз арыстан еңбекшілер қыраны,
Біздің ұран лениншілдер ұраны,
Қаны қара жауыздарды құртамыз,
Қызыл әскер — езілгендер қорғаны.

Кеңес туын мәңгілікке қорғаймыз,
Жанып тұрған нажағайдан таймаймыз.
Тасты құмдай ұсатамыз қайратпен,
Аштық, тоқтық, барлығына шыдаймыз.

Сұм байлардың қызғалдағы солғанша,
Бүкіл жерде социализм болғанша,
Неше мың жан құлдықтағы елдердің
Еңбегі өніп, жарық сәуле жапқанша.

Өнер, білім, қайрат, жігер бізде мол,
Жер де, көк те, су да, шөл де бәрі жол.
Қай патшаның қозғалса да байлары,
Өз қасында еңбекші тап, біздің қол.

Аттанамыз шықса байлар майданға,
Біз қорғанбыз, еңбек үшін туғанға,
Біздің мақсат әділ тұрмыс орнату,
Ленинизм жолыменен жиғанға.

АЖАР КОМСОМОЛКА

Бүгін Ажар гүл-гүл жанад,
Екі беттен нұры тамад,
Қлуб сыймай лық-лық толып,
Әйел біткен масаттанад.

Басшылары комсомолка,
Шеше, жеңге бәрі де ерке,
Қызыл туды көлбеңдетіп,
Топ-топ әйел басқан бірге.

Қлара Цеткин біздің дана,
Крупская ардақты ана,
«Әйел күні жасасын» деп,
Жазып қойған туга және.

Сағат ертеңгі он да болды,
Қлуб сыймай лық-лық толды.
Бір-біріне айтад әйел:
— Ажар келді, Ажар келді.

Көп көруге түйілгендей,
Әйел біткен сүйінгендей,
Ажар сонша кім еді ол,
Жыйылысқа өң бергендей.

Ал ендеше кідіре тұр,
Мен айтайын мойныңды бұр.

Ажар қалай, Ажар болды,
Бастан-аяк тыңдап отыр.

Ауылда жас жүріп Ажар,
Көп кемшілік көріп Ажар,
«Оқысам» деп арман қылды
Басқаларды көріп Ажар.

Мұғалімге өзі барып,
Шоқпыт киім боршаланып,
Бақай жылт-жылт, бөрік **быт-шыт**,
Екі беті қыз-қыз жанып.

Мұғалім де таңсық көрді,
Кел карағым отыр деді.
Неге келдің, кім жіберді,
Не керек деп сұрау берді.

Әкем кедей, шешем өлген,
Ісім оқу іздеп келген,
Ауылнайға айтса да әкем,
Жасы үлкен деп жібермеген.

Тілек оңды, оқуға алды,
Бет нұрланды, шын қуанды,
Әке оқуға алындым деп,
Ажар күліп шамдай жанды.

Қуанды да Ажар қайнап,
Бұрылмайды беталды ойнап.
Сабақтастан Ажар озды,
Уқпағанын сұрайды ойлап.

Ажар болды пионерка,
Бота-боздақ өмірге ерке,
Талабы зор болғандықтан,
Домалады тасы да өрге.

Ажар ұшты, судай тасып,
Тен-құрбыдан жөнелді асып,

Ажар болды комсомолка,
Жұртшылықпен араласып.

Ажар неге келдің мұнда,
Әйелдер шат тағы да онда.
Жеті жылдық мектепте оқыйд.
Ажар қазір фабрикада.

Ажар фабрик директоры,
Шын сенімді қызметкері,
Жалпы еңбекші, әйелдердің.
Жетекшісі, ол — камқоры

Еңбекші әйел қосып бәрін,
Алып барып жабдықтарын,
Тәрбиелеп шын жүрекпен,
Салып барлық ынталарын.

Міне, біздің комсомолка,
Біздің қуат біздің ерке,
Үлгі алыңдар енді Ажардан.
Әйел тобын бастап өрге.

Ажар әне гүл-гүл жанад,
Екі беттен шаттық тамад,
Қлуб сыймай лық-лық толып.
Әйел біткен масаттанад.

12 март. 1934 ■

Қ У Т Т Ы Қ Т А У¹⁶

Қоздады, бүгін қоздады,
Шабытты шаттық қозғады,
Қаламның съезд иесі.
Толғаса толқый өтетін,
Қыялы көкке жететін,
Сөз біткеннің жүйесі.

Ақынды қозғап тербейтін,
Миллион сендер тергейтін,
Тарихта бұрын болмаған.
Адымын жауы алмаған,
Октябрь сенің камалын.

Басталды съезд мың күткен,
Терең сыр алыс сыр күткен
Өрісі ұзақ, айы алыс.
Социалды құрылысқа.
Көркем, күйлі тұрмысқа
Басталды ұлы аттаныс.
Өлмейтін мәңгі тарихта,
Сөнбейтін ізгі жарыста,
Қаламын съезд сақталад.

Жылан болсын у жұтқан.
Умен арам түн жұтқан,
Залым да сенен сақтанад?..
Еңбекші таптың тілі сен,

Тілдің көркем гүлі сен,
Бұған да жұртың мақтанад.

Ендеше ал ендеше,
Міндетің сенің өзгеше,
Бұл съезде бәрің шаш!
Қателескен, қалысқан:
Қатесін қолдап қарысқан
Мінекей қатаң мында дес;
Тілдердің тілін тербеткен,
Басында сөзді үйреткен,
Қалдырма қапы, толық көр!

Кемшілік тапсаң сының бер,
Өзгерсін мыңның мінезі.
Күтемін сенен көп күтем.
Көркемөнер күйлі сөз,
Не күйге, әнге келмейтін,
Шәлдірік, шатпак түзел тез!

Сағым киген көк дала,
Еңбекті колхоз көп дала,
Съезден ұлы сын күтед.
Күштерін күндей жүргізген,
Электр жұлдыз күлгізген,
Заводта сенен мың күтед.

Өрлеген, өскен өндіріс
Социалды құрылыс —
Талай күрес кешірген.
Күрсініп талай көміліп,
Қыйыннан қыйын көрініп,
Ақыр да жауын өшірген.

Мінекей, съезд тіл керек,
Тіліңнен кесте гүл керек,
Ендеше бәрің шеш өзің.
Күйсіз көмек көрсетіп,
Тапсырып, талдап ес етіп,
Ал, қалам серпіл, дес өзің!

Қоздады бүгін қоздады,
Шабытты шаттық қозғады.
Қаламның съезд несі,
Толғаса толқын ететін,
Қыялы көкке жететін,
Сөз бігкеннің жүйесі,
Жазушылар съезі!

1934 ж.

Қ А Д Ы Р Л Ы Қ О Н А К К А

Тасыды көңілім, шалқыды,
Сүйінді мың сан балқыды.
Келе жатыр қалың топ,
Ту, ту сонау, сонадан,
Қыяда қыйыр даладан,
Шаттана, шалқый шықты топ.

Электрлі жұлдыздай,
Гудегі күйлі андыздай,
Заводтан шықты қайнасып,
Алтын, металл кен атқан,
Коксті көмір таратқан,
Шахтыдан шықты жайнасып.

Қыйсынын тауып қыйбаттан,
Қыйындықты қыйратқан,
Ерлер шықты колхоздан,
Ат-айғырын кіснеткен,
Жүйрігін баптап есінеткен,
Ерінбес шықты совхоздан.

Түкпірден сонау бұрыштан,
Жайнаған жаңа құрылыстан,
Келе жатыр жас маман,
Жымындаса күлісіп,
Есебін ала білісіп,
Қызметкер де қаладан.

Айда поезд сынылдаг,
Тарı тамырын солкылдат,
Жетсін тобың жеріне,
Даярмыз біз де дайындат,
Қарсы ал музыка коңыраулат.
Қадырлы қонақ еріне.

Бұл топ кімдер тым қымбат,
Болар ма бұлар делегат.
Қеңес қайта сайлайтын,
Марқабат қалың табысын,
Өрлеп өмір барысын,
Шаттана келіп санайтын.

24 декабрь, 1934 ж.

ДАНАЛАРДЫҢ ДАНАСЫ¹⁸

Адамға ең қымбатты алтын ана,
Сақтаған «лала»* суы салтын ана,
Кездесе нелер асу белеңдерге,
Көрсеткен ұлы істердің парқын ана.

Ақ сүтін адал беріп баққан ана,
Шырағын құлынына жаққан ана,
Тарихтың ең бірінші данышпаны —
Асқан дана Ленинді тапқан ана.

Құндақтан бейнетінді көрген ана,
Жүрегін ойыншық қып берген ана,
Күл шашып, көбелекті қуған кезде
Қызықтап жұлдызша ымдап күлген ана

Ананың ұлдары еді осынша сый,
Фердауси, Ғұмар Хайям, Шайхы Сағди,
Ақыны ақындардың жазушысы,
Еңбекші ел қаламгері Максим Горький.

Лермонтов, ақын Пушкин тілдің тілі,
Бетховен, Моцарт нәзік жанның қылы,

* Л а л а с у ы — (парсы сөзі) — гүлдің суы. Бұл жерде ана-ның сүтін, гүлден шығатын сүт реңді шырынға тенеу түрінде алған.

Толстой, ақын Абай ой өнері —
Тағы да алтын ана тапқан соны.

— Күн жарық, бірақ мезгіл күндіз жарық,
Ай жарық, күр соқырша түнге жарық,
Тасқа тамыр біткізіп гүлдендірген,
Кім екен саналы ойға мүлде жарық?

Ол қыран мұзбалағы большевиктің,
Гениім тілін білген миллион топтын
Ой теңізі Лениннің бас шәкірті,
Ол болат ер Сталин от жүректің:

Одақтың бір мүшесі Қазақстан,
Кемелге келіп жетті о да алыстан,
Сталин — ұлы Ленин шын шәкірті,
Жемісті төкті актарып әрбір тұстан.

Бұл ерді тапқан да ана, баққан да ана,
Ер туғызып нұр шамын жаққан да ана.
Ананың аналығын мәңгі ақтаған
Данышпан ер Сталин біздің дана.

13 октябрь, 1936 ж

Ж А С А С Ы Н С Т А Л И Н Н І Н Ұ Л Ы З А Ң Ы¹⁹

Әлемде совет сынды ел болды ма?
Бақыт, байлық, шаттығы тең болды ма?
Маркс, Ленин білімін іске асырған
Сталиндей данышпан ер болды ма?

Табиғат жаратылып күн туғалы,
Адамзат тарих жасап бел бұғалы,
Маркс, Ленин, Сталин көсемдерім,
Бұлардай ұл тапқан жоқ тарих әлі.

Күн дағы түнде соқыр, күндіз жарық.
Ай әлсіз сәулесі оның жетпейді анық,
Әлемде пролетариат бақытты ғой,
Сталин күндіз-түні бірдей жарық.

Жаңа заң Сталиндік ұлы заңым,
Бақыттың күйлі жыры атқан таңым,
Даналар бұдан бұрын туған талай.
Көрмедік төрт жұлдыздай* бола алғанын.

Шарль Фурье, Сократ, Платон,
Бір кезде жұрт мақтаған жыр ғып оны.
Ақынды Гёте, Гейне, Шекспирді
Пір тұтқан қаламгердің миллионы.

* Т ө р т ж ұ л д ы з — Маркс, Энгельс, Ленин, Сталин.

Солардың әні, жыры, сөзі, күйі,
Халық үшін қам ойлаған достық сыйы,
Бақытқа Сталиндей жол ашуға,
Жалғызы теңелген жоқ жетіп мыйы

Тарихтың документі ең бірінші,
Адамға мәңгі бақыт менгеруші,
Жасасын ұлы заңы Сталиннің,
Шын теңдік бақытына жол беруші.

21 ноябрь, 1936 ж.

Ж А У А Д Ы М Ы Н А Т Т А Т П А Н ²⁰

Адамның сықпытынан азып туған,
Адам боп түсін бояп жүрген айуан.
Адам емес айуаннан әрі кетіп,
Шірік кұрттар тәндерін зәрмен жуған.

Жаны олардың жалмауыз қаны қара,
Салмақ боп бақытты елге улы жара,
Ол жарасы у сеуіп өз жанына,
Өзін-өзі жалмады бар-бара.

«Қорқаулар да шаппайды ұясына»,
«Қасқыр да қас қылмайды жолдасына»
Зыянкес, диверсанттар тумай кеткір,
Түспек болды бақытты ел миуасына.

Қарғаға, қан аңсаған қарылар ма,
Бақыттың шыққан елім қыясына,
Уясын бандиттердің талқан етті,
Шыңға туын тіккен елім күн қасында

Жауыздар өремқапты, өшсін-өлсін,
Кұрталық қалдықтарын, көрге кірсін
Үстіне моласының қурай өспей,
Моласын табанымыз таптап жүрсін.

Жайнагып нұрлы Отанда өмір гүлін,
Сайратып бұлбұл құстар ақын тілін.

Дәуірде сталиндік бақ дарыған,
Шаттықтың шарықтаймын жырлап жырын.

Қырандай қып еткізбес көрегенім,
Мүлт кетпес болат семсер сөрмегенім,
Советтің әділ соты үкіміңе,
Қуанып құлпырды еркін барлық елім.

Ленин мен Сталиннің партиясы,
Гүлдентті ССРО-ның елі, жерін,
Жау адымын аттатпас Отаныма,
Тұрғанда ер Сталин кемеңгерім.

22 март. 1938 ж.

Г О Р Ь К И Й²¹

Жасыңнан талант кайнап, бойды кернеп,
Тұтанып от жалындай шықтың өрлеп,
Жаныңда тілдің тілі, өмір гүлі,
Бостандық бақытына тудың шөлдеп.

Көпіріп, күңіреніп, теңіз тулап,
Естіліп бақыт күткен үндер шулап,
Сол кезде сен де мініп қайратыңа,
Шарықтап көк теңізді ұштың қулап.

Теңіздей сонда халқың толқып жатқан,
Жол іздеп кұтылуға қыянаттан.
Бөгемек елдің бағын болды жаулар,
Жыландай жылжып шыққан қара бұлтан.

Күресте Сталин мен Ленин бастап,
Қолына большевиктік туын ұстап,
Соңында миллиондаған пролетариат,
Тартысты капиталмен күш қарыштап.

Сонда сен шімірікпей Горький данам,
Қолыңа кұрыш сөзді алдың қалам,
Ажалды қак айырып дауылпазын.
Онымен «Сұңқар жыры», алтын «Анаң»

Жаныңды ұғып, сүйініп сонда Ленин,
Большевик бұлбұлым деп ұлы Сталин.

Түтеген көк дауылдың қыранындай,
Сол күннен сүйген сені бақытты елін.

Мақсатқа бақытты елмен сүйтіп жеттің,
Тарихтың сан асуын басып өттің,
Сен өлдің, бірақ ісің өлмек емес,
Өшпестей алтын сөздер тастап кеттің.

Гениі, сені, көркем сөз — сүйген халық,
Жырлайды миллион жылдар сені тарих,
Сен жанысың, тілісін ақындардың,
Сенің сөзің жолыңмен күндей жарық.

28 март, 1938 ж.

Қ Ө К Т Е М²²

Жазылып жарқын дала, сағым қалқып,
Көк майса жұпар атты тамыры балқып,
Жайқалып қызғалдағы жер құлпырып
Көкорай мұрын жарды ісі аңқып

Аңғардың алабында шешек жарып,
Нұрланған еңбектен гүл шамдай жанып
Желкілдеп колхоздардың көк егісі,
Көк түлеп топырақтан тамырланып

Тау сұлу көсілдіре жасыл киді,
Ақша бұлт ақ торғындай басын иді,
Кұрылған қыз, жігітке шымылдықтай
Жағалай қарағайдан шашақ түйді.

Көпіріп, тас-талқандап, өзен тулап,
Таулардан ағып жатыр төмен құлап.
Бүйірден бұлақтар да жамырасып,
Ән қосты сылдырына жел шуылдап

Етекте бау-бақшаның аңқып гүлі,
Толқынты әнге басып шат бұлбұлы
Алманың ақ күмістей ақ гүлдері.
Күлісіп қарасады күнге жылы.

Қуанып шыңда шырқап тау тағысы.
Тастүлек саңқылдайды ерке құсы,
Гүл жамылып, көрпесін гүлмен шеккен
Бір мезгілі тамаша жаздың осы.

27 апрель 1938

Қ О Ш А Н А²³

(Надежда Крупская)

Кеше Ресей аймағын,
Басқанда қара түн түнек,
Кұрсаудай қысып жан-жағын,
Күйзелгендей ел уһлеп.

Миллиондаған жұмыскер,
Бізамен ашу кернеген,
Толқындай тулап қайғы-шер
Адамға тыныс бермеген.

Шықты Ленин топ бастап,
Шықты ашынып күреске,
Бақытқа мәңгі ту ұстап,
Жол ашты көсем ұлы іске.

Отанның ару, ер қызы,
Болдың серік Ленинге,
Ананың алтын жұлдызы,
Ай боп тудың елімде

Ай боп туып еліме,
Қасына бардың сен күннің.
Күн сәулесін көтеріп,
Серігі болдың Лениннің.

Серігі боп Лениннің,
Нұрынды шаштың Отанға
Ай дидарлы ана едің,
Таң боп атқан жиһанға.

Отанымның ер қызы,
Сүйікті еді-ау Надежда.
Күңіреніп халқым құлақ сал,
Жоқтау болған бұл назға.

Ұмытпас елі ер қызын.
Жүрегің бізге дос ана,
Сөнбейді сенің жұлдызын.
Тыныш ұйқта, қош ана.

Тыныш ұйқта, қош ана.
Отанымның ер қызы,
Үстінде сенің желпіп тұр.
Ленин туы қырмызы.

1 март, 1939 ж

Қ А Р Т А Л Ы²⁴

Арқаның асқарында асау белде,
Бәйшешек жасылданған қызыл гүлде,
Сағымын сардаланың жатыр қыйып,
Оранған әсем арқа үл мен бұлде.

Қақ жарып кара тасты қардай тіліп,
Төбені төңкереді ылдый қылып,
Боратып эксковатор тасты жүндей,
Жөнелді асқар белдің жонын жонып

Қадамы қарық болған қарт Қарталы,
Ұлы орда Ұлытаудың биік жалы,
Нұраға Есілменен нұрын төгіп,
Қаратқан көкке өрлеткен Отан таңы.

Күлсем күн, тербесем нұр қойынымда,
Арқаның жүрегі мен биік шында,
Ендеше еркіндеген ер ұландар,
Еліңнің міндеттеген ісін шында.

28 апрель, 1939 ж

КИРОВ КАНАЛЫ²⁶

I

Қулазып құм жамылған, кәрі Бетпак,
Қауы мұрт, селеу сақал барлығы аппак,
Жайлау ең тасбақа мен құртқа ғана,
Сарғайған сарыдала ең қойған қақтап.

Көктемде қызғалдағың аз қызарып,
Жел шығып жоқ болатын кетсе дарып.
Қияқ пен сасық тарак өсімдігің,
Қалушы еді бүршіктерін шала жарып.

Шаңдатып Шыңғыс* келіп су таппаған,
Темірге** тепсінсе де тіл қатпаған:
Аттанған алыптарын алып қалып.
Қу дала ең күнреніп күн қақтаған.

II

Құш сынап, көмек күткен шерінді ұғып,
Шомылтты алтын Сырдың суы шығып.
Кировтың данышпандық командасы,
Жотанды жөңкеріліп, кетті тіліп.

Шөліңе қанат қағып құс бармаған,
Таскындап канал барып жетті саған.

* Шыңғыс хан.

** Темірлан.

Қулашын аумағына түгел жайып,
Гүлдейді қызыл маржан бидай тыңнағ.

Ақ мақта, ақ мәрмәрдай даланды алып
Бақшалы тас сарайлар жаңа салып,
Мектепті, музыкалы білім күшін
Көр енді кәрі Бетпақ мейрің қанып.

Керуен кезіп жетпеген, нар өтпеген,
Шабыттанып ұшса да құс жетпеген,
Шөліркетіп шөлейтің талай жүз жыл,
Жүруге пайдаға асар жер етпеген.

Белуарын қақ тіліп құлаш ұрып,
Әне барды рельс кесте тігіп,
Советтің желмаясы желден жүйрік,
Асуыңнан аттайды поезд жүріп.

Ленин мен Сталиннің туын ұстап,
Әне тұр Киров өзі топты бастап,
Даналық большевиктің ұлы күші,
Далаңа дария орнатты, канал жасап.

10 апрель, 1941 ж.

ДАНАЛЫҒЫН ӨЛМЕЙ ДІ²⁶

Өлеңнен бұлақ ағызған,
Түрінен түр туғызған,
Ақыннан-ақын Абайға,
Ұлы халқың ардақтап,
Тарихи белгі түр сақтап,
Мың сан жылға, талайға.
Даналығың өлмейді,
Өлуге жол бермейді.

Халқың үшін қалдырған,
Адам мейірін қандырған,
Енжуден егіз сөздерін,
Бірі қымбат бірінен,
Алтын мен зұфар мерінен,
Өлеңмен салған іздерін.
Іші-сырғы, сыны бал
Сыры терең, тілі бай.

МӘЛІКТІҢ СЫЙПАТЫ²⁷

Жайдары нұрлы жүзі жылы ғана,
Асығып ешуақытта саспас және.
Бойында жасырынған жігер-қайрат,
Барлығы белгілі тұр білім-сана.

Денесі толық түрі орташаның,
Еріксіз мінез-кұлқын сүйед жаның.
Арыстандай айбатты қайда көрсең,
Кездескен жау білер тек жоқ болғанын

Тағы оның шешен тілі өткір оқтай,
Жанары қараңғыда жанған шоктай.
Жай кездессең қыз мінез ұялшақ-ақ,
Коймайды жолдасының бабын таппай.

Жаралған бір үздік жан ел камы үшін.
Тенесең Үрістемдей оның күшін,
Жауына жапырғалы қарсы жүрсе,
Кетеді қаһарланып барлық пішін

Отындай Жанартаудың жалын шашып,
Кеткендей сұсыменен жауды басып,
Қазақтың Үрістемі батыр Мәлік,
Қаһарланса, тау сілкер, судай тасып.

Әне, аттанды жауына батыр Мәлік,
Бар оның тілегінде сүйген халық.
Залым жау құрыр күнің таянды деп,
Тұрғандай от жүрегін қолына алып

ІІ Б Ө Л І М

ӨН ӨЛЕҢДЕРІ
ЖӘНЕ
ӨНДЕРІНІҢ НОТАСЫ

БІРІНШІ ЖЕЛДІРМЕ^{2*}

Ал, алқа келді кезің жайнайтуғын.
Бұлбұлдай бакшадағы сайрайтуғын.
Өнердің қыясына шыққан сайын,
Болаттай тастан табан таймайтуғын.
Жөнелдім желдірмемен желдей есіп.
Қырандай аспандағы талмайтуғын!
Тізейін өлеңімді мерусерттей;
Есінен жұртшылықтың қалмайтуғын.
Дабылы дауылпаздай шарықтаған.
Екпіні самолеттей заулайтуғын.
Талапты жастарымыз үйреніп ал,
Ән еді желдірме атты самғайтуғын.

Өмірдің өрге жүзген ұланымыз,
Дәуірдің сталиндік қыранымыз,
Бакытты Отан жырын шырқатайық,
Айбынды Октябрьдің ұлдарымыз.
Құлаштап өлеңіммен шарықтаймын,
Қарыштап шапқан сайын жалықпаймын
Гүлденген күннен-күнге Отанымның,
Өскенін айтқан сайын анықтаймын,
Шаттықтың желдірмесі міне қандай,
Құйылған үсті-үстіне үні талмай.
Талапты өнерпазы заманымның
Тасқыны өрге жүзген дәл осылай.

Е ҚАНШІ ЖЕЛДІРМЕ²⁹

Жұмыскер еңбегіне сенетұғын,
Болса да нендей қыйын женетұғын.
Айнымас алып күштің арқасында,
Құлпыртып тұрмысқа гүл егетұғын.
Шегі жоқ Қазақстан табысының,
Екпіні жер жарғандай дабысының,
Салдырған құла шөлге Түрксибті,
Жетуге жолы жақын алысының.
Тап ортам Қарағанды кен қайнаған,
Таусылмас қара алтыным жер бойлаған.
Өрбіген қалың байлық Қарағанды,
Болад деп бұрын мұндай кім ойлаған?
Өсірген шаруамызды колхоз, совхоз,
Еңбекпен ұйымдасқан неше мың жүз
Қомбайн, тракторды ат қып мініп,
Тетігін техниканың меңгердік біз.

Ү Ш І Н Ш І Ж Е Л Д І Р М Е ³⁶

Гүлденген Қазақстан кең даласы,
Кен шөккен өндірісті айналасы,
Ақ күміс алтын арай жент секілді
Елімнің міне қандай тамашасы.

Дариядай шалқып жатыр бізде мұнай,
Мол байлық мұнай алқа жанарындай.
Қарсақпай, Қарағанды, айдын Балқаш
Қайнардай кен береді тыным алмай.

Риддер, алтын Алтай тасын өрген.
Сүзбелеп суынан да алтын терген.
Қалбаның қойны-қонышын кені басып.
Бәрі де қазан шұңқыр оған төнген.

Осындай өндірісім тағы талай,
Шаттықпен өскен елім, міне, осындай.
Нормасын екі-үш есе орындатып.
Рапорт Сталинге берді талай.

ТӨРТІНШІ ЖЕЛДІРМЕ³¹

Ембиде мұнай қазған еңбек ері
Жұмысшы балуан білек тұрмыс белі,
Мұнайға жылжып барып тамшылайды,
Мөлтілдеп шып-шып шыққан маңдай тері.

Устара қолдарында бір-бір күрек,
Алмастай тиген жерін кетеді іреп,
Тамырын майлы жердің қыйып түсіп,
Дірілдеп мұнай шапшып шүмек-шүмек.

Өнердің таң қалдырды бір қызығы,
Бойлатып жер астынан салған бұрғы,
Мұнайға сом балғамен барам десе,
Қағысып жол бермейді қызыл кұмы.

Жылмандар жүйрік бұрғы жылмаң-жылмың.
Суылдап арасымен қызыл кұмның,
Накпа-нақ шын көзіне ине өткендей,
Сүйріктей мұнай шапшып қылмың-қылмын

Доссорым ана жакта жатыр шалқып,
Астында ақ Еділдің майы қалқып,
Төменде асыл кеннің қызуына,
Терлейсің басып тұрып, бойың балқып.

Байшонас, Мақат, Бекпай тағы да бар
Мындаған бәрінде де жұмысшылар.
Сабадай ерте кеште күмпілдетіп
Мың бұттап сағатына май ағызар.

НАЗҚОҢЫР 1-ТҮР |³³

Ай қабақ, алтын кірпік, қызыл ерін,
Кел десең неге аяйын аттың терін,
Сары ағаш сазға біткен секілденіп,
Қай жерде отыр екен бұраң белім.

Базардан алып келген күміс құман,
Жігітті адастырған қалың тұман.
Арадан қыл өтпестей тату едік,
Біздерді араз қылған қай антұрған?..

БҮГІН ДАЛА³⁴

(Заулатшай әнімен)

Бүгін дала гүлденіп жаңарғандай,
Күлтелі көк құлпырып оңалғандай.
Кешегі құмайт дала шаңырқаған,
Бүгін, міне, тамаша таң қалғандай.

Заулатшай, құрбым,
Заулатшай!

Еңбек ұйым біріккен ұранды жыр
Нұрлы жырдан естілед бір терең сыр.
Ісі жаңа жас құрбым, бері қара,
Еңбек өніп, төбеннен төгілсін нұр.

Қ а й ы р м а с ы:

1926 ж.

Қ А Л Қ А³⁶

Бұл әннің кім біледі аты Қалқа,
Қалқаны сағындым ғой айта-айта,
Қолға алып домбыраны шырқағанда,
Тырнақтан сау қалған жоқ тарта-тарта.

Қалқаның сағынғанда салған әні,
Үзілтіп, елжіретіп толғағаны,
Сүйгенін, сүйенгенін есіне алып,
Жай таппас әнге салса кімнің жаны.

Қ А Н А П И Я³⁶

Айқайлап жылқы бактым мен жасымнан,
Бейнетке қарсы тұрмай кім жасыған.
Аспандап, жоғары өрлеп дәуірлеймін,
Суымын Ақ-жайықтың мен тасыған .

Айқайлап жылқы айдадым Сыр жағынан
Қамаған бай мен манап жан-жағымнан,
Төбелеп төре төтен жабылса да,
Келмейді Сырдың суы жұлығымнан.

ҚЕРБЕЗ СҰЛУ³⁷

Алтайдың кербез сұлу азат қызы,
Шырқатып ән салғанда жайнап жүзі,
Қайысқан қара ормандар құлақ түріп,
Жымындап масайрайды көк жұлдызы.

Алтайдың жерінде нұр, көгінде күн,
Тіпті жоқ, ұнамастай бойында мін.
Нұрлы жүз, құралай көз қарындастың,
Көрдің бе қара шашы төгілгенін?

Алтайдың құлпырып тұр сай-саласы,
Ән-сауық, шат-шадыман айналасы.
Болған соң елі нұрлы, жері шалғын,
Қалайша ән салмасын қыз-баласы.

Б І Р Ү Б И Д А Й³⁸

Сайрасаң бауырларым мендей сайра,
Бақытты өмірінде күндей жайна,
Құлпырған ұлы күннің жұлдыздары,
Сәулеңмен күнмен талас, теңел айға

Қ а й ы р м а с ы:

Шарықта достар,
Бақытты жастар.

Құлпыртып ән салайық түрден түрге,
Басайық ілгері адым өрден өрге.
Шаттықтың шарықтатқан тасқынында,
Қосылып шырқатайық әнді бірге.

Қ а й ы р м а с ы:

Шырқатып әнді,
Әсерлі сәнді.

ТӨГІЛМЕЛІ³⁹

Отанымның жайнаған жасыл белі,
Гүлдің исін аңқытқан қоңыр желі,
Ен табиғат ішінде еркін өсіп,
Шырқатайын әнімен төгілмелі.

Қ а й ы р м а с ы.

Жаңғыртайын өлеңді сөзін талдап,
Безендіріп, түрлентіп тоқсан толғап
Толқытайын әнімен төгілмелі.

Екі шекті домбыра колға алайын,
Аспандағы аққуға ән қосайын,
Бозбалалар үйренсін талабы бар,
Төгілмені төгілтіп бір шырқайын.

Қ а й ы р м а с ы.

ҚОС ҚАНАТ⁴⁰

Бұлтпенен араласып аспанға ұшып,
Ерлерім сайрандаңдар еңбек кұшып,
Тілдескен аспанменен еңбекшілер,
Білімнің ұлы теңіз сырын шешіп.

К а й ы р м а с ы:

Әлдекайдан,
Көктегі айдан,
Түр алып сымбатынан,
Салдық сайран.
Қанаты жалт-жұлт ойнайды
Төңкеріліп зырлайды,
Кейде тіп-тік аспанға,
Кейде қырын аунайды,
Құстан жүйрік қос қанат,
Қарасаң көзің тоймайды

Еңбек пен жұмыскердің білім досы,
Дәуірдің социалистік алғыр кұсы,
Жерде жел, машиналы көкте қанат,
Пролетариат жер жүзінің түйғын кұсы

К а й ы р м а с ы:

Ж А С Т А Р Ы М⁴¹

Жастарым еңбекшілдің болатысын,
Сүзілген жібек баулы қанатысын,
Қар жауып, ыстық, аяз көрсендағы.
Құлпырып өңі түспес жанатысың.

Өрімдей емен ағаш сен сабағы,
Душпанның саған батпас бар жарағы,
Сауытың үстіндегі сұр костюмін,
Адымда ұлы жолмен алдыңдағы.

1929 ж.

ТҮРКСИБ²

Қақ жарып қара тасты оқтай өтіп,
Шойын жол ортамызға келді жетіп.
Шаруасын еңбекші елдің өсіретін,
Маңызды зор мақсатты тұрмыз күтіп

Өсіріп өндірістің үлгілі ісін,
Түрксиб жұмсап отыр барлық күшін.
Дүниеге қожалық қып пролетариат,
Ураны жер жүзінде өркендесін.

1929 ж.

ЗАМАНЫМДА⁴³

(«Курбым жай» әнімен)

Түрлентемің ән шырқап заманымда,
Минут сайың алға өрлеп тұрғанымда
Жаңа тұрмыс, жаңа өмір аясында
Өлендетіп шаттанбай қаламын ба.

Ән шырқасаң күй түсер жүрегіңе,
Сол минутта жеткендей тілегіңе,
Әсері бар сұлу үн жүз толқыса,
Айырбасқа миллион сом керегі не.

1929 ж.

Ә Л І П Б И

Ескі молда бұрынғы жұртты алдаған,
Адастырып жастарды көп арбаған.
Бес жыл оқып бес әріп танымадық,
Діншіл соқыр, надандар нанды соған.

1929 ж

А Қ Д А Р И Ғ А⁴³

Оқысаң өнер-білім қайнап тұрған,
Айнала алтын сәуле жайнап тұрған,
Жасырын жаратылыс сырын шешіп,
Жол ашық, төрт құбылаң сайрап тұрған.

Бауырлас барлық ұлттың балалары,
Даналық, социалистік алған нәрі,
Адымы күн-күн сайын алға өрлейді.
Күннен де жарық дейді жердің шары.

Алдыңнан сәулелі нұр төгіледі,
Миуа ағаш мың түрленіп егіледі,
Тұрмысқа социалистік жеткен үшін,
Машина ат орнына жегіледі.

Ү Р И Д А Й⁴⁶

Мінеки біздің бақша гүл жамылған,
Бұлбұлы бұта сайын әнге салған.
Алма ағаш, өрік, мейіз бәрі осында
Толықсып мәуелері пісіп тұрған.

Мөлдір су тастан орғып, таудан құлап,
Бұралып бақша сайын аққан бұлақ,
Бағамын әр бақшамды алтындай ғып,
Миуалы бақ қойнында біздің тұрақ.

Ө Н Е Р

Жігіттер өнер үйрен заманында,
Теңшілдік түгелімен өз қолында.
Түрлендір шаруанды, түс жарысқа,
Талабың алға басып тұрғанында.

Қарсы тұр жан аямай тап жауына,
Алданба залымдардың арбауына,
Танысып күнделікпен, өнер үйрен,
Тез тырыс ұлы еңбектен қалмауыңа.

1929 ж

Қ А Н А Т : Т А Л Д Ы ⁴⁸

Ән сұлу күңдей күліп сорғалаған,
Бұлбұлдай сайрап жүріп қорғалаған,
Жымыйып күле қарап айлы аспанға,
Сызылтып тоқсан түрлі жорғалаған.

Ырғалтып мың құбылтып шырқағанда,
Үзілтіп он екі алуан ән салғанда,
Қалықтап ұшқан дауыс төмендемей,
Аспанда қанат талды толғағанда.

Әндердің ұлы атасы Қанат талды,
Арқада аңыратып Сейтжан салды,
Қоңырлап күйқылжыған ырғағына,
Сүйсініп, естігенде жұрт тан қалды.

ЖАЛҚАУЛЫҚ^а

Жалқаулық надандықтың бір белгісі,
Қуанарлық наданның жоқ үлгісі.
Кеңестің кеңдігінде білім алмай,
Төкке қарап олар ма жүрген кісі.

Еңбексіз пайда іздеген арамтамақ,
Қуат беріп наданға болады жақ.
Ойласаң сарыуайым соқырлықта,
Көгертеді қай жанды ондай ақмақ.

1929 ж

АЛАТАУ⁵⁰

Бұлт буған басынды қарлы Алатау,
Бір заманда қайғылы, зарлы Алатау.
Қойныңа жезтырнақтың қолын салып
Сұмырай сорған сүтінді шерлі Алатау.

Қ а й ы р м а с ы:

Асқақтаған Алатау,
Бауырың толған бакша-бау
Май айында майысып,
Жұпар исің анқыйды-ау

Мұзың күміс, суың бал, тасың мыстан
Таудан бұлақ ағады-ау алтын кұсқан
Қызыл туың желбіреп, желкілдетіп,
Қоныс алды іргеңнен Қазақстан.

Қ а й ы р м а с ы:

Салаң салқын кең жайлау,
Бұлақ аққан мың тарау,
Алма, миуаң жетіліп,
Бұлбұл кұсың сайрайды-ау.

ҚЫЗЫЛӘСКЕР⁶¹

Қызыләскер қырағы қайнайтуғын,
Нажағайдай майданда ойнайтуғын,
Еңбекшілер қорғаны Отанының,
Жарактарын жау көрсе сайлайтуғын.
Жаса-жаса!

Октябрьдің жұлдызы қызыл болат,
Еңбек десе, іс десе от боп жанад,
Еңбекші елдің ержүрек қаһарманы
Пролетариат қорғаны біздің канат.
Жаса-жаса!

А Л Т А Й⁶²

Кәрі Алтайдың жонынан кен атады
Дабылымен еңбекті оятады,
Алтын атқан Алтайдың өрі-қыры,
Жігерімді масатпен қайнатады.

Алтын, күміс жерінен жентектеліп
Алып күшпен боратады.
Сауық, сайран кеш болса
Еңбек әнін қосылып шырқатады.

К а й ы р м а с ы:

Бүгін Алтай,
Жаңғырғандай,
Ұйқысынан оянып,
Шаттанғандай.

Е Г І С⁵³

Қолхозшым гүлдендіріп егісінді,
Тез бітір түгел жыртып үлесінді,
Маржандай қызыл бидай орғың келсе
Уқыптап, тәрбиелеп сал күшінді.

Қаулатып тракторлар өнерменен,
Егіске жұмылыңдар жігерменен,
Бірлескен колхоз, совхоз күш сенікі,
Жер жайын кеңесіндер агрономмен.

Бауырдай бұйра тіліп қара жерді,
Тамырын құрыш сталь кесе білді,
Еңбектің шын өнімді жемісі егін,
Гүлдентед көркейтетін еңбекші елді.

М А Й⁵⁴

Нұр төгіп күн аспанда мактанады,
Жер ана қазынасын ақтарады,
Кеңесіп бірінші Май мейрамында,
Әлемге еңбекші тап мактанады.

Қызыл ту желбіреген жер жүзінде,
Жарлының жаны жайлы ұлы ұранға.

Шаруа, егіс еңбек біріге алмай,
Маңызды мәселені шешпек қалай,
Қарасын бай табының батыратын,
Көркейсін жер жүзінде бірінші Май.

КӨКПАЙ⁶⁵

Бір кезде артта қалған Қазақстан,
Отарлап, үн шығармай патша қысқан,
Советтің ұлы теңдік арқасында,
Өлшеусіз табысым бар белден асқан

Қат-қабат қалың байлық өндірісім,
Дамыды күн-күн сайын еткен ісім,
Дәуірдің социалистік қазынасы,
Қайнаған дүсір қағып табыс күшім.

Қарсақпай, Қарағанды, Қоңырат, Ақжал
Орал мен Балқашыма көзінді сал!
Мындаған колхоз-совхоз өндірісім,
Бәрі асыл, бәрі табыс таңдауын ал.

ҚАРАҒАНДЫ ТУРАЛЫ ӨЛЕН⁶⁶

Қайнаған қалың байлық Қарағанды,
Маңына жайып отыр миллион жанды
Байқасаң қара алтынды кенін көріп,
Маңызы табысының өте мәнді.

Күн сайын мың сан тонна көмір беріп
Үйілген маяланып кені өніп.
Асыл кен, алтын, күміс, рудалар
Көмірдің қызуымен балқыйды еріп.

Қорғасын, мыс пенен жез, асыл болат,
Көмірмен қайнағанда май боп ағад,
Машина, паровоздың қазандары
Күшімен қара алтынның пайдаланад

Ендеше Қарағанды ұлы табыс,
Құшейсін өндірісі аяқ алыс.
Нормасын мезгілінде толтырмаса,
Екпінге ермегендік үлкен намыс.

Басшы бол маңайыңа екпінділер,
Жалқауды сынға түсір, жазасын бер.
Аранда прогульщик, жалқау болса —
Талқылап түзелуге жөн сілтендер!

ШАХТЁРЛЕР ТУРАЛЫ ӘН⁵⁷

Қарағанды шахтёрлері, ұр еңбектің дабылын,
Түс одақтық жарысқа, үдет істің қарқынын.
Көрсет бүгін қайрат, күшті социалистік жарыста,
Жер құйқасын шымырлатып, соқ қайланды
карышта.

Қызсын еңбек, қайнасын күш майданда,
Сыбан білек, түр жеңді, ұлы дүбір шабыста.
Еңбек ері, түс жарысқа, істі үдет қарқында,
Бар күшінді аямастан жұмса іске тартынба.
Үлгі көрсет, басшылық ет еріншекке еңбекте,
Көмектесіп күш біріктірі, қатарыңнан қалдырма.
Техниканы меңгере біл, білімменен іс істе,
Кен түбінде қара көмір, қара жақпар жарылсын,
Еңбек қазан заводыңа алтын шырақ жағылсын.
Ушыр көкке олқылықты, қайта келмес алысқа,
Кем-кетікті түгел жойып жетейік бұл табысқа,
Ұлы істің міндеттерін іс жүзінде срында,
Донбасс, Кузбасс бассейнінің қатарынан қалыспа.

ӨНДІРІС

Қарсақпай, Қарағанды, Риддерім,
Қайнаған кенге шөгіп ойы-қырын,
Алыста Ембі-нефті аққан мұнай,
Қоңырат, Нілдіменен бір көрнегім.

Санасам толып жатыр өндірісім,
Көркейткен еңбекші елдің ой өрісін,
Дәуірдің социалистік қазынасы,
Өрлеткен еңбекші елдің ұлы күшія.

СТАЛИНТУРАЛЫ ӘН⁵⁹

Отаным күннен күнге өрге шапқан,
Бақыттың дариясына шомып жатқан,
Данамыз, ақылы теңіз Сталиннің,
Нұрына заманымыз еркін батқан.
Тарихтың асып туған адамынан,
Ойы асты сан тарихтың заманынан,
Сталин көкте шалқып, айды аймалап,
Қыранның қыяға асты қыранынан.

Аясын бар әлемнің алып болып,
Түсірмек күндей нұрын Марсқа да.

Жол салды аспанды асып полюске де,
Бастады ой жетпейтін өріске де,
Тарихи данышпанның данышпаны
Ер етті Отанымды күреске де

Жасаған миллион жылдар тарих жүзі,
Ер көрді Сталиндей кімнің көзі,
Туған ол адамзаттың бақыты үшін,
Қуатым Сталиннің алтын сөзі.

Тарихтың шын жұлдызы біздің бұл шақ,
Таскынды дариядай шалқыған бақ,
Данасы даналардың ұлы Сталин,
Адамның жүрегінде жазылған ат.

СТАНОК*60

Қордың бе станокті тұрған қайнап,
Мың тетік бір өзімен қабат ойнап.
Жүргізіп машинасын зуылдатып,
Ержүрек алыбым тұр оттай жайнап.

Шағылып электрге ерке күліп,
Стальды дайындайды қардай тіліп,
Әперіп бірінен соң біреуі тұр,
Әзірлеп мотор жасап, жөнелді іліп.

Қаймақты қалың байлық өндірісім,
Өнеді өндіріспен әрбір ісім.
Дананың ұлы Сталин дәуірінде
Тандантты жер мен көкті өскен күшім.

* Желдірме әнімен айтылады

ЖАҢА ӨМІР⁶¹

Жастарда албырт жүрек қыран көзді.
Сезімді, көңілі зерек, өткір сөзді.
Ұстазым ұлы көсем арқасында,
Аспандап абройдың тұрған кезі.

Шықтың жайнап жарыққа,
Нұрынды шаш халыққа.
Халқың үшін жастарым
Ұмтыл алға, қарышта.

Жаңа өмір, жас ұланға гүлін шашты.
Ғасыды, өсті олар да алға басты.
Көзі ашық, ойға терең өнерпаздар
Өнерін шарықтатып, кенін ашты.

Жаңа жыр қайнасын,
Жаңа тіл сайрасын.
Социалдық жарыста,
Қызып еңбек қайнасын.
Еңбекші ел кел жарысқа.
Кел, кел, кел;
Кел жарысқа
Кел, кел, кел!

МАРИНА РАСКОВА*

(Абайкөк әнімен)

Қайраты асқан елімнің,
Батыр қызы Марина,
Ерлігіңе таң қалды,
Жердің жүзі, Марина.
Тәрбиеде өстің сен,
Сталиндік балғында.
Әйел тобы ішінде,
Сен жұлдызы тағы да

Қ а й ы р м а с ы:

Асыл еркем ерледің,
Көкке құлаш сермедің
Қайрат, жігер ұлы істе
Сірә, сен сыр бермедің

От жүректі қыздары,
Отанымның үш жұлдызы.*
Ерлік жолын ұстаған,
Батырлық шыңын көрдік біз
Үлгі алады сендерден,
Отан қызы жалынды,

* Гризодубова, Осипенко, Раскованы айтады. Бұлар Советтер Одағының Батыры атағын тұңғыш рет алған әйелдер

Ерден артық бәйгіні.
Жеңіп алдың бағынды

К а й ы р м а с ы:

Асыл еркем ерледің,
Көкте құлаш сермедің,
Қайрат, жігер ұлы істе,
Сірә, сен сыр бермедің.

У Л Ы З А Ң*63

Бакытты Отанымның ұлы заңы,
Көркейткен Сталиннің ұлы таны.

Ұлы заным,
Нұрлы таңым.

Ұлы заң Отанымның жарық күні,
Ұлы заң коммунизм биік шыңы,
Тарихта ұлы заным биік жұлдыз,
Жаттады шаттықпенен халқым мұны.

Ұлы заң адам ұлын ардақтаған,
Бұл заңды ақылы теңіз дана құрған.

Ұлы заным,
Нұрлы таңым.

Правом емін-еркін дариядай,
Ер демей, әйел демей бакытым сай.
Ерлікке, ізгілікке, геройлыққа,
Әйелде Раскова Маринадай.

Мұндай заң тарихта ешбір болған емес,
Бакытқа саралап жол салған емес,

Қуат күшім,
Қуанышым.

* Әзленбай ақынның скінімен желдіріп айтылады

Улы заң ССРО-ның жүрегінде,
Дүниенің алтыдан бір бөлегінде,
Улы заң Сталиннің заманымен,
Гүлденген сағат сайын нұрлы елімде

Улы заң ай туғызған анаға да,
Өсірген ұлы дәуір балаға да.

Бақытты елім,
Асқар белім.

Құлпырып күннен күнге өскен елім.
Даналық ұлы заңда өмірің сенің,
Еліме өшпес жарық таңын берген,
Жасасын ұлы заңы Сталиннің.

4 март, 1939 ж

А Қ А Й Ш А⁶⁴

Ортекедей орғытып мінген атын,
Көрсө көзің тоймайды салтанатын.

Тамаша,
Шаттанбайсың қалайша.

Отанымның жауынгер жұлдыздары.
Жауға бермес ерлерім мақтанатын

Қ а й ы р м а с ы:

Ылғый жүйрік тұлпар аттай.
Мінгендері күйылтып,
Зулағанда атқан оқтай.
Ерлентеді сүйінтіп.
Жалындат, ерлер, жалындат.
Отан берік, елін шат.

Жау ұмтылса отанға, ду қайнайтын.
Қызыл әскер қырағы еш таймайтын.

Тамаша,
Шаттанбайсың қалайша.

Қүлін көкке ұшырып фашистердің
Қызыл әскер ерлерім бет қайтпайтын

Қ а й ы р м а с ы.

ҚЫЗЫЛ ФЛОТ⁸⁵

(Заман-ай әнімен)

Теңбіл аспан төгіліп дарияға,
Сәуле шашып көк жібек қонды уяға.
Көк теңіздің көсілген қыйыры жоқ,
Жатыр шалқып көз жетпес бір қыяда.

Қ а й ы р м а с ы.

Кемелері советтің,
Сол теңізде күзетте,
Қызыл ері флоттың
Жуытпайды бұл бетке

Кемелердің екпіні тіліп суды,
Желбірете көтеріп қызыл туды,
Қыстауы мен жайлауы Қара-теңіз
Айбынды Отаны бар аты-шулы.

Қ а й ы р м а с ы:

Ерлеріме қырағы, қайраты мол
Көк теңіздің асты-үсті барлығы жол.
Қызыл әскер шығарад күл-талқанын,
Отаныма жау егер сермесе қол.

Қ а й ы р м а с ы:

Ж А С Т А Р М А Р Ш Ы⁶⁶

Біз бақытты туғаннан гүлденгенбіз,
Жаңа өмірдің бесігін іздегенбіз,
Талай асу қыйындық кездесе де,
Өнер-білім желісін үзбегенбіз.

Қ а й ы р м а с ы.

Берік болат біз жастармыз,
Мың сан миллион достармыз.
Біз бақытты нұрлы күннен де,
Жау аспайтын биік асқармыз

Оғы, сөзі түк емес жаудың бізге,
Біз айбынды қорғанбыз елімізге,
Суық қолын сұғанақ ұсынса да,
Сынық сүйем келмейді жерімізге

Қ а й ы р м а с ы:

Көк те, жер де, асу да, су да, шөл де,
Жау кез келсе-ақ жеңеміз қай жерде де
Ұлы Отанның біз батыр ұрпағымыз,
Бізде жігер, бізде күш, бізде зерде.

Қ а й ы р м а с ы:

Біз жауынгер майданға аттанатын,
Өшіреміз фашистің мүлдем атын,
Отан үшін, бақытты жеңіс үшін
Біз алыппыз дұшпанды күл қылатын

Қ а й ы р м а с ы.

АСЫЛ ЗАТ

Ойламай сағат сені тұра алмаймын,
Мойнымды басқа жанға бұра алмаймын.
Айрылып шыныменен қалғаным ба,
Қалайша ауылыңа бара алмаймын.

Қ а й ы р м а с ы.

Асыл зат ойланшы өзін.

Деуші едім жастан сені маған серік.
Аққудай аппақ шырай біткен көрік,
Керілген кер маралдай кербезім-ай,
Жүн бар ма көңілім тынар сені көріп?

Қ а й ы р м а с ы.

С У Р Ж Е Л Г Е Н Ш Е

Қолхоздың социалистік даласында,
Шалқыған өндірістің саласында,
Қосылып колхоз жасы ән салайық,
Қайнаған ұлы еңбектің арасында.

Қ а й ы р м а с ы:

Гүлденді —
Тұрмысымыз,
Өнуде —
Жұмысымыз.

Сондықтан шаттық әнін шырқатамыз.

Ұлы заң Сталиндік қолымызда,
Болмайды ешкім бөгет жолымызға,
Білімге және еңбекке еркін бар деп,
Жазылған көсем берген заңымызда

Қ а й ы р м а с ы:

Көркейткен —
Еңбек елін,
Жасасын —
Ұлы Сталин.

Күн сайын бұдан да өрлеп біз өсеміз.

Ж О Н Ы П А Л Д Ы⁶⁹

Өлеңді айт дегенде тасып берем,
Мергендей көзден түзу атып берем,
Ағалар басын қосқан мәжілісте,
Әніне жонып алды басып берем.

Айтылса көп өнердің қоры бар-ды,
Мақамын келтіретін жері бар-ды.
Айтылған сол көп өлең мақамынан,
Аты бар бұл әнімнің жонып алды.

А Қ Е Р К Е⁷⁰

Ақерке ақ күмістей сенің жүзің,
Кетер ме көкейімнен айтқан сөзің.
Ақылың айдын шалқар көл секілді.
Жанарлы кара нәркес екі көзің.

Күлкің гүл жас баланың жанарындай
Ақерке айтып бітпен кұмарымды-ай.
Болса да жасың кіші білімің — дария
Әнімді арнамайын саған қалай?!

Жас күнің жалындаған ерке тоты,
Асылдың өнер, үлгі есілдерті,
Шырқайын Ақеркенің айғайымен,
Өзімдей берік болсын, жігіт серті.

ӨН НОТАЛАРЫ

И С А Б А Й З А Қ О В Т Ы Ń М У З Ы Қ А Л Ы Қ Т В О Р Ч Е С Т В О С Ы

1920—1940 жылдардың арасындағы жыйырма жыл, советтік Қазақстанның мәдениеті өркендеуінің тарихи кезеңі болып табылады. Бұл жылдары Қазақстанның театр өнері мен музыкасы қыяға қанат қақты. Түрі ұлттық, мазмұны социалистік көркемөнердің дамуына партия мен үкіметіміз ұлы программа жасап берді.

Азамат соғысы аяқталысымен еліміздің саяси-экономикалық және мәдени тұрмысын гүлдендіру жолындағы бейбіт еңбекке миллиондаған халық жұмылды. Осы халық тасқыны жұмысымыздың барлық саласында да, бұрын-соңды болып көрмеген сан алуан жаңалықтар тудырды.

Отанымыздың жүрегі — Москва қаласында жыл сайын ССРО халықтарының творчествосынан концерттер өткізіліп тұрды. Бұл концерттерге қатнасып өз өнерлерін көрсету үшін, еліміздің түкпір-түкпірінен таңдаулы әншілер, музыкашылар және халықтар творчествосының тағы да басқа жанрларының көрнекті орындаушылары келді.

Сөйтіп, халық таланттарының күшін байқаудың үстінде, қазақ халқының да талантты өнерпаздарының алуан түрлі өнері халық алдында сынға түсті. Әсіресе совет үкіметі бұл сыяқты байқауларға, аса көңіл бөле отырып, социалистік мәдениетіміздің өсуіне зор мүмкіншілік туғызды. Жыл сайын одақтық республи-

калар искусствосы мен әдебиетінің декадасы өткізілу — тамаша дәстүрге айналды.

1923 жылы бір концертті ашар алдында ССРО ағарту халық комиссары Анатолий Васильевич Луначарский: «Әралуан ұлттың творчествосын кеңінен пайдаланып отырудың өзі—бізді шын мәніндегі социалистік мәдениетке бір табан жақындата түседі» деген еді.

Қазақ искусствосының тарихына Ғаббас Айтпаев, Қали Байжанов, Құрманбек Жандарбеков, Әміре Қашаубаев, Серке Қожамқұлов, Қалибек Қуанышбаев, Елубай Өмірзақов тағы да осылар сыяқты искусство қайраткерлері зор үлес қосты. Бұлар халық мәдениетінің туын жоғары ұстап, Советтік Қазақстанның өзіндік искусствосының іргесін қалаушылар болды.

Советтік Қазақстанның өзіндік искусствосының іргесін қалаушылардың бірі болып, солардың тобына талантты ақын-әнші, мелодияшы композитор Иса Байзақов қосылды. Артистік қаблеті мол Иса республикамыздың театр-музыка өнерінің барлық саласына да белсене қатнасып отырды. Ол көпшілік алдына шығып, ән салудан бастап, радиода өлең айтып, музыкалы театр ойынына да көп араласты.

Қазақтың халық әндерін тұңғыш рет жыйнаушы А. В. Затаевич 1923—1924 жылдары Орынбор қаласында Исамен кездесіп, оның музыкалық, әрі ақындық зор талантына аса сүйсінген болатын. Исаның айтуымен көптеген халық әндерін жазып алған соң, оның жалындаған талантына зор баға берген Затаевич:

«Иса Байзақов жалындаған жас жігерлі, екпінді суырыпсалма ақын, әсерлі әнші, кұлашы кең, сөзі нық, ойы ұшқыр үлкен талант. Ал, сахнада көріну жағынан алғанда да ол — ерекше тұлға. Шебер кыймылды, анық дыбысты, үні ұнамды, талант қасиеті өзімен бірге жаралған актёр, жалпы алғанда, талантты қазақ халқының самороды. Оның залдағы халықтардан түскен сұрауларға сондай батыл, әрі жедел жауап қайыратын өршіл ырғақты суырыпсалма өлеңі—менің байқауымша ол үлкен аудиторияға ғана әсер етіп қана қоймай, кейбір ысылған сыншылардың өзінде қайран қалдырады. Ерекше таңдандырады» — дейді

Сондықтан Иса Байзақовтың атын—қазақ совет музыкасына еңбек сіңірушілердің қатарына әбден қосуға болады. Ол — бүгінгі өмірімізге лайықталып шығарылған алуан түрлі әндердің авторы.

Иса — өзінің музыкалық талантын, қазақ совет музыкасының өркендеуіне жұмсаған әнші, композитор. Ол халықтың музыкалық қазынасын байыта түсуде ерекше еңбек сіңірді. Оның бірқатар әндері «Айман Шолпан», «Қыз Жібек», «Ер Тарғын» операсының музыкасына да енді. Бұл жөнде Исадан жазып алынған «Гакку» әні ешқандай өңдеусіз «Қыз Жібек» операсына да еніп, бүкіл совет халқына белгілі ән болып кеткенін еске алсақ та жеткілікті.

1932 — 1936 жылдары, Иса радио арқылы да ән орындап жүрді. Мен ол кезде, қазақ радио комитетінің музыкалық бөлімінің редакторы болып қызмет істейтін едім. Сондықтан Исамен жиі кездесіп отыруға тура келді.

Исаның жаздырған әндері әрқашанда өте мағналы және бір-біріне ұқсастығы болмайтын еді. Иса халық әндерін үйретуде, көптеген әншілердің ұстазы болды. Оның көмегімен көптеген әнтер нотаға түсірілді.

Исаның айтуымен Затаевич — «Көкен», «Бике», «Маныш Қанша», «Жар-жар», «Тапысу» әндерін жазып алып, өзінің бірінші әндер жыйнағына да енгізді. Исаның көмегімен маған да «Гакку» деп басқа, «Алтай», «Кең сарай», «Бір бидай», «Қалқа», «Үрпидай», «Кербез сұлу» сыяқты әндерді жазып алуға мүмкіндік туды. Осы әндерге лайықтап сөзін де жазды.

Осы жыйнағында бірінші рет жарияланып отырған Исаның желдірмелері — ерекше назар аударатын бағасы зор еңбек. Бұл ән—совет тематикасына жазылған бірінші ән. Исаның желдірмелері — бақытты өмірдің жарқын бейнесін суреттейтін өр қыялды, көңілді, бақытты елдің азат еңбегінің толқынды үнін елестететін ән. Иса осы желдірмесі арқылы, қазақ халқының жаңа өмірін, гүлденген еңбегін суреттейді. Сондықтан да, Исаның артына қалдырған музыкалық творчествосы, өз алдына ғылыми зерттеуді керек етеді. Жалындаған таланттың сөнбес оты лаулаған ақын, композитордың еңбегі халықтың музыкалық қазынасына қо-

сылды. Оның ұшқыр қыялды әндері опералық спектакльдерде, симфониялық, камералық музыкаларда айрықша орын алады.

Әсіресе, Исаның кішіпейіл, кіршіксіз бейнесі, жалынды таланты біздің жүрегімізде сақталады.

Ескерту: 3 вариантты бірінші желдірме және үшінші желдірмені Қазақ ССР Халық артисі, Сталиндік сыйлықтың лауреаты Құрманбек Жандарбековтен жазып алдым. 2—4-желдірмелерді автордың өзінен Қазақ ССР халық артисі, Сталиндік сыйлықтың лауреаты Брусилловский жазып алған.




5-желдірмені ақын Садықбек Адамбековтен мен жазып алдым.

Б. Г. Ерзакович.

БІРІНШІ ЖЕЛДІРМЕ

(1-ВАРИАНТЫ)

Радостно-энергично. ♩ = 120




БІРІНШІ ЖЕЛДІРМЕ

(2-ВАРИАНТЫ)

Радостно, энергично. ♩ = 120



Ал ал-қа жел-ді ке-зің жай-най-тұ-ғын, бұл-бұл-дай




бақ-ша-да-ғы сай-рай-тұ-ғын, ө-нер-дің



қы-я-сы-на шық-қан сай-ым, бо-лат-тай тастар



та-бан тай-май-тұ-ғың, ай!
В первом темпе



и-ги-ги-гак, и-ги-ги-гак, и-ги-ги-гак,



и-ги-ги ай! ги-ги-ги-гак,






ги-ги-ги-гак, ги-ги-ги-гак, и-ги-ги гай.

БІРІНШІ ЖЕЛДІРМЕ

(3-ВАРНАНТЫ)

Радостно, энергично. $\text{♩} = 120$



ЕКІНШІ ЖЕЛДІРМЕ

Лирика и торжественно $\text{♩} = 100$



Па - па - па - па - пау - пау, па - па - па - пау,



па - па - па - па - пау, па - па - па - па - пау па - па - па - па - пау




пау, па - па - пау, па - па - пау па - па - пау па - па - па па - па - па




па - па - па - па - па - па па — — — — — о о - ау.

Четко и ритмично. $\text{♩} = 176$



Шұ - мыс - кер ек - бе - гі - не ге - не -
ау - ни - мас а - лын нұс - тің ар - қа -



тұ — — — — — ғын. Бол - са да мен - деу
соын — — — — — да, құл - пыр - тын тұр - мыс -



қый - ын ме - не - тұ - ғын. Я - ма - ма - у
- ма - ғыл е - ге - тұ - ғын.



шір - кін о - те - ді бір нұс са - ғат - та




мил-лион сом-дың ой-ын қыл-кі, ма-ли-ля-ли я-мау



ма-ли-ля-ли я-мау, ма-ли-ля-ли я-мау а.---

ҮШІНШІ ЖЕЛДІРМЕ

Энергично, отчеканивая слова. ♩ = 176



ТӨРТІНШІ ЖЕЛДІРМЕ

С большим подъемом и блеском. $\text{♩} = 152$



Ет-бі - де мұ-най қаз-ған ең - бек
- рын май-лы жер-дің қой - ын



е - рі, мау-мыс - шы ба-луан бі-лек тұр-мыс бе-лі,
тұ-сін, ді-ріл - деп мұ-най шыр-шып шұ-мек шұ-мек.



мұ-най-ға жыл-жып ба-рып там-шы-пәй-ды,
ө - кер-дің таң қал-дыр-ды бір қы - зы - ғы.



мәл-тіл-деп шып-шып шық-қан маң-дай те-рі.
бой-ла - тып жер ас-ты - нан сал-ған бұр-ғы.



Үс-та - ра қол-да - рын-да бір-бір ич - рек.
мұ-най-ға сом бал-ға-мен ба - рам де - се.



ал - мас-тай ти - ген же - рін ке - те - ді
қа - ғы - соп жол бер-мей-ді қы - зыл кү

БЕСІНШІ ЖЕЛДІРМЕ

Спичино и менно. ♩ = 62

mf

кім көр-ді көк-тің жер-ге (а)

сұ-па-ға-нын, кім көр-ді құн-нің ма-рық (а)

p

сұ-ра-ға-нын, кім көр-ді ақ-ба-ға-дай —

қыр-шым жас-тық.

Шо-мы-лып қан-ды(а) жап-қа жы-ла ға-нын, а

p $\overbrace{3}$ $\overbrace{3}$ $\overbrace{3}$

а-ри-та-май, а-ри-та-май, а-ри-та-май,

$\overbrace{3}$ $\overbrace{3}$ $\overbrace{3}$ *p*

а-ри-та-май, а-ри-та-май, а-ри-та-май, а-ри-та-май, *rit.*.....

ІІІ БӨЛІМ

**ЖАҢАДАН ҚОСЫЛҒАН
ШЫҒАРМАЛАРЫ**

ИСАНЫҢ ҚУДАЙБЕРГЕН АҚЫНМЕН АЙТЫСЫ

ҚУДАЙБЕРГЕН

Сұрасаң өз атымды Құдайберген,
Халқыма айтқан сөзім ұнай берген.
Жынданып өлең буып жатқанымда,
Устазым Ғимадетдин дұға-ай берген.

Баласын Ортажүздің араладым,
Үшжүзге даңқым жетіп тарағанмын.
Бойында үлкен Қараой Қадиша қыз,
Айтысып оны жеңіп жол алғанмын.

Омбыда Сүйімбаймен салысқанмын,
Көкшегауда талайымен жарысқанмын.
Қызылжар, Көкшегауды сайран қылып,
Атбасар, Омбы барып көп қыстадым.

Жас ақын, жаңа талап ақын Иса,
Қолыңа домбыранды сен де ұстадың.
Ағанмен айтысуға дәме қылсаң.
Берейін кезек саған, мен бастадым!

И С А

Құдаеке қолың жетті көп сұңқарға,
Шарқұрып таныс болдың жақсыларға,

Көңлі өскен, көкірегің кең, биік жансың,
Сөйлесер сізбен менің күшім бар ма?

Иесі осы үйдің ер Жылқыбай,
Бүркіттің шыңға шыққан қыранындай,
Елі үшін азап шегіп ауыр жолда,
Құтқарған қыйындықтан ерді талай.

Қанаты еліміздің шын қайрылды,
Бір жылда бар сұңқардан ел айрылды,
Қайғырып Қызыл ағаш жалпақ елі,
Ой мен қыр тегіс келіп бата кылды.

Құдаске-ау, менменсініп келдің қатаң,
Болмай-ақ қойсын аят, құран, батаң,
Өлеңмен айтар көңіл көп болды ма,
Бір адым шықпас па еді аруақты атаң.

Жендім деп алыс жерде әлдекімді,
Құр кердің мақтанменен көкірегіңді,
Уялып сіз үшін мен зорға отырдым,
Сүйегім намыстанып жамаң сынды.

ҚАРҚАРА ЖӘРМЕНКЕСІНДЕГІ ЖЫР⁷²

I

(1916 жылғы оқыйғаны еске алу)

Қарқараға келгенімізге үшінші күн. Жәрменке бастығының жәрдемімен ойын үйімізді тақтайдан шегелеп қалтытып, жарнамамызды таратып, ертең бастаймыз деп, бір дем алдық.

Күн еңкейіп, намаздігерге мінбелеп барады. Үйден шықсаң, Оңтүстікте Қарқараның асқар алатауы көрінеді. Алатаудың белуарына дейін көк шашағын желбіретіп, Қаратау асылып тұрған тәрізді. Шынтақтаған қараторы ару меңзес Қаратау, үлбіреген ақ бұлт торғынын жамылып тұрған іспетті. Түйе мойнақ иір таулар, батар күннің сәулесіне сандақтана шомылып, аяқтарын алысқа созып, шіренеді. Жағалай біткен кенере таудың кең алқап, мыйдай жазық қойнауын Қарқараның қатты ағынды өзені жарып ағып, сылдыр қағады. Кешкі желмен үн қосқан дыбыс, таудың ескі ертегісін бейне бір еске салғандай болады.

Ағаш, шымы аралас, қыйқы-жыйқы қаланың қақ ортасында, жәрменке мекемесінің жанындағы биік ағаш басында, қызыл ту желбіреді. Қала маңы қараша үйлі жатақтар. Жәрменке тараған.

Басына бір қара сеңсенді түгел киген, шалбары жоқ, кебіс-мәсілі, қара сақалды бір адам. шапаны:

желбегей салып, әңгімелесетін кісіше маң-маң басып бізге таман келді.

— Шырақтарым қай елдің баласысындар?

— Біз әр елден: Арғын, Қыпшақ тағы басқа руларданбыз.

— Е, әлгі Қызылордадан ойын көрсетуге келген сіздер боласыздар ма?

— Я.

— Бәрекелді, шырақтарым, тіршілікте жүргендерін жақсы, заман сендердікі, жүретін шақтарың...

Шалдың сөзге ебі барлығы байқалды. Жетісудың 16 жылғы көргені көп деп кұлағыма тиюші еді. Сол туралы сұрай бастадым.

Бір қолымен сақалын сыйпап, көзін әлденеге қадап тыңдап тұрды да:

— Я, шырағым, өткен күнде белгі жоқ, дейді қазақ. Өткен күннен белгі неге қалмазын, сол 16 жылғы біздің осы аймақтағы елдің көрген соққысын, жеген таяғын еңкейген кәрі, еңбектеген баласына шейін ұмытпайтын шығар, — деп малдас кұрып отырып, әңгімесін бастап кетті...

* *

* .

Қызылордадан барған артистердің даңқы жұртқа жайылды. Сауыққа халық жақсы жыйылды. Кәбінесе елдің ұнатқаны: ән, өлең, күлдіргі болды.

Театр үйінің беті ашық, тақтайдан қоршап істеген еді. Ішіне сыймаған жұрт атғыш үстінен сырттан тұрып қарады. Ойын түстен кейін болып отырды.

Әміренің кешке қарай әні жәрменкенің алабын басына көтерді. Әміре дауысын көтеріп әкетіп, қайта қалықтатып, үзілтіп қайырғанда, отырған тамашашылардың арасында қызып кетіп, көтеріп жібергендері де болды.

1916 жылғы қантөгіске он жыл толды деп, сондағы өлген азаматтарды еске алып, қаралы күнді өткізбек болған екен.

Қызылордадан, Алматыдан келген басты қызметкер жолдастар Қарқараға келді. 16 жылдың оқыйға-

сы туралы мағлұмат жыйстырып, іске кірісті. Ол күнді тәртіппен өткізуге комиссия сайланды, бір күн бұрын «1916 жылғы қазақтың патшаға қарсы көтерілісі дұрыс па, жоқ па?» деген тақырыпта айтыс болды. Айтыстың қортындысы қазақтың ол көтерілісін дұрыс деп тапты.

«Ол көтеріліс өзіне зыян болды» деген қарсы жақтың сөзі, отырған халыққа бізбен шанышқандай естілді.

Сауық кеші басталды. Екі перделік күлдіргінің соңынан концерт болды. Ертеңгі болатын азалы күннің мәні туралы мен шықтым. Осы сауық кешінде өлеңмен былай дедім:

Кешегі есінде ме қара тұман,
Мәңгіге ұмытпастай таңба салған.
Қанынды құрт боп сорған сұм Николай,
Жазықсыз жұртым саған не қылмаған.

Қызынды қатын, шаңырағынды отын қылды,
Мүлкінді қалдырмады таламаған.
Аң құсап, үркіп аудың тау-тас кезіп,
Қалды ма кәрі-жасың жыламаған?!

Қылыштап жас балаңның кесті басын,
Оққа ұшты от-жалындай талай жасың.
Жұртыңды бір-біріне сендей соғып,
Залымдар қанмен жуды ел ортасын.

Қосты жылқы, қоралы қойды тастап,
Ата-мекен, қора-қопсы үйді тастап,
Мал-мүліктен өзіңе бір тай тимей,
Сенделдің жүгенінді қолыңа ұстап.

Айуандай аяусыз қан төгіліп,
Жылауға әлің келмей құр егіліп,
Шаңың шығып, сандағың сазға құлап,
Үзбеп пе ең үмітінді бел бүгіліп.

Шыңғыртып жас қызынды сұм, жендеттер
Арың мен намысыңды қылмап па ед жер.

Жаралы қансыраған жанды көріп,
Денеңді мұздатпап па ед, бір суық тер.

Соларды өз көзіңмен көрмеп пе едің,
Арашалар жан таппай өлмеп пе едің.
Болмаса жалшылардың төңкерісі,
Жоғалтып елдігіңді көмбеп пе едің.

Езілген елге жарық күндей болып,
Патша, төре, байларға түндей болып,
Нашардың қамын жеген өз үкіметің,
Еңсенді көтермеп пе ед, Совет келіп.

Тірің түгіл, жоқтамақ өлгенінді,
Кешегі қанды күнде көмгенінді,
Ертең сол «шәйіттердің»* аза күні,
Сұраймыз бірің қалмай келгенінді.

Жұрт тағы шақырды, шықтым. Отырған көптің арты
қы жағынан бурыл сақал, бурыл мұртты бір адам
ұшып тұра келді. Ол екпіндеген дауыспен маған қа-
рап:

«Шырағым көп жаса, тәңір жарылқасын! Біздің
бұл Қарқараның аймағындағы Үйсіннің баласы 16
жылы не көрмеді. Айтқаныңның бәрі рас. Атаңа нә-
лет Николай, тобақазығымызға таяған жоқ па еді.
Мал-мүліктен, қатын-баладан бездірген жоқ па еді.
Иттен қалған өлімтікті асып жеген күніміз де болды.
Аң болып қашып тау-тастың үңгірінде күн көрдік. Ал-
дымыз тентіреп жан үшін Қытай еліне де бардық. Қа-
тын-баламыздың, туған-туысқанымыздың қайда кетіп,
қайда өлгенін де көрмегеніміз бар. Бұған көп шүкір-
лік! Мұндай түтін түтетіп, ел боламыз деп ойлап па
едік. Совет үкіметіне мың рақмет! Көзімізді ашты, қо-
лымызды есеге жеткізді. Сендер оқып, жетіліп өзіміз-
ге келіп үгіт айтып тұрсындар, елдің сүйеніші сендер,
совет өкіметі біздің төбемізді көкке жеткізді. 16 жыл-
ғы, арманда өлген боздақтарымызды еске алып, аза

* Шәйіт — арапша шаһид, адал, қасиетті өлім мағнасында.

қылғалы келген азаматтарға, оларды жіберген үкіметке Албан* елі атынан алғыс айтамын!» — деді.

Мен тағы шырқап кеттім...

Т Ы Н Ы Б А Й Ш А Л

«Сақал мұрты қуарғанда,
Қан тамыры суалғандай,
Қазаққа да күн туған соң,
Қамын жейтін ұл туған соң,
Сорлы кәрі қуанғанда...

Кеше қара түн кезінде,
Қан төгіліп жер жүзінде,
Ажал келіп шалды арбаған,
Әзірейіл жанды арбаған,
Сол сурет, шал көзінде.

Николайдың қан шокпары —
Төре менен залым байы.
Мына шалды езбеп пе еді,
Шал үмітін үзбеп пе еді,
Күлге сіңіп күн мен айы.

Шалдың енді атты таңы,
Естен шықты ескі заңы,
Айы менен күні туды,
Жалған емес, шыны туды,
Қамқор болып совет заңы.

Өз үкметін сүйген үшін,
Көз жастарын иген үшін.
Болмасқа енді рәсуа,
Шежіреге шалым қуа,
Тендік еркін тиген үшін.

Кім оятты Тыныбайды,
Қарғатқызып Николайды?
Тыныбайды ар аятты!

* Албан — Суан — осы күнгі Кеген, Нарынқол ауданына тараған рулар.

Арға тиген зар оятты!
Жаңа болды жаны жайлы.
Сексен үште өлген жүрек,
Үміт құсын көмген жүрек.
Тенелдірген үкімет есте,
Міне бүгін жыйырма бесте,
Жауын шаншып жеңген жүрек.

Түсінбеген шалдар болса,
Босқа жүрген салдар болса,
Тынекемнен алсын үлгі,
Ел болғанға Тыным белгі!..

* *

*

Ертеңіне сәскеде жұрт лек-легімен келе бастады. Астына қара тіккен қызыл тулар желбіреді.

Екі мыңнан аса ел қазағы болды. Жұрттың жыйылған жерінде суретші жағалай жүріп, суретке түсірді.

Келген өкіл сол күнгі топтың тәртібін басқарып, халықты топ-топ қылып ретпен жүргізді. Қазакстан артистері екінші қатарда төңкеріс өлендерін айтып отырды. Жұрт саулаған бойымсн Қарқараның өзеніне келіп, бір-бір тас алды. Жәрменкенің ортасын қақ жарып, баяғы кантөгістің Қостөбесіне жөнелді. Қостөбеге келдік. Баратын бетте екі қақпа бар. Бірі — қара ту байлаған қаралы есік, екіншісі — қызыл ту байлаған бостандық есігі. Жұрт жаяулап қаралы есіктен өтті.

Қайғылы күй қазақша айтылып тұрды. Және қаралы қақпаның екі жақ босағасында Николайдың «жандармасы мен болысы» тұрды. Қызыл есіктен өткенде, «Интернационал» айтылып, халық көңілді адым басты. Қолдарындағы тастарын төбеге үйгенде, зор қамаққан түспен ауырлап барды. Кейбір ақсақалды адамдар:

— «Есіл Қостөбе, кешегі қанды күнде, таудай ауыр қайғыны бізбен ортақ болып көрген сен едің» — дегендей, көзінің жасын сақалынан бұршақтай дома-

латып тұрды. Әйелдер де жыламсырап егілді. Қан жамылған қара күндерін халық шын ескерді. Төбеге жыйналған тас үш қанат үйдей болды. Басына қызыл ту байлап, биік ағаш орнатты. Азаматтардың уәдесі сол орынға белгі орнатпак.

ӘМІРЕ ЖӨНІНДЕ БІЛЕТІНІМ.⁷³

Әлі есімде, 1926 жылы Қазақстан Мемлекеттік театры тұңғыш рет ел аралауға шықты. Барлығы жыйырма бір адам едік. Қызылордадан шығып, Түркстан, Шымкент, Әулие-Ата, Пішпек, одан Алматы келдік.

Концерт әншілерінің ағасы Әміре Қашаубайұлы болатын. Әсіресе, Әміреге бір риза болған жеріміз, Қарқара жәрменкесінде болды. 1916 жылдың «Албан» көтерілісіне 1926 жылы 10 жыл толып, соны өткізуге Қызылордадан келдік. Алматыдан уәкіл келді.

Бір күні ертемен екі-үш мыңдай кісі жыйналды, Алматыдан келген уәкілдер 1916 жылғы патшаға қарсы көтеріліс туралы баяндама жасады. Соңынан қазақ артистерінің бастығы Әміре болып концерт берді.

Артистер күн ұзын демонстрацияға қатысқанына қарамастан, концертті жақсы өткізді. Әсіресе, жұрттың ынтамен тыңдағаны Әміре әндері болды. Әміре шығады дегенде, жыйылған жұрт қол соғып, сахнаға құрметпен шақырып алып отырды. Әміре жайтаңдаған бойы, көпке басын иді де, орындыққа отыра салып, шалқып даусын бір көтеріп алды да қоңыраулаты. Біраз әнді айтып кетпек болып еді, жұрт үсті-үстіне қол соғып жібермеді. Әміре «Жалғыз арша», «Сырғақты», «Смет», «Қанапия» сыяқты әдемі әндерді айтты. Әміренің бұдан басқа сан үздік шыққан жерін көрген едік. Есте қалғанның бірі осы.

* *
*

Сау бол енді, Сәрсембай сам знайт^{7*}
Сәлем! — де кемпіріңе, үйіңе қайт.
Қалған жоқ қар астында ақын Иса,
Өкпесін суық шалып жатыр деп айт.

Сәрсембай сам знайт жаның тәтті.
Қалам деп қар астында қорықтың қатты.
Менің жаным майданда жауынгердей,
Бораныңды бұркаған жеңіп жатты.

Адасуға адырда хақы жоқ деп,
Сен өлгенде күлер ед «шоқ та шоқ» деп,
Мен өлгенде күлер ел дұшпандарым.
«Арақ ішіп өлген ғой, обал жоқ» деп.

Жатыр ғой өкпе, шаншып, тіл байланып,
Желдірмеме* мініп ап ұшып кетсем,
.....
Қонар ем, Алматыны бір айналып.

* Өзінің «Желдірме» атты әнін айтады.

* *
*

Шығады менің қызым биші болып,⁷⁵
Балам жүр осы күнде-ақ күйші болып.
Сәрсембай сам знайт оқытпасан
Қалады мына балаң үйшіл болып.
Сыңсыған Сыр бойында қамыс күрке
Өмірден кетіп барад бірте-бірте.
Бұл жерге монтер керек, білемісін
Сәрсембай, сам знайт ойлан ерте.

* *
*

Жылама, кемпір жылама.⁷⁶
Жыламай күт, шыдап бақ,
Жүдей берген бола ма
Болаттан берік болар шақ.

Үнін тында, атылған
Біздің солдат оғының.
Қарасын жаудың батырған
Жүрегін жарып тобының.
Күлінде жатыр өлген жау
Өртеген үйдің шоғының.

1943

БАУЫРЫМ АХМЕТЖАН⁷⁷

Амандық. Командировкадан қайта сала хатыңа жолықтым. Бұдан бұрынғы салақтығыма кешу сұраймын; кара сөз ойландырып әурелей берген соң, онайлау өлеңіме түстім:

Бауырым, денің сау ма Ақметжан!
Халқынды жауынгерім мақтандырған.
Жарың жайнап, бауырлар гүлдей күліп,
Жас қырандай түледі алтын анаң.

Ту тігіп, туған жерің Баянаула,
Шаттанып ер ұлына, аспандауда.
Масатпен жігерленед қазақ халқы
Оғынның үнін естіп атқан жауға.

Жауынан жасқанған жан ер бола ма,
Еріне сүйінбеген ел бола ма,
Отан үшін, келешек бақыт үшін,
Отты бол, ержүрек бол, қорғалама!

Орденің жұлдыз*, айға шағылысқан,
Сәулесі келіп түсед — бізге алыстан.
Сендерді қамтамасыз ету үшін,
Еңбекті үдетеміз жалықпастан.

* Қызыл жұлдыз орденін айтады.

Ақындар қаламынан бал тамызып,
Айтысып, шаруа, өндіріс күшін жазып,
Тылда да, майданда да шабыт беріп,
Қербез ән, күй сайрауда жаныңа азық.

Көп сәлем достарыңа ақын жаннан,
Шертілді жүрек қылы қуанғаннан,
Ерлерім! Жауды құртып, сау қайтындар,
Баса бер сағат сайын алға таман.

Шымкент. 10/І 1944

ҒАНИАТБЕК ІНІМЕ²⁸

Хатынды алып қуаныштан шаттанып,
Асқар таудан асқандай боп аттанып,
Жауды жеңген жауынгерім келед деп,
Әкең отыр, қуатым деп мақтанып.

Туысқаның той үстіне той жасап,
Әне жарды, бір семізді ақтарып.
Мен де жүріп бара жатқаң бойымнан
Салдым айғай, бір түн бойы тоқталып.

18/VII 1944 ж.

ЕКПІН⁷⁹

Октябрьдің екпіні
Солқылдатып сокқанда,
Қазандағы дауылдан
Қара бұлтты қак жарған,
Нажағайдың оғындай,
Қараңғыны жарық қып,
Әлемнің жалғыз шамындай.

* *
*

Жұмыскер еңбегіне сенетұғын,
Бірлікпен қыйындықты жеңетұғын,
Айнымас алып күштің аркасында
Құлпыртып тұрмысқа гүл ететұғын.

Шегі жоқ Қазақстан табысының,
Екпіні жерді жарды дабысының,
Түрксиб алты айлықты алты-ақ басып,
Көрсетті күшті екенін шабысының.

Күннен-күнге кұлпырып,
Жаңа өмірге ұмтылып,
Өскен елім гүлденіп,

Қоңырат, ұлы Балкаш кен саласы,
Мыс қайнап, алтын төккен ен даласы,
Кеулеген тас көмір мен тау сағызы,
Қарқында социализм мол аясы.

* *
*

Алтын Отан гүл киген,⁸⁰
Сүйемін сені, сүйеді ел.
Тарихта жалғыз жасты иген,
Сырынды жайды жібек жел.

Сенің сырың күн сыры,
Марсқа барсам, — жол ашық,
Әлемнің асар қай ері, —
Ерлеріме, күн ғашық.

Жерде мен бар, сөзім бал,
Ер өскен елдің ұлымын.
Сталиннен жыр алған
Мен халқымның тілімін.

Біздің ұлы дарамыз —
Сталиннің таңында,
Бакытқа рақаттанамыз
Оның ұлы заңында.

* *

*

Уа, шіркін, шабыт атсын тілдің тілі⁸¹
Бақыттың қолымда тұр қызыл гүлі.
Аттадым Гималай мен Памирден де
Тарихтың ертеке қылған талай жылы.

Ал, кетті ақын шапты шабыт мініп,
Қырандай қыядағы сөздерді іліп;
Сөйлемек өскен елдің тамашасын,
Күш берік, кім шыдамақ шықса **ышқының.**

* *

*

Төтенше бұл VIII съезд тойы,⁸²
Жеткізген мұндай тойға кімнің ойы,
Атына Сталиннің миллион асық,
Ойы — теңіз, күннен биік оның бойы.

Айбынды большевиктің мұзбалағы,
Көреді істі болжап қыядағы,
Сталин бабамыз деп ән салады,
Пионер балапандар ұядағы.

Көсемі партияның бабам Ленин,
Бас шәкірті, серігі ер Сталин,
Шығарған конституция — ұлы заңы,
Бастайтын миллион жылдар еркін елің.

КӘРІБАЙ ШАЛ⁸³

БҰРЫНҒЫ ЗАМАНДА

Күн суық қыстың күні, даласы қар,
Жол оқап жүргізбейді тағы да тар.
Жүк салып арық атқа өлең айтып,
Келеді ыққа қарай Кәрібай шал.

Жүк тартып келе жатты Кәрібай шал,
Жалғыздық бейнет көрсе жоқ қой амал.
Жеткенде бір оқапқа қамытының
Шарт етті шұжығы үзіліп адыра қал.

Үйімде аш, жалаңаш қатын-балам,
Тамақты еңбек қылмай қайдан табам.
Жүрмейді айдағанға жамандатқыр,
Қалаға кеш боп қалды қашан барам.

КӘРІБАЙ ОСЫ КҮНДЕ

Кәрібай ілгерілеп алға басты,
Өзіндей шаруаға үлгі шашты.
Жұмысын коллективтің түрлендіріп,
Өзара социалдық жарыс ашты.

Төрт жылда орындады бес жылдықты,
Кәрібай жұмысына сондай мықты.
Астықтың ұлы қызу науқанында,
Кәрібай талайынан озып шықты.

КӘРІБАЙ ТРАКТОРДА

Мінекей, біздің тұлпар жаны темір,
Осымен гүлденеді барлық өмір.
Сарымай жемі суы, қазанатым
Тіркеп ап қанша жүкті, ей, тарта бері!

Үн қосам шарылына шырқап әнді,
Құба жон күңіреніп болар сәнді,
Еркіндеп үкіметтің арқасында
Кәрібай трактормен егін салды.

Құтылды енді азаптан Кәрібай шал,
Мүшесі коллективте ортада мал,
Көптесіп-көмектесіп еңбегі өнген,
Кедейлер бірің қалмай колхозға бар.

Кенесіп агрономға жақындадық,
Тұқымды маржандай қып тазаладық.
Көлікке темір тұлпар мініп алып,
Сайрандап ен даланы араладық.

Екпіндеп алып кашқан асау дүлдүл,
Күйініп, көре алмай жүр байлар құрғыр-
Қыртысын қара жердің айналдырған,
Тентегім, тәк, жануар, тыр-тыр-тыр!

КӘРІБАЙ ТЫНЫҚҚАНДА

Кәрібай тыныққанда домбыра алад,
Құбылтып жүзге оралтып әнге салад;
Кезінде нақ кедейшіл үкіметтің
Әлі де алдымда тұр таудай талап.

Қәрібай жалғызілік, жұмысы көп,
Тұлпарым қаңтарулы қарыны тоқ,
Сендерге ән салуға ерінбес ем,
Қайтейін Қәрекеңнің уақыты жоқ.

Япырмай, енді қайтем, ей, жамағат!
Трактор корада тұр қылмай тағат.
Шаруа тоқталмасын, өне берсін,
Жамағат көп бөгеме болар ағат.

* *
*

Жаңада айтып кетті Балақадыр,⁸⁴
Сөзіне мен отырмын етпей сабыр,
Халық сүйген Абайды феодал дейді,
Сөз бар ма ұлы ақынға бұдан жәбір.
Алтын мен мысты байқап айырмайтын,
Санасыз Балақадыр неткен пақыр?

* *
*

Қарашы, домбыраның еркесіне,⁸⁵
Исаның шығып алды желкесіне,
Домбыра — екі шекті, тоғыз перне,
Арқаның кез болдың ғой серкесіне.

Толқынды топшымменен қақ айырып,
Өлеңнің мен жүзейін өлкесіне.
Самғайын қанатымды жел үйіріп,
Қонғандай Оқжетпестің өркешіне.

І В Б О Л І М

П О Э М А Л А Р Ы

ҚУРАЛАЙ СҰЛУ⁸⁶

I

Ойласаң өткен күнді айтады жыр,
Тыңдасаң естіледі бір терең сыр,
Ой өліп, өмір сөніп көп соғылған,
Суреті өткендердің алдымда тұр.
Толқыны бұл өмірдің талайды ұрған,
Көп жанды алдап соғып, зарландырған.
Аяған дертті өмірдің пендесі жоқ,
Жас демей, кәрі демей торын кұрған.
Біреудің күшін алып, үмітін кескен,
Біреудің жүрегін жеп, қанын ішкен.
Жете алмай талай асық мұратына —
Қара күн қан жамылып, басқа түскен.
Естісем сондайлардың мұң мен зарын,
Менің де қозғалады қапаларым.
Ортақпын қайғылының қайғысына,
Үн қосып күңірену, болған барым...

II

Қазақтың Есім ханы болған кезде,
Жау жорық жапан түзге толған кезде,
Болыпты Монтай атты бір әділ би
Руы Ойбас Қыпшак, Ортажүзде.
Ол кезде Шудың бойын қазақ алған,

Неше жыл сол алапты мекен қылған.
Оңтүстік Қамсақтының жағасында,
Қалыпты Монтаекеннің аулы болған.

Монтайды елі қадір қылады екен,
Айтқанын өнсге деп ұғады екен,
Ер өліп, ел күйзелген іс болса да,
Монтакем жөндесін деп тұрады екен.
Ер құнын екі-ақ ауыз сөзбен айтып,
Монтаекен іс жүйесін табады екен.
Сырт елмен тартысқанда табан аумай,
Тендігін әділ сабаз алады екен.
Әр елдің Монтаекендей ағасы жоқ,
Болса да ондай үздік бағасы жоқ,
Жалғыз-ақ ел мен ердің ойлайтыны,
Өзі өлсе Монтаекеннің баласы жоқ.
Сол күнде жетпіс төртте бидің жасы,
Қуантып етек тартар жоқ баласы.
Пұшпағы қанамаған бәйбішенің,
Қайғысыз күн өткізер жоқ шарасы.

Тоқалдан жалғыз туған Қайыргелді,
Би түгіл қуантып ед, барлық елді.
Бір тойда диуананың тілі тиіп,
Күнінде құлыншақтай о дағы өлді.
Монтаекен сол өлгелі сөзден қалды,
Ортақ боп бұл қайғыға ел сандалды,
Жыйылып «жақсылары» ел жұртының,
Ас беріп, бата оқысып аза салды.

Ер үшін ел қайғыда содан былай,
Жұбауға Монтаекенді сөз таба алмай.
Шешенін ортаға алып отырды жұрт,
Ешбірі қолай тауып, үндей алмай.

III

Қабакты қараторы, ұзын бойлы,
Кірпікті, бурыл сақал, терең ойлы...
Бұрылып үлкен мұрын, ойлы түспен,
Халқына бір жағалап қарап қойды.

Әр-бері ойға кетіп отырды жәй,
Жұрт күтті не дейді, деп қыймылдамай,
Күрсініп жерден басын алды дағы,
Сөйледі жұртқа қарап содан былай:

«Уа, жұртым қайғырмайық бір жас үшін,
Жазмыштың сөгеміз бе еткен ісің?
Ер туса, елден тумақ, елді тіле,
Елсізден ер тумақ па, білмеймісін?..

Ер туып, жоқ елді бар қыла алмайды,
Ел болса, ер туғызбай тұра алмайды,
Тұсында әр заманның бір сұрқылтай,
Уқсаңдар ата сөзі жай қалмайды...

Үйірінен бөлінсе,
Құланның күйі болар ма,
Өз тобынан бөлінсе,
Батырдың бағы жанар ма,
Қара басын қайғырса,
Биде әділдік болар ма?
Бәйік болып халқына,
Ел қорғаған жастардың
Бәрін де ұлым демей ме,
Мейлін мырза, мейлің құл,
Бұқарасы болған соң,
Бәрінің қамын жемей ме!?
Жақсы, туса халқымнан,
Бар ма, менің арманым,
Айрылмасам салтымнан,
О да менің оңғаным.
Қартайғанда басқан ой,
Қара бастың қамы емес,
Көңілді серпіп ашпас ой,
Мұндана беру сән емес.
Қамсыз қайғы қапалық,
О да ақылдың заңы емес.

Армансыз адам көрмедім,
Осы жасқа келгенше,
Мұңсыз ешкім көрмедім

Қартайып отым сөнгенше,
Арманы жоқ ер көрсем,
Арымастай болар ем,
Азбайтын тату ел көрсем,
Тұғырға қайта қонар ем...»

Монтаекең осыны айтып қалды тоқтап,
Күрсініп қатты деммен күнін жоқтап,
Бір жігіт босағадан түрегеліп,
Сөйледі биге карап сөзді нықтап:
Қажытпау жұртыңызды тілегіңіз,
Шын сүйген ұлтыңызды жүрегіңіз,
Көлдегі көгілдірдей Қақажанға,
Қамығып жас кеткен соң, жүдедік біз.
Тағдырдың жазмышына көнгеннен соң.
Сіздің мауық басылуын тіледік біз...
Армансыз адам көрдім бұл дүниеде,
Айтайын соның жайын іздесеңіз...
Бір бай бар Шудың бойын мекен қылған,
Дермиянды тілекте көңілі толған,
«Армансыз Келден бай» деп аталады.
Он сегіз ұлы, он сегіз ауыл болған.
Биекең жігіт сөзін естіп болды,
Отырған көпшілік те көңілі толды.
Бір кезде іздемектей ойға түсіп,
Монтаекең сұрап қойды, жолдағы елді.

IV

Келден бай сол өлкеден тандап алған,
«Көк мұрын той» өзенін мекен қылған.
Ол өзен Шудан аққан бойыменен,
Батысқа өлкені өрлеп кетеді әрман.

Өзеннің екі жағы қамысты көл,
Жайылып екі тарап болады сел,
Шашты қыз, таракты алсын, шөп өседі.
Ат шаптырым алабында жайлаған ел.

Шаңқанда шағалалы кұстар-ұшып,
Шуылдап сұқсыр қонған суға түсіп.

Қызғыш — қызық, шәукілдек жағын безеп,
Аққу, қаз сұңқылдайды үнін қосып.

Алыстан көрсеткенде сұлу сағым,
Күлдіреп көтеріп тұр, көлдің бағын,
Жан-жағы көктеменің көкмайсасы,
Толтырып жаңа жарған жапырағын.

Қара құрт, қаптаған мал сонау дала,
Бықырлап ақтылы қой толған сала,
Шұбырып көлден жылқы шығып барад,
Қыйқулап жылқышылар беткейді ала.

Көктілі, көкалалы төске толған,
Сарықарын биелері мама болған.
Бұлтылдап жұтқыншақтың жұмырындай,
Жарысып құлын мен тай ойын салған.

Өзеннің алқапты астар қабағында,
Тізілген қалың елдің бержағында,
Қардай ақ алты — жеті ақ орда тұр,
Малы жоқ қотан салған бержағында.

Сыртқы елде көген шешіп, қозы маңырап,
Қыз-қатын, бала-шаға улап-шулап,
Күңіренген кешкі әуезбен үн қосылып,
Өлкенің кетіп жатыр бойын қулап.

Ортада үлкен ақ үй сегіз қанат,
Түзелген кемшіліксіз сән, салтанат.
Оюмен әлеміштеп отауларды,
Торлаған туырлығын неше қабат.

Екі үйдің арасында тартқан белдеу,
Кермеде байлаулы тұр үш-төрт бедеу.
Тұғырда томағалы бүркіт отыр,
Қақшытып жем беріп тұр, оған біреу.

Тақалған үлкен үйге ақ отадан,
Сызылып дауыс шығад, ән шырқаған,

Жуырда келіншегін алып еді,
Кенжесі Келден байдың ерке Байжан.

Күмістей ақ сақалды, қартқа басқан,
Жас мөлшері сексеннен еркін асқан,
Жамылған торғын тоны сүйретіліп,
Келден тұр, үй сыртында қозғалмастан.

Сүйеніп таяғына шырқ айналып,
Алысқа жағалатып көзін салып,
Бұлдырап кәрі көзді кеш уялтып,
Қарайды маңдайына қолып алып.

Батуға шеті ілінген алтын арай,
Жер астан, аспан үстен қарай-қарай.
Қоңыр түс ойға түсіп, қабақ жауып,
Тыйышталып келе жатыр, дүние солай.

От шашып қызыл жібек маңайына,
Нұр төгін көкжиектің маңдайына,
Түсіріп шымылдығын бір заманда,
Күн сұлу кіріп кетті сарайына.

Батыс пен солтүстіктің арасынан,
Келеді салт жолаушы бір-екі адам.
Жөн сұрап, бір адамнан қарсы жүрді,
Келдікең көз жіберіп тұрған соған.

Оқ бойы жерге келіп сәлем берді,
Қосшыға атын тастап қарсы жүрді,
Қол беріп Келден байға амандасты,
Көретін күн болды-ау деп сіздей ерді.

— Уа, шырағым қай ұлсын, — деді Келден,
Түрлерің жат көрінең, шеттен келген.
— Я, баба руым — Қыпшақ, атым — Монтай,
Көруге сізді әдейі іздеп келгем.

— Сен бе едің Қыпшақтағы әділ Монтай
Сыртыңнан тілеуші едім бір көре алмай,
Ендеше көріселік, кел қарағым!
Жыласып, құшақтасты содан былай.

Келден мен Монтай бірге аяқ басты,
Шубыртып соңдарына ылғый жасты,
Кіргенде ақ ордаға сәлем беріп,
Монтаекең бәйбішеге амандасты.

Терісін ақбөкеннің бөстек қылған,
Ақ киіз оюлатып сырмақ салған.
Арқаларын бумалы жүкке сүйеп,
Отырды екі мейман барып соған.

Кеңеспен бірсыпыра уақыт өтті,
Жататын ауыл, үйлер мезгіл жетті.
Бірі сөйлеп, мақұлдап, бірі тыңдап,
Бірталай қариялар сөзге кетті.

V

Бір сөздің кезеңімен жанастырып,
Монтаекең байға бір сөз басып өтті.
— Бақ мынау, бала мынау, дәулет еркін,
Келдеке, сізде де арман бар ма? — депті.

Келдекең аз бөгеліп ойға кетіп,
Монтайға жауап берді сөзін күтіп.
— Армансыз бұл дүниеде жан бола ма,
Жеткізген кімді «тәңірі» түгел етіп.

— Таңданам, сіздің арман қандай екен
Жасаған жанды, бақты бәрін берген.
Естіп ем сыртыңыздан армансыз деп,
Бірінші себебім сол іздеп келген.
Тындарлық оқыйға екен арманыңыз,
Шер болып жас жеткенше есте жүрген,
Елден де ер арманы күшті деген,
Байланған шеріңіз бар қандай жерден?

— Ешкімге айтпаушы едім бұл арманды,
Қайғымен күйдірsem де шыбын жанды.
Адам емес, алла емес, мен кіналі,
Өлтірттім жазасы жоқ бір жас жанды,

Дүниеден күлмей өттім, күлмес хандай,
Ойласам өкінішін тау басқандай.
Кеудемнен арсыз жаным шықпаған соң,
Тірі жүрмін өмірмен ұнасқандай.

Есімнен қалмай жүрген сол өкініш,
Күніренем де, жылаймын ертеңді-кеш.
Күрсініп дертті леппен демін үрлеп,
Басын шайқап: — еттім деді еңбегін еш.

Монтайым мейманымсын шын құрметті,
Саған айтпай, кімге айтам қайғы дертті.
Сақалын сыйпап ескі балуан қолмен,
Ертеқ қып өткендерің бастап кетті:

— Дарига-ай, жалын сөнді, кәрілік жетті,
Дәуренім өң мен түстей өтті, кетті.
Қуарып тән қартайып, жан жүдер деп
Жастықта көңіл мұны қашаң күтті.

Өмірдің алды жарық, соңы қара,
Талайға түсірді ғой бітпес жара.
Келденнің арманына ой жіберіп,
Менің де жас жүрегім пәре-пәре.

— Еліміз тым жауынгер күшті ел еді,
Жорықта талайға жол бермеп еді.
Басшы еді бір тайпы елге ағаларым,
Ешкімнен туып тосу көрмеп еді.
Бір туған үш ұл, бір қыз төртеу едік,
Әкеміз ол уақытта өліп еді.
Мен едім үшеуінің ең кенжесі,
Он үшке менің жасым келіп еді.
Қалмақтың жортушысын аңдймыз деп,
Жас қалмай, барлығы атқа мініп еді.
Тамыздың аяқ кезі жаңылмасам,
Ел көшіп Қаратауға қонып еді.

Кемпір-шал, қатын-қалаш елде қалдық,
Күзетке күндегідей даярландық.

Түн болды, малды ирдік орталыққа,
Бір-бір ат бәріміз де ұстап алдық.

Еркекше әйелдер де киіп алған,
Түнімен аттан түспей ел айналған.
Қосылып екеу-екеу әрқайсысы,
Үзілтіп неше түрлі әнге салған.
Жым-жырт түнде сызылған сұлу дауыс,
Жаңғыртып ұйқтап жатқан тауға барған.
Жыр төлғап, қысқа таңды әнмен алдық,
Ол күнде әдет пе еді қажып-талған.

Оянды таста ұйқтаған таудың кұсы,
Сәулемен араласқан жат дыбысы,
Шырлады бозторғайы ақ көденің,
Сарғайып тұрмған соң таңның түсі.

Албасты жерді басқан қараңғылық,
Білінбей бара жатыр ептеп жылып,
Түрленіп өң мен түстің арасындай, —
Таң туып келе жатыр сан кұбылып.

Бұлдырап Қаратаудың айналасы,
Бұқпа үңгір, бұғы қашқан қара тасы,
Кұшып сүйіп, құшақтасып жарыменен,
Әлі тұр табиғаттың бұлт баласы...

Аттарын жіберісті жүрттың бәрі,
Тарасты үйді-үйіне ұйқтағалы.
Түйе мініп, кәрілер жылқы өргізіп,
Қаратаудың баурынан ұзады әрі.

Сүйткенше «жау шапты» деп айкай шықты,
Дүбірі жер жарғандай тауға соқты.
Зырылдауық тартылды кідірместен,
Кенеттен күтіп пе едік, ойда жоқты.

Жалаңаяқ, жалаңбас кетті халық,
Біреуі бақан, біреулері сырық алып.
Қатын-қалаш қалмады тайлы таяқ,
Ел сендей соғылысты аттан салып.

Біреу жылап, біреулер құлап жатыр,
Ел басына түскен соң заманақыр,
Өгіз, түйе мінгендер борсаңлатып,
Жаяудан да озалмай бара жатыр.

Шуу деп айкай шыққанда, жалаңаяқ
Жүгірдім шыбын жанды аямай-ақ.
Жау да айдады, жылқыға мен де жеттім,
Шетінен ұстап қалдым сұр бикешті-ақ.

Сұр бикеш бедеу еді, арқар сокқан,
Құстай ұшып шығатын талай топтан.
Баска қылар қайратым бола алмады,
Қарусыз тұрып қалдым сонша топтан!

Қалың жау тасырлатып кетті қуып,
Алабын Каратаудың шанмен жуып,
Онайлыққа түсетін көрінбейді,
Байқадым жаудың беті сондай суық.

Айналып ауылыма қайта келдім,
Бөгелмей сұр бикешті ерттеп міндім.
Ағамның қаруынан қару алып,
Бұл жауды не де болса қуам дедім.

Жалынды жалғыз апам, шешем менен,
«Айрылып қаламыз» деп тағы сенен.
Алдадым, ізін біліп қалайын деп,
Қорлығы өтіп барад өңменімнен.

Белімде зырылдауық байлап алған,
Көк найза тақымымда қысып салған.
Айбалта, отыз оқпен садақты алдым,
Ағамнан артық болып үйде қалған.

Жөнелдім жауды қуып сонан былай,
Ел қалды жаяу-жалпы, шулай-шулай.
Бұлдырап таңның соңғы сәулесімен,
Ұшырттым жан талқыда тулай-тулай.
Күн шықты нұрын шашты әрберден соң,
Күлдіріп дүниені жас баладай.

Көміліп бу мен бұлтқа Қаратауым,
Артымда қала берді қарай-қарай.
Жарыстым сардаланың сағымымен,
Адырдан асып шаптым қара қурай.
Көрініп алдым ылдый шапқан сайын,
Ізімді тозаң қалды болжай алмай.

Сұр бикеш жымырылтып қос құлағын,
Шақырды шапқан сайын аруағын,
Тер шығып тебінгіден алғаннан соң,
Түсірді бір-ақ жерге төрт аяғын.

Екпіні алдымнан жел, артымнан шаң,
Шабысы жануардың қалдырды таң.
Көзімнен жас шығарды қызған сайын,
Құс жетпес, қоса шауып тоқтатпасаң.

Көрінді жаудың шапы будақ-будақ,
Аралас бұлтты тозаң, шу мен шумак.
Жылқыны тас қып айдап, тобың жазбай,
Масатпен кетіп барад мыңдай қалмақ!

Ағыздым алдын орай тез жетем деп,
Жалғызды елемейді кісі екен деп,
Алдына еркін шығып алған кезде,
Қатайтып зырылдауықты алдым жөндеп.

Жылқыға қарсы ұмтылдым тоқтай алмай,
Қыйқулап зырылдатып салдым айқай.
Кейін шауып жөнелді үркен жылқы,
Қалмақтың қайырғанын елең қылмай.
Жылқыға араласып кеттім кіріп,
Қуып жүр, қалмақтар да қайтара алмай.
Шаң жұтып, шомылдырдым шаңға өзімді.
Қызумен өлім барын еске де алмай.

Лап қойды, маған қарай барлық қалмақ,
Қамалап қуып жетіп ұстап алмақ.
Жалындай жалтарады, жел үрлеген,
Сұр бикеш жеткізбеді оған бір-ақ.

Айқаймен шаң жарысып көтерілген,
Қауып жоқ, қуса да әлі маған келген.
Ойнап қуып жүргендей қалмақ, сірә,
Қызығыма қуанам жеткізбеген.
Бұлтылдап шортан қуған шабаққа ұсап,
Талайынан құтылдым едіреңдеген,
Жөнелдім бір алаңмен шыға қашып,
Ойым жоқ жауға еркімді берем деген.

Қарақасқа атты, қалбағайлы қара қалмақ,
Көлденең тұра қалды маған қарап,
Жантайып садағымен тартайын деп,
Енді атқалы шіреніп тұр сығалап.

Дене шошып, жан қорқып тітіреп кетті,
Балдырған жас үмітке қауып жетті.
Жалғыз апам жылаған өлесін деп,
Шешемнің сөзі де еске түсіп кетті.
Жалын құша жалтардым үлгірмедім,
Бедеудің сағағынан оқ сарт етті.
Омақата жығылды жерге барып,
Жазмыш қылыш ойнатты, жұмыс бітті.
Үш домалап анадай барып түстім,
Шаң үстімде қуанып бұрқ-бұрқ етті.
Тұра сала садақпен екі-үш тарттым,
Тобына толғауы жоқ, оғым жетті.

Жығылды бір-екеуі қалбаң ойнап,
Қалғаны қаптап кетті, дулап қайнап.
Енді қару қылуға келмей қалды,
Түсе-түсе жүгіріп алды байлап!

Теңге тацып, еліне алып кетті,
Он бір күнде еліне барып жетті.
Жылқының жарымына мені қосып,
Олжа деп хандарына тарту етті.

VI

Сейқынның ақыр көндім мазағына,
Жегілдім неше түрлі азабына.

Тұтқынның басқасынан маған қатаң,
Арқаның хандары қас қазағына.

Орыным босағада тері тұлып,
Сыптай қылып тастаған, тар ғып тігіп,
Құлдары қоршылықпен ас береді,
Тұрады құр қылтйып басым шығып.

Қапаста қоршылықпен күнім өтті,
Елден хабар болмады, мезгіл жетті.
Қазақтың батыры деп құл мен құтан,
Бетіме күйе жағып, мазақ етті.
Көшекенде салбыратып, нарға теңден,
Тірі өліктей қор қылын сан сүйретті.
Ажалсыз жан кеудемнен шықпай жүріп,
Сол қорлықпен тұтқында бес жыл өтті.

Ол кезде Тарбағатай қалмақ жері,
Асқан жоқ көпке шейің оған бері.
Арқалық, Тянь-Шань тауын тағы жайлап,
Кей жылдар Маңыраққа да көшеді елі.
Құс ұшып, аң бармайтын қыялары,
Жалғыз-ақ сүйген пудың қоңыр желі,
Жамылған түрлі желең тау сұлуы,
Көктемде көк алқа өскен жидемелі.
Бұлт жамылып, киінген сағымменен,
Әлемге мақтанғандай, көр деп мені.
Күліп түсіп, көлемін күн құшады,
Менен басқа ұқпас деп адам сені.

Баладай өмірге ерке сұлу туып,
Ерлері жайдай ойнап, үміт қуып,
Талай жас, талай шешен, талай көсем —
Қіндік кескен осы алапта кірін жуып!

Құбылған бриллианттай жерін сырлап,
Бұлбұлы, бозторғайы және жырлап.
Көшкенде керуен өмір еске түсіп,
Кейде жас төгуші едім, көз бұлдырап.

Ханы еді қалмақтардың Сейкын деген,
 Он мындай нөкері бар сонына ерген.
 Өзі бай, өзі мықты заманында,
 Ешкімге Сейкын тұрып дес бермеген.
 Мың басы бектері бар алты-жеті,
 Өзінен басқанікін жөн көрмеген.
 Ұлдары өр көкірек, батырсымақ,
 Басқаға менменсініп жол бермеген.

Сейкынның бір қызы бар жаннан асқан,
 Жерде туып, көкте күнмен нұрын қосқан,
 Хан түгіл, халқы сүйіп Құралайды,
 Әрдайым, әйелсінбей ақылдасқан.

Талма түстің шағынмай бой нұсқасы,
 Түйген жібек секілді түйме басы.
 Кәмшат бөрік шашақты және үкілі,
 Төгілген қара мақпал, құндыз шашы.

Кең мандайлы, қыр мұрын, бота көзді,
 Түрімен ұқтырғандай, айтпақ сөзді.
 Құлқында жан тарғарлық терең сыр бар,
 Таный ма дегендей-ақ өмір бізді.

Екі бет уылжып тұр қаны тамып,
 Ақ жүзінде өмірдің шамы жанып.
 Жас баланың аузындай кішкене аузын,
 Қызыл ерні сүйіп тұр кұмарланып.
 Жұп-жұмыр үлбіреген алма мойын,
 Ақылдан орнатқандай өлшеу алып,
 Білегі аппақ арай, ақ жамбыдай,
 Сұлулық есі кетіп, тұр таңғалып.

Үстінде қызыл торғын, жеңді шапан,
 Шырмауыт жиегіне кесте салған.
 Көк көйлек, омырауында алтын алқа,
 Ол күнгі қалмақ, қазақ салты болған.

Өкшесін көкпен ойған қызыл кебі
Орнатып қыйма тақа, батқы салға,
Арканың ақ бұлтынан ай күткендей,
Қарайды ойлы көзбен кешке таман.

Қоңыр жел күліп келіп бетін сүйед,
Лебінен сүйген сайын жалын тиед.
Кей кезде жұмбақ бір ел еске түсіп,
Өз жанын өзі ұғалмай от боп күйед.

Шіркін-ай, шыдамайды-ау, жаны құрғы
Елестеп өткенді айтсаң бір терең сыр.
Өткенге ой бөлмей-ақ қояр өдім,
Жанымды женетұғын осындай жыр.

Бір күні ханның үлкен тойы болды,
Жыйнады аймағынан барлық елді.
Босатып тұтқындарын басқа жұрттың,
Ақырында жалғыз қазақ маған келді.

Өзгедей босатпады мені тегін,
Жіберсең жоқтайды деп, ескі кегін.
Алдына Сейкын ханның алып келіп,
Жұмсады ант сұрауға екі бегін.

— «Қалмаққа жау болмайсын бұдан былай
Хапымыз жарлық қылды саған солай,
Ант беріп, уәде бер, осы сөзге,
Әйтпесе босатпаймыз біз сені жай!»

Ар көрдім ант беруді дұспаныма,
Долданып қарлық іске қосқанына,
Кетіппін ызаланып қаным қайнап,
Қалмақтың ант берер деп тосқанына.

— Саған жау, Сейкын сұмырай мендей қазақ,
Болмаймын бас алсаң да үйтіп мазак.
Өлсем де елім үшін өкінбеймін,
Еркінде көрсете бер қандай азап.

Қайтсе де қосылмайды саған қаным,
Жаралғаннан жұртымды сүйген жаным.
Бүгін шешіп босатсаң ертең жаумын,
Сендей жауды жапыру ойлағаным.

Апарып орныма тағы қойды,
Қараңғы үнгір езді еңсе, бойды,
Бұрынғыдай далаға шығармайды,
Ү қылып жұта бердім талай ойды.

Талып ұйқтап кетіппін тұрып сонда,
Асулы тастан салған босағада.
Біреу келіп ешпенен оятты да,
Кепті жерге түсірді бір заманда.

Таныдым ханның қызы Құралайды,
Көргендей бұлттан шыққан жарық айды.
Бұрын талай өткенде қарамайтын,
Келеді деп, хан қызын кім ойлайды.

Үндеспей екі ойлы көз қалдық қатып,
Жұмбақты сыр денені тұнжыратып,
Күрсініп, сұлу бұрын көз тайғызды,
Асықтық әлсіретті, лебі тартып.

— Сіз бе? — деді кешегі көнбей кеткен.
Қаймықпай ханға қарсы айбат еткен.
Сіздің қазақ екеніңіз білінген соң,
Мен сізді іздеп келдім бір себеппен.

— Қандайын мұның болып келдің маған? —
— Айтатын арызым сол батыр саған:
Тең болмағыр Сейқынға пенде емеспін,
Не жәрдемің тиеді айтсам оған?

— Айт — дедім — шын мәнісін түсіндіріп,
Бастады сөзін сұлу жылап тұрып.

— Әкем Сейқын, шешем менің қазақ қызы,
Қайғымен өліп кетті, шерлі жүріп!

Әкеміз бір жорықта қазақты алған,
Аз болып елі қарсы тұра алмаған.

Сол күнде он бесте скен менің анам,
Жас науша сорлы болып қолда қалған.

Қызығып артық сұлу болғандықтан,
Анамды қаны қара Сейкын алған.
Көнбесіне еркі жоқ жылай-жылай,
Сүйтіп осы Сейкынға пенде болған.

Басқалардың шешесі қалмақ қызы,
Сорлы анамның мен-ақпын жалғыз көзі,
Өлерінде «құлыным» деп, жаным анам,
Бар еді өсиет қып айтқан сөзі.

Анама ешбір жанды тең көрмеуші ем,
Әке деп Сейқынға да өң бермеуші ем.
Аналық жүрегінде шын махаббат,
Мені ғана сүйгенін құп білуші ем.

«Жауына пенде болма» деген анам,
Қайғымен елін ойлап өлген анам.
«Жұртыма көзің көрсе сәлем айт» деп,
Қайғысын өлерінде берген анам.

Сол елі сорлы анамның сен боларсын,
Айтулы арманына тең боларсын,
Құтылмақ зор міндетім аманаттан,
Дертіме Келден батыр не табарсын?
Сол үшін келіп тұрмын міне сізге,
Түсіндім кеше ғана сіздің сөзге,
Құтқарам, мейлің тірі ал, мейлің өлтір,
Ерлік жоқ мен істейтін одан өзге.

Соны айтып мөлтілдетіп төкті жасын,
Меруеттей жаспен жуып қайғы-ызасын,
Мен де бірге егілдім ерлік жетпей,
Көрген соң күнасі жоқ жас жарасын.

Өкініп өшпес қайғы уын берді,
Дарға-ай ұмытпаймын сондай жерді,
Жасты жаспен ағызып жуа бердім,
Шыдатар әйел күйі қандай ерді.

— Жолына мен тасаттық* сен калайсың?
«Мен сендік, ар айғақ» деп қолын берді.
Жас ойда жасырынған жанның сыры,
Шығарды сұлу жүзден суық терді.

Қолының қолды қысқан ыстық лебі,
Жасырын күйді шертті денедегі,
Асықтық екі жасты кетті билеп,
Сынасып бөгелуге жетпеді ебі.

VIII

Келер түн ың-шың дыбыс тағы да өлді,
Уйқысыз біз күзеттік қалың елді.
Жәйшағыр деген ханның тұлпарымен,
Торғайкөкті Құралай алып келді.

Тасалап түн қолтығын кеттік жүріп,
Арқаның жөні осы деп желі кұрып.
Жансыз түнде тұлпардың дүбірімен,
Тас құлағын салғандай бұғып тұрып.
Екі жастың тілегін тілегендей,
Жер үстіне қараңғы тұр жығылып.
Ацқау дала аңырап айналадан,
Таулар да бас иеді тәжім қылып.
Сылдыраған бұлақтың даусы да өшіп,
Дүбірдің екпініне тұр тығылып.
Қатты жүрген жүйріктің екпінімен,
Бетті сүйіп желпіп тұр жел де күліп.
Үміт қуған жүректің тыйшы кетіп,
Дем ала алмай келеді жан тұршығып.
Талай алқап қарсыдан өрлеп асып,
Талай биік таулардан кеттік шығып.
Таң сызылып пердесі көтерілді,
Сәулемен қараңғылық итерілді,
Өлкеден қараңғылық үн шығарып,
Түрлі күй, мың дыбыспен жан тірілді.

* Тасаттық — құрбан деген мағыда.

Жас кетті киіктей ат атылдырған,
Жұпарлы далаға бой жатылдырған.
Жаркырап күн де шықты, жарық жетті,
Патшасы бар әлемнің әділ тұрған.

Анасы махаббаттың жер кұлпырды,
Нұр төгіп жер-жаһанға күн кұлпырды,
Теңбіл аспан тесіле қарағандай,
Далада тағыға еріп кім кұлпырды?
Жұмбағын сол күндердің жұтып өткен,
Кұлдары махаббаттын жас кұлпырды.
Адам деп соны да мен ойлармын ба,
Түсініп тыңдамаса мұндай сырды...

Жәйшағыр қане жүр деп елең етед,
Торғайкөк шұлғып тастап, сып-сып етед.
Қиінген асыл киім жас Құралай,
Қадаған бриллианттай жалт-жұлт етед.
Мөлдiреп екі көзі қарақаттай.
Нұрланған екі беті жарқ-жүрк етед.
Тұлпардың жалы су-су, тақым ду-ду,
Сүйіріктей сұлу қолын ербеңдетед.
Арудың әппақ тәні қажыды-ау деп,
Менін де айтқан сайын мазам кетед.

Сардала сағым ойнап сақ-сақ күлді,
Таулар да көк садағын мойнына ілді.
Басына бір биіктің шыққан кезде,
Құралай қуғыншыны қарап білді.
Алыстан шұбатылып ұшқан тозаң,
Кешікпей жақындасып бізге келді,
Сейқыннан басқалардың көбі түгел,
Есебі жүзден аса көзге ілінді.

Жөнелттім Торғайкөкпен Құралайды,
Бұл жаудан енді аяну жарамайды,
Сейқынның үлкен ұлы Дауыл батыр,
Қолденең мені жан деп қарамайды.

«Әуелі сол сайтанды шаншайын» деп,
Жөнелді қуып Дауыл Құралайды.

Жәйшағыр астымдағы құстай ұшты,
Ұмтылдым төтесінен біліп жайды.

Шашағы найзасының желк-желк етіп,
Айбалта, қылыш, қанжар жарқ-жұрқ етіп,
Тістеніп көзі жайнап о да ұмтылды.
Айқасып найза салдым, қуып жетіп.

Қырандай көз айырмай Дауыл қақты,
Көк найзам күл-күл болды күміс сапты,
Ол салды айбалтамен, мен сермедім,
Сынығын найзасының аспанға атты.
Суытпай қорамсақтан салып өттім,
Арам тән аударылып сеспей қатты.
Баяғы қарақасқа атты қара қалмақ,
Тез жетіп, менен бұрын ұстады атты.
Шапқанша садағыммен тартып кеттім,
Төбедей төңкеріліп о да жатты.
Тайсалды кейінгілер бір-бірлеуге.
Жан шіркін жаман итке қандай тәтті.
Садақпен суылдатып оқ жаудырдым,
Ажалдың айғағы боп қандар ақты.
Жанымның жаралары жазылғандай,
Аз да болса айызым тыным тапты,
Ажалдың күйін шертіп содан былай,
Шу мен шаң өлкені алды қулай-қулай,
Жаралы жан, жансыз тән идаланы алып,
Он сан адам қырылды өлімге улай.
Қыянатшыл өмірдің таласы үшін,
Сорлы адамзат қырылды-ау талай-талай.
Ер ашынса еңбегі еш бола ма,
Бір өзім көпке тұрдым жан аямай.
Басшыдан қырық шақтысын құлатқан соң,
Қалғаны тоз-тоз болды шыдай алмай.
Тізе қосып бірлесіп шаппаған соң,
Қасқырға сыртын тосқан болды қойдай.
Быт-шыт боп жеңілгені тұра қашты,
Ыңырыған өліктер қалды солай.
Қанымда кешілместей кегім қалған,
Тапқандай, тыныс алдым көңілім жай.

Бір тауда қарауылдап күт дегенмін,
Іздедім серігімді содан былай...

Бағана жау жеткенде жас Құралай,
Атылған алдындағы тауға қарай.
Келденнің бекін деген шатқалында,
Соғыстың соңың күтті жылай-жылай.
Құйындай ығы-жығы жауды көріп,
Тілейді, сақтай көр деп жасаған-ай!
Өніне үміт үзген қауып кіріп,
Атынан жерге түсті шыдай алмай.

— Не болмақ, менің күнім Келден өлсе,
Мәңгілік тағдыр ойнап уың берсе,
Хандардың енді бетін қайтіп көрем,
Мені де күң қылатын кезек келсе.
Тұтқынға жастай түскен алтын анам,
Қайтпекпің маған соның жолын берсе.
Анамның аманатын іске асырмай,
Арыма не демекпін әсіресе.

Сүйгенім көптен жалғыз арманда өліп,
Алмақ па ханның қолы мені жеңіп...
Қуарып екі беттің қаны қашып,
Жығылды тасты құшып жылап келіп.

Тұлпар тұр, тас қойнында жатты сұлу,
Үмітсіз тұңғыйыққа батты сұлу.
Үмітін ақыл қалып, сезім билеп,
Бір оңай істің жөнін тапты сұлу.

Тез тұрып алмас қанжар қолына алды.
Аяр жан сорлы жаста қанша қалды.
Алмастың суық жүзі ой түсіріп,
Кідіріп бір минутке сынға салды.

Мен өлем, Келден кайтед тірі қалса,
Өлтірмей қалмақ ұстап байлап алса,
Өлмейін сүйгенімнің ісін білмей,
Кім білед, бағым жанар, тірі қалса.

Соны ойлап шықты сұлу тасқа өрмелеп,
Ажалға ашық күші болды себеп.
Жау қашқан, Келден тосқан жерге қарай,
Дірілдеп көз жіберді сұлу жүдеп.

Жау жеңіліп майданда Келден қалған,
Жәйшағыр ор кояндай ойнақ салған.
Керек-керек қаруды жыйып алып,
Жүгіртіп келеді екен тауға таман.

Кенеттен өңі кірді жас баладай,
Жүгірді түсе сала атқа қарай.
Қарсы шауып шатқалдан шыға келіп,
Жолықты Келденімен жас Кұралай...

— Мақтанып қуандырдым қысып, сүйіп,
Қатарласып бетіме беті тиіп,
Сылқылдап жетім сұлу сүйдіргенде,
Жаны кұрғыр жай таппай кетті күйіп.

IX

Күні-түні Бетпактың шөлін басып,
Алабынан адастық арман асып.
Кез болдық қалың қамыс бір қопаға,
Шаңқай түстің кезінде қалжырасып.

Мен айттым тынығуды ат шалдырып,
Кұралай ұнатпады түйсін кіріп.
— Уры-қары, зыяны бар жер шығар,
Түспе деп, безектеді тілек қылып.

Көнбедім, демалсын деп тілегіне,
Түсінбей түйсін кірген жүрегіне.
Күлместей күлмей өткен сорлымын ғой,
Арманда әлі өкінем керегі не?

Аунатып тұлпарлардың ерін алдық,
Тамақ ішіп, жайланып тыйышталдық.

Әуе жерге түскендей ыстық күшті,
Салқындап шомылуға көлге бардык.

Бір суда жас Құралай жалғыз қалды,
Қалжырадық, ыстықтан бас айналды,
Құралай ұялам деп шешінуге,
Шомыл деп менен бөлек тілей қалды.

Тілегін бермейтұғын шамам бар ма,
Жас жүрек күл емес пе сүйген жарға.
Түспе деді, қопаға мен түспедім,
Ілғый ғана мен жеңсем жән бола ма?

Иіліп ой ойлаған қамыс, қоға,
Сыбдырсыз мұңайғандай төмен бұға.
Аспанның тақталған бұлттары,
Суретін түсіріп тұр мөлдір суға.

Жалаңаш сұлу тұрды даярланып,
Қанды көл, қопа басты шыр айналып,
Күмістей аппақ тәнге күн шағылды,
Білек, балтыр қояндай жұмырланып.
Астында қара шаштың көз жаудырап,
Еркелейді, өзіне-өзі кұмарланып.
Екі алма аналықта алдырлап,
Күліп тұр жас балаша, шамдай жанып.
Жамбыдай тән үстіне әліп тартып,
Мықынсыз сұлу суға кетті батып.
Қанатымен қағынған аққуға ұсап,
Шомылды сумен ойнап шапылдатып.
Астында шам, үстінде кұндыз жүзіп,
Ақ қайрандай денесін қыймылдатып.
Шошытты Құралайды суда ойнаған,
Әлде не жан, қамысты сылдыратып.

Кешікпей қайтып келіп тұрағыма,
Қарадым, жарымды іздеп жан-жағыма.
Бұл неге кешікті деп іздегенше,
Шыңғырған дауыс келді кұлағыма.
Тұлабойым шымырлап мұздап кетті.
Не пәле ұшырады деп қарағыма.

Жүгірдім өзім тастап кеткен жерге,
Оғын сала әзірлеп садағыма.

Дамылсыз дыбыс күттім демім санап,
Әлсіздеу ішін тартты тағы жылап,
Қоян алған бүркіттей шөге түсіп.
Құралайды жолбарыс жатыр талап.

Тұра ұмтылдым, садақпен қалдым тартып,
Жолбарыс та жығылды сеспей қатып.
Қуанышым, қуатым, жан серігім,
Сұм ажалға кез болды түзде жатып.

Қайғы басты қараңғылық қамағандай,
Қоштасып копа бірге жылағандай,
Жаралы тәнін кұшып Құралайдың,
Сорлы жан, мен күңірендім содан былай.

Айрылдым өмірімнің жарығынан,
Алып келіп, қопаға тілін алмай.
Жасымнан көргенімнің бәрі қайғы,
Жас жанды аямаған жасаған-ай!..
Несіне сенен қалып тірі жүрем,
Мені де алыс сенімен, тірі қоймай.
Өлейін деп қолға алдым қанжарымды,
Құралай ыңырсыды қозғала алмай.

Жібек шаштың астында қанданған бет,
Жарадан қан саулады, дірілдеп ет.
Күңіреніп басында Келден отыр,
Құралай көзін ашты екі-үш рет.

Сөйледі жүзіне өлім нұры кіріп,
— Құшағын жайып тұр ғой анам келіп,
Қыянатпен тууыма себеп болған,
Жауыз Сейқын жоқ болды бір көрініп...
— Жан анам, барайын ба? Барайын деп,
Рыйза бол балаңа деп, қойды күліп.
Аздан соң Келденіне арыз айтып,
Есіл қыршын жан беріп, кетті үзіліп...

Құралай бұл сөзді айтқан сонда маған,
— Сүйіктім тілегіңе жетпей қалған,
Мен өлсем де мақсатқа жетіп өлдім,
Анам сөзін орындадым мойныма алған.
Сен де жет тілегіңе әуелдегі,
Шерін жаз жүрегіңнің жараланған,
Мен өлді деп сен өлме, өмір тіле,
Дұспаныңнан кегіңді ал назаланған.

Басында қабыл болды біздің тілек,
Өлсем де сол ісімді қылам тірек.
Өмір сүріп, өркендеп, ұрпақ өсір,
Соны сенен тілейді сүйген жүрек.

Жас шығармай мәлдіреп екі көзі.
Осы еді Құралайдың айтқан сөзі.
Уәде деп зарланып серт айтқанда,
Қуа болып үн қосқан жердің жүзі.

Сұлудың Құралайдай сол болды ісі,
Жеткендей ұмытуға кімнің күші,
Монтайым қартайғанша қасіретім сол,
Арман ба, емес пе арман, маған осы?

Осыны айтып кеңкілдеп Келден жылап,
Алдын жуды сақалдан жас домалап,
Бұл арман Монтакемнің күйін шертіп,
Мұндасты екі кәрі бірдей жылап.

— Даригаһ, талай жаудан кегімді алдым,
Соғысты бұл алапта талай салдым.
Үш-ақ күн өмір сүрдім үш мың жылдық,
Не керек жазылмайтын дертте қалдым —

Деп Келден тамам қылды барлық сөзін,
Қартайтқан бұл қайғымен бейшара өзін.
Жазалы кім, жасасызды күйдірген кім?
Тексерші өткендердің әрбір ізін.

У Л Ы Қ У Р Ы Л Ы С ы

I

Өлең ойдың өрісі,
Өлең сөздің желісі,
Өлеңде де өлең бар,
Кейбір өлең жарды айтад,
Кейбір өлең зарды айтад,
Өлеңде талай кезең бар.

Өлең кейде сандалып,
Өз бетімен ән салып,
Өлім күйін жырлайды,
Өлең кейде «Қорқытты»,
Жоқтап ескі сұм жұртты,
Күңіренеді, жылайды.

Дүниедегі бар өлең,
Мен білетін дәл өлең,
Екі тапқа бөлінед,
Бірі байдың мұнымен,
Бірі еңбекші жырымен,
Екі түрде көрінед.

Мен жазатын өлең сол,
Жаңа бақыт, жаңа жол,
Пролетариат жолынша,
Жаңа майдан құрылысқа,

Социалды тұрмысқа,
Большевиктік бойынша.

Өлеңнің қата, дұрысын,
Маңызы мен мәнісін,
Еңбекшілер сынасын.
Дұрыс жерін дұрыс деп,
Қата жерін бұрыс дер,
Ал, жөнелдім, тыңдасын.

Еңбек

Жасайды адам еңбекпен,
Шын тіршілік еңбектен,
Өнеді өмір деседі,
Пролетариат дүниесін,
Тұрмысының жүйесін,
Еңбек, күрес шешеді.

Техникалы ірі істі,
Социалды құрылысты,
Еңбекпен біз құрамыз,
Капиталдың былығын,
«Интервеннің» қулығын
Еңбекпенен жоямыз.

Төңкерісшіл күй-жырды,
Жер жүзінде Октябрьді,
Еңбекпенен тойлаймыз.
Байдың табын жоғалтуды,
Тап дегенді жоқ етуді,
Күреспенен жасаймыз.

Еңбекші елде еңбек күшті,
Көркейтеді еңбек істі,
Еңбек етсең емесін де,
Не қыйынды жеңесін де,
Еңбек қымбат алтыннан.

Е з у

Ерте кезде, ертерек,
Кедей күні өткелек,
Бай біткенге құл еді.
Арам қанды айуан,
Ызғары удай, — сұр жылан,
Николайдың күні еді.

Би, шора, мырза билеген,
Жарлыны езген, илеген,
Өлдім деуге тілі жоқ,
Аз атаның баласы,
Байға қоңсы қарашы,
Тендік көрген күні жоқ.

Көл «тәңірісі» бай еді,
Жер «тәңірісі» бай еді,
Молда да соны жақтаған,
«Оңбаған кедей сен жаман,
Бар, жоқ қылу алладан» —
Деп діншілдер таптаған.

Асан, Сабыр, Мүлкібай,
Қошығұл мен Құлкібай,
Сол құлдықтан көмілген.
Тобан аяқ тобыршақ,
Еңсе түскен ыңыршақ,
Сан боздаған еңіреген.

Алты айына ешкі-лақ,
Күндіз-түні бұралып,
Өмірін байға беретін,
«Көктен шұға жауса да,
Құлға ұлтар ақ бар ма» деп,
Бай оларға күлетін.

Әйелдерді сауыншы,
Құл астында күлімші,
Тезек теріп, боқ жыйып,
Түнде тыныш ұйқы жоқ,

Күндіз рақат, күлкі жоқ,
Өмірінше өз күйік.

Алтай жаздай күн жайлап,
Жүз суынып, мың канап,
Тыным алмай, күйетін.
Қыстай суық, қарлы аяз,
Сақылдаған сары аяз,
Шымшып беттен сүйетін.

Алыстан артып шөп айдап,
Күндіз-түні қона айдап,
Өгіз, түйе жеккені,
Түтегенде күм боран,
Борағанда сүм боран,
Табылмайтын өткелі.

Сүйтіп жүріп өлсе де,
Далада боран көмсе де,
Бәрібір байға батпаған,
Қатын, бала құлшысы,
Отыншысы, сушысы,
Жарлығы таң атпаған.

Дүние соғысы

«Көк» текелер күрілдеп,
Жер сілкінді дірілдеп,
Қанды соғыс болғанда,
Алды-артына қарамай,
Қардай жауып нажағай,
Өліктен төбе салғанда.

Адамнан тыс ақпары,
Капиталдың шоқпары,
Ақыйық төре, ақ патша,
Мыңдатып айдап солдатты,
Өлімге топтап сап жұртты,
Жарлық етіп сүм патша.

Байшыл мен байдың тілегі,
Байлық еді керегі,

Еңбекшіні күлдану.
Завод, фабрик өзіне,
Көрінбей о да көзіне,
Ортаға сансыз елді алу.

Талай қала ойран болып,
Ығы-жығы майдан болып,
Фабрик-завод қыйрады,
Ақ патшаның барлығы,
Аяусыздың тарлығы,
Кан төкті қатты қыйналды.

Онан да зәрлі Николай,
Бұйрықты жазды аямай,
Бұратана ел жансыз деп,
Надан ұлттар жастарын,
Құралтпандар бастарын,
Окопка соны алсын деп.

Он тоғыз бен отыз бір,
Қазаққа мәлім бұл бір сыр.
Он алтыншы жыл еді.
Кейін тұрсын бұл қызық,
Не қылмады бай бұзық,
Кезегі қазір келеді.

Еңбекші тап, жұмыскер,
Қайраты қайнап, намысты ер,
Патшаға тісін қайрады,
Кім үшін қан төгеміз?
Патша үшін неге өлеміз!
Десті қызып, қайнады.
Ұзамай-ақ арасы,
Қазылып қойып моласы,
Патшаның кезі жойылды.

Болмады бірақ, болмады,
Жоқтады орнын қалғаны,
Өзгертті тек форымын.

Патшашыл-байшыл сұмырайлар,
Боялып жүрген талайлар,
Патшаның басты орынын.

Дос көріпті қымбатты,
Фабрик пен заводты,
Байлардың қойды алдына,
Шаруаға жер бермеді,
Тең деп көзі көрмеді,
«Некеңнің» түсті жолына.

Төңкерісшіл ерсініп,
Еңбекшіге елсініп,
Іздегені чин екен,
Жалшы, жалшы қалпында,
Малшы, малшы қалпында,
Жүре бер деген ой екен.

Ал, сол кезде аянбай,
Күресті қатты тоқтамай,
Еңбекші қамқор шын қыран.
Бостандықтың таңына,
Пролетариат қамына,
Бастады көсем ер ұлан.

Ол ер ұлан кім еді?
Еңбекшінің күні еді,
Жанын салған сол жолға.
Өмірінің барлығын,
Көрсен де сансыз тарлығын,
Өткізіп еді сол жолда.

Айдалса да алысқа,
Түссе де талай тартысқа,
Кездіксе де қыяға,
Еңбекші елін сүймесе,
Бостандық үшін күймесе,
Сол жолда өмірін қыяр ма?

Мәңгі атақты қалпында,
Ал айтам атын, ал тында,

Ленин, Ленин, Ленин ол,
Пролетариат Көссмі,
Данышпаны, шешені,
Мәңгі өлмес Ленин ол.

Февральдан — Октябрьге

Жұмыскер мен шаруаның,
Ақылшысы олардың,
Ленинде болды тізгіні.
Февральшылдар бәрі де,
Николайдың күзғыны
Тұқымы тұздай құрыды.

Патша отырған сарайдан,
Қожалық қылған маңайдан,
Айдап шықты жұмыскер,
Керенский керілмей,
Өшірді үнін көрінбей,
Қуған соң мың сан жұмыскер.

Бұл төңкеріс Октябрь,
Еңбекші елге жауды нұр,
Жер, су тиді қолына.
Заводка қожа болатын,
Барлығын әзі алатын,
Болды еңбекші табы да.

Жеткен соң мұндай ерікке,
Завод пенен фабрикке,
Ие болды пролетар.
Ленин туын қолға алып,
Октябрьдей жол салып,
Аймағын алды бірқатар.

Еңбектің дос жақыны,
Барлығы Ленин ақылы,
Қойылды жолға талай іс,
Еңбекші табын қорғауға,
Даңғыл жолдан таймауға,
Жұмсалды сонда ұлы күш.

Патшадан қалған чиншілдер,
Поп пен молда діншілдер,
Жойылып сонда болған жоқ.
Кавказ жаудың торында,
Сибирь Қолчак қолында.

Жұмыскер мен шаруадан,
Октябрін қорғаған.
Қызыл әскер құрылсын,
Деп Лениннің ақылы,
Осы болды мақұлы,
Құп алды Көсем желісін.

Тап соғысы қозғалды,
Тәп тілегін қолға алды,
Басталды сілкіс. қайнады.
Бай шарабын ішкендер,
Уына елти түскендер,
Солармен аштық майданды.

Жеке алып Омбы қаласын,
Қазақтың билеп даласын,
Адмирал сұм Қолчак,
Бақсыдай жынын шақырды,
Аюдай жұртқа ақырды,
Жауыздықпен сұм Қолчак.

Канқұйлы залым атаман,
Канды өзің атаған,
Не қылмады Анненков,
Жарлының жанын ойын ғып,
Өлтіргенін тойым ғып,
Қан ұрттады шөліркеп.

Дутов ертіп қырық мыңды,
Канішер ылғый сұм жыңды,
Қазақтың елін ойрандап,
Большевикті жеңем деп,
Сендерге теңдік берем деп,
Байларменен сайрандап.

Қазақтың сұмырай байлары,
Топтаған жылқы барлары,
Бұл үшеуін қолдады.
Ат-айғырын аямай,
Алды-артына қарамай,
Төрелерге сыйлады.

Залым жауыз Анненков,
Жарлыны жанышты, талады,
Қыз-қатынын зорлады,
Ұрды-соқты талады,
Сүйгенін қолмен алады.

Баяғы июнь жарлығы,
Патшаның қысым тарлығы,
Қан жамылған қазаққа,
Бай, манаптар сау болып,
Жарлыларға жау болып,
Түсірген талай азапқа.

Ауылнай, болыс, төре, би,
Патшадан алмақ еді сый,
Кедейін жаншып езуге,
Жетім-жесір тұлдарды,
Қарашы, мұндық құлдарды,
Окопка айдап беруге.

Айтқанын істеп, зарлатып,
Әмірін жұртқа орнатып,
Баласын байлар қалдырған,
Жасы кемін үлкейтіп,
Жасы асқанын кішірейтіп,
Кедейден тізім алдырған.

Он алтыншы ұлу жыл,
Қан ағызған улы жыл,
Қалың елді күйреткен.
Байлық құлы төрелер,
Қанға тоймас денелер,
Езілгенді күңіреткен...

Тағы соның салтымен,
Бұзықтың нәлет атымен,
Анненков, Колчак күйретті,
Бай біткенді саялап,
Ақша мен атын аялап,
Жалшылар жағын қыйратты.

Пролетариат әскері,
Октябрьдің достары,
Шыдамады бұл іске,
Басшымыз Ленин қырағы,
Таптың жарық шырағы,
Салындар деді бар күшке.

Ақтардың туы жығылды,
Сібірге қарай сығылды,
Кызыл әскер қоймады,
Ақтардың бетін қайырып,
Қорғасындай майырып,
Сұңқардай шүйгіп, ойнады.

Кердең басқан кер Колчак,
Адмиралы «көр Колчак»
Кезікті күшті ашуға,
Жөңкіле тосып әскері,
Кайғы болып қара бастары,
Түзеді бетін қашуға.

Орынбордан сырылып,
Түбірімен түріліп,
Оралға келді жосылып,
Ақ жеңілді оңбады,
Алысар күші қалмады,
Сырғый берді, жосылып.

Еңбекшінің қастары
Үш залымның әскері,
Өртеді талай қаланы,
Малдарын талап талайдың,
Бастарын шауып малайдың,
Найзаға шанышты баланы.

Солдат көрсе ес қалмай,
Үрейі ұшып, түс қалмай,
Қатын-бала шулайтын,
Мылтықты адам көрінсе,
Ат дүбірі білінсе,
Зәре, құты қалмайтын.

Қатын-қызын жасырып,
Жалынысып бас ұрып;
Ақ келсе «шажда» қылатын,
Шаруаны әржақтан,
Әскері ақтың сорлатқан,
Кез келсе әйран салатын.

Көрмегенді көргенде,
Ақтар сирей бергенде,
Қызылдар келді жайнатып.
Қызыл туы желкілдеп,
Жауларын жеңіп, еркіндеп,
Асауларын ойнатып.

Талауға аяқ салмайды,
Дүниеге жақын бармайды,
Жібектен жұмсақ есіліп,
Шамдай күліп-ойнайды,
Қорықпандар деп жайнайды,
Өзіңмен өз болып қосылып.

Жарлы, батырақ, жалшыны,
Ауылдағы малышыны,
Жанындай жақын кереді,
Біз сендердің өзің деп.
Туысқаның көзің деп,
Ақылын айта береді,

Тап дұшпанын жеңген соң,
Қызыл әскер келген соң,
Жұмылған көз ашылды.
Кедейдің көрген зорлығы
Басынан кешкен қорлығы,
Ақ жеңіліп басылды.

Октябрь келіп орнады,
Жарлы еңбегін қорғады,
Орташа, кедей еленді,
Жалғыз атты кедейлер
Жер, суға толық кенелді.

Жеңілсе де қоймады,
Қастығын байлар ойлады,
Бандит жыйып қамады,
Еңбекшілер ұлынан,
Қызыл ерлер тобынан,
Жеңілмей бандит қалмады.

Алаш қолын бастаған,
Ұлтшылдық туын ұстаған,
Байшылдар тобы жығылды.

Т е н д і к

Алтын тағы өзінде,
Ақ патшаның кезінде,
Отар болған ұсақ ұлт.
Октябрь беріп жеңісін,
Кеңейтіп теңдік, өрісін,
Өз көзімен көрді жұрт.

Тізгінін ұлттар өзі алды,
Жалшылар басы құралды,
Сансыз мектеп ашылды,
Білім нұры шашылды,
Бар ма еді бұрын көргені.

Нешеме жыл езілген,
Еріктен күдер үзілген,
Оянды шалқып күншығыс,
Бостандықпен ән салып,
Ленин туын қолға алып,
Есеге жетті ен шығыс.

Өмір бойы күң болған,
Күні кара түн болған,

Әйел де алды тендікті.
Қатын үсті қойылды,
Қалыңға сату жойылды,
Сүйгеніне әйел ерікті.

Жарлы-жалшы, батырақ
Майданға кірді жарқырап,
Еркек-әйел демеді,
Оқу-білім үйренді,
Бай-құлақтан жиренді,
Құлдығына көнбеді.

Ж а н а ү н е м с а я с а т ы

Ақ жеңіліп кеткен соң,
Қыймылдар мезгіл жеткен соң,
Түзеуге кірдік шаруаны.
Күшті жыйып алғанша,
Бас, аяқ түгел болғанша,
Босаттық базар, сауданы.

Бай ойлады байлықты,
Саудагер де бірікті,
Базарға қатты қуанып.
Жағдайды оңдап алғанша,
Умтылар сағат болғанша,
Қалсын деп дұшпан жұбанып.

Байлар құрған соғыста,
Талаушы байлар ұрыста,
Бұзылған талай фабрик
НЭП кезінде жөндетіп,
Жаңаланып өңдетіп,
Бұзылғанды түзедік.

Ерік бермей, тіресіп,
Ішкі жаумен күресіп,

Компартия бастады.
Төмендетпей маңызын
Социалды негізін
Ленин тура ұстады.

Негізінде байшыл сұм,
Троцкий контр сұм,
Сыр білдірді сол кезде.
НЭП-ке қарсы тілегі,
Сумдық ойлап жүрегі,
Арам ойы болды өзге.

Пролетариат оң көзі,
Партияның жұлдызы,
Бабамыз Ленин нық шешті,
Бір адым кейін аттаймыз,
Одан зыян таппаймыз,
Жыйнаймыз бойға бар күшті.

Күшті жыйып алған соң,
Кемеліне барған соң,
Ілгері қарап басамыз,
Содан кейін аянбай,
Бар жігерді аямай,
Қарғыймыз, алға асамыз.

Айтқаны екі болмады,
Бай менгеріп алмады,
Ойлағандай сарт етті,
Көтеріліп алған соң,
Күш-жігер даяр болған соң,
Ұлы жоспар жарқ етті.

Л е н и н

Еңбекшілер көсемі,
Қырағысы, шешені,
Күнбұрын бәрін болжаған,
Капиталмен күресте,
Нешеме жыл тіресте,
Қажымаған, талмаған.

Күннен-күнге тынығып,
Кайраттана шынығып,
Ұлы іске бетін нұсқады.
Әуелі Ленин нұсқаумен,
Партия дұрыс бастаумен,
Бесжылдықты бастады.

Ұлы жоспар

ССРО бесжылдық
Құрды жоспар, капитал
Ұрылдық — деп шулады.
— Шаруасы гүлденсе,
Өндірісі өрлесе,
Бітеміз — деп жылады.
Күндеді күйіп, капитал,
«Қайтеміз» деп болды дал.
Қалай бөгет қыламыз,
Большевиктер күшейсе,
Шаруасы есейсе,
Бас көтермей қаламыз,
— Деп капитал күйініп,
Соғыс тілеп сыйынып,
Ал, Чан Қай-ши ал, — деді.
Кару-кұрал берейік,
Астық, алтын демейік,
Кеңеске бүлік сал — деді.

Қашқын ақтар қосылып,
Чан Қай-ши қызды, есіріп,
Кеңеске бүлік салуға.
Бесжылдықты сындырып,
Оңай ғана тындырып,
Шығысқа жожа болуға.

Шуылдата, шаңдата,
Бейбіт елді қандата,
Душпандар ісін бастады.
Қыйыр-шығыс жолды алмақ,
Қайраты белат, большевик,

Капитал сұмнан алып кек,
Октябрьді жасаған.
Миллиондаған пролетар,
Орташа, кедей және бар,
Барлығын өзі бастаған.

Күшейді қауып дегенде,
Тар кезеңдер келгенде,
Ақыл таппай, саспаған,
Төңкерістің ағысын,
Октябрьдің табысын,
Адастырмай ұстаған.

Ол кім еді—Ленин ед,
Үздік туған ерім ед,
Алыстан көргіш қырағы,
Болашақты айтқан алдағы,
Іргесін қалап ұлы істің,
Желісін құрып өрістің,
Қаза болды данышпан.
Өзі өлсе, ісі өлген жоқ,
Жолын ешкім жеңген жоқ.
Сталин—көзі, бір туған:
Ленинде еді тілегі.
Дүние завод, фабрик,
Сол бір сәтте тоқтады,
Күрсінді миллион қайғырып.

Капитал сұмдар қуанды,
Өлді... деп Ленин жұбанды,
— «Енді совет кұлайд» деп.
Пролетар олай сенген жоқ,
Бәрібір Ленин өлген жоқ, —
Табым, партия күнім — деп!

Партия бастап күштерін,
Түзей берді істерін,
Өлген жоқ Ленин, өлген жоқ.
Сокса да лүпіп жүрегі,
Капиталдың тілегі,
Бәрібір ақыр келген жоқ.

Шығыс жақты мүлде алмақ,
Лап қоя күшін тастады.

Сталин Көсем бастаған,
Ленин жолын ұстаған,
Соғысқа кеңес кірмеді.
Біз соғысқа шықпаймыз,
Өзің тисең бұқпаймыз,
Тарт қолыңды, жый—деді.

Оған да байлар болмады,
Тындап тілді алмады,
Қол салды кеңес еліне.
Бөтеннің жерін алмаймыз,
Басқаға да бермейміз,
Қызыкпа кеңес жеріне.
Алыста алтын киген Қыйыр-Шығыс,
Басталды сол шығыста алыс-жұлыс.

«Жау басып келе жатыр кеңес жерін,
Қор қылмақ қолға түссе еңбек ерін,
Отанын кеңесімнің жауға бермен,
Штабым рұқсат бер батыр елім».

...Бастығы қызыл әскер Ворошилов.
Бұдан соң ойға кетті мың түйіліп,
Бұйырды армияға «қыймылда» деп,
Бойына төңкерісшіл күш жыйылып.

Чест беріп, сертін берді қызыл ерлер,
Жеңбейді ұмтылғанмен капитал құр.
Барлығын бір жұмада орындаймыз.
Аттауға алға басып, рұқсат бер.

Армия бұдан кейін рұқсат алды,
Алатау бағанаға* көзін салды,
Сан қару, айбынды ер әділетті,
Бір сапқа қатар түзеп тұра қалды.

* Бағана — границадағы белгі ағаш.

Аржағын капиталдар тобы басқан,
Дүние сұмдары мен ақылдасқан,
Ақтардың қашқаны да солармен бір,
Қан жұтып, улы тырнақ зәрін шапқан

Бержағы ұлы өндіріс, ұлы гигант,
Іс істеп түр көрсеткен, әлемге шат,
Елінде социализм күш мөлайып,
Өсірген еңбек құнын, мың сан қабат.

Заводқа сермеді бай нажағайын,
Пушқасы, танкісімен, бәрі дайын.
Бұзуға ССРО-ның бесжылдығын
Қолданды капиталшы бар ондайын.

Болаттай Қыйыр-Шығыс армиясы.
Айнымас еңбекшінің өз баласы,
Шындықты, әділетті ардақтаған,
Қорғаған ұлы Отанын—өз анасын.

Армия сертін берген партияға,
Жау шаңын асырмасқа бұл қыяға,
Тыңдады Ворошилов жарлығын да,
Жол берме—деп айтқанын сұрқыяға.

Шүү, деді тұлпарлары, аспанға атты,
Тап жолы, тап тілегі аса тәтті,
Сермеліп қылыш, найза оңды-солды,
Ажалға атылған оқ, жауын тапты.

Өрледі біздің кеме судың бойын,
Капитан ерте білген жаудың ойын,
Қол сұққан еңбекшілер Отанына,
Тартқызды қызыл ерлер, жау сазайын

Орнатты капиталға ақырзаман,
Ойлаған өзін басты қара тұман,
Қайтпады Қыйыр-Шығыс армиясы,
Душпанды жүндей қылды, оқ жаудырған

Көк жүзі тұман болды у қайнаған,
Өлімді тап жолында кім ойлаған,

Есейген асыл еңбек қаһарманы,
Алдында пролетариат сөз байлаған.

Күл қылдық капиталдың найзағайын,
Байлардың жерге тығып, көктегі айын,
Қырағы қызыл қыран ұмтылғанда,
Зәррәсі ұшып Чан Қай-ши салды айқайын

Дұшпанын пролетариат соқты солай,
Сұм жаулар қол көтерді шыдай алмай
Келгенін бет қаратпай Қыйыр-Шығыс,
Сырт дұшпан бір басылды содан былай

Армия оттан ыстық, күннен өткір,
Не қайрат, не батырлық өзінде тұр,
Қаскүнемді қайтардық ұмтылғанда,
Енді біздің жоспарға бетінді бұр.

Ақ кетті қайыр сұрап капиталдан,
Чан Қай-ши сертін бұзды алтын алған.
Қытайдың отанына қол салмадық,
Үйткені, еңбекшісі — біздің ұлан.

Сыртқы жау жеңілген сон ақыр солай
Тон киген арамызда болды талай,
Зыянкес сұмырайлар сан табылды,
Сақтығы еңбекшінің, міне, осылай.

Күшейтті қызыл ерлер күзет ісін,
Қызыл ер қырағылық сақтап күшін,
Отанын еңбекшілер берік қорғап,
Бекітті күзетпенен барлық тұсын.

Ө с у

Бастадық көп күреспен бесжылдықты,
Бұл істе дәлелдедік бар шындықты,
Кеңестің социалды бесжылдығы,
Дұшпанды түңілдіріп, жерге тықты.

Жасайды ірі гигант «кереметті»,
Ол үшін капиталдар болды дертті.
Миллион жыл шірік қыял табалмаған,
Аз жылда еңбекші тап іске жетті.

Тап күрес майданында

Капиталдар жеңімді, есі кетті,
Басында мақсат қылған бөгемекті,
Тап дұшпанын еңбекші ел таптады да
Лап қоя, бесжылдықты бастап кетті.

Үйіріліп мың бұралып өзді-өзі ойнап,
Тынбастан қарт Днепр аққан қайнап,
Ақ жайқын ашық беті, ақ күмістей,
Ажайып кестеленіп жатыр жайнап.

Кең толғап екі қанат ортаға алып,
Ағызад кездескенде көбік жарып,
Буына көк тілдескен Қара теңіз,
Днепр косылады соғап барып.

Күші көп, теңіз құшқан мол Днепр,
Өлшеусіз пайдаға асты ер Днепр,
Зулатты электрдің машинасын,
Тұрмысқа социалды, сол Днепр.

Байытып электрмен талай жерді,
Күншығыс Европаға жарық берді,
Лениград, Москва, Харьков қалаларын,
Нұрымен мың сан есе түрлендірді.

Екінші жетекаба, сұлу Волхов,
Сарқырап аққан суы ыршып, толқып,
Днепр, Волхов сынды алыптардан,
Капитал дүниесі отыр қорқып.

Өлшеусіз бесжылдықтың табысы мол,
Социалды тұрмысқа салынды жол.
Миллион жыл, еңбекші езілгенде,
Кім ойлаған табысқа жетед деп қол.

Жұмсадық электрді нұр жайнаған,
Баладай күлкі бөгеп, ана ойнаған,
Заводта, фабрикте, өндірісте,
Бәстесіп жұмыскерлер күш қайнаған.

Өркендеп ұлы гигант өрге шауын,
Табыстан-табыс асып масайраған,
Басшымыз Компартия тура бастап,
Адаспай алған беттен, бір таймаған.

Қазір бізде жүздеген ұлы өндіріс,
Бұл бес жылда бітірдік, сан күрделі іс.
Мұның бәрін істеген еңбекші ерлер,
Өмірі ұзақ, ұлы бет біздің өріс.

Автомобиль, трактор заводтары,
Сапасы санынан да молайды әрі.
Олардың тарайтұғын станциясы,
Санағанда сан мыңдаған қазір бәрі.

Дүрілдеп өсудеміз күн көгіндей,
Гүл атып, жұпар шашқан жер түгіндей,
Жерде жүйрік машина, желден озып,
Аспанда аэроплан мінді кедей.

Қайнаған жердің майы — жасыл нефть,
Жоспардан әлдеқашан асып кетті.
Суырып жеті қабат жер астынан,
Біршытқан машиналар кереметті.

Мұнаймен бітпейтұғын іс болмайды,
Мұнайсыз машинада күш болмайды,
Мұнайдан шыққан бензин қайнатпаса,
Мотор да, машина да зырламайды.

Сондықтан ірі байлық асыл мұнай,
Пайдасын тигізеді мұнай солай.
Керосин, машина май бәрі содан,
Май шығады біз білмейтін тағы талай.

Бұл емес, біздің әлі барлық табыс,
Үдеуде күн-күн сайын аяқ алыс,
Машиналар жасайтын асылдарды,
Өндіру жолында да жарыс-шабыс.

Шашакты шымылдықты кербез Орал,
Көргенде күлкі төгед әр кез Орал,
Алтын кен, асыл болат, металл сонда,
Шаттанып төккізеді арадан бал.

Орал мен магнит қоры заводында,
Кендердің неше атасы бәрі сонда,
Екпінді жұмыскердің жігерімен,
Жоспарын мойнындағы асырды онда.

Бәйгі алды сан еңбекші, бұл жарыстан,
Тап жауы күйінерлік көрсе алыстан,
Аймағы ССРО-ның былғай тұрсын
Жүз есе алға кетті Қазақстан.

Сибирь мен Түркстанның арасында,
Жеті тау Аягөздің даласында,
Күм басқан шөл болатын сорабы жоқ,
Жалғыз-ақ керуен кезген түү басында.

Бұл күнде темір тақта салынды жол,
Кеңестің арқасында жеткен соң қол,
Бөктерлей Алатаудан ағып өтіп,
Семейден, қырдан асып түйіскен ол.

Қақ жарып қара тасты жүндей түтіп,
Ойлы-қырлы төбені тегістетіп,
Алысты жақын қылды паровозым,
Ордасын Қазақстан жанап өтіп.

Бұл жолда колхоз да бар, совхоз да бар,
Асықса аптықпайды көлік күтіп,
Жол алыс жүк жөнелтсін керегінде,
«Қара айғыр» келіп тұрар салып жетіп.

Сағыз шөп, жібек кендір осында өсті,
Қажеттің нешетүрлі бәрін шешті,
Бұ дағы социалдың қазынасы,
Көп себеп үдетуге өндірісті.

Қарсақпай, Қарағанды жатыр дулап,
Кен шөккен, алтын, күміс астын кулап
Алтайда Риддерім сапасы алтын,
Күлгізген еңбек ісін нұрмен булап.

Барлығы байланысты бір-біріне,
Әрқайсысы бәрі дайын керегіне,
Кенді артып, паровозды айдап күш беретін
Баға жоқ Қарағанды көміріне.

Сибирьде көмір шөккен кәрі Кузбасс,
Атақты Оңтүстіктен алуан Донбасс,
Санауға барлық кенді сан жетпейді,
Бәйгені ССРО-ым қайтіп алмас.

Мақтаның зор байлығы Түркстанда,
Мақтаарал әсіресе біздің танда,
Жарысып колхоз, совхоз здельнимен,
Бірінен-бірі озад жарысқанда.

Халықтың шаруасын көтеруде,
Бірігіп коллектив боп, күш беруде,
Тап жауы бай, залымдар қастық ойлап.
Қапелім қатты кірді өсірмеуге.

Байлардың кәмпеске боп талайлары.
Арада қалғаны бар бірақ әлі,
Ірітіп колхоз ісін жүргізбеуге,
Сумдардың ойлайтыны жетсе халі.

Күресіп оңымен де кедей табы,
Душпанын жоғалтуда арадағы,
Аластап бас бұзардай сойқандыны,
Адымдап келе жатыр колхоз дағы.

Өсуде колхоз, совхоз қол ұстасын,
Біріне-бірі қатты қарайласып,
Қомбайн, тракторды ат қып мініп,
Сапында әндетеді егін шашып.

Бір кезде байда жүрген жалшы мағай,
Бүгінде тракторшы салады айқай,
Қатқан тон, жырттық тымақ кеткен ұшып,
Қаласың енді көрсең таный алмай.

Жасыл бел жапырылған егін басып,
Желкілдеп өскен бидай дәні тасып.
Ең соңғы бесжылдықтың асуында,
Қоғамға социалды нұрын шашып.

Еңбекке еркек, әйел бірдей кіріп,
Тұрмысын көгертуге бірге жүріп,
Ашылды балаларға бақша дағы,
Бөбектер салды асыр ойнап, күліп.

Салынған мектептері баласы үшін,
Қолхозда қолға алуға білім ісін,
Мындаған комсомол мен пионерлер,
Еңбекке еркелене салды күшін.

Кемшілік әлі де бар кей жерінде,
Анықтап түсінбеген кейбірінде,
Араға кіріп алған бай, кулактар,
Әлі бар зыянкестік кедергіде.

Ал, колхоз ерінбендер өссін еңбек,
Не қыйын ауырынды еңбек жеңбек,
Өзінді-өзің тартсаң өсе алмайсың,
Ұйымдас еңбегіңе аса жөндеп.

Көшіндер бірің қалмай здельниге,
Бай, кулак бұрмаласа кетпе ыңғайға,
Аранда кертартпалар кейін кетсе,
Ол сұмдар тап дұшпаны, ерме ондайға.

Орында алты шартын Сталиннің,
Маңызы сонда өседі еңбегіңнің,
Күшті сал өндірісің өссін десен,
Минутің бос кетпейді сонда сенің.

Коммунист, комсомол мен кедей батырақ,
Көңілді күн сенікі, жатпа карап,
Түсіндір түсінбеген ер, әйелді,
Шарттарын Сталиннің үйрен сапаң

Аянба тап күресі майданында,
Тұрмыстың социалдық сайранында,
Жасауға тапсыз қоғам әзірленіп,
Екінші бесжылдықтың қарсаңында.

Бұл бес жыл капиталды тастай ұрды,
Ушырады дағдарысқа дымы кұрды,
Іргесін социалдық біз қаладық,
Әлемде еңбекшінің көзі көрді.

Әлі мол сақтанарлық жаудан қауып,
Капитал соғыс тілейд естері ауып!
Ешкімге тимеген соң кеңес елі,
Әзір тұр соқтыға алмай, дәлел тауып

Пролетар жер жүзінде түгел дайын,
Байлардың құл қылуға нажағайыш,
Қырағы қызыл әскер ССРО-да,
Қорғайды Октябрьдің жарық айын.

Штабы еңбекші әлем Кремльде,
Тағдырын келешектің шешкен мүлде,
Лениннің жолын ұстап жөн бастаған,
Сенеді еңбекші әлем Сталинге.

Сыналдық бұл он төрт жыл аймағында,
Ұлы жол Октябрьдің сайранында,
Партия адастырмай бастамақшы,
Екі дай—тап күресі майданында.

АЛТАЙ АЯСЫНДА⁸⁸

I

Ал десең аясына алады Алтай,
Көргенде көңілге күй салады Алтай.
Сұлудай торғын киген бұлт жамылып,
Арқаға әлденеше қарады Алтай.

Алтайдың ең үстіне Ақтау биік,
Бойына бұлт жете алмай тартқан күйік
Андары, бұғы, марал ойын салып,
Секірген қыясында өршіл киік.

Алтайдың алқабында аю, қаблан,
Оңтүстік даласында орғып құлан.
Елігі ешкісімен есебі жоқ,
Жайылып сайын шөлде сайрандаған.

Секілді ақ бас атан алабасы,
Бұлт жайлап, бұлттан өзге қоналмаған
Ақша қар ақ күмістей ай шағылып
Жібектей бұлттан басқа оранбаған.

Арудай қараторы көсіліскен,
Қаратау етегіне құлап түскен.
Ақ торғын қалықтайды қойнауында,
Гүлдердің көбелектер сөлін ішкен.

Бірінен-бірі биік — ну қарағай,
Етектен көтерілген өрге қарай.
Таулардың, өркештенген өрлерінде,
Қыз емшек, қыя тастар, тұр жағалай.

Көргенде көз, көңілдің Алтай емі,
Алтайдың кен аңқыды алған демі.
Жерінен алтын, күміс жентектеліп,
Алтайдың кен құсады талай жері.

Күн мүсін қыздан сұлу Алтай сері,
Күмістей су лақтырған өзендері.
Даусынан дүрілдеген тау сілкініп,
Тас жарылып құлайды кейбір күні.

Ән салады бұлбұлы үзілдіріп,
Үннен үнді маржандай тізілдіріп,
Нәзіктігі жүректі елжіретіп,
Есің ауып тыңдайсың дымың құрып.

II

Алтайды аялаған талай халық,
Жеріне, жемісіне мейрі қанып.
Ұйғыр, ойрат, торғауыт, қазақ, қалмақ
Алқа тағып, Алтайда жүргені анық.

Жалын жұтып, тас шайнап талай ердің,
Ханмен, бекпен күресіп өлгені анық.
Алмас қылыш, ақ семсер, көк сүнгімен.
Хан алдаса батырдың көнгені анық.

Сол Алтайдан батысқа көзді салсаң,
Қоныс қылып найманның жүргені анық.
Қалмақ, қазақ хандары бірауыз боп,
Қарашыға соккыны бергені анық.

«Қарақасқа атты Қамбардың еліміз» деп.
Токсан үйлі тобырлар сіңгені анық.
Белдісіне найманның қонсы қонып.
Талай таяқ өмірден жегені анық.

Қалба мен Маңырақтың екі арасы,
Сайынды еркін жатқан кең даласы,
Бөкен жортып, бөрілер бұқпа қылған,
Малға шүйгін, май аққан айналасы.

Ушан-теңіз көсілген кең даланың,
Төңкерген тостағандай бетегесі.
Сол көсілген даланың оң жақ беті,
«Қалмақ қырған» тауының кенересі.

Қарашының қонысы «Қарақойда»,
Өзге елден шет жайлайды, қалып ойда.
Улы жайлау аталы Кұсандікі,
Тоқсан үйлі, тобырға қоныс қайда.

Тоқсан үй «Қарақойда» елден ерек,
Аз ауыл отыратын көптен бөлек.
Анда-санда таудағы ел сауығына,
Шақыртады мазаққа қылса керек.

Қаратайдың баласы Балағазы,
Өз әлінше тоқсанның өнерпазы.
Ол күндегі қазақтың бір кәсібі —
Балағазы аң аулайтын қысы-жазы.

Сонда жасы нақ толық жыйырма бесте,
Кеммін дерлік жері жоқ ақыл-есте.
Отанында жігіттер байқасқанда,
Еш біреуі жықпайтын ерегісте.

Бұлардың жамағайын аталасы,
Қызын алып, қыз берген баталасы.
Құбылай он бес шақты үй, онаша ауыл,
Оның да кірмелерден арғы атасы.

Аралас Балағаздар аулына,
Тартады бірін-бірі бауырына.
Ішінде ағайынның ынтымақшыл,
Елдіктің жеңілі мен ауырына.

Бар еді Құбылайдың жалғыз қызы,
Жанарлы шамдай жанған екі көзі,
Екі ауыл бұратана басын қосса,
Ішінде көз тартатын сол жұлдызы.

Шаңқандығы шағала секілденіп,
Күнменен шағылады көрсең жүзі.
Уыз беттің қанынан нұры тамып,
Күйден күшті, сөйлесе кейбір сөзі.

Кірпігінен секілді күндыз атқан,
Жіңішке қара қасы тура тартқан.
Ақ маңдайлы, ақша бет аясында,
Ақылдылық белгі бар толып жатқан.

Қолаң шашы кұйылған арқасына,
Су еркесі кұнайдай* күндыз тапқан.
Ақ торғындай мойынын күн сүйеді,
Осыншама сұлу ғып кім жаратқан...

Жанарында жас толған қара нәркес,
Қарасаң да тоймайсың ертеңді-кеш.
Қарашығы қайнаған терең ойда,
Кел адамзат дегендей жұмбағын шеш.

Еркежан жалғыз қызы Құбылайдың,
Біріне теңегендей күн мен айдың.
Қорғалап отанының кемдігінен,
Қасына қона алмайды аулы байдың.

Құбылайға келіп жүред Балағазы,
Достастығы үзілмеген қыс пен жазы.
Балағаз Еркенжанмен қарасқанда,
Көздерден жалындайтын жастық назы.

Кұрметпен Балағаздың атын байлап,
Масатпен отырушед күліп-ойнап.
Тобымда менің теңім осы ғой деп,
Ішінен алдақашан қойған ойлап.

* К у н а й — күндыздың баласы.

«Қайтемін, қоқырайған хан мен бекті.
Сан қайта әкемді де мазақ етті.
Тең көрмей ауылымды таптаттырып,
Оларға жар боламын не себепті».

Осы еді Еркежанның жүрегінде,
Білушед Құбылайдың тілегін де.
Аққұла Балағазды құрмет етед,
Сағынса шақыратын керегінде.

— «Еркешті зорға берсем оңамын ба.
Итіндей сол ауылдың боламын да.
Өзімдей төмен ата Балағазы,
Осыған құрығымды саламын да».

Құбылай осыны есеп ететұғын,
Алдынан жарық сәуле күтетұғын.
Балағаз келген күні жай қыдырып,
Үйінен сылтау тауып кететұғын.

Шешесі Еркежанның Күміс дағы,
Әзілін сырттан тыңдап күтетұғын.
Ән салып, өлең айтып екі қыршын,
Қалжыңды тереңдетпей бітетұғын.

Бір күні Балағазы тағы келді,
Жамылып жазғы ыстықта қоңыр желді.
Өзі де байкамайды аттанғанда,
Не тартты сол ауылға неге келді.

Көрмесе Еркежанды тұра алмайды,
Барлығын қандай күштің ұға алмайды.
Көргенде Еркежанды өң құбылып,
Айтуға ешбір қалжың таба алмайды.

Ерленіп осы жолы бір сөз деді:
«Көрмесем тұра алмаймын Еркеш сені».
Қызарып Еркеш бетін қырып бұрып,
Жымыйды жас балалай, үндемеді.

Балағаз тағы да айтты — көрер көзге,
Еркежан сұлу бар ма сенен өзге.
Еркежан қымызды әкеп беріп жатыр:
— Сөзіңіз байлаулы ғой өзіңізге.

Үндеспей біраз қалды содан былай,
Балағаз жанды жалын шыдай алмай;
Қолынан Еркежанның ұстағанда,
Бар дене әлсіреді, қуат қалмай.

Алқынып жастық билеп, жүректерді,
Шығарды денелерден суық терді.
Дыбысын естіп сырттан Құбылайдың,
Екеуі қолын жылдам қоя берді.

— Келем деп кешке таман Құлжатасқа, —
Еркежан жауап бермей жүре берді.
Жатқанда аттандырып Балағазды,
— Ертең болса, сөйлесу мақұл — деді.

Балағаз үйге қайтты ойлай-ойлай,
Үмітті жар кұшатын сөзге тоймай.
Жан досы Жоламанға келіп түсті,
Өзінің лашығына мойын бурмай.

Жоламан Балағаздың шын жолдасы,
Оның да басқасы жоқ қара басы.
Баулыған Балағазды бұл болатын,
Үлкендеу Балағаздан оның жасы.

Қайратты, екеуін де өткір дейтін,
Елінің бас қосқанда бозбаласы.
Күзетте қажымайтын сол екеуі,
Ұшыраса қыйындыққа елдің басы.

Балағаз Жоламанға төкті сырын,
Ұялшақ секілді еді бұдан бұрын.
«Еркешке ертең кешке сөйлесем» деп,
Білгізді белгілескен көңілдерін.

Жоламан зерек еді ақыл ойға:
— Мін болар бала, сірә, мұның бойға.
Құбылай мұны білсе өкпелейді,
Байқа сен, бөтен емес оны да ойла.

Шынында екеуің де кұмар болсаң,
Кұда боп айттырғаның жөн болмай ма.
Жасырын бұл ойларың сыртқа шыкса,
Қарашы өзді-өзіңе мін болмай ма.

Бұл сөзге Балағазы қалды тоқтап,
Жөкеңнің ақыл айтқан сөзін сақтап.
Кешікпей Жөкең бастап тобыр қостап,
Жастардың тойын тойлап қойды баптап.

Тобырлар, бір-біріне құда болды,
Тегінде Жөкең байғұс тапты жолды.
«Берген соң өлі-тірі, өлі күйеу
Жатпайды» деген мәтел енді келді!

Жігітке қарап жату енді сынды,
Сол оймен Балағазы атқа мінді.
Таудағы ел, тойға алдырған Еркежанды,
Балағаз қызғанышты айтсақ шынды.

Мінгені теңбіл атқан қаракөк ат,
Жанауар жалынды еді мінезі жат.
Болғанда құлан тұяқ, бөрі кеуде,
Қол еті қызған кезде ойын салад.

Құлан жал, екі құлақ тас төбеде,
Кең маңдай жалпақ келген қос жебеде.
Етсіз бас, киік танау аңырайған,
Жұп-жұмыр, буыны жоқ, белдемеде.

Үзіліп тұр жіңішке сағақ мойын,
Саңлақтанып жүз толқып салады ойын.
Астыңғы ерін түсіңкі, тісте сыздық,
Бауры жазық, төс төмен, ашық қойын.

От жангандай жарқырап екі көзден,
Омырауы жап-жазық алшақ келген.
Асық жілік ұзын кеп, бота тірсек,
Сіңірлері бөлек тұр жебеленген.

Тып-тығыз тығыршықтай шоқпақ еті,
Қас сүйегі үдірейген кең тұр беті.
Қалың құйрық, қапсағай тірсек төмен,
Сабауының екі жік бұлшық еті.

Екі жая тақтайдай тура түскен,
Сан еті кесек-кесек білемдескен.
Жайтандаған жүрісі, бөкен санды,
Төрт аяқтың дүбірі жерді тескен.

Аңыратын ағызсаң тақымда ойнап,
Шуу дегенде ұйтқытып желдей ескен.
Ауыздығын қарыш шайнап, тақымда ойнап,
Қаршығадай қайрылмай құсқа түскен.

Жүйрігі Балағаздың сынап алған,
Құлынынан қолда ұстап асыраған.
Жөкенді ертіп, жүйрігін сылап ерттеп,
Атқа қонды Балағаз кешке таман.

III

Елінің бір жуаны Құсан мырза,
Құсан десе қол қояд көбі таза.
Бай мен бағлап, шоралар Құсан айтса,
«Бүлдірсе де бүтін» деп, болад «риза».

Жауыздықпен Құсанның аты шыққан,
Мыжырайған қара сұр, адам жұтқан.
Қырыққа келген қырқылжың болса дағы,
Жастық ісін қоймаған бір кәксөкқан.

Ел сөзіне кірсе де қыңыр тартып,
Айтқанына келтіріп талай жыққан.

Атасы көп, өзі бай, жанды-жақты —
Біқтырсыз Құсан гой ол сондықтан.

Тау бөктерін мал қаптап кешке таман,
Ел маңында қой, қозы азан-қазан,
Торы алалы жылқылар төскейді алып,
Өзен жаққа ой тартып құлады арман.

Ауылдан шет, жеке отыр үш-төрт ақ үй,
Жұрт үймелеп жыйылған берісіп сый,
От маздатып алдында қазан асып,
Өз салтымен боп жатыр о да бір күй.

Үй сыртына тартылған екі-үш керме,
Самсаған ат байлаулы кермелерде,
Ауыл жасы бәрі де асығуда,
Шаруа жайлап қызыққа тез кіруге.

Құсан өскен ортада ақ боз сарай,
Үймелеген көп халық соған қарай,
Қердең басып кербезсіп Құсан өзі,
Басқарып тұр барлығын қате қылмай.

Тарбақ танау ашылып кеткен көкке,
«Тәңрі» болып көрінед сонша көпке,
Ағасының әйелі бала тауып,
Сондықтан хабар айтқан төңірекке.

Бозбалалар бірдей боп бөлек отыр,
Тіккен үйде қыз бенен келіншекке,
Төрт үй толған қалпымен қыз, бозбала,
Құсан тойы болған соң кем түспек пе.

Ән мен күйдің қойғандай кілтін ашып,
Шырқалған ән кеткендей таудан асып,
Шиін алып іргені ашып қойып,
Жатты жастар қосылып әнге басып.

Бір-екі салт қылт етті ай астынан,
Аңдығандай қарады жастар соған.

Астындағы аттары киікше ойнап,
Балағаз, Жөкеңменен шықты ортадан.

Кеткенін Еркежанның білген олар,
Ойынға шақыртылмай келген олар.
Сонда да Балағазы өзі жетті,
Көруге қалыңдығын болып кұмар.

Құсанның жігіттері қарсы алысты,
Құрметтеп кейбіреуі ат байласты.
Жіберіп бұл екеуін шеткі отауға,
Құсанмен жігіттері ақылдасты.

Балағаздар кірісті шеткі отауға,
Құсанда ой жоқ, оларды бағалауға.
Қыйсыны қеп кездесе сөз жүзінде,
Бәрі дайын мазақтап табалауға.

Өйткені Еркежанның шыққан аты,
Болса да кірмелерден арғы заты.
Талай жігіт жеңілген Еркежаннан,
Өзі шешен жана мол парасаты.

Құсанның қағысатын болған ойы,
Елеп көрген ел емес өмір бойы,
Сондықтан шақырттырған қыз, жігітті,
Әйтпесе Құбылайға жоқ Құсан тойы.

Жаңа естіп Балағаздың айттырғанын,
Кетіrmек кірмелердің Құсан сәнін.
Жекелеп қызды ауылды шақырған соң
Балағаз ойлағанда, білген мәнін.

Сауыққа төрт үй толған қыз, бозбала,
Жыйылған талапкерлер тамашаға,
Ебін тауып Жоламан шығып кетіп,
Жолықты кұдағый мен кұдашаға.

Еркежан Балағазды сонда білді;
Абары ғашықтықтың жүрек тілді...

Қырмызы Еркежанның бас жеңгесі,
Күйеуге амандыққа өзі келді.

Үйіне Еркежанның Құсан кірді,
Бастарын кім біледі қандай түрді,
Қатын-қалаш сырылып, бозбалалар
Қасынан Еркежанның орын берді.

Тапал бой, тарбақ танау, жылан сұр бет,
Қарады Еркежанға екі-үш рет.
Отырған жігіттерге әмір етті,
Өлеңшілер осы үйге жыйылсын деп.

Аулынан Құбылайдың келген жастар,
Құсан айтты: — ән салып айтыс бастар.
Күйеу ғой, Балағазы о да кепті,
Кім білсін, оның сөзін кімдер қостар.

Сол кезде Балағазы Жоламанмен,
Күшіне сенбесе де әзілге тең.
Естіді Құсан айтқан қотыр сөзді,
Балағаз жауап бермей қала ма кем.

Ән салды төрде отырып Құсан сонда,
Ақымақ ес біле ме мақтанғанда.
Құсанның өр кеудесі тағы сондай,
Оның ешбір теңі жоқ сонша жанда.

«Еркесі Қаракерей Құсан атым,
Болады өр найманнан арғы затым.
Жасымнан ен дәулетте жүрмін шалқып,
Өзірше естілген жоқ жаманатым.

Тағы бір ашулансам батырлығым,
Дайын тұр қарысқанға батылдығым,
Өзім би, өзім шешен, ділмәр тудым,
Қай адам тең қылмақшы салтанатын.

Сыртыңнан естуші едім Еркеш бала,
Тотыдай төңкеріліп бері кара.

Мін тапсаң, жөнін айтып отыра бер,
Әйтпесе айтысайық бір аз ғана».

Ағайыны Құсан мырза шырқағанда,
Лық толған үй ішіне қыз, бозбала.
Бәрі де қошеметтеп тыңдап отыр,
Сыймағаны ақ үйдің жабығында.

Сығылып үйге кірді Балағаздар,
Құсанның пішінінен білінді ызғар.
Еркежан домбыра алып ән шырқады,
Тыңдады, талабы бар өнерпаздар.

— «Сөзіңіз сыпайы екен Құсан мырза,
Шақырған құрметіңе әркім ырза.
Еліңнің бозбаласы бассыз екен,
Үймелеп үйді басып кетті маза.

Сізбенен айтысуға көңілім жоқ,
Батырсып, я байсынып салма жаза.
Үлкен мен кіші кісі айтыспайтын,
Мырза-еке, қайтер еді қойсақ таза».

Құсанның өдірейіп екі көзі,
Сенгендей әлде болса өзіне-өзі.
Қалжыңын, келекесін қозғай айтты,
Жанына жақпаған соң қыздың сөзі.

— «Еркежан анаң қандай, атаң қандай,
Менсінбей мендей жанды мақтанғандай.
Өзіңе мән мен жайдың бәрі мәлім,
Әзіл жоқ атасызға ақтарғандай.

Өз басың асыл болып кімнен асты,
Байқасам қасиетіңді қарға алғандай.
Адам жоқ аймағында мен білмейтін,
Па, сабаз, жігіт қой деп таң қалғандай».

Ду күлді бозбалалар қошеметтеп,
Құсанға келген емес әйел беттеп,

Қапелім қалжыңменен айтысса да,
Соңынан қалатуғын бүгежектеп.

Тигізді Құсан сөзін Балағазға,
Жанына Еркежанның тигені аз ба,
Қырмызы Еркежанға сыбырлады,
Дегендей шамаң болса, сөз алғыз ба.

— «Құсан-ау, көкке өрлейсің өз ойында,
Мақтанғың келген екен өз тойында.
Байқасаң алды-артына ұяларсын,
Жақсылық толып тұрма өз бойында.

Көрінсе саған қарға, маған сұңқар.
Көргенде мен тотымды шерім тарқар.
О дағы жауап берер Құсан саған,
Асықпас, ақылды адам соңын байқар.

Тең емес меніменен сенің басың,
Барады қырықтан асып міне жасың.
Данышпан білгіш болсаң өнер көрсет,
Атам көп, малым бар деп мақтанасың.

Рас, мал Қарынбайда көп боп өтті,
Төбесі оның қашан көкке жетті.
Тоз-тоз боп өз жазасын өзі тартып,
Иығына бүтін шапан ілмей кетті.

Аулыңның бозбаласы кұрығандай,
Уялмай, әуел кезек сізге кепті.
Өзіндей Жөкең сізге жауап берер,
Байқаңыз Құсан мырза төңіректі».

Сұрланып Құсан отыр қызарандай,
Ауылы намыстанды шыдай алмай,
«Оңбаған кірме» деген сөз шығарды,
Құсанның жігіттері содан былай.

Жоламан сөз бастады сонда отырып,
Ей Құсан бері қара, мойын бұрып.

Шулатпай аулының жігітін тый,
Құшпенен жеңбекпісін зорлық қылып.

Бұл сөзге тоқтамады, Құсан қызды,
Антұрған өз қызығын өзі бұзды.
— «Тілдеуге шақырдым ба тобырларды,
Бір тоғыз сатып алсам мұндай қызды».

Балағаз: «Құсан мырза, бері қарашы,
Аралас жақын еді ел арасы.
Сауыққа жас болған соң келіп едік,
Құсанның зор деген соң тамашасы.

Шыдамай қыз сөзіне үлкен-кішің,
Не болмақ бұл ашудың мағанасы.
Ел іргесі көппін деп зорлық қылма,
Қанжығада кетіп жүр кімнің басы».

Құсанның бір жігіті бұтып-шатты,
Жанына Балағаздың тиді қатты.
— Оңбаған құл, қаңғырма кетіндер, деп
Құсан ап, Балағазды екі тартты.

Сұрланып Жоламан да күйіп ойдан,
— Жүр Құсан, далаға шық, салсаң ойран,
Үйме-жүйме далаға шығып жатыр,
Боктықтан түк қалмады айтылмаған.

Жалма-жан әйелдер де атқа келді,
Барлығы алты — жеті адам еді.
Далаға опыр-топыр шыққан шақта,
Жоламан Балағаздың атын берді.

Кенеттен түсін бұзды түн «албасты»,
Қауыпты қараңғылық жерді басты.
Қара бұлт ай, жұлдыздың бетін бүркеп,
Ажалдай түсі суық аспан асты.

Күн күркіреп тауларды дірілдетті,
Өзендер ішін тартып күйін шертті.

От шашып, аспанда ойнап, бұлт айдасып,
Нажағай сәуле атқызып жарқ-жүрқ етті.

Балағаз бен Жоламан топты жарған,
Үзенгіні таралғымен шешіп алған,
Бір ұрғанда сілейтті кім болса да,
Айқасқаннан кім болсын аман қалған.

Еркежандар анадай бір сайда тұр,
Қауып күшті, жалғыздық жүректе кір...
Балағазым қайтер деп, үрей кетіп,
Жас жүрек жалын серпіп, қорқуда тұр.

Қайтемін Балағазды ұрып жықса,
Қор қылып намысымды жерге тықса.
Жарқ етіп үміт шіркін келген кезде,
Дариға! Қаһарлы ер жеңіп шықса.

Осы ойлар Еркежанды әлсіретті,
Бір де шат, бір де қайғы күйін шертті.
Жарқ еткен нажағайдың жарығымен,
Көзіне Балағазы түсіп кетті.

Ойнатып каракөкті ортада жүр,
Еркежан демін санап хабар күтті.
Тасыр-тұсыр, тасталқан, айғай-ұйғай,
Еркеште қауып кетіп, сенім жетті.

Бұлт жадырап, ай шығып жұлдыз күлді,
Тау тартып қараңғыны мойнына ілді.
Балағаз бен Жоламан жұлдызша ағып,
Еркештердің қасына жетіп келді.

Жоламан әмір берді жүріңдер деп,
Бәрі қайтып жөнелді салып дүрмек.
Балағаз Еркежанға қатарласып:
— Қуат беріп, жеңгізді сіздің тілск...

Сөз таба алмай күрмеліп сүйінгеннен,
Не қыларын білмеді сүйген жүрек,

Қатарласың сөйлесіп Балағазы,
Сол қолына оттай боп тиді білек.

Астында Еркежанның торы жорға,
Сызылдырың келеді тура ауылға.
Қыйғаш жол екі ауылдың ортасында,
Қыйыспай біраз тұрды айрылуға.

Қырмызы айтты жүріндер біздің елге,
Жакын ғой, өздеріңіз көрген жерде.
Қонақ боп, ойнап-күліп кетіңіздер.
Үлкенде бөтен кім бар пәлен дерге.

Өзіміз емін-еркін дулатайық,
Сыйымыз анау болды барған жерде.
Үлкендер уялтқанда айып алар,
Қүйеуге салмақ түспес онан өзге.

Аулына алып жүрді екеуін де,
Жеңгелері екі жастың тілеуінде,
Үйіне Қырмызының келіп түсті,
Еркежан ат байлады өз үйіне.

Ләззатпен екі құмар, ойнап-күлді,
Жігіті отанының құрмет қылды,
Құбылай бастан-аяқ ертең күндіз,
Құсанның уақығасын естіп білді.

Құсаннан бір есептен қауыптенді,
Орнатып жүре ме, деп қара күнді
Сүйініп екінші оймен Балағазға,
Істеген қайратына көңілденді.

«Қарағым, маңдайымның жұлдызы» деп,
Сергіді шаттанған соң көңіл өрлеп.
Тапсырып әйеліне, күтіндер деп,
Аттанып, малға кетті өзі-ақ жөндеп.

Еркежан Балағазбен отау үйде,
Умытып басқа өмірді қызық күйде.

Тобырдың барлық жасы думан кұрып,
Отырды Жоламанмен бөлек үйде.

Не қызық, ең әуелі жастық қызық,
Жастықта кұмарланған ғашық қызық,
Серттссіп бір-біріне жан қыюға,
Өміріне өзгермейтін достық қызық.

Жалғыз-ақ ол заманда кім биледі,
Хан мен бек, мырза, шора, сұм биледі.
Жазықсыз жара салып қарашыға,
Қор етіп тоз-тоз қылып сан иледі.

Қаумалап батырды алдап жауға салып,
Бос мақтап қарашыдан бөліп алып,
Ала ғып қарашының өз арасын,
Бектері екі топтың параны алып.

Олжа үшін кұрбан қылып мүдделерін,
Толтырып арам кұлқын көмейлерін,
Билері әр рудың ауыз жалап,
Қолшоқпар қылған қулар кедейлерін.

Біреуі сол сұмдардың Құсан зәлім,
Талайға жауыздығы болған мәлім,
Кұлданып қарашыны езіп-жаншып,
Жетед деп аз атаға кайтсе де әлім.

Сол Құсан таяқ жеді Балағаздан,
Намысын жібермейтін өнерпаздан.
Балағаз жетім бала боп жүргенде,
Дәндеген қарашыдан атасы аздан.

Отырды ертең Құсан сең ұрғандай,
Таяқтан сұмның басы қаңғырғандай.
«Қап бәлем! Туқымыңды кұртармын» деп,
Жемтіктес күшіктерін шақырғандай.

Бар еді Шақат дейтін айдап салы,
Келетін қу өсекке оның әлі.

Қысық көз, жылмаң қара кіріп келді,
Берген соң Құсан әмір бар ма халі.

Отырып төсегінде Құсан жайлап:
— «Ал Шақат, қандай жайды тұрсын ойлап.
Құтырып қарашыдан пысық туып,
Жеңе ме өстіп бізді қолды байлап.

Бір жерге аттанасын күні бүгін,
Алып кел торыаланы ертте сайлап.
Хабар бер, Кәпін, Кәбік екеуіне,
Қарашы мал төлесін соры қайнап.

Құң қылып Еркежанды, Балағаз құл,
Екінші қарашыдан қырқылсын тіл.
Кәпіндер қол көбейтсін қарасын қып,
Түсіндір барлығын да осыны біл».

Аттанып кешке қарай Шақат кетті,
Қасына жалғыз ғана жігіт ертті.
Жасарын қандай бүлік кім біледі,
Үш күнде Ұранқайға барып жетті.

IV

Алтайдың аясында мекен еткен,
Ұранқай дейтін қалмақ елі көптен.
Ішінде қожалары Кәпін, Кәбік
Алдаумен қожа болып әмір еткен.

Түсінді Кәпін, Кәбік намыстанып,
Шақаттан Құсан айтқан хабарды алып.
Табайық жұрт білмесін тосын олжа,
Қайғыға бастас Құсан отыр қалып.

Ту алып, қолды жыйып Кәпін, Кәбік,
Жүруге әмір қылды дайындалып.
Қарашы кімнен өлсе содан өлсін,
Барайық қолды біз де ертіп алып.

Қара Ертіс, Кендірлікті басып өтті.
Сай-сайдың саласымен түн жамылып,
Шеткі тау Маираққа келіп жетті,
Сауыр мен Көкшоқыдан асып өтті.

Қалғыды қараңғы түн жерді басып,
Жел ғана бет сүйеді сыбырласып.
Қараңғы тау койнында пысқырған ат,
Күтуші ақырын сөйлеп қыбырласып.

Қарауыл төрт жағынан түгел қойып,
Қалың қол, ат түйіскен қатарласып,
Мосыда кылдыбақыр терең сайда
Қозының, құлын менен етін асып.

Солардың оты ғана түннің көзі,
Алысқа естілмейді көптің сөзі.
Қамаған қалың таудың ортасында
Белгісіз басқаларға жаудың ізі.

Жұтылып қалың бұлтқа жұлдыз тынды,
Сүнгіді қараңғыға айтпай шынды.
Ай алтын, ала бажак перде жауып,
Барады бетіне алып биік шынды.

Қалтыйған күзетші тұр таудан басқа,
Қалғыған қара түн тұр жаудан басқа.
Шатырда қалың қолдың ортасында,
Сөйлесті Кәпін, Кәбік етіп бопса.

Кәпін айтты: — «Құсанмен шабыспайық,
Онан да жөнін тауып табысайық.
Көрсетіп қалың қолды аулына,
Айтысқа елші салып шығысайық».

Қулық ед қолды алдаған Кәпін сөзі,
Соғыстың болмайтынын біледі өзі.
Әдейі кісі салған Құсан сұмрай,
Сөз айтпай күн алуға жетед көзі.

Құны жоқ алдақашан алатұғын,
Құр жала пәлелері жабатұғын.
Ертеде Ураңқайдан екі жігіт,
Өліпті деген өсек болатұғын.

Қолданып сол өсекті құн сұрамақ,
Құсанның көмегімен шын сұрамақ.
Өлтірген қарашың деп найманды алдап,
Өзінше болды бұлар әдіс құрмақ.

Құлдар кім, қарашылар ертіп алған,
Хан мен бек еркін алып айдап салған.
Римнің құлды құлмен соғыстырып,
Салтындай құрбандықты сауық қылған.

Бектердің есінде ме күнреткені,
Жас бала, кәрі ананы еңреткені,
Құл-құтан, кедей, жарлы садаға деп,
Хандардың қан жамылып күйреткені.

Бұйырды ертең Кәпін елші кетті,
Құсанның ауылына келіп жетті.
Құрсанған көк темірмен он қалмақты
Көргенде ауылдың да есі кетті.

Найзаға ақ ту байлап алыс тұрып,
Елшілер Құсан жақтан хабар күтті.
Белгісін елшіліктің таныған соң,
Келсін деп Құсан мырза хабар етті.

Үй тігіп, көк майсаға, қойын сойып,
Күтуші алты-жеті жігіт қойып,
Маңайға ат шаптырып Құсан әлек,
Елшілер ерігуде етке тойып.

Жұйылды екі күнде Құсан жұрты,
Хабар ап шапқыншыдан іші-сырты.
Сөйлесіп Кәпіндермен үш күн, үш түн,
Құсанға төмендегі қойған серті:

«Қара нар, қалы кілем, тоғыз қысрақ,
Төлеуі ер құнының осындай-ақ.
Бересің бес күң, бес құл бұған қосып,
Ал Құсан өз сөзіңнен қайтпа бірақ».

Қыяға осылай деп салды Кәпін,
Ақырында сұрағанын алды Кәпін.
Оңаша сыр сырласып сұмрайлар,
Аузынан бал жаласты Құсан, Кәпін.

Балағаз, Құбылайларға хабар етті:
— Кәпін бек жер қайысқан қолмен кепті.
Жұрт болып күн төлеуге бітім қылдық,
Жүз түйе, үш күн, үш құл сол себепті.

Бұл ғана үлестіру аздап бөлген,
Бірнеше онан да көп бізге келген.
Күшіміз соғысқанмен жете алмайды,
Дұрыс па қырғын тауып бекер өлген.

Тобыр айтты: «Күң мен құл берсе алмаймыз,
Құсанның зорлығына көне алмаймыз.
Ауқымы барлығының осы болса,
Бәрібір дұрыс шешті дей алмаймыз.

Кімде бар, күң менен құл аталы да,
Байда бар, бай мал берсе сатады да.
Жаудан түскен олжаны кім бөліссе,
Шығынды солар өзі тартады да».

Сол сөзді ап, барған кісі қайтып келді,
Жауабын қарашының айтып келді.
Құсанның қулығымен хабаршы адам,
Екі елді шағыстырып берді желді.

Құсан айтты елінің адамына:
— «Жалынбайық тобырдың жаманына,
Сергелдеңге серпілмей жатқанын көр,
Билігімді баспаққа табанына.

Қалмакка біраз төлеу біз берейік,
Мал беріп қалың қолын жіберейік,
Алып қап бастықтарын аз нөкермен.
Өнерін карашының соң көрейік».

Әу десті, қалмакпенен бітім болды,
Қайтарды Кәлін, Кәбік қалың қолды
Басты адам екі жүздей кейін қалып,
Оларды Құсан өзі күтпек болды.

Қара нар, қалы кілем, матау алды,
Қалмақтың көбін сүйтіп жолға салды.
Қуң мен құлдар күңреніп теңге мініп,
Зарлай-зарлай сорлылар кете барды.

Атадан ұл, анадан қыз айрылды,
Өмірі қаңғып, жұтып қайғы зарды.
Құрбаны бай мен бағлан мырзалардын.
Лағнат айтып қарғады сум тағдырды.

Кәліннің бар билігін алды Құсан,
Сойысқа аямады малды Құсан.
Айтқанына келтіріп кегін ойлап,
Тырнағын Еркежанға салды Құсан.

Кәлінге, Кәбікпенен түсіндіріп,
Мақтады Еркежанды сүйсіндіріп.
Қай-қайсысың алсаң да асқан ару,
Қолдан тартып ал деді қыйсындырып.

Он бес үй Құбылай деген аз ғана ауыл,
Қыйыр жайлап шет жүрген жазған ауыл.
Малын айда, жараған жақсысын ал.
Үйі құлап, ойсырап тисін дауыл.

Пысықсыған Балағаз күйеуі бар,
Батыр болса көрерміз хабарланар.
Қалың Найман қозғалмай жатып алса,
Сіздермен соғыспаққа қалай шыдар.

Осылай Құсан залым ақыл берді,
Он жігітпен соңынан Құсан да ерді.
Байлығымен барлығын сатып алып,
Тапты Құсан кек алар кезең жерді.

Құсан сөйдеп айтқан соң желдей есіп
Кәлің, Кәбік аттанды мақұл десіп.
Он жігітпен соңынан Құсан да ерді,
Дауылдасып барлығы еңелесіп.

Шарпыдай бұлт бетіне шіркеу салып.
Сырғыйды күн аспанды бетіне алып.
Әлсіреп тынығайын дегендей-ақ,
Маужырап барлық әлем тұрды талып

Жер сонда күлте киген күнікейдей.
Құлпырып шаттықта тұр күніркемей.
Көкорай жұпар атып иесі аңқыған.
Жаңбырдан жасыл төккен жас сілбідей

Боз торғай ән шырқасып күйге басып.
Шыбын-шіркей, соналар ызындасып.
Ақты, көкті, жасылды қызғалдақпен.
Салтанатын санап тұр сай жарасып.

Барлығына осының көзін салмай,
Жалт-жалт қарап тау жаққа көз айырмай.
Ай далада ағылып біреу келед,
Жаудан қашқан адамдай есі қалмай.

Құла дөнен астында ыр-ыр етіп,
Тыйтық құрып, болдырып, тыныс бітіп
Екі санға иесі кезек ұрып,
Шауып келед сонда да сүмендетіп.

Белгісіз-ау, кім екен дәл осы адам,
Едірейген екі көз от боп жанған.
Құдастың жазығынан бойлап өтіп,
Түбекпен Төртқұдыққа құлады арман.

Жынды ма, ай далада жалғыз шапқан,
Қуанған қуатты ма келе жатқан.

Оқ тиген қайғыменеп бишара ма,
Жазықсыз жанып-күйіп жаза тартқан.

Құсанның қолындағы түйешісі,
Неше жыл құлдықпенен малын баққан.
Құртпағын Құбылайды естіген соң,
Хабарға жасырынып келе жатқан.

Кәпін мен аттанғанда Құсан обыр,
Малшылар ақылдасты ылғый шобыр.
Түйешіні жіберді Құбылайға,
Шыдасын ба бұлар да сондай тобыр.

Сол еді бағанағы жалғыз шапқан,
Сайды өрлеп белден асып аңыратқан.
Жаулардан бұрын барып жетейін деп,
Асығып Құбылайға келе жатқан.

Қозы көш жер Балағаз Құбылайдан,
Әлі хабар алған жоқ мұндай жайдан.
Малға кісі жіберер деп жүретін,
Жау болып шабатынын білсін қайдан.

Түйеші өліп-талып келіп жетті,
Құбылай хабар алып есі кетті.
Шұласып кәрі-жасы бар тапқаны,
Көшуге Балағазға қойды бетті.

Қамдансын, жау қаптады құрыдық деп,
Алдынан Балағазға хабар етті.
Жанталас жүгін артып карашылар,
Дем санап минут сайын жауын күтті.

Байбалам кәрілері бос шошытып,
Баланың, қатын-қалаш есі кетті.
Кейбіреу үйін тастап жүгін алып,
Тездетіп басқанікін әзірлетті.

Малды айдап екі-үш кәрі белден асып,
Соңынан көш те шықты жанталасып.

Жігіттер қару алып дайындалып,
Міністі аттарына асып-сасып.

Көшпенен жанамалап қыз-келіншек,
Жігіттер көш алдында жүрді бөлек,
Найза ұстап, садақ алып Кұбылай да,
Алды, артын шолып келед елден ерек.

Не қалды, көшкен елдің жұрты қалды,
Өреде жаңа жайған кұрты қалды.
Жыиосыз қазан-ошақ күл шашылып,
Үйінің ішін алып, сырты қалды.

Кей үйдің үзігін ап, бауын шешкен,
Кей үйдің түндіктері жерге түскен.
Бау-шуы қараша үйдің жалбырасып,
Желменен бос киіздер желбездескен.

Шашылған ескі-кұсқы, киім-кешек,
Төгіліп ыдыс-аяқ қалысқан тек.
Секілді кұйын сокқан иесіз жұртта,
Бір ақсақ інген қапты боздайды тек.

Ел қашты қалған мүлкін санамастан,
Сасқан соң алды-артына қарамастан.
Түйесін тайрандатып желе жортып,
Барады аз ғана ауыл топ жазбастан.

Еркежан тор жорғаны шайқалдырып,
Бір кейін, бір ілгері тайпалдырып.
Алдымда қандай пәле кездесед деп,
Дене мұз, көңіл суып ой қалдырып.

Құлақта күміс сырға, омырауда алқа,
Бәт кұндыз, қарқараны киген қалқа.
Алмадай жаңа піскен уылжыйды,
Жапқаны ертоқымға жасыл торқа.

Көш өрлен, Талдыөзектен басып өтті,
Жарықтан «Киікатқан» асып өтті.

Құлжалы қоңыр таудың етегінен
Қойнауға «Қоңырба» жаңа жетті!

— Осыдан аман өтсек кетер едік,
Аулына Балағаздың жетер едік.
Сақ отыр, ал жігіттер, — деді Құбылай.
— Нак осы жаудың жолы бір күтерілік

Сөйткенше қыйку салған шу қайнады.
Айнала қалың кісі ду қайнады.
Ажалдың күйін шерткен жау даусымен,
Жаңғырығып тау сол әнді бірге ойнады.

Қалбағай садақ соғып сарт-сұрт етіп,
Айбалта, қылыш, қанжар жарк-жүрк етіп.
Көк найза түсі суық, өлім тілеп,
Шашағы шырмауыты желк-желк етіп.

Қалың жау лап бергенде ту-талақай,
Құбылай қарсы ұмтылып салды айқай.
Ат қоя жігіттер де қарсы шауып,
Басталды қанды соғыс содан былай.

Бірі ұрып, бірі қағып, бірі түйреп,
Аз жағы аттан түсіп жатыр күйреп.
Күш кетті тұрыса алмай қарашыдан.
Теңдікті бара жатыр жау жақ билеп.

Тау мен тас жаңғырығып көп айғайға.
Ұзады соғыс қызып бірталайға.
Жаралы тән, аққан қан жер бояды,
Майданға кездескен соң жан аяй ма.

Жарқылдап қылыш, найза дулап қайнап,
Талай қыршын боздакпен ажал ойнап.
Қару беріп еркімен түскендерін.
Түсе-түсе жүгіріп жатыр байлап.

Ұмтылды Кәпін, Кәбік Еркежанға.
Осы деп бір екеуі ымдағанда.

Құбылай жан аямай соғыс қылды,
Еркешті ұстауға алып қамағанда.

Қалын жаудың ішінде ер Құбылай,
Кеспелтек денесіне күші де сәй.
Сақал, мұртын шан басып, көзі жайнап,
Салысты Қәбіктермен жан аямай.

Аққудай аппақ жүзді Еркежанын,
Қорқаудың қорлығына жібере алмай.
Таза жүрек, шын сүйген құлынтайын,
Шырылдаған даусына шыдай алмай.

Сермей шаншып Құбылай көк найзасын
Кетеді кейде жарып жау арасын.
Жалғыз өзі Құбылай көпке тұрды,
Жаудан алып қалам деп жан баласын

Ұстады Еркежанды Қәбік барып,
Кәпін де бірге ұстады қосарланып.
Бірін-бірі ұға алмай, аңырысып,
Еркежанға таласты ортаға алып.

Құбылай әлі ұрыста жанталасып,
Өзгелері жеңіліп қалды жасып.
Қайрат қылып Құбылай қоймаған сон
Кәпін келіп желкеден қалды басып.

Желкесінен тиген оқ тесіп өтіп,
Жығылды ат мойнынан ілгері асып.
«Құлыным Еркежаным, Балағаз» деп,
Етбеттеп аққан қанын қалды басып

Жаулықтың аяуы жоқ, істеді істі,
Көп сорлы тұтқын болып қолға түсті
Құбылай соңғы үнімен шақырғанда,
Еркежан жұлқып босап барып құшты.

Кенеттен баласы үшін ер оққа ұшты.
Озбырдың қыянаты қалай күшті.

Құсанның қастығымен іздеп келіп,
Рақымсыз Кәпін, Кәбік қанын ішті.

Қанжармен талай теңнің бауын кыйып,
Нелер бар бұйымдарын алды жыйып.
Топ-топ болып шабысып шаң боратып,
Дұспанын жеңіп жаулар кетті жүріп.

Бас бағып, алыс тұрып Құсан сұмырай,
Қарады соғыс жаққа көз айырмай.
Еркешті теңге салып жөнелгенде,
Қуанды жауыз Құсан есі қалмай.

— Ал Кәпін жолың болсын, жолың болсын,
Дос болдык, осы сыйға көңлің толсын.
Қырық жылғы өлгенінді сылтау қылдык,
Тілегің бұдан артық қандай болсын —

Деп Құсан Кәпін сұмның қолын алды,
Узатып барлығын да жолға салды.
Еркеш пен Балағаздан кегін алып,
Қоштасып Кәпіндермен Құсан қалды.

Ботакөз боздап аққан жасын төгіп,
Қамкөңіл қайғы жұтқан шерін сеуіп,
Тұтқынға жылай-жылай Еркеш кетті,
Алар ма Балағазы іздеп келіп.

V

Неліктен бөгелді екен Балағазы,
Жарлының жанып туған өнерпазы,
Жатпайтын жалын тисе сергек еді.
Аулына жүрмеді ме әлде назы.

Умтылған жауын естіп жанып, күйіп,
Намыстан жан күйзеліп оқтай тиіп.
Ойнатып ортекедей көк шуланды,
Тоналған елдің көшін қалды көріп.

Түнерін күндіз тұрып түндей болды,
Балағаз қайғы жұтып жүндей болды.
Серік жоқ сергелденде бірігетін,
Сенделіп жүре берді оңды-солды

Не керек, жете алмады дер кезінде,
Үйткені Балағазы жүрді түзде.
Қарашы аз ғана ауыл ақылдасып,
Түсетін күйді ойлады өзді-өзіне:

— «Қусан сум қабырғалы байлап берді,
Әдейі қарашы деп сайлап берді,
Аз ауыл калың қолға қарсы тұрып,
Көп жауға төтеп беру қайдан келді

Алалса Құбылайдың қызын алар,
Алдында азын-аулақ малын алар,
Ол үшін барлық тобыр өлеміз бс,
Жетім боп бала-шаға шекпей ме зар

Шабылып бәрін күтіп жатыр деген,
Айдаған Құбылайға Қусан болар.
Таяқ жеп Балағаздан қорлық көрген,
Қусанның сол себепті кегі де бар».

Осылай қарашылар іріп бәрі,
Шабу түгіл қоқырсып тығылды әрі
Жан досы Балағаздың Жөкең еріп,
Осы-ақ ед көшті күтіп аттанғаны

Жөкең айтты: «Бұл күйінде кім қалмаған,
Белділердің білегі кімді алмаған.
Соның бірі Құбылай отанымен,
Қайрат шақыр, қалжырап қайғырма оған».

Балағаз ойға шомып қалған солай,
Атының құлағынан көз айырмай.
Жөкеңнің сөзін тыңдап біраз тұрып,
Сөйледі шерін төгіп содан былай

— «Жасың үлкен, жаның дос,
Құлағың сал Жөкетай.
Бар үміттен қалып бос,
Не күн көрдік көкетай

Өзегім оттай өргеніп,
Жаным күйіп барады,
Қутқармасам Еркешті,
Намысқа тиіп барады.
Жөкетай біз кім едік:
Наймандағы құл едік,
Қамбардан қалған тобыр боп
Буратана жүр едік.
Тоқсан үйлі тобырдан,
Азғанамыз деп едік.
Арқа егіміз арша боп,
Борбай еті борша боп,
Айтқанын істеп байлардың,
Әйтеуір өлмей жүр едік.
Күштілер жеңді, зарлатты,
Қанды жасты парлатты,
Құрбан болып аз ауыл,
Тас тастады құлатты.
Әйеліміз күң болды,
Ерлеріміз құл болды,
Бұл не деген күн болды,
Жазықсыз шауып жылатты
Бала қалды анасыз,
Ана қалды баласыз,
Залым Құсан шулатты.
Қандай дауа етейік,
Осы бетпен кетейік,
Жау артынан жетейік,
Зығырданды қайнатты.
Жалғыз да босам қуамын.
Қанды қанмен жуамын,
Ажалға белді буамын,
Әйтеуір өлдік, сорлатты».

Балағаз осыны айтты отша қаулай,
Басына қайғы түсіп асқар таудай.

Толғанып өңі қашып Жоламан да,
Шомылды ойдан ойға ес жыя алмай

Қарағым, мен де баттым терең ойға,
Барады намыс кернеп сыймай бойға,
Бай мен бек бағыландар сырттан сатып.
«Өлмесең ома қап» деп жатыр жайғыз

Көзің көрді, аз ауыл бара алмады,
Бізге еріп, жауға қарсы шыға алмады
Іргелі елмен тартысу қарашыға,
Қайткенмен оңай жұмыс бола алмады

Кел қарағым, ақылмен ойланайық,
Бізге еретін кім шығар толғанайық.
Қалың қолға жеткенмен теңдік бермес
Басқа әдіспен іздейтін жол табайық.

Екеуі де оқ тиген арыстандай,
Кек кернеген бойларын, шыдам қалмай
Үміт те жоқ, үмітке сенім де жоқ,
Кім білсін келешегі болад қандай.

Сол бетпен Кәпін, Кәбік аман кетті,
Сегіз күнде Марқакөл келіп жетті.
Андытып айналасын нөкерлермен,
Сан қыйын асуларды басып өтті.

Тынығып бір дем алды Түйетаста,
Өткел жоқ Қара Ертісте одан басқа
Будырған қоғаменен он шақты сал,
Ағызып өтіп жатыр әрбір тұста.

Жөнелді Бүйрек дейтін тауды басып.
Сарыны сағымменен араласып.
Тақырдың даласына тура тартты.
Бүйректің асуынан өрлеп асып.

Тақырды асып, бет алды Байшуаққа.
Сонымен күзет қойды екі жаққа.

Қалжырдан Қаратау тас қыйып өтті,
Сары тау, Бұқат дейтін келді шатқа.

Күншілік, Бесқарағай тас қайнатқан,
Ураңқайдың жайлауы қатар жатқан.
Жирен байтал, Қарағайлы тауын басты,
Кәпіннің кәрі тауы арқар атқан.

Осымен Ақжайлауға тура түсті,
Жолдағы айтпаппын ғой қаралы істі.
Тең байлаған түйенің бесігінде,
Еркежан зармен шекті барлық көшті.

Еркежан тенде келед жылайды құр,
Айтын сүйеуші жоқ дүние сұп-сұр.
Қайғырып жер бауырлап жатып қалған,
Суреті ата-ананың алдында тұр.

Жармасып жараланған анасы да,
Зарланып құлыным деп, болған жұда.
Қанданған бет, тарқалған шашын жайып,
Бір жығылып, бір тұрып, қалған о да.

Не қалды, жазылмастай жара қалды,
Айрылып жүрегiнен ана қалды.
Жас Раушанды күндікке Кәпін алып,
Бесікте жас нәресте бала қалды.

Шынды күз жақпар-жақпар биік Матай,
Міңгесіп бір-біріне біткен құлай.
Жұпардай қызыл гүлі мұрын жарған,
Бұл бір жер Табиғатқа ересен бай.

Алаңы сол таулардың тағы да көл,
Көл айнала тізілген ызғындай ел.
Кәпін, Кәбік қожасы сол ауылдың
Қылдан тайса көрсетед еліне бел.

Тіккендері күркеше киіз жапқан,
Қырық-отыздан көресін әрбір шаттан

Сандалмалы өмірмен көшіп жүріп,
Аз қалмақ Алтайды өрлей қоныс тапқан.

Уранқай дейтін ұру қалмақ тегі,
Жайлайтын ақ жайлауды мырза, бегі.
Ар жағы айқасады Марқакөлге,
Бекілген соныменен жердің шегі.

Көп қостың ортасында үш-төрт боз үй
Ордасынып бәріне шерткендей күй.
Жатады ол үйлерде Кәпін, Кәбік,
Жылатып жарлы жұртын талап ылғый.

Жорықтан Кәпін, Кәбік аман келді,
Кәбік батыр, Кәпін бек билейді елді.
Есі қалмай қуанды бай мен бағлан,
Олжаның бірталайын соған берді.

Күң боп келген бірталай әйелдерді,
Атышулы бай, мырзаға бөліп берді.
Қыянатпен семірген мес қарындар,
Жапсырды саналы елге бітпес шерді.

Күндіз бос, түнде байлап қол-аяғын,
Аңдуменен ұстады еркектерді
Талай боздақ жігіттер ылажы жоқ,
Көрмегенін өмірде сүйтіп көрді.

Еркешті Қырмызымен жеке күтті,
Кім білсін күтетінін не себепті.
Тіккізіп орталыққа жеке бір үй,
Еркештен Кәпін, Кәбік үміт етті.

Той-тойлап, ойын ойнап Кәпін, Кәбік,
Шаттанып көңілі тасып бітті желік.
Билетіп, өлеңдетіп қоразданып,
Егескен дұспанынан іздеп ілік...

Еркежан әлсіреуде есін жыймай,
Күттірді Қырмызыға содан былай,

Жалынып сұраған соң бастықтардан.
Босатты Қырмызыны сөзін кыймай

Кәбік, Кәпін таратты колдың бәрін,
Демал, деп Еркежанға айтып барын
Жұрт кеткенде күзетте қалған жігіт,
Ғындады Қырмызы мен Еркеш зарын:

—«Мандайға арнады ма күндік қана.
Бізді күн, ерлерді алды кұлдығына.
Қайда екен Балағазы, тірі ме екен.
Шынымен көрінбей ме мұндығына

Алтын күн, жарық аспан бізге кара.
Жазылмас шыбын жанға түсті жара
Құрыдық қаранының аз тұқымы,
Жаны ашып бай мен бағлан түспейді ара.

Бостандық кара басқа болды-ау арман.
Іліндік қанды торға Құсан құрған.
Билердің қарашыға жаны ашымай,
Құсанның қоспасымен болдық құрбан

Аялап асыраған қайран анам,
Жан әкем, құлыным дейтін қайда панам.
Зарланып, топырақ кұшып арманда өлді.
Тұстасым, уяласым інім, ағам».

Еркежан осыны айтып сөйлей алмай,
Қайғысы тастай басты, күш жыя алмай.
Кұшақтап Еркежанның жасын сүртіп,
Қырмызы қайрат берді содан былай:

— «Жылама, кім бар дейсін өлмейтұғын.
Өлгендер жылағанмен келмейтұғын,
Қара жер құшағына бір алған соң,
Қайтсең де қайта әкеліп бермейтұғын.

Қайраттан, күшінді жый, ақылға кел.
Көз жасы көмек емес, болса да сел.

Жаны болса Балағаз бір жетеді,
Отыз үй тобыр бар ғой о да бір бел»

Мұндасып бұлар солай отырғанда,
Бір жігіт тыңдап тұрды босағада,
Сөздерін екеуінің тыңдап тұрып,
Білдірмей жасын сықты жылады да

Оқталып сөйлесейін десе дағы,
Баска да күзетші бар жан-жағында.
Орнына ол қалмақтың баска келді,
Қаутұн сен бері шық, деп шақырды да

Қаутұн кім? Ұзын бойлы, нір кара.
Белгісіз кім екені бұл арада,
Әйтеуір бұ да қалмақ тұқымынан,
Әйткенмен түсінбейді Қырмызы да.

Біз сықылды жаралы біреу ғой деп.
Ішінен жақсы көрді ойлады да.
Қайда екен Балағазы, не қылды екен,
Соны айталық бұл күйлер тұрсын мұнда

VI

Оқталып орман бойын түйген Алтай,
Көк тұман белбуардан киген Алтай,
Ойнатып қойнауында аң тағысын,
Ежелден сол әдетін сүйген Алтай.

Күзетіп төбесінде аспан әрі,
Қоян жон ақ ботадай ақша қары.
Қара бұлт Қапсағайда жатыр сұлап,
Жұмбақты сәлде орайды тастың бәрі.

Қайнаған етегінде қарт Маркакөл,
Биіктен бетін сүйіп қулайды жел,
Күбылтып суын бетін толқындырып,
Жарқырап жайқын Марка тұрады сел.

Қарағай жағасында сыңсып тұрған,
Шашақты шымылдықтай қызға құрған.
Қыялы жиегінде долы жартас,
Толқынмен сүйіседі кемерге ұрған.

Қамаған найза шоқы жан-жағында,
Жазықта қалмақ елі ар жағында.
Аңшылар аң аулайтын қыйынды асып,
Тағы аңның қонысы бар тау бағында.

Бұл тауды кезер екен қандай батыр,
Сырласқан дос кезеді аңмен ақыр.
Мүсінді садақ асқан қару артып,
Бір атты тауға шығып келе жатыр.

Ол жалғыз Қаутүн еді аңға шыққан,
Көңілін сергітуге қапалықтан.
Қалмақтың таңдамалы мергені еді,
Садақпен сайындағы аңды жыққан.

Ат тастап Қапсағайға шықты жаяу,
Күдірлі Көкшоқының басы таяу.
Бақылап тау тағысын атайын деп,
Биіктен көз жіберді жерге сонау.

Көк мөлдір суы толқып жатыр Марқа,
Моншақтай бұлақтарын қылып алқа.
Арқасын беткейдегі тауға сүйеп,
Жамылған жағасында жасыл торқа.

Аң қарап сол биікте тұрды Қаутүн,
Мойының жан-жағына бұрды Қаутүн.
Аңнан басқа бармайтын қыйын шаттан,
От жаққан бір түтінді көрді Қаутүн.

Жап-жақын, Марқакөлден алыс емес,
Қаутүнге қандай кұздар таныс емес,
Кәсібі өмір бойы аң атуда,
Қаутүнге кедейлігі намыс емес:

«Шыққан жоқ бүгін аңшы менен басқа,
Шыға ма таудан түгін бостан-босқа,
Кім екен кұз қойнында мекен еткен,
Етер деп аю қастық ойламас па.

Отырған аң жолында қандай адам,
Жиектеп Маркакөлге баспай қадам.
Жау ма екен, жасырынған елден алыс,
Ап келген тау қойнына ажалды дәм.

Қайтсе де отқа қарай жүрейінші,
Кім екен ол от жаққан көрейінші.
Әлде бұл тұтқын қыздың жары ма екен,
Қаймықпай кім екенін білсейінші».

Ұмтылып қайрат беріп өзіне-өзі,
Жоғарғы Қаутұн жастың айтқан сөзі.
Мінді де тор бестіні тау өрледі,
Кұлжалының қойнауында екі көзі.

Кұлжалы тау сынасы ұзын сала,
Биік шың көз жіберсең жан-жағында.
Ит тұмсығы өтпейтін беті жыныс,
Мекен болған жер еді аңға ғана.

Жортушы ед көбінесе аю, барыс,
Ұрып жығып жеуші еді болса қағыс.
Түгін шыққан дәл соның жолдарында,
Қар үнгір, қанкүйлі үнгір емес алыс.

«Япырм-ау не қылған жан бұл отырған,
Әлде аю, барыстар да тимей ме оған?»
Аяндап бір биікке шықса Қаутұн,
Байлаулы үш ат көрді сайда тұрған.

Сауыт киіп сайланған екі батыр,
Жаубүйрек, пісірісіп ет жеп жатыр.
Мірді* алып, Қаутұн жылдам дайындалды,
Тіл алмай кетпейін деп бұдан ақыр.

Садақтың бір түрі, оғы әрі алысқа, әрі тез атылады.

Қойнында шытырманды терең кұздың,
Гүл майысып екі ерге жапқан шатыр.
Қызыл маржан бүркенген тікен сұлу,
Аясында ас ішкен аңғал батыр.

Біреуі садақ ала ұшып тұрды,
Тез кел деді, қасына мойнын бұрды,
Аттан түс, сен кімсің деп әмір беріп,
Жарағын қолына ұстай сарт-сұрт ұрды.

Мен аңшы, деп айтқаны сөзді Қаутұн,
Ерсінген ерлік қалпын бұзды Қаутұн
Екі жігіт шақырды ер аңшыны,
Аяндап ойға қарай келді Қаутұн.

Қарсы алды орта бойлы, қызыл шырай,
Сақтанып жан-жағына қарай-қарай,
Сұнғақтау, қушық жаурын, қараторы,
Мәліп тұр атында бір табжылмай.

Жаурынды, өткір көзді, қараторы,
Найзаға сүйенуде қыймылдамай.
— Атыңнан түс, бері кел, жөніңді айт — деп
Бұйырды ол Қаутұннен көз айырмай.

Қаутұн де аттан түсті аспай-саспай,
Екеуінің ол айтқан сөзін тоспай:
— «Ал, жігіттер мен түстім, жөн айтындар,
Шарадан ұғысайық артық аспай».

Жоламан күлген болып жақын келіп:
«Жігітім, жау емеспіз, сөйле қашпай.
Тау кезіп серілікпен жүрген жанбыз,
Өзің айт, ат-жөніңді бізден саспай».

Ойланды болар-болмас Қаутұн сонда,
Келмейді тегін адам бүйгіп мұнда.
Бұларға жөнімді айтып, жөн сұрайын,
Мақұл ма кұр қыпықтап тұру мұнда.

— «Жігіттер, атым Қаутұн, затым калмақ,
Ерсінген бір жігітке мен де салмақ,
Ауылдан аңшылықпен шығып едім,
Таң болдым түрлерінді көріп бірақ.

Ерсіз бе, егіз жүрген елден шығып,
Жүрсіздер не себепті тауда бұғып».
Балағаз ажырайды соңын күтпей,
Сен кімге күлесін? деп тілің сұғып.

Жоламан: сабыр ет, деп батыр, сірә,
Жалт етіп ақыл ойлар түсті араға.
Жігітім аулыңның басшысы кім?
Тындайық онынды да айтып қара.

Бұлардың кім екенін білді Қаутұн,
Мырс етіп сырлы түспен күлді Қаутұн.
Кенеттен түсі суып тағы ойланып,
Табжылмай бір ойменен тұрды Қаутұн

Қаутұнның биік тауға көзі түсті,
Бұл дағы бала жастан жауға сұсты.
Тұтқында сол жауының қолындағы,
Зарлаған Еркежандай сырға көшті.

Жасынан өз басынан кешіп өткен,
Дерт қайда үзіп-шаншып жанын шерткен.
Неше рет такымына қылбұрау сап,
Жарын ап, жара салып еңіреткен.

Қаутұн айтты: — «Жігіттер бері қара,
Танығандай жөнім бар сізді, сірә.
Іздеп жүрген жоқтарың маған мәлім,
Жасырмаңдар, анығын сөйле тура.

Басшысы Кәпін, Кәбік еліміздің,
Шетіне кеп тұрсыздар жеріміздің,
Балағаз емес пе екен сенің атың?
Күнде аузынан түспеуші ең тұтқын қыздың».

Тояттан көз айырмай тұрды қыран,
Шын ба деп, таң қалғандай болып **бұған**.
Қаутұнге күліп Жөкең жақындады,
Түсініп шыққан сөзді шын жанынан.

Атың кім?
Атым Қаутұн, дәл шын сөзім,
Құмар ем, атыңды естіп, көрді көзім
Қалмақтың таяқ жеген мұңдысымын
Дәл таптың, ағылатын келді кезім.

Құлданған Қәпін, Кәбік зәузатымды,
Шындықты жасырмаймын бірі мінезім.
Іздейік барлық кекті үшеу болып,
Ал батыр, бірлесуге келдім өзім.

Екі ата, екі ру ел — қазақ, қалмақ,
Асықпай түгел тыңда батыр бірақ.
Мұнда Кәбік, Қәпінмен онда Құсан,
Бұл жауыздар жағушы ед кімге шырақ.

Аядым Еркежандай зарлағанды,
Сүйеуге ер міндетті жылағанды,
— «Ендеше Қаутұн мұңдас жолын тапшы,
Жүр қане, бірге іздейік бар арманды.

Бар шығар күйік тартқан пендеде **арман**,
Өмірі от жалындай, болмай дәрмен.
Кекпен кекті іздейік тізе қосып,
Жас Қаутұн ақылың жегед сенің **оған»**

Қаутұн айтты: « Ағалар сөзің рас,
Бір атада Қәпін де қалған мұрас.
Сұлу деп әйелімді тартып алып,
Әйелім қорлықта өлді болып талас.

Амалым жоқ солардың мергенімін,
Өзім іскер жанада шеберімін,
Тамақ пен киімімді аңнан тауып,
Сорлысы боп сойылып жүргенімін.

Тұтқын қыздың есігіп жылағанын,
Түсінгенмін бір жәрдем сұрағанын.
Қолдан келсе құтқарып көрермін деп,
Мен де сондай мақсұтты қалағанмын.

Міне, қазір сіздерге тұрмын дәл боп,
Көрінбейді соңында жыйналған көп.
Қасық қаным қалғанша мен жолдаспыз.
Тілейсіздер алдымен қандай тілек».

Сол кезде Балағазы тұра алмады,
Күрмеліп не дерін де біле алмады,
Құшақтасып, дос көріп жыласын ба,
Жас жүрегі қайтерін ұға алмады.

Тағы таудың кұзында аң жайлаған
Әлді-әлсіздің күресі мың қайнаған.
Хан мен бектің қарасы таяғын жеп
Ерлері бұл кек үшін бас байлаған.

Орман тұр қалғыйтуғын сол қалпында,
Таулар тұр кесте төккен гүл қалпында.
Биіктен көшіп биік масайрасып,
Бұлттар жүр жалықпайтын мол қалпында.

Бекісті сол сағатта достар серті,
Ашылды барлығының арман, дерті
Үшеуі жүріп кетті кешке қарай,
Елі боп Кәпіндердің алған беті.

VII

Отырған жылай-жылай тұтқын мұңды,
Үмітсіз ойлаған ой етіп жынды.
Таласып Кәпін, Кәбік кісі салып,
Еркештен сөз ала алмай сағы сынды.

Дауылды құйын басты барлық елді,
Бір нөсер ат құлата соққан желді.

Таласқан Қәпін, Кәбік сөзге шығып,
Күшейтті ашуменен оңды-солды.

Тұтқынның бір қызы үшін екі батыр
Өзді-өзі араздасып көтерілді.
Бірі өліп, бірі қалсын дегендерден,
Олардың арасына жел берілді.

Қай жеңгені қазір сені алады деп,
Қаутұннен Еркежанға хабар келді.
Жан ағатай, істе деп бір амалын,
Жабысты Еркеш ұстап Қаутұн ерді.

Балағаз атын жазған күміс жүзік,
Еркешке Қаутұн алып сонда берді.
Бассалды бірден танып Еркеш сұлу
Жазулы Балағаздың атын көрді.

Олар қайда, ағажан келді ме деп,
Бетіне қан жүгірді тұрған жүдеп.
Құшақтасты Қырмызымен жеңешелеп,
Тілекті Қаутұн ағай берді ғой деп.

Қаутұн айтты: «Мен қазір сыртқа кетем,
Қәпін, Кәбік ұрысты, үміт етем.
Көзі ұйқыға барғанда жетіндер тез,
Сырттағы Бұрма тастан келіп күтем.

Қос атпенен тұрамын жалғыз өзім,
Таң атпай Аюлыға алып жетем.
Балағаз бен Жоламан Аюлыда,
Мезгілінде жетіндер болып бекем.

Тағы басқа тұтқындар бәрі білді,
Бетіне алып кашпақшы осы түнді,
Одан бұрын қайтсе де сендер құтыл,
Біліп қойса қор қылар Қәпін жынды».

Я. десіп үйден шығып кетті Қаутұн,
Ымыртта Бұрматастан күтті Қаутұн.

Басталды ұрыс-керіс айқай, ұйғай,
Табжылмай тас қасында күтті Қаутұн.

Қара түн албастыдай жерді басты,
Ушырады зор айғайға аспан асты.
Ажал ғана еркіндесіп ерлегендей,
Бір-біріне дауыстап тау да састы.

Кәпін, Кәбік таласып ақ ордаға,
Еркежанды алуға жанталасты.
Бір-бірінен қызғанып тұтқын қызды,
Соғыс ашты — екеуін қарабасты.

Ураңқайды екеуі екі бөліп,
Өзді-өздері қырылды, арпалысты.
Үміт қылған жүректің тынышы кетіп,
Минут сайын асығып мезгіл жетіп.

Өткен сайын уақытқа шыдай алмай,
Тұтқындардан барады тыныс бітіп,
Қырмызы мен Еркежан мазасыз боп,
Қайтсе ұрланып шығуды отыр күтіп.

Кім өліп, кім қалғаны мәлім емес,
Екі жағы ұруда көтеріліп.
Еркеш тұран ордаға тай-таласты,
Аласұрып айқасып, кезек өтіп.

Айғай-ұйғай шу басты төбелескен,
Сарт-сұрт ұрып бір-бірін керілдескен.
Еркеш пенен Қырмызы жеке қалды,
Басқалар шуға кетті «еһ» лескен.

Қырмызы айтты: кетелік ал «Жігітжан»
Бізді аңдырлық маңайда жан қалмаған.
Қаутұнге не қылса да кездесеміз,
Түбінде Бұрматасқа жетсек аман.

Қорыққан жүрек алқынып дымы кұрып,
Мақұл деді: Еркежан ұшып тұрып.

Қараңғы түн қойнына сүңгіп кетті,
Екі мұнды жан-жақты байқап тұрып.

Қол ұстасып жүгірді Бұрматасқа,
Қастарында серік жоқ түннен басқа.
Екпінмен басқа жаққа лағып кетті.
Шыныменен айналды оңалмасқа.

Отандағы айқайдан ұзап кетті,
Қалғыған таумен бірге түнге жетті.
Қаутүн естіп бір жақтан келе ме деп,
Екі-үш рет Қырмызы дыбыс етті.

Қараңғы түн делікүл жерді басқан,
Секілді әлде ажалмен ақылдасқан,
Шатырлап нажағайлар, көк сөгілді,
Дариясын құлатқандай барлық аспан.

Қорқыныш бұрынғыдан енді жаман,
Шыбын жан қалар ма екен бұдан аман
Тау шоқысы тас тілген қарағайлар,
Бәрі жау, бәрі андушы айналадан.

Елең етед екеуін бас салғандай,
Біресе Кәпін, Кәбік кеп қалғандай.
Шатқалда тікенектің арасынан,
Әлде аю, әлде барыс бассалғандай.

Етектен сыр еткізіп тікен тартад,
Кәріқыздай* бұтағын мойынға артад.
Түсіп кетті бытқылға шырматылған,
Кейде алдынан жүргізбей тұрып қалад.

Бір кезде тауға шықты өліп-талып,
Қыя тасты қырканы бетіне алып.
Дамыққан ой, дамылсыз тұншығуда,
Көлеңкесі жүргендей күшсіз қалып.

* К ә р і қ ы з — тікенек өсімдік.

Еркежан мен Қырмызы қол ұстасын,
Сая болар жер таппай ептеп басып.
Кенет келіп скеуі кұлап кетті,
Еркежан тасты кұшты жанталасып.

Қырмызыдан шыкпады қайтып дыбыс,
Апатайлап ақырды Еркеш сасып,
Қолыменен аймалап қыя тасты,
Есі ауғандай қорқуда өңі кашып.

Бір жарқ етті нажағай бет алдынан,
Терең кұз, түпсіз шыңрау алда тұрған
Кейін қарай шегініп тастан ұстап,
Не болғанын білмеді одан арман.

Түбінде Бұрматастың Қаутұн күтті
Әлі жоқ, күткендері, мезгіл жетті
Шыдамай көп айғайдың сүреңіне,
Үйіне Еркежанның өзі жетті.

Қырмызы Еркеш пенен кеткен анық,
Киім жоқ, күзетші жоқ, білді танып.
Қайта шауып, тез жетіп Бұрматасқа,
Дыбыс беріп байқады, тұра қалып.

Енді білді олардың адасқанын,
Өкініш қып манадан бос тосқанын.
Жоламан, Балағазға жетейін деп,
Ыңғайлап қолына алды алдаспанын*.

Ағылтып түн қойнына кетті сүңгіп,
Тортөбел қыза келе сүзе шұлғып,
Бұлтты аспан анда-санда от жақтырын.
Қараңғы қоюланды жерге мүлгіп.

Жаңбыр тоқтап басылды, жел баяулап,
Тау-тауларға мінгесті бұлт баяулап.

* Қылыш-найза.

Жаздың қысқа таңы да етек түрді, —
Кешкі бұлттың астынан тауға саулап.

Балағазбен сол тауға сөз байласқан,
Ақжайлаудың биігі аспап асқан.
Ар жағына Қалжырдың аман өтсек,
Жаудың күшін көреміз бізден асқан.

Балағаз бен Жоламан «тағаты» жоқ,
Минут сайын Қаутұннен шындық тосқан,
Желе шауып сағадан шыға келді,
Таң ағара Қаутұні бұлтармастан.

— Не болды? — Батырларым болды пәле.
— Пәлең не, өзің келдің, Еркеш қане.
— Сөз байлаған жеріме келе алмапты,
Таба алмадым маңайдан іздеп және.

Үшеулеп тез іздейік осы маңнан,
Дыбыс беріп көрейік айналадан.
Ел жақ бетін сүзейік осы ауылдың,
Айламыз жоқ істейтін басқа бұдан.

Үшеуі ел жақ шеттен кірді тауға,
Күн шықпай не де болса аралауға.
Сорлы жетім Еркежан тірі ме екен,
Өлді ме әлде таба алмай жаны сауға.

Ескілікте қарасаң не болмаған,
Күні бар ма әлсізге дерт салмаған.
Қан менен бек, бай менен шора билеп,
Батырды алдап, қаумалап жауға салған.

Айуанның ісіндей іс көрсетіп,
Жетім-жесір болды ма жыламаған.
Жазығы жоқ жарлығы күш көрсетіп,
Кім қалды бай мен бектер қанамаған.

Сол бейбақтың біреуі Еркеш бала,
Ата-анадан айрылды елден және.

Жоламан мен Балағаз жоқтаушысы,
Жайы қандай болады жаны жара.

Бір алаңмен Балағаз келе жатса,
Талықсып бірсу жатыр қарсы алдында.
Кұшып алды, атынан қарғып түсіп,
Жаным-ау, мынау біздің Еркежан ба.

Етегі киімінің өрім-өрім,
Қолдары тікен жыртқан тілім-тілім.
Тарқатылған қолаң шаш ұйпа-тұйпа,
Сұры кеткен, әл біткен көрсең түрін.

Кұшақтады Балағаз алдына алып,
Жаң серігім, досым деп күйіп-жанып,
Ықтыярсыз көзінен жас төгілді:
—«Көрген күнің осы ма тірі қалып».

Қаутұн мен Жоламан да аттан түсті,
Барлығы аянышты бірге құшты.
Еркешке нәр тамызып, киімге орап,
Аяған жоқ қолынан келген істі.

Есінен айрылған жоқ ер Жоламан:
— Өңінде ерлік, өкініш, жан жылаған.
Болатым, Балағазым, серпіл, сергі,
Ерлікті сынайтын жер осы саған.

Жанардан және қызған Ерке қайда,
Өмірдің Қырмызыдай көркі қайда.
Бір көрген Еркежанды қуаныш қой,
Ал Қаутұн отырмайық осыны ойла.

Жоламан түрегелді осыны айтып,
Іздейміз Қырмызыны енді қайтып.
Еркежан есін жыйып, көзін ашып,
Жеңінен Жоламанды алды тартып.

Ақырын әлсіз үнмен жауап беріп,
Ағажан ризамын түгел көріп.

Қырмызы қыя тастан құлап кеткен,
Жатпасын есіл қыршын сол жерде өліп.

Көрсетті сыртқы жақты қолын сермеп,
Жоламан сұрамады қайта тергеп,
Қаутұнді қасына ертіп, атқа мініп,
Ондағы өркеш тасты жөнелді өрлеп.

Қыя тас қырка біткен жанып шамдай,
Бетіне күн шағылад бейне ападай.
Өресі Акжайлаудын дейтін халық,
Болушы ед бұлттағы ойнақ дамыл алмай.

Тастары жүк секілді қатар жыйған,
Тауына тарғыл тасы тұрған сыймай.
Етегі көз жеткісіз, шыңырау кұздар,
Өлімге аттанғандай тыйым болмай.

Күн құшып, гүл безеніп алдап күлді,
Табиғат сөйлескендей мылқау тілді.
Кәрі тас қатарланып қатпар-қатпар,
Айтып тұр ертегі қып талай жырды.

Күмістей Алтай сері қар жамылған,
Бұлт киіп, төбесіне өр жағынан.
Бәріне табиғаттың шашу шашып,
Күн асты көкжиектің шарбағынан.

Күн күлді, Еркежан да бірге күлді.
Шағылған шат өмірдің ісі келді.
Қара көз, кара нәркес ой сырынан,
Қушақтап Балағазды жас төгілді.

Сол жерде Жоламан мен Қаутұн мерген,
Қасына екеуінің қайтып келді.
—Қырмызы тастан құлап опат бопты,
Алтайға сыйладық, деп айтып келді.

— Жасалық Қырмызыға тастан мола,
Келері қолымыздан сол-ақ қана.

Тіріміз, елге карай аттанайық,
Жүріңдер қайғырмандар екі бала.

Жас кұрсын, жас дегенің ақпай кетті,
Көзінен көндіккен соң шықпай кетті.
Еркешті қан жиренге миңгізгенше,
«Қорша!» — деп дабыл салған айқай жетті.

Жоламан Сайын бозға жылдам мінді,
Садақ ап, қаруларын мойнына ілді.
Балағаз ырғап, садақ сермегенше,
Жаралай Жоламанға бір оқ тиді.

— Ағажан, Еркежанды қасыңа алып,
Енді тез Қалжыр жаққа жөнел деді.
Орғытып қара көкті Балағазы,
Садақпен тас тасалап тарта берді.

Кешегі Кәпін, Кәбік жанжал еткен,
Кәпінді, Кәбік жеңіп ісі біткен.
Енді іздеп, Еркежанды елден таппай,
Сайланып сағаты еді келіп жеткен.

Ер екен, тайсалмады Қаутұн мерген,
Есінде ескі кегі, қорлық көрген.
Соғысты қаша отырып қалың қолмен,
Атқанын түсіреді көрген жерден.

Балағаз «жекпе-жек!» — деп айғай салды.
Барлығы қарсы жаудың хабарланды.
«Келе ғой, келе ғой!» деп Кәбік батыр
Қасқайып бір алаңда тұра қалды.

Денелі, кең жауырын, түсі суық,
Кәбікке келер емес адам жуық,
Найзасы шашақталған маржанменен,
Төбесін дулығаның қойған буып.

Тұлпары Балағаздың киікше ойнай,
Майданға шықты екеуі салып айғай.

Кәрі Алтай дауыстарға дауыс қосып,
Ажалға аттан қосты бәрі солай.

Еркежан Жоламанмен ілгері асқан,
Қалжырдың қыясына келіп тосқан.
Жарасын Жоламанның байлап Еркеш,
Уақыт сол болғасын оған қосқан,

Ат үстінде жараны байлап Еркеш,
Соғыс жаққа қарауда құйылып күш.
«Балағазым жауымен қайтеді» деп,
Алыста көз салып тұр, басталды егес.

Ақырып Кәбік шапты найзаны алып,
Балағаз қыран кұстай өтті қағып.
Екі ердің ерегіскен қағысына,
Басқалар қайтисед деп тұрлы бағып.

Айналып кеп Балағаз найза салды,
Ілінтпеді етектен түйреп алды.
Алып қолдың қарулы ырғауымен,
Төбедей төңкеріліп Кәбік қалды.

Сүйткенше Кәпіндердің қалың қолы,
Лап бере айналадан ортаға алды.
Айқасқанын бөгелмей ұрып тастап,
Қаша отырып Балағаз ұрыс салды.

Ал, ұшыр Қаутүн мерген араласпай,
Садақпен әндемдесін тартад саспай.
Доптай болып домалап түсті талай,
Дәл алғанын ұшырад жаза баспай.

Жақындап келе жатыр бері қарай,
Қарап тұр, Еркеш, Жөкең көз айырмай.
— Қалжырдан аман өтсек құтылар ек,
Қарағым, ал жүрейік соған қарай.

Марқадан кұлайтуғын кәрі Қалжыр,
Тындасаң естіледі Қалжырдан сыр.
Дүрілдеп тасты сокқан судың даусы,
Тау соғып, жаңғырығып естіліп тұр.

Сытылып Марқакөлден төмен құлап,
Көпіріп тасып жатыр аттай тулап,
Үйдей тасты көтеріп бірге ағызып,
Екпінімен ән салад жел шуылдап.

Тықсырып қалың қуғын келіп қалды,
Жанталасып Балағаз соғыс салды.
Төртеуі аядай-ақ жерге келіп,
Қалың қол айналадан қамап алды.

Ал жігіттер Қалжырға түсейік деп,
Жоламан жан ұшырып айғай салды.
О да тілсіз кәрі жау, долы Қалжыр,
Төртеуі қатарынан түсе қалды.

Ала келіп жөнелді ағын айдап,
Ажалға араласып жатқан жайнап.
Ағын мен ат күшіне шыдай алмай,
Еркежан ауып түсті сори қайнап.

Жанталасып ұстады ат жалынан,
Балағаз да ұмтылды тез жалма-жан,
Ат пысқырып, алқынып, қылт-қылт етіп,
Жүзіп барад жануар алға таман.

Сүйткенше қатарласып қара көкпен,
Ұстады Балағазы бір қолынан,
Шүү дегенде атымен сүңгіп кеткен,
Әлі шыққан белгі жоқ Жоламаннан.

Балағаз Еркешті алып шетке шықты,
Ағып барып құтылды Қаутүн де аман.
Қалың әскер көз жазды үшеуінен,
Ағын ұрып кеткенде айналадан.

Жоқ болған Жоламанды бәрі көрген,
Қуғыншы кейі аңырып, кейі күлген:
— Төртеуі де Қалжырға батсын бәлем,
Ер Кәбіктің құны ғой майданда өлген.

Өлді бәрі қашқынның, Қалжыр жұтты,
Кел бұрайық жігіттер елге бетті.

Азғырылған Қаутұн мен қашқын қыздың;
Балағаз батырға еріп ісі бітті.

Осылай гулдесіп ойлы бастар,
Бет алды Ақжайлауға биік асқар,
Алтай тұр түк көрмеген қалпыменен,
Қан төксе де қаншама қажымастан.

Іздеп еді Балағаз, Жоламан жоқ,
Қаутұн де жар жағалап көре алған жоқ.
Мейлің ізде, мейлің қой пайдасы не,
Арманда боп, сөнген соң қызарған шок.

Судан шығып Еркежан дір-дір етіп,
Су киімі кұрғамай әлі бітіп.
Жөкеңнен қашан хабар келеді деп,
Балағаз бен Қаутұнді отыр күтіп.

Сенейін бе, жауымнан кұтылғанға,
Тірлік тізгіні бере ме шыбын жанға.
Тар жердегі жолдасым жан жеңешем,
Тағы айрылдым даригаы өткен таңда.

Кәпін тауып, бас салып шынжырланып,
Әлде өмірім біте ме осы арада.
Қарашының таусылып азаматы,
Бар әулеттер бола ма мүлде жүда.

Жөкеңді іздеп Балағаз, Қаутұн келді,
«Қоштаспастан жоқ болды Жөкем» деді.
— Қайран Жөкем сүйегің көп пе еді! — деп,
Еркежан бетін басып еңіреді.

Егіліп ерлік жетпей Балағаз да:
— Аямауың жасаған әлі де аз ба.
Ойрандалып үй-күйі түгел бітіп,
Құрбан болды барлығы бір жауызға.

Қаны қара, сұм жүрек, Құсан залым,
Қан ішудің қан төгіп тапты амалын.
Тұқымын кұртып, кек алмай тоқтамасын,
Қашан шығып кеткенше шыбын жаным.

Жұмысы жоқ Қалжырдың жылағанда,
Бас ұрады жағаға аңда-санда.
Сарқыраған бойымен жылжи түсед,
Қарағайдан шымылдық жан-жағында.

— Жөкемнен кем көрмейін өлгенімше,
Көрсетпеймін жалғыздық тірі тұрып,
Сен де мендей мұңдысын батыр Қаутұн,
Бірге дәурен сүрейік бірге жүріп.

Осылай Балағаздың серті бітті,
Алтайдың шың мен кұзы куа бопты.
Көр аузынан құтқарған Еркешімен,
Аркаға достар солай жүріп кетті.

ЭПИЛОГ

Ал, бүгін сол Алтайды кара қандай,
Кен атқан жентек-жентек дала қандай
Масат пен ақ шалысын айға сілкіп,
Ойнатқан жас бөбегін ана қандай.
Жайлаған Кәпін, Кәбік кәрі Ақжайлау.
Мұңқа мен Маркакөлге орта байлау.
Бораған сазбен орай сары алтыны,
Сол жерде кеннің кені ұлы қайнау.
Мұңқаның көсілгені тау Қамалай,
Бет алсаң Қамалайдан солға қарай.
Жайнатып Алтай тауын Риддер тұр,
Ақ күміс актарылған алтын арай.
Жайлаған Қусан залым ұлан-дала,
Батысқа аяқ салсаң одан былай.
Балажал, Қазан-шұқыр алтын кені,
Сол таудың аясында жатыр құлай.
Алтайдың көркеюде жылдан жылы,
Өмірде қазір түгел қызыл гүлі.
Жауласқан ескі тұрмыс адыра қалып,
Достасты қол ұстасып еңбекші елі.
Алтайдың бүгін көрсең Еркежаны,
Ұқсайды Қызыл гүлге беттің қаны,
Еңбектен босаған соң сауық құрып,
Шаттығы тау жарады салған әні.

1925—1934

КАВКАЗ⁸⁹

I

Бөленген көк торғынға Кавказ сері,
Меруерттей су лақтырып өзендері,
Шомылтып күн нурына көк тастарың.
Күмістей көбіктеніп аққан селі.

Мұнартып бұлт киінген басын орай,
Құлашын сермей түсіп көкке қарай,
Қойнауда жасырынған бозғыл тұман,
Ушады ақ бұлт болып тау сағалай.

Тілдескен зәулім шыңы аспанменен,
Такаббар, иілмейді қарап төмен.
Мақтаны ұлы Кавказ қарт Қазбек,
Жалғыз-ақ сүйіседі күн төбеден.

Кұлатқан таска тамырын шырыш-шырғай
Жарысқан етегінен өрге қарай,
Төгілген қынамаға шашақ сынды,
Арудай шашын тарап тұрған талай.

Төменде екпіні аяз қайнар жылып.
Долынын ашуына самал күліп,
Көпіріп тас тербеткен асау Терек,
Жүрегін Қазбектің қардай тіліп.

Күз түсіп құламадан дүрілдетіп,
Сілккендей тау денесін дірілдетіп.

Желдеткен ысқырығын тасқа соғып,
Устаның көрігіндей күрілдетіп.

Сөйлесең бірге сөйлеп зәулім тасы,
Тік шапшып тақталанған қабырғасы.
Түймесін сауытының ағыта сап,
Желпінген батыр сынды тау тұлғасы.

Кавказды «Қап» дейтұғын бұрын Шығыс,
«Перінің елі» дейтін талай ұлыс.
Бір соқпай «Қап» тауына кетпейтұғын,
Ертектің кәрі атасы қылған қоныс.

Сұлудың білезігі кавказдаған,
Жасалған салыстырып о да соған.
Кавказдың ақша қарын күміс қылып,
Жібегін қоңыр түске мисалдаған.

Кейде пан, адамдары кер болады,
Қойнында өскен адам ер болады.
Тауының сипатымен ұқсастырған,
Төгілген қару-жарақ зер болады.

Кавказда әңгіме көп ұшқан кұстан,
Өзендей кұйылады әрбір тұстан.
Еркі жоқ жырламасқа тамашасын,
Таңданып талай ақын әнін қосқан.

II

Теректің бір қыясы Зұлыс биік,
Тұрады бұлт жамылып, қабақ түйіп,
Денесі кәрі алыптай дал-дұл болып,
Аңғары серпілмейтін етек жыйып.

Шырқаған айналасы кұз бен қыя,
Астында жартасының аю, мыя.
Тілген шың тіреледі бұлтқа барып,
Жалғыз-ақ салған жетіп бүркіт уя.

Астан кўз үстінен шын кўлай қарап,
Белдеулеп бір жол жатыр жалғыз торап
Төменде ысылдаған айдаһардай,
Теректің долы өзені түтеп борап.

Көбігі кўламада пірілген,
Күмістей сақыйналап зермен терген.
Кейде ақ-көк, кейде түрі кара бұйра,
Толқыны айдаһардай ирендеген.

Жағалап Терек бойын жүреді жол,
Жымдай боп Қазбекке өрлейтін ол.
Оралып тас өрлеген жылан сынды,
Етектен қарап тұрсаң сипаты сол.

Бір атты осы жолмен бертін асып,
Көк тасты кўлан тұяқ тіктей басып,
Кўлдыйлап төмен қарай келе жатыр,
Садақтай тау сағымын мойнына асып.

Умтылып алтын арай иек артып,
Шындарды күннің нұры жаңа шарпып,
Сәскенің мезгілі еді ендіркеген,
Тұманды қойнауларға жұтқан тартып.

Өткір көз, қыр мұрынды, терең ойлы,
Қабакты, қараторы, орта бойлы,
Басында ақ сеңсеңнен қалпағы бар,
Шалқайта бір қолымен түзеп қойды.

Қыймалы сұрғылт шекпен, қавказ белдік,
Омырауға тізілген оқ, түйме дерлік,
Қыранның топшысындай екі иығы,
Өрт болып тұтанып тұр өңінде ерлік.

Аркада шүріппе мылтық берсидеткен,
Қып-қызыл иығынан ерге жеткен.
Қынабы қараламен кавказдаған,
Белінде болат қанжар жарк-жұрк еткен

Қоян жон, күрең төбел мінген аты,
Жүргенде алды аяңдап, желеді арты.
Аңсағай арық келген жануардың,
Құландай құмда жортқан жүріс салты

Құлан жал, бөрі кеуде, камыс құлак,
Салпы ерін, тарбақ танау, киік сағақ,
Бос белбеу, бота тірсек, кол ет бөлек,
Сіңірі желбеленген, құлан тұяқ.

Бұл кім ед жапа-жалғыз келе жатқан,
Қыядан аңдай жортып құлдыйлатқан?
Дейтұғын Асқапұлы ер Бағыда,
Қазбектің ағашы мен аңын баққан.

Дағыстан туған жері, жастан өсіп,
Бір көріп келейін деп соған шыққан.
Зұлысты әкесі Асқап қырық жыл бағып
Белгісіз бір адамнан қаза тапқан...

Манабы Дағыстанның елден қуып,
Іргесін аулақ салған ол сондықтан.
Он бір жыл Дағыстанға келмеп еді,
Сағынып нағашысы хабар айтқан.

Қартайған нағашысы Әбуоһап,
Жетпісті желкелеген күртғай санап.
Дейтұғын Қамза, Қапар екі ұлы бар,
Жігерлі қаулап тұрған таудай талап.

Бағыда сол бетімен төмен түсіп,
Ызғытты күреңімен желдей есіп.
Жарқ етіп айналмадан шыға келді,
Көңілі тасығандай алып ұшып.

Қаласы Дағыстанның сәнсіз салған,
Құлама, ылдый төмен қонысталған.
Быжырқай ала-құла бақтары бар,
Үйлері қыйқы-жыйқы мыжырайған.

Қарады ыстық көріп ер Бағыда,
Сағынып келгендіктен неше жылда.
Алабы Дағыстанның күлмен қағып,
Табиғат қарсы алғандай кел деп мұнда.

Көсілген кең байтақты тағы сүзіп,
Беткейге көз жіберді бір заманда.
Шатырлы бакшасы бар үш — төрт үй тұр.
Бағыда мұздап кетті карағанда.

Белгісіз әлде бір күш бойды кернеп,
Кұмартты тұрғандай-ақ ойға шөлдеп,
Көңілі түйткілленіп неше қайта,
Жүруші ед болжай алмай жауын дәлдеп

Көзіне елестейді әкесі Асқап,
Тұрғандай сол үйлерді тура нұсқап,
«Қаныммен тас боялтқан сұмдар сонда,
Бағышым, тап!» дегендей ойын бастап.

Бұл үйде кәрі Жүсіп қаны кара,
Талайға зар илетіп салған жара.
Бағыда көп ойларға кетті батып,
Жүрегін намыс тілді пара-пара.

Өлім не?

Жанға тиген ардың оғы,
Сөнбейді арға тиген намыс шоғы.
Ойламай ар-намысын ессіз болса,
Есеп пе ол адамның бар мен жоғы...

III

Жетпістің жетеуінде кәрі Жүсіп,
Ешкімді теңгермейтін, көңіл өсіп.
Жыландай сүлік сорған сұп-сұр болып.
Кәрі бет арсыздыққа қалған пісіп.

Дембелше, шалқақ біткен өр көкірек,
Аспандап көңілімен көкті тіреп,

Тұтасқан самайымен бұрыл сақал,
Түсінен түгі шығып тұрған тітіреп.

Десе жұрт, зар илейді Жүсіп манап,
Өрлейді өзін жұртқа не санап.
Омырау, еркінсіген төрг ұлы бар,
Жүргені қан қақсатып кетсе жанап.

Кенжесі Зайда деген жалғыз кызы,
Жанарлы жай отындай бота көзі,
Сипаты «ай астында Айбаршадай»,
Күлсе гүл, сөйлесе алтын әрбір сөзі.

Ақ жүзі алтын Қавказ күміс қары,
Қабағы құндыз жаға, биік жары,
Майдағы қызыл гүлдей екі беті,
Бір сонда сұлулықтың барлық нәрі.

Енжу мен ақ меруерт мойнында,
Ұрлаған екі алмасы қойынында.
Тендессіз жар табуды арман еткен,
Бақыттың дариясына шомылуда.

Сабырлы жүрген жүріс маң-маң басып,
Керілмес кербезсініп, асып-тасып.
Орташа ойға ұнаған ару дене,
Бәріне мінез-құлық тұр жарасып.

IV

Жазыққа аулағырақ Дағыстаннан,
Сәскеде топ-топ болып жұрт жыйналған.
Алапта шоқы-шоқы бақ қасына,
Топтанып келіп жатыр жан-жағынан.

Жеккені қос-қос өгіз қос аяққа,
Мініскен үймелесіп сыйып шаққа.
Қыз, катың, бала-шаға, кемпір мен шал,
Тоқтатты арбаларын кең шақатқа.

Әдеті Дағыстанның болған салты,
Жылында — егістен соң барлық халқы.
Жыйналып бір тамаша өткізеді,
«Сабан той» аталатын мұның аты.

Апарып әркім өзі той тамағын,
Бірлесіп, көрсететін ынтымағын,
Бектері, бай, манабы жеке қос боп,
Бірыңғай кедейлері, малы шағын.

Ат шабыс, атпен ойнап, күміс алу,
Сынасып, көрсетісіп қайрат-қару.
Теңге атып мергендері бәсекелеп,
Би билер қыз бен жігіт әсем, ару.

Келеді фаятонмен Жүсіп манап,
Көкрегін көк тіретіп ұлық санап,
Арбалы, атты, жаяу кедейлерге
Үстінен мұрынының өтті қарап.

Бір-бір топ жігіттері сонына еріп,
Жүсіптің төрт баласы төсін керіп,
Ортада Зайда сұлу және келді,
Аңырды ай көргендей халық көріп.

Токтады бір бақшаға жеке тұрған,
Күнсімей күн бетіне шатыр құрған,
Асығып той бастауға жұртты жыйнап,
Біреу тұр сырнай тартып, дабыл ұрған.

Көпшілік сыртқы баққа құлай түсіп,
От жақты одақ-одақ гуілдесіп,
Толқындап шумакталған көкше түгін,
Аспандап кетіп жатыр бұлттар құшып.

Денелі, жауырынды үлкен мұрын,
Косына от жаккызды жұрттан бұрын.
Нарттай боп кәрі бетке қан жүгірді,
Арбаның саясынан сайлады орын.

Осы еді Әбуоһап жетпісті асқан,
Неше жыл жанын құрт жеп, қайғы басқан.

Күтуші ед бір мақсатты ішке сақтап,
Алғанша таспа тіліп қара тастан.

Сергіді кәрі дене бүгін калай,
Елгезек болып кетті бозбаладай,
Жігіт боп жетім Бағыда көрінген соң,
Қойнына қуанышы жүрді сыймай.

Қоршаған айналасы жігіт-желең,
Ортада ер Бағыда жанған шамдай,
Ойнатып ор текеше күрең атын,
Тобына тобырлардың келді осылай.

Басталды ойын-сауық неше түрлі,
Өнерлі жігіттерден сегіз қырлы.
Биледі әсем жігіт арулармен,
Күй тартып сыбызғыдан сексен сырлы.

Зұлысқа күн күлімлеп, нұрын ілді,
Көк шыңын күн сүйген соң тас та күлді.
Жел сыйпап шымылдығын таудың жасын
Безентті бейне қосып сұлу гүлді.

Ақ бұлтын ақ торғындай қалқып сырды.
Тау-таудың арасына перде кұрды.
Төменде болып жатқан той қызығын,
Төгіліп төбесінен қарап тұрды.

Жеке топ ұл, қызымен кәрі Жүсіп,
Алкаға мойын бұрды көзі түсіп,
Шақыртты той бастайтын адамдарды,
Менмендік қылығымен көңілі өсіп.

— Айтындар, жар шақыртып халайыққа
Біз дағы көптің бірі болайық па?
Даңқым бар, өзім манап, батыр Жүсіп.
Жойғаным маңызымды ылайық па?

Белгілі ер екені барлық балам,
Естіпті атағымды «патша ағзам»,
Теңім жоқ, ұл, қызымен бұл ортада,
Сондықтан бүкіл топтан жеке тұрам.

Олег пен Ескендірдей батырсын деп,
Барғанда губернатор айтқан маған.
Бұл тойдың түп кожасы мен боламын,
Мәлім ғой өздеріңе менің бағам.

Көпіріп осылай деп Жүсіп лакты,
Міндім деп, жібек киіп, арғымақты,
Өзім ер, өзім шешен, өзім манап,
Кім бар деп Дағыстанда менен бақты...

Көрдін бе, қаны кара сұмның ойын,
Баспақшы жалғыз өзі елдің бойын.
Шаруаның еңсе жыймақ думанында,
Меңдетпек менмендікпен барлық тойың.

Күшің маған, өзіңе — шыбын жаның.
Деп қанын сорған талай бұхараның.
Адамды айуандай ауыздықтап,
Хан, манап шер жұтқызған сенің заңың...

Жігіттер дәмеленіп дайындалып,
Бір атар шүрілпе мылтық қолына алып,
Алыс тұр, отыз адым биік дінгек,
Бір жігіт жамбыны ілді алып барып.

Көз тікті Дағыстанның кәрі, жасы,
Асад деп қай жігіттің дәрежесі,
Ахмет, Қасым. Хайдар, Хасензада,
Жүсіптің қатар тұрды төрт баласы.

Қыз, қатын, бала-шаға шет жағында,
Салтатты жігіттер тұр сырт қатарда,
Қасында Қамза Қапар ат үстінде,
Қарап тұр тамашаға Бағыда да.

Жамбыны Қасым атты жеке тұрып,
Жоғалды зуылдап оқ аспанға ұлып
Уялып, қызараңдап, намыстанып,
Шегініп кейін кетті дымы құрып.

Мергендер дәмеленген түгел атты,
Бәрі де тигізе алмай, сіле қатты.

Намыской, мактапшақтау жігіттерге
Күлкісі көпшіліктің жаман батты.

Ортадан той бастаушы айқай салды,
Келсін деп дәмеліден кімдер қалды.
Отыр ед Әбуоһап жалт-жұлт қарап,
Күреңнен ер Бағыда түсе қалды.

Іркілмей ілгерілеп басып кадам,
Ортаға мылтығын ап жетіп барды.
Көрмеген Дағыстанда бұл жігітті,
Мөлдіреп Зайда сұлу қарай қалды.

Қарауда түгелімен халық соған,
Көпшілік таныс емес бұрын бұған.
Сымбат пен жүріс-тұрыс бәрі бөлек,
Бағыда жат көрінді сондығынан.

Беренмен сығалады алып етті,
Бөгелмей ұсынғанда оқ бұрқ етті.
Қалықтап түтін қалды иіріліп,
Жарқылдап жамбы тасқа шылдыр етті

Баладай мысық қуған зырлап ұшып,
Жамбыға Әбуоһап бұрын жетті.
«Тусаң ту, жігіт болсаң осылай» деп,
Сүйінген сөздер шықты қошеметті.

— Баяғы Асқаптың бұл жалғаз ұлы,
Естуші ем болыпты деп жігіт гүлі.
Шақыртып Әбуоһап алдырыпты,
Келсін деп Дағыстанға туған елі, —

Дегенде Жүсіп өңі сұп-сұр болды,
Білдіртпей теңселгендей оңды-солды,
Жанында жасырынған жамбысы бар,
Қыялы талай сұмдық ойды шолды...

Сүйінді Бағыдаға тұрған халық,
Күйреп ед қорлағандай күйіп-жанып.
Жүсіптің сағы бәлем бір сынды-ау деп,
Барлығы масаттанды мейірі қанып.

Жүсіптің төрт баласы бәрі балуан,
Өздерін ер санайтын асқан алуан.
Басталды күрестері бұдан кейін,
Жігіттер таңдамалы шықты бұған.

Барғанын шыдатпады Қасым шығып,
Асырды алапатын бәрін жығып,
Сұрады Бағыдадан тұрған халық,
Күрес деп Қасымменен тілек қылып.

Денесі еңгезердей Қасым алып,
Жығылмас жазатайым қапы қалып.
Тиді бұл көпшіліктің намысына,
Өзінше Жүсіп отыр масаттанып.

Шешінді жұртты сыйлап ер Бағыда,
Екінші сынға түсті ол тағы да,
Бұлшық ет бүйрек тастай бөлектеніп,
Қасымға қарсы барып, тұрды бұ да.

Жыландай арбайтұғын қадап көзін,
Отырды эзер ұстап Жүсіп өзін.
Мақтасып, Бағыдаға сүйініскен,
Тікендей көріп барлық жұрттың сөзін.

Арбасты екі балуан көпке шейін,
Ұстауға бір-біріне келмей бейім.
Шап беріп ұстай алды ер Бағыда,
Әдіспен шегінгенше Қасым кейін.

Қасым да тез ұстады, қапы калмай,
Күш салды көтермек боп жан аямай,
Қапсырды қабырғасын салалы қол,
Бағыданы састы Қасым тапжылталмай.

Айқасқан екі алыптың тартысына,
Көрісті жұрттың жаны шыдай алмай.
Тізілген бұлт үстінде жұлдыздарша,
Жанарын мындаған көз тұрды айырмай.

Өрімдей талай сұлу мөлдіреген,
Жүрегі жыға тартып, елжіреген.

Жықса деп Бағыданы тұрды тілеп,
Қасымға қарсы болып көлденеңнен.

Тексеріп ортасында тұрды Зайда,
Топ жарған жігіт-ау деп осындайда.
Қасымды туысым деп болысса да,
Бағыданың жалыны артық әлдеқайда.

Кірпік қағып, ашқанша қайтып көзді,
Қасымның жондығын ол жалт еткізді.
Жұлып алып, үйіріп теріс сілкіп,
Тозаңын ер Бағыда бұрқ еткізді.

Сүйініп, көтермелеп тұрды халық,
Орнынан әрең тұрды Қасым талып,
Жүсіптің қап-қара боп кетіпті өні,
Төбеден жай түскендей бұлтты жарып.

Ішінен заһар шашып улы жылан,
Өшікті Бағыдаға одан жаман.
Дегені қап сені ме, көрініп тұр,
Түтігіп түгі шыққан қаһарынан.

Жігіттер Бағыданы ортаға алып,
Сүйініп өнеріне кұмарланып,
Өшкен жанып, өлгені тірілгендей,
Оһап жүр топты жарып, масаттанып.

Той басшы тағы шықты төрені ұстап,
Өткізді сандақ атты әуел бастап.
Бос белбеуі бұралып, шабан басып,
Күреңі Бағыданың жөнелді ақсап.

Көргенде олқысынды талай адам,
Ирендеп жөнелгенде ең сонынан.
Айдаушылар еліртіп, желе жортып,
Тегіске кұлап кетті, белден арман.

Қалған жұртты бастаушы екі бөлді,
Бірінші топ Жүсіптің үсті бөлді,
Көпшіліктің ауқымы Бағыдада,
Ортаға алып гулесіп оңды-солды.

Жастарда би билеуге болды талап,
Сан ару салтанатка тұрды карап,
Жөнелді лезгинканы* дуыллатып,
Кезекпен барлығы да тамашалап.

Керсімей о да келді сұлу Зайда,
Зайладай биге шебер әйел қайда!
Жігіттер неше алуан билесе де,
Зайдадан оза алмайтын мұндай тойда

Бағыда жігіт екен анық жолды,
Кезегі Зайраменен тура келді,
Жаңылмай такты сайын дәл түсіріп,
Ұстады қатарласып қолмен қолды.

Алқынтты жүректерін дірілдетіп,
Бір лептің жандарына күші жетіп,
Буынын еркі кетіп әлсіретті,
Жасырын жанның нәзік күйін шертіп.

Ұялып қарай алмай Зайда қырын,
Төңкеріп көз тайғызды сұлу бұрын.
Астынан жанарының жарқ еткізіп,
Бір караумен білдірді жүрек сырын.

Білмейді қорықты ма, қуанды ма!
Жүйткіді ме жүрегі, жұбанды ма?
Көргенде нағып бір-ақ балқып кетті,
Махаббат отыменен арбалды ма?

Сыбырлап бір тілсіз тіл жүрегіне,
Айтқандай жетесін деп тілегіне,
Шаң шықты, айкай шықты, ат көрінді,
Шешусіз жұмбақ қалды, керегі не...

Көрінді ең алдынан қос ақбоз ат,
Тозаңы көкке шығып шумақталад,
Қарасы басқа аттардың көрінбейді,
Құйындай екі жүйрік қосарланад.

* Лезгинка — Кавказдағы тау халықтарының биігі.

Жөнелді жұрттың сөзі қарап тұрмай,
Қадалғанын қоя ма көз айырмай,
Қасым менен Хайдардың қос бозы деп,
Бір даңғой шетте тұрған жіберді айқай.

Көңілді сонда Жүсіп масаттанды,
Мінді де фаэтонын өзі аттанды.
Ұлдарының таңыды жүйріктерін,
Бәсе деп күлмен қағып бір мақтанды.

Қос боз ат келіп қалды, ылдый түсіп,
Таласып, кезек озып, желдей есіп.
Күреңге әлде біреу қас қылды ма?
Бекер-ақ жіберіппіз оны қосып.

Сасып тұр Әбуоһап осыны ойлап,
Алысқа көз салады бойлап-бойлап.
Жазыққа екі боз ат жеткен кезде,
Төбеден тозаң шықты түтеп, қайнап.

Нәсерде тау тасындай домаланған,
Етекке қыран күсша құлаш ұрған.
Лақтырған түйдек-түйдек тозаңдары,
Бұлтындай қарашаның тауға қонған.

Лағындай ақбөкеннің кей шабысы,
Енесін жекедегі жете қуған.
Құтырған жолбарыстай күрең екен,
Ақ алқа омырауын көбік жуған.

Құйрығы тірсегіне дарый алмай,
Екпінмен көтерілген кейін қарай.
Кекілі шоқталанып кейін серпкен,
Тұңғыштың тоғыздағы тұлымындай.

Лақтырған төсі жерге тие жаздап,
Керілген кер маралдың бауырындай,
Шыңдалған қара жолдың топырағын,
Аспанға шырлатады жай оғындай.

Еркелеп енесінің сүтін емген,
Құлағы жымырулы жас құлындай.

Дүбірі жануардың жерді жарды,
Аңшының аңыздағы дабылындай.

Жұлдызша іңірде аққан ағып өтті,
Егіз боз қала берді байлағандай.
Баласы жалын құшып, жатып алған,
Топ жарып өте шықты күрең солай.

V

Түн еді, тау көсіліп қалған жатып,
Қондырып бұлтты үстіне шумақтатып.
Астында қалың бұлттың ай да адасып,
Жұтылып жұлдыздар да кеткен батып.

Даласы Дағыстанның жым-жырт болып,
Тыйыштық аймағына төнген қонып.
Білдірмей бетті сипап ақырын ғана,
Қоңыр жел өтіп жатыр жайлап шолып.

Ел жатып, шамдары да қалған сөніп,
Басып тұр төбесінен Зұлыс төніп,
Жалғыз-ақ бір қаланың ортасында,
Жарық тұр жалғыз үйде кекеп күліп.

Жарықтан сүңгіп кетсең ішке қарай,
Төрінде төбедей боп отыр сұмырай
Ұл, қызын түгелімен жыйып алып,
Намысқа түсіп отыр шыдай алмай.

— Қорлығы Бағыданың өткен жоқ па,
Өлтіріп жер-жебірге жеткен жоқ па,
Мыңдаған қалың топтың ортасында,
Бәріңнің абыройыңды төккен жоқ па?..

Деп Жүсіп ұлдарына айтты сырын,
Түсіріп ойларына ескі жырын,
Кектескен, кек алғанын айтып отыр.
Әңгіме былай еді бұдан бұрын.

Ер еді Асқап дейтін от-жалындай,
Түздердің томағасыз сұнқарындай.
Өр болып жас басынан өсті тауда,
Қайтпайтын қарауылдың тұлпарындай.

Адамнан қайтуды Асқап білген емес,
Жігерін жетіммін деп берген емес.
Айбатты арыстандай, өткір тілді,
Еш адам тағы да ондай мерген емес.

Бір жылы Жүсіп елге салық салды,
Салығын жалғыз Асқап бермей қалды.
Жылатқан ел мен ерді сұмырай деп,
Жүсіпке бағынбауға дайындалды.

Ертеден зұлымдықпен Жүсіп манап,
Шешеннің шер жұтқызған елін талап.
Шабуыл шаң түтеген жорықтарда,
Сатылып сәрсен қылған жұртты тонап.

Жүргені арка сүйеп үйез, ұлық,
Түтеткен қаңғырығын арам құлық.
Аң беріп, азық беріп жағынады,
Бәрінен жыйып алып, зорлық қылып.

Деп Асқап бұхараны бірлестіріп,
Өзіне көпшілікті алды бұрып.
Өшікті содан бастап Жүсіп оған,
Асқапты жоғалтуға дұзақ құрып.

Бір күні елді жыйды Жүсіп өзі,
Үкімін көрсететін келді кезі.
Ақырып, әмір беріп бұйрық қылған,
Халыққа қатты тиді Жүсіп сөзі:

— Аңдарың, Жүсіп айтты, быйыл алған,
Тысқары алымынан ұлық салған.
Терісі екі аюдың, тоғыз арқар,
Асқапка шығынымыз міндет қылған.

Орнынан Асқап тұрды шыдай алмай, —
Ақың бар, әмір бермек сенің қандай?

Өзіміз ұлығына тапсырамыз,
Жұмсама, сен суық қол сұр жыландай.

Мен сенің тұқымынды кұртамын деп,
Жүсіп те ашуменен жөнелді өрлеп.
Қайтпайды, қаймықпайды қайратына,
Асқап та тұрып алды, келсең кел деп.

Айқасқан Жүсіп пенен Асқап солай,
Орынсыз зорлығына шыдам қылмай.
Теректің өзенінде толқын айдап,
Сүйегі шықты Асқаптың көп ұзамай.

Жүсіп сұм сөгіп отыр балаларын,
Жетпед деп Бағыдаға шамаларың.
Менің жас кездерімде душар болған,
Мұндайдың құл қылдым деп бабаларын

Жарық жок Бағыданы, жок қылмасаң,
Бір атым оның құнын, — оқ қылмасаң,
Көлденең сөзін бөліп, Қасым айтты:
Ойланып қойғамыз деп әлдеқашан.

Осындай күйге түсті, тойдың арты,
Жүсіптің қанқұмарлық ескі салты.
Ант алды ұлдарынан айнымасқа,
Жүсіптің барлығына қойған шарты.

Өзміше Асқапты атқан күтіндер жол,
Өте сақ камданыңдар, қайраты мол,
Атпасаң қыбын тауып, алдырмайды,
Мылтық пен қанжарына тигенше қол.

Ұйқыда жұрттың бәрі танға таяу,
Бір адам күрсінеді ептеп баяу.
Уілеп қатты леппен дем алады,
Қандай жан мазасыз боп түскен қаяу

Қараңғы күнгірт сәуле үйдің іші,
Зайда еді ойда жатқан кетіп тыйшы,

Мазасыз ары билеп, ақыл айтып,
Жан сырын жасыруға жетпей күші

— Қан ішу әдетің бе, әке сенің,
Сасыйды ажал исі алған демің.
Жалғызды, жазығы жоқ өлтіртпексің
Қызығын өшіруге өмірінің.

Қыялға мұндай терең батты сұлу,
Төбеге қолын қойып жатты сұлу.
Жарқ етіп күн нұрындай бұлттан шыққан.
Бір ақыл өлтіртпеуге тапты сұлу.

VI

Ертемен қалың тұман тауды басты,
Жасырып қалқалады қара тасты.
Бір тарқап, бір қоюлап тұрды солай
Кей кезде көрінбестей аяқ асты.

Баяғы жалғыз аяқ Бағыда түскен,
Жабулы бұлыңғырдан көрінбестен.
Сол жолмен үш — төрт адам жүріп барад.
Тұманмен кім екені білінбестен.

Бір кезде шоқталысып тұра қалды,
Еңкейісіп жан-жаққа көзің салды.
— Жүрейін мен алдында қарағым деп.
Бағыдаға Әбуоһап сыбырлады.

Оһапқа ер Бағыда жолды берді,
Тілін алды, барғалы соңына ерді.
Ақырын жылжып тұман бұлтша көшіп,
Төгіліп төмен қарай жүре берді.

Асты күз, үстінде шын, ортада жол,
Қырынан аяқ тайса, біткенің сол.
Жерінде шығаберіс жол осындай,
Зұлыстың асуының қыйыны ол.

Асуға шыға келді Әбуоһап,
Баспалап жиек артып, алдын қарап.
Алдыңғы құламаның қойнауынан,
Тарс етіп, мылтық даусы шықты бір-ақ

— Сактан деп Әубоһап төсін кұшты.
Жалма-жан кейінгілер аттан түсті.
Жүгіріп ер Бағыда барғанында,
Етекке құламадан бір-ақ ұшты.

Бағыда жігіттерге қолын сермеп,
Сендердің жататының осы жер деп,
Жабысып қақпа тастың қырыменен,
Ол өзі жоғарыға жөнелді өрлеп.

Бір тасты өрлеп барып паналады,
Бөркін ап таста жатып сығалады.
Қойнауды аздап қана тұман басқан,
Қай жерге бекінгенің біле алмады.

Бұрқ етіп бір жартастан түтін шықты
Бағыда байқап қалды, көзін тікті.
Тағы да жігіттерге жалт қараса,
Оқ тиіп, шөге түсіп қарап бұқты.

Кектен кек Бағыда да қайнады енді,
Ол жұтты у жұтқандай алған демді
Қан толып, ыза кернеп екі көзге,
Жанымнан аяймын деп енді нені.

Серпіліп сайға түсті барлық тұман.
Шағылды таудың тасы күн нурынан
Тізіліп жатыр екен қатар-қатар,
Көрінді жаудың бойы жасырынған.

Ыңғайлы Бағыданың жері бапты,
Көрініп төртеуі де қатар жатты,
Төгілген жазықсыздың қаны үшін деп.
Шекеден шеттегісін көздеп тартты.

Оқ салды төмен түсіп береніне,
Жауы да оқ жаудырып борандатты

Айналып басқа тасты тағы барып,
Қасымды қастап тұрып дәл сұлатты.

Үшеуі Бағыданың оғына ұшты,
Қорқырап, арам тәндер жерді кұшты.
Біреуі тұра қашқан, Қамза атқанда.
Жаралы шала тиіп, сайға түсті...

VII

Ер өлсе еңбегі мен ісі қалад,
Сүйінткен бұқарасын күші қалад,
Қан жұтып, қанға адамды шомылдырған,
Жауыздың хан менен бек несі қалад?

Ердің ел қуа болад еңбегіне,
Сакталар талай жылдар жүрегіне.
Қасиет халқы сүйіп өткен адам,
Қоя ма ақыр жетпей тілегіне.

Ол күннің обушысы хан менен бек,
Адамды аяу үшін қоймаған шек.
Бірі де ойламаған халық қамын,
Оздырса қара басын болғаны тек.

Улатып талай-талай ердің жанын,
Сусын ғып жұта берген көптің қанын.
«Құдыкка құл кұтырса қармақ салар»,
Деп айтқан мәтел қылып қара заңын.

«Жылама, алтын Кавказ күпреніп сен,
Өміріңе сенің алтын айғақпын мен,
Елінді туншықтырған жауынды орып,
Қыйғанша тірсектерін тұрайын мен.

Тіліп ед Рүстем* де жүрегінді,
Сонда да бере алмаған тілегінді.

* Рүстем — парсы жұртының ақыны фердаусидің *Шаһнама* деген шығармасындағы батырдың аты.

Ескендір шындарынды шырқап басып,
Боялтқан қызыл қанға көп жеріңді».

Осылай ойға кетіп ер Бағыда,
Қарамай қалған катып жан-жағына.
Не болып, не қояды мәлім емес,
Қайғының қалды батып шарбағына.

Тағы да бұлт ойнады тауды басып,
Шындардан қалқып барад қарғып асып.
Төгілді төбесінен нөсер кұлап,
Теректің долы өзені кетті тасып

Көмілді, көрінбейді күннің беті,
Қара бұлт тауды басу есілдерті.
Мен мұнда деген сынды күннен хабар,
Қызарды көк жиектің батыс шеті.

Сұрланған, сұсы кеткен кәрі Жүсіп,
Еріксіз еңіреуде, ойға түсіп,
Шақырып жалғыз қызын былай деді,
Отырып бауырына қысып-қысып.

— Төрт ағаң жаудан өлді, арманым мол,
«Сұмырай» Бағыда дейтін өлтірген сол.
Кездесіп әлдеқалай ұшырай қалса,
Кегінді ұмытпайтын жауынгер бол!

Қанкұйлы мына қанжар іштен байла,
Бағыда саған кұмар оны да ойла,
Сертің бер осы сөзге кәрі әкеңе,
Қалған жоқ бұдан басқа ақыл-айла.

Тек қаның, «қанішердің» балам болсаң,
Алдап жең әлдеқалай көре қалсаң.
Соғысып ашық түрде ала алмайсың,
Сүйген боп сен де өзіндей алдамасаң...

Қанжарды іштен Зайда байлап алды,
Көрсетпей қынабымен сайлап алды.
Намысын төрт ағамның жоқтаймын деп,
Жүсіпке антын беріп «кұран» алды.

VIII

Арада солан кейін алты ай өтті,
Төгілген бау-бақшаның кезі жетті.
Келуге жүзім үзіп өз бағынан,
Құлпырып сұлу Зайда баққа кетті

Жамылып көк тұманды Қавказ тұрды
Ерігіп бұлттардағы көшіп жүрді.
Көсілген жасыл бақтар етегінде,
Жеміске басын иген, төккен сырды

Бақ толғап ермек қылған жібек желді
Мәуесін барлығы да бұтаққа ілді.
Жарқ етіп жердің күні секілденіп,
Тотыдай төңкеріліп Зайда келді.

Жасыл сусын жұтынған жүзімдері.
Күн шағылған жұлдыздай тартар көзді
Соларменен тілдескен секілденед,
Зайданың камзолына шеккен зері.

Бой жазып неге келді Зайда сұлу,
Қыйын ғой сұлулардың сырын білу
Іші де сырт қалпындай сұлу ма екен
Оларға қажет пе екен ойнап, күлу?

Бақшаны аралап жүр жалғыз өзі,
Қадалал әрбір гүлде жанған көзі.
Бір тастан таяуырақ өткенінде,
Естілді бір адамның тәтті сөзі:

— Зайдажан, бері қарай мойныңды бұр.
Ғарыбың сені күткен алдында тұр.
Шөлдеген махаббатқа бейшарамын,
Аңдамай, асығыста етпеңіз қор!

Болмады жігіт сөзін тыңдамасқа,
Еркі не дыбысты іздеп қарамасқа.
Аяғын төмен қарай салбыратып,
Бір нұрлы жігіт отыр қыя таста.

Гөменнен таяу келіп Зайда сонда:
— Шақырды қандай ажал сені мұнда?
Махаббат сенде-ақ болсын, менде болмас
Деп пе едің ұмытылар кеткен күн да

Жалындай леп боп шығып алған демі.
— Көрсем деп жүруші едім Бағыда сені
Жерге түс, төрт ағамнан мен артық па
Қалдырмай бұл күйікте өлтір мені.

— Зайдажан, не деп тұрсын, неғылғаным.
Есімде мені ажалдан құтқарғаның.
Өлтірді нағашымды және әкемді,
Еріксіз шектім соның қайғы, зарын!

Қинасиз біле алмадым не қылғаным.
Әуелі кім бастады ажал әнін,
Аң аулап жүргенінде осы тауда,
Әуелі әкең ішті әкем қанын.

Кезімде балапандай жетім қалдым.
Өлмедім, өмір сүрдім, үміт алдым.
Сағынып, туған жерді, нағашымды.
Талаппен, түү Қазбектен келе қалдым

Жазалы өнеріме боламын ба,
Өзің айт тең кұрбыдан қаламын ба,
Алды деп бірер бәйге қалың топта,
Тағы да қам істеді ажалыма.

Зайдажан, өзің айтшы, ойлап мұны,
Ұйқтамай жатпадың ба дәл сол күні
Хабарын ертең ерте су басында,
Естірткен сен емес пе ең сәтті күні?

Сактандым, өзі ұзатты Әбуоһап,
Баласы Қамза, Қапар егті талап.
Жазықсыз қарт нағашым баласы да.
Теректің өзеніне кетті құлап.

Өртендім, біле алмадым қайтерімді,
Көзімді шелдей басып, жас сорғалап

Дем алмай, сығаламай үш — төрт тарттым,
Болғандар қанға құмар өзі сұрап.

Мен сонда осы тауды күнренттім,
Мың түрлі махаббатты ойға кеттім.
Әкең, ағаң не көрсе жазасынан,
Бір сені көрейін деп талай күттім.

Істеген жақсылығың ұмытылмай,
Көретін де жүзінді күнге жеттім,
Мә, қанжар, ал кегінді ант еткесін,
Сен үшін жас өмірімді талақ еттім.

Секіріп қыз қасына түсті құзға,
Қанжарын жүзін ұстап, берді қызға.
Жүсіпке берген анты еске түсіп,
Айналды қыз денесі суық мұзға.

Шалқайып төсін басып, жұмды көзін,
Тұншықты қалың ойға, ұмытты өзін.
Денесі бір суынып, бір қызынды,
Жеңе алмай Бағыданың айтқан сөзін.

Талықсып тұрып қалды қыймылдамай,
Жанына у жайылды әлдеқандай,
Білмейді қуаныш па, қорқыныш па,
Қейде ащы денесіне, кейде балдай.

Қадалған тікенектей тиіп қатты,
Жүрегін тіліп зәрі өтіп жатты,
Даригаһ у да ішті, бал да ішті,
Жан құрғыр табалмады еш рақатты.

— Зайдашым, деді Бағыда тағы тұрмай,
Махаббат қоймады ақыр жанымды ұрмай
Еріксіз еркімді алған бір адамсын,
Алдыңа келіп тұрмын мойын бұрмай.

Балқыр ед жалыныма тас та қайнап,
Сені көрсем күндей боп кетем жайнап.
Не ажал, не махаббат отына өрте,
Өмірімді өз еркіне тұрман байлап.

Жүректі жүрек оты билеп еді,
Жұмбағын екеуі де білмеп еді,
Соқтығып екі жалын аспанға өрлеп,
Зайда да жанталасқа келіп еді.

Қайтсе де өлтіруді міндет етті,
Сұрланып Бағыдаға таяу жетті,
Көзіне көзі түсіп карағанда,
Қанжары батыр қыздың түсіп кетті.

Ұмтылғанда Бағыда тұрды күліп,
Қуанғандай ер қызға іші жылып.
Қанжар түсіп кеткенде жасын төгіп,
Тұрып қалды Зайданың дымы кұрып.

Тым-тырыс біраз тұрды тыныс бітіп,
Бау-бақша тағы да тұр тыйшы кетіп,
Махаббатсыз жүрмейтін гүл бейшара,
Екі жасқа анталап бақыт күтіп.

Мөлдіреп ар билеген екі көзі,
Жүрегін біраздан соң биледі өзі.
Мандай шашын қолымен кейін серпіп,
Мінекей сол сұлудың айтқан сөзі:

— Қайда деушем әділдік бала күннен,
Жұлдызды ой туатын кейде түннен,
Жұлдыз айсыз қара түн жауыз әкем,
Ақырғы қасық қаның күтті менен.

Туғаным, тумай кеткір оған ерген,
Зорлықты, зомбылықты мактан көрген.
Жылатып сан сорлыны тонағанын,
Өссем де қыз бала боп талай көргем.

Шеше алмай әке жайын, өмір сырын,
Анам да көнгендей ед — оған бұрын.
Қысылып анам бір күн жатқанында,
Күңіреніп маған айтқан жанның жырын.

Сен Бағыда — мен де жаспын, махаббат сол,
Махаббат деген не деп сөзбаушы ем қол.

Адамды адам сүйіп, өмір ету,
Деушедім елін үшін ер кұрбан бол

Өзендер көсілді де жүре білді,
Күнікейдің күлкісіндей күн де күлді
Айтуға басқа сөзді әлі жетпей,
Ақ білегін Бағыданың мойнына ілді

Шешілді өз-езінен ойдың сыры,
Қайғы ұшты көшкен бұлттай жазғытұры
Кетпек боп Дағыстаннан сөз байласты
Казбектің шакырғандай биік қыры.

ІХ

Теректің биік шыңы көкке өрлеген,
Бұлтка да кей мезгілде бой бермеген
Басында сол биіктің кәрі Жүсіп,
Өзінен басқанікін жөн көрмеген

Қыяңқы бет қажыған шалбарланып,
Жақ суалып, терісі кеткен жанып,
Сақалын жел мазақтап ақ селеудей,
Қан басқан екі көзі қайғыланып.

— Төрт баламды өлтірттім бақыт қуып
Ежелден нем бар еді кыйсық туып!
Жауыздығым түбіме жетті дейді,
Ылайланған кәрі жасы бетті жуып.

Менің өмірім шіріген кәрі ағаштай,
Еш адамнан рақым жоқ, бәрі тастай,
Қолда қалған жалғызым Зайда қызым.
Антты бұзды, азат боп, амандаспай.

Жазығы жоқ Бағыда жазға жетті,
Менің өмірім мертіліп күзге жетті,
Дағыстанның жер, суы, тау мен тасы.
Бәрі дұрыс карамай мазақ етті.

Үмітсіз қол тезінен қанжар алды,
Жағасына биіктің жетіп барды,
Көз ұшында, астыңда ағып жатқан.
Теректің өзеніне көзін салды.

Кәрі қол сұқты өкпеден дір-дір етіп.
Бұрсанып сағасына қанжар жетіп,
Шыннан құлап, құдйды кәрі Жүсіп.
Ер терек ренжімей қабыл етіп.

Келдің, өлдің деген жоқ, толқындары.
Үдей түсті тасқындап одан әрі,
Заманында зарлатқан талайларды,
Сол Теректе жойылды сұмның зәрі.

1939 ж.

ОН БІҚ КҮН, ОН БІР ТҮН⁹⁰

I

Алдымда тӯр атакты батыр Саян.
Қол бастаған Шығыста осы ноян.
Қалын орман, биік тау, кәрі Байқал,
Сұрасаң көп тарихты қылар баян.

Көшкен бұлттар батыстан Алтайды асып,
Өтуші елі Саянмен ақылдасып.
Тасын тіліп, орманы тауға шөккен,
Бұлт киінбей тұрмайтын маукын басып.

Саянға жалғасады Камар, Дабан*,
Нершенге құлаш ұрып одан арман.
Маңғолдан Кұражаның басын бастап,
Амурға** қосылады шекарадан.

Сихоталин батысын баурай басып,
Шығысқа тік тартады Амур тасып.
Сол жағынан шуылдап қатты тасқын,
Әмгүн кеп қосылады ақылдасып.

Бөреннің*** қырқасынан кұлайды Әмгүп,
Жері сазды, батпақты сасыр емген.
Ортасымен қақ жарып өзен ағып,
Төбесін қалың жыныс орман көмеген.

* Таудың аттары.

** Өзеннің аттары.

*** Жотаның аты.

Ақырған аюы бар орманында,
Қасқыр өтпес қалың да сол жағында,
Барыс пенен жолбарыс кей жерінде.
Қопасынан көрінед анда-санда.

Тағы шошқа, қабан мен ілбісіні,
Сасыр, сазын кезеді күні-түні,
Ағаш басын тыйындар сайран етіп,
Дүлейде түлкісінің шықпайды үні.

Нуы бар маңайына жан бармаған,
Жалғыз-ақ ер большевик аралаған.
Аңдар да аңдып бағып жүре алмайтын,
Басталды бір оқыйға осы арадан.

II

Суылдап қалың орман жел ойнады,
Көшіріп бұлт тағтасын көк ойнады.
Көшуде керуендей сұрала бұлт,
Әмгүннің суы тасып, бірге ойнады.

Сол кезде дүріл шықты аспан жарып,
Жер шайқалған секілді көк қозғалып.
Бұлт қоюлап екпіннен тау дірілдеп,
Бес минутте басылды дүріл барып.

Қапсағай кара бұлттың арасынан,
Ақ бұлт түсіп келеді жерге таман.
Орманның аны да аң-таң, құсы да аң-таң,
Жан иесі қалмады таңданбаған.

Ақ бұлт жерге таянды төсін керіп,
Астындағы салмақты бір затқа еріп,
Шыға бере нұр шашқан күн секілді.
Тарам-тарам ақ жібек әсемденіп.

Қызыл арай сапыян тымақ киген,
Қомақты ғып беліне қару ілген.
Ақ жібекпен аяғын үзеңгілеп,
Адам ек ен ақ бұлт жерге төнген.

Сөгілген аппақ арай күннің шеті,
Жерге жетіп тоқтауға алған беті.
Қалың орман еркіне жібермейді,
Ағашқа қалды ілініп «бұлттың» шеті

Заңғарға ілінгенін есептемей,
Жан-жағына көз салу есілдерті.
Сол асылған ағаштың бұтағында,
Жас адамның өлу ме әлде серті?!

Тышқандай көп жортады жолбарысы
Қап-қаранғы түнектей орман іші.
Толқын ұлып өзенде, тасқа соғып,
Орманға үнін қосқан қорқынышы.

Көзінен от жанады электрдей,
Еркін тұр, ол биікте бұйым көрмей
Жарқ етті қынабынан асыл пышақ
Қыйды тез үзеңгісін көп бөгелмей.

Ол түгіл айтушының зәресі ұшты,
Зуылдаған бойымен жерге түсті.
Асылса да бұтақта тұра бермей,
Ажалға қарсы ұмтылған неткен күшті

Әлде ол жан тапсырып өлді ме екен,
Не талықсып жаралы болды ма екен?
Күнде жортып жүретін аю, барыс,
Азық қылып жас тәнін жеді ме екен?

Ұшыраған бұл күйге қандай адам,
(Оқушым өзім де аң-таң болдым бұған!)
Қайдан келді, бұл жерге қалай түсті,
Білуге жөн-жоспарын кеттім соған.

II

Бүйректей домалатып гастарды ұрып,
Жағалай жасыл орман перде құрып.

Кәрі Еділ жиегіне қаймақ атты,
Алкадай мөлдірінің сөлін түрін.

Ескі Еділ ерді көрген бұрын талай,
Халқы үшін құрбан болған жан аямай
Ашуын жағадағы тастан алып,
Толқынмен ұрушы еді тоқтау қылмай.

Тасыйтын кейде Еділдің келіп жыны,
Есінде Пугачев пен Разині.
Басқа ұрған, патшашылдың басын алған.
Тік шында ілулі тұр қылыш қыны.

Халық үшін қанын шашқан есіл ерлер.
Жеңген жоқ еңбегінді ескі шерлер,
Қастықтың қара түнін талқан қылып,
Молаңа гүл орнатты бүгінгі ерлер.

Аспандап сол Еділден көктей асып,
Қос қанат табанына бұлтты басып,
Үн қосып Орал тауы айғайына,
Алтыннан қалып жатыр шашу шашып.

Аспандап Күншығысқа тура салды,
Қонбауды неше сөтке мойнына алды.
Ұшқанда геройлардың экипажы,
Асау жел ілесе алмай кейін қалды.

Әуені жүндей түтті пропеллер,
Үндерін үдей соқты машинелер.
Бақыттың айға аттанған алыбы деп,
Сүйініп қала берді талай жерлер.

Ертіске ертегі айтып тоқтаған жоқ,
Көшімді хан еді деп жоқтаған жоқ.
Тарихқа ер Жармақты жаза кетті,
Баяндап бәрін бірдей даттаған жоқ.

Шыңғыстан бұрын туған ер Енисей,
Қалыңнан қалай өттің деді Енисей,
Аспанға ақыл айтып не қыласың,
Шүкір қыл өткеніме қарыма ілмей.

Осылай ұшып келед Отан ері,
Аспанның ақ иығы мінгендері.
Ақын да, экипаж да бірге отырған,
Осы айтқан сол сапарда көргендері.

Болғанда үшінші күн бензин бітті,
Әуеде толқын күші артып кетті.
«Қонамыз ұнаған бір жайлы жерге,
Қарғы!» деп Валентина жарлық етті.

Отырған штурман боп Раскова,
Бұл бұйрық күп ұнады Маринаға,
Қолға алып парашютты бұлт секілді,
Әмгүннің сүңгіп кеткен орманына.

IV

Экипаж орманды асып, тауды басып,
Қонуға жер іздеді ақылдасып,
Жұлгесі екі таудың тар кезенде,
Қон деді құтты құсым қойнын ашы

Көрмеген қонақ қонды қасыма деп,
Анадай Әмгүн жатыр шашу шашып.
Шашуы ақ толқын мен көбік қана,
Көзделген күдіргесі араласып.

Шерткіздің Валентина көкке сарын,
Қолданбасқа болмады қолда барын.
Әуелердің жүрегін қабат тіліп,
Әмгүннің аққан айғай бұзды жарын.

Жарға тиген жаңғырық орман кетті,
Әр бәйтерек түбіне түгел жетті,
Кімге сөйлеп, кімге айтып хабарлайды,
Анық шынын айталмай мазақ етті.

Бағана бұлттан түсіп өлмепті адам,
Өмірге үмітпенен басты қадам,
Қалың нудың ішіне кетті кіріп,
Хабар беріп тұр ғой деп осы маған.

Сайрады әрбір ағаш басқан сайын,
Тұр дегендей достарың мұнда дайын,
Бұлт ойнады, түнерді күн төбеде,
Орманнан орманға атып нажағайын.

Сөз сөйлеген секілді әрбір жапырақ,
Бері кел деп шақырад басын бұлған.
Жапырақтардың барлығы тамашалап,
Қайдан келдің дегендей жанған шырақ.

Тұр еді қалың тікен тырбықталған,
Кемпірдей бүкірейіп тозып қалған.
Бағана ер түскенде төбесінен,
Қытықтап ұстай алды жан-жағынан

Орманның көргені ме, күлгені ме,
Садағын сан жапырақ ілгені ме,
Күтпеген көктен түскен қандай жан деп,
Тілегін болаттықтың білгені ме?

Бұрып адам бармаған қалың жыныс,
Аймағында болса да мың сан ұлыс.
Күн сәулесі түспейтін кей жерінде,
Аннан басқа алмаған будан тыныс.

Осы еді жалғыз адам дара барған,
Қандай боп шығар екен әл мен дәрмен.
Атасы аю еді бұл орманның,
Тас атса қарағайды екі жарған.

Дүлейге келген қезде жалғыз кісі,
Еркін ед, қауыпсыз ед қашпай түсі.
Білмеймін, бақырған ба, шақырған ба,
Жөнелді күңіреніп орман іші.

Шоқтықты, алып қолды, тапал бойлы,
Жуан мойын, қысық қоз, арам ойлы.
Өтіп бара жатты да, тұра қалып,
Қозғалмай Маринаға қарап қойды.

Көз айырмай тұрысты көпке шейін,
Біраздан соң дене үйір болды сөйім.

Ержүрөккө өржүрөк тура келді.
Шегінбеді екеуінің бірі кейін.

Білмеймін, батпады ма, сыйлады ма,
Әлде ол ер әйелді қыймады ма,
Жарқ беріп жөнелді аю батыр,
Тез жет, деген секілді мұрадына.

Тағы жүрді ілгері жарылды орман,
Мылтық даусы естілді жан-жақты **ұрған**,
Айналаның барлығы жаңғырады,
Естілгенін кім білеін қай жағынан.

Асып түскен дауысқа тағы да ерді,
Қара жолдай басады қыйын жерді.
Алаңдау бір кезеңнен қаз отылы,
Асайын деп әр қарай жүре берді.

От орнындай жер екен айналасы,
Кім байқасын болған соң шөп арасы.
Құйыға белуардан кетті батып,
Басталды оқыйғаның бір саласы.

Қүшін жұмсап ұмтылды жанталасып,
Дегбірін кетірген жоқ онша сасып,
Өзін-өзі құйыдан жулып алды,
Екі колмен сау жердің шетін басып.

Батпағымен үстінің судан өтті,
Тазартып бәрін жуды, сабыры жетті.
Су бойымен жүруге және қыйын,
Тітіретіп салқыны денеге өтті.

Орманда байлық көп қой толып жатқан,
От тұтатты Марина ку бұтақтан,
Кептірініп алудың қамы еді бұл,
Асықпай әдісі сол тезден тапқан.

Кептірініп, киініп жатқан кезде,
Тұрмайды-ау табиғат та бір мінезде.
Үйіріліп, боратып құйын соғып,
Өрт жөнелді орманға жанып лезде.

Алай-түлей ұйытқып түтін жамырап,
Шатыр-шұтыр ағашты отпен сабап,
Іліп ала дайын ед Марина да,
Заулаған от айнала алды қамап.

Марина айтты япырмау өлгенім бе,
Жоқ әлде қайратыма сенгенім бе,
Бақытты Отанымның зор сенімін,
Жоғалтып осы арада бергенім бе?

Жалын заулап, түтіні аспанға ұшып,
Тас-талқан боп безінді аңдар шошып
Екі қолын қусырып төсіне сап,
Марина тұрып қалды өзін құшып.

Алдында Кремль тұр нұрын шашып,
Данаға жолығуға есік ашып,
Жұлдызы Кремльдің күндей жанып
Қарайды бәрінен де биікке асып.

Тізіліп командирлер қатар тұрған.
Алдында Политбюро қатарынан
Қасында Ворошилов честь көтеріп,
Шаттықпен шықты Сталин ең алдынан.

«Уралап» барлығы да Отан үшін,
Бұл дауыс таңдандырды орман ішін,
Мен неге бұл қызықтан қаламын деп,
Тасқынды келді өңіне шаттық пішін.

Марина жалт қараса, от қамаған,
Шығуға мүмкіндік бар қай жағынан,
Лаулаған екі ағаштың арасымен
Тезінен жүрексіңбей жүгірді арман...

Жетүші ед алдақашан Комсомолға,*
Бөгелер реті жоқ, ешбір жолға,
Ізделсін тайгалардың бойымен деп,
Тарады қазір жарлық айналаға.

* Комсомольск — қала аты.

Москвадан осылайша хабар берді,
Анықтап қараңдар деп айтқан жерді.
«Мәлімсіз қайда екені экипаждың» —
Деген сөз шарлап алды бүкіл елді.

Шаттықпен күтіп тұрған Комсомолда,
Өкініп мойын қалды барлығы да,
Табамыз, келед қонақ, саспаңдар деп,
Партия қайрат берді барлығына.

Ұшқыштар көк бетіне шықты қайнап,
Орманды тұман басып, қойды байлап,
Дауысы самолеттің естіледі,
Таудағы қонғандарға ақырын жайлап.

Қасында жәрдемшісі командир де,
Екеуі кеңес құрып отыр бірге,
— Біздерден алыс кетті іздеушілер.
Келген жоқ әлі дыбыс жақын жерге.

Шыдармыз, табар бізді саспаңыздар,
Жалғыз-ақ бір қыйын тұр ауыр ызғар.
Марина бізден бөлек алыс қалды,
Ол іздеп экипажды қалай табар?

Арада осылайша үш күн өтті,
Летчиктер іздеуде жүр осы бетті.
Тұманнан көре алмайды амал нешік
Әйтпесе осы жерден талай өтті.

Ертемен тұман тарап, жадырады,
Айығып кетпесе де ыдырады,
Серпіліп сұрала бұлт сікі жакка,
Орман мен тау арасы ажырады.

Бір кезде даусы шықты самолеттің,
(Табатын мезгіліңе жаңа жеттің.)
Қыспақта, сікі таудың арасында,
Әмгүннің қос тауында, арғы беттің

Тұр екен «Родина» экипажы,
Жалаумен тіл катады айтқан назы.

Жерде, көкте қуаныш болды бірдей,
Неше айналды заманның өнерпазы...

V

Марина жанталасты өрттен қашып,
Маңайы қалың қорық қалған басып,
Қан шеңсел, кемпірқосақ тікендерден
Сыдырып сырт киімін жөнелді асып.

Жыныстан жыныс бойын кетті кезіп,
Өрт қалды күйдіре алмай, күдер үзіп.
Бір жермен келе жатты ақырын басып,
Бірден ол тұра қалды, дыбыс сезіп.

Қараса түсі суық шұбар барыс,
Оқ бойы жерде ғана, емес алыс.
Мылтығын қолына алып ыңғайланып,
Марина кыйкуменен берді дабыс.

Адамның шыдамады айғайына,
Шошыды оқ тигендей маңдайына.
Мылтықпен зуылдатып екі тартты,
Қорықты да, ол кетті өз жайына.

Бір кезде өтті қаптап самолеттер,
(Маринаға еңкейіп қолынды бер.)
Орманға орап алған Маринаны,
Көрсетпей қала берді бейшара жер.

— Дарнғай, шарықтаған қайран аспан,
Сырлас ең талай рет ақылдасқан,
Тұйғындай түйілдіріп, кейде шүйгіп,
Қарқындап самғаушы едім тоқтамастан.

Тағы да Марина әне ойға кетті,
Секундте Москваға да келіп жетті.
Тоғызда тұлымшақты үйде қалған,
Іскеді ол, жүрек жарған жас бөбекті.

Қызықтан қызық туып қайнап жатқан,
Бақытты қарашы әне келешекті.

Тайгада анам менің жоғалған деп,
Бола ма, әлде менің қызым дертті.

Мен осы серт еткенде ер емеспем,
Жасыйтын, жалыным менің қайда кегті.
Деді де өз-өзінен жігерленді,
Кезермін, табармын деп самолетті.

Кеш болды, қоңырланып түнерді орман,
Тым құрса бір алаң жоқ, әттең арман,
Көрпесін қара албасты жаба салып,
Тұрғандай аңдар қамап жан-жағынан.

Отырды бір ағашқа арқа қойып,
Қайратын қажытпады қорқып, мойып,
Аңдардың гүрілдескен дыбысымен
Алып тұр, түн мазасын тыйшын жойып.

Сорлы түн сол орманға қалған құлап,
Ешкімнің білер емес жөнін сұрап,
Мылтығын қолына ұстап мызғымастан,
Отырды түннің сырын тамашалап.

Өмірде атпас па екен орман таңы,
Баска ма табиғаттың мұнда заңы.
Қашан ол жарық күтіп сарылғалы,
Ұйқтауды білмейді екен орман аңы.

Кенеттен арыстан ба гүрілдесі,
Даусынан түн мен орман дірілдеді.
Қашан мағын келед деп күтті Маня,
Жан алқымда және көз ілінбеді.

Ажалдай кара түннің түсі суық,
Ойнайды қараңғылық өзін қуып,
Мазасыз мең-зең орман сезер емес,
Тұрғандай минут сайын ажал жуық.

Ел үшін, Отан үшін жүрген адам,
Шыдады, күйінсе де сүйген адам.

Халық үшін қандай қайрат ету керек,
Зер салып түсінбейді-ау кейбір надан.

Ер қыздың сенім күшті жүрегінде,
Ол жетпей кім жетеді гілегіне,
Жүрегін шам ғып жағып алған жанға
Қауыптын қорқынышпен керегі не?

Уялды өртең орман Маринадан,
Мынау дед, барлық сыйлық бізден саған
Қарақат, малинасын тізіп қойды,
Тікендер мейман үшін даярлаған.

Мінекей ішем десең аққан бұлақ,
Май косқан міне біздің саңырауқұлақ.
Отанның батыр қызы, болат жүрек,
Қарағым Марижанан барым сол-ақ.

Он бір күн, он бір түнді осылай кешті.
Бір кезде таң сызылды, бұлттар көшті
Тұр еді жалғыз ағаш жалаңашта,
Жұмбақтың ең қыйынын осы шешті.

Тұр деді, айғай салып Маринаға,
Ақтаңдақ ұқсап мөлдір дарияға.
Саңқ еткен қыран кұстың даусындай боп
Соғылды мылтық даусы бір қыяға.

Күн шықты Кремльдің жұлдызындай,
Шаттықта бақытты елдің ындызындай.
Әуелі Маринаны келіп сүйді,
Жаным-ай, қажыдың ба күн-түн тынбай?

Марина күн күлгенде бірге күлді,
Күн нұрын садақ қылып мойына ілді,
Тағы да жаңғырықты тау мен орман,
Қыйқудың түп тамырын енді білді.

Қарап тұр табиғат та қызық істі,
Қызықтап қыядағы ұшқан кұсты.
Жалт етіп күн шағылған маңдайына,
Өзі ұшқан экипажға көзі түсті.

Қажыған, әлсіреген, талған дене,
Еріген майдай болды әлденеге,
Жаң досым Валя, Поля қайдасын деп,
Аяндап жүріп берді сонау өрге.

Ту тіккен, музыка ойнап, қабыл еткен,
Келемін деді, міне, Кремльге,
Жүрегін жұлып алып қуанғаннан,
Мың рақмет! деді дана Сталинге!

Алдынан ақ жүзімен күліп-ойнап,
Полина келіп басты жүрегіне.
Елінің еркін сүйген ер Марина,
Мәңгілік жетті сөйтіп тілегіне.

1938 ж.

А Қ Б Ө П Е⁹¹

I

Кім көрді көктің жерге құлағанын,
Кім көрді күннің жарық сұрағанын,
Кім көрді Ақбөпедей қыршын жастың,
Шомылып қанды азапқа жылағанын.

... Кім ұқты махаббатты Ақбөпедей,
Жүрегі жанулы тұр әлі сөнбей,
Аспанда ай, жұлдыз шашу шашар еді,
Егер де тірі жүрсе арманда өлмей.

Аруды Ақбөпедей сл жырлайды,
Бес кепе, бес арналы көл жырлайды,
Ертеқ қып, тауда қыран, түзде тоты,
Ғашықтың өмірінен сыр жырлайды.

Халықтың қасиетін жанмен ұққан,
Бұл жырды мен жырламай кім жырлайды!
Мезгілсіз, мерекесіз өткендердің,
Жандары бізді де айт деп сыбырлайды.

II

Сөгіліп құм жатады сырғып құлап,
Бекініп бір тұрмайды басын құрап,
Бүгін бар, ертеңінде кетед көшіп,
Еш адам білген емес жөнін сұрап.

Жортады акбөкендер жонды кезіп,
Жүргендей бетпақта өмір барын сезіп.
Болмаса шөлде туған күрт-құмырса,
Төзе алмай аң да кеткен шөлден бөзіп...

Біреу тұр сол далада аң-таң болып,
Құмынан сорап іздеп маңын шолып.
Құм көшіп, тозаң ұйтқып, үйіріліп,
Сүрлеулер жалғыз-жарым қалған толып.

Маңдайлы қалың келген қас пен қабақ,
От болып көзінде тұр жанған шырақ.
Толық бет, ер мұрынды, дене тіп-тік.
Жүзінде нұр боп бейнә талай мен бақ.

Саусактың сынық сүйем салалары,
Бәлектеп бұлшық етін екі қары...
Шүйделі, жауырынды, орға бойлы,
Ұйқасқан барлық келбет бұдан әрі.

Аптығар адам емес, асып-сасып,
Қайғыға жабырқамас және жасып,
Аққұла өзгешелік қалпында тұр,
Менменсіп көтерілмес тұрса да асып.

Жүріп ед құдық көрмеі сайды бойлап,
Байқады атырауға атын байлап,
Үніліп ең түбіне көзін салса,
Мөлдір су табанында жатыр қайнап.

Талай ер жүріп өткен бұдан бұрын,
Көп біліп бұл бетпақтың ойын-қырын,
Әмірхан сұрап алған кәриялардан,
Бетпақтың білетұғын барлық сырын...

Әмірхан іздей-іздей келіп еді,
«Өткел бер кәрі бетпақ маған» деді.
Нәр алып сол құдыктан жер белгілеп,
Маң қасқа Мамакерге тағы мінді.

Сағымдай құба жонда кетті жортып,
Үстімен тұма құдық, көктей өтіп.

Орынын үш кұлықтың және көріп,
Барады ойға белгі тастап кетіп.

III

...Жазғы түн, жұрт ұйқыға қалған жатып,
Туған ай әлдеқашан кеткен батып.
Бұлт қалқып жан-жағынан келіп еді,
Қоңғалы биігіне тауға тартып.

Қалғуда қараңғылық жерге түсіп,
Балғындай маужыраған жарын кұшып.
Бұлттардың селдірінен сығалайды,
Түнге ымдап кейбір жұлдыз көзін қысып.

Жатып ед жылқышылар демін алып,
Шақатқа жылқыларын жыйып салып
Жусады таң алдында жануарлар,
Кұлын жатып, енесі мойнын салып.

Әмірхан аралап жүр аңдып жайлап,
Көлденең қолға сойыл алған сайлап.
Сыртынан орамалдың шығыршықтап,
Басына кыл шылбырды алған байлап.

Әр топқа жусап тұрған сығалайды,
Табалмай іздегенін жігер қайнап.
Шеттегі саяқ атқа тағы келіп,
Біле алмай не қыларын кідірді ойлап.

Сойылдың түбіменен тіреп жерді,
Ойланып жүрді жалғыз әрлі-берлі..
Сүйткенше, өресімен қаңтарулы,
Қасынан бір жылқы өтіп жүре берді.

Жалмажан, аттан жылдам қарғып түсті,
Айналып асып барып алдын тосты.
Жануар тұра қалды танығандай,
Әмірхан жануарым деп мойнын кұшты.

Жақсы аттың тіл білгендей қылығы жат,
Ежелден әр серігі мінсе канат,

Тайында жолаушыдан сатып алған,
Осы еді кұнға кеткен «Ақтарлан» ат.

Урысы Қуандықтың шетке шауып,
Айдаған қалың жылқы олжа тауып,
Соннан жетітасыл қуғын кетсе,
Көрсеткен Әмірханды жала жауып.

Тәукеннің Әмірхан ед жалғыз ұлы,
Жалғыздың жанашыр жоқ бар ма кұны.
Сау болсын Әмірханым деп жылаған,
Зар қағып сорлы Тәукен естіп мұны.

Кірме еді Қуандыққа заты Керей,
Кім өлсін өзі кірме Тәукен өлмей,
Әкеткен Әмірханның «Ақтарланын»
Қулары Қуандықтың теңдік бермей.

Тәукеннің Ақтарлан ед барлық малы,
Байлығы, батырлығы, күйрық-жалы.
Төлеуге шет ел келіп алып кетті,
Нашардың болыс, биге келе ме әлі.

Тәукенді сүйтіп қорлап қайғы салған,
Көше алмай күндер болды жұртта қалған.
«Арнаған Әмірханға Ақтарлан» деп,
Сақалдан жас домалап сан жилаған.

Жануар төрт аяқтың жүйрігі еді,
Алдына ерегісте мал салмаған.
Атақты аттарынан озғаннан соң,
Дұшпанның қастығы ғой табалаған.

Қайынын сонда Тәукен іздеп барды,
Қорлаған түгел айтты қайғы-зарды,
Қайыны көлік беріп кісі қосты,
Көшіріп алып кел деп балаларды.

Үш жігіт көлік алып қасына ерді,
Жеткенше көріп білді талай жерді,
Әмірхан жиен мініп қуансын деп,
Жіберген өрен жүйрік «Мамакерді»

Қайнына Тәукен қөшті келіп сөзай,
Бұл елдің зорлығына шыдай алмай,
Жетем деп сондарынан біраз күнде,
Әмірхан «Мамакермен» қалған бармай.

Әмірхан «Ақтарланын» іздеп келіп,
Ақырын қағыстырып жөнін біліп.
Жылқымен жібергенін көзі көрген,
Соңынан жылқышының жансыз еріп.

Мінекей, «Ақтарланға» ерін салды,
Маманы қажып келген жетекке алды,
Олжаға бірер жылқы алсам ба деп,
Есіне кегі түсіп ойға қалды.

Мінген соң «Ақтарланға» масаттанып,
Қуанды тақымы толып, мейрі қанып,
Қыйналып қыянатқа баса алмады,
Әуелде кіжінсе де күйіп-жанып.

Пердесі көтерілді таң сарғайып,
Ән салды бозторғай да қанат жайып,
Жылқы өріп жайылуға айналғанда,
Таң жеңіп, қараңғылық түсті тайып.

Әмірхан екі ойлы боп біраз тұрды,
Жобалап жүрер жолы ойды-қырды,
Құмдағы қос шыңырау қайдасын деп,
Астында ақ таңдақтың бетін бұрды.

Сүйткенше сарт-сұрт етіп тиді сойыл,
Байқатпай қапылыста келіп ұрды.
«Ақтарлан» қарғығанда тақымдағы,
Мамакер қала берді үзіп кұрды.

Жылқышы алты—жеті ортаға алған,
Қалды ма Әмірханда әл мен дәрмен.
Атының басын тартпай кетө барды,
«Ақтарлан» ұзап шықты қуған қолдан.

Айналды ақыл кіріп есін жыйып,
Тізгінін қысқалау ғып алды түйіп.

Балуандар сілтеуімен қалмайтұғын,
Мен неге қоркамын деп кетті тиіп.

Біреуін ағып келіп салып өтті,
Төбесін төмен алып жерге жетті.
Келгенін жанасалай және соғып,
Түсіріп қосарынан өтіп кетті.

Қеспелтек бір бозшұбар кезек салып,
Болмайды көпке шейін кезек алып,
Қасқайтып қасқалдақтан ұрып кетті,
Тізгінін «Ақтарланның» тежеп қалып.

Ат қойды қалғандары елге қарай,
Аттандап, жау шаптылап салып айғай.
Алдымен қашқандары ұзап кеткен,
Соңғысын қуып жетті ақыр қоймай.

Тоқтаусыз тобығынан бір-ақ ұрды,
Көмілді көк тікенге, бетін жырды
Бедеуін іліп алып жылқышынын,
Әмірхан бетін кейін қайта бұрды.

«Мамакер» үзіп оттап, тұрып қалған,
Бөгелмей аққан бойы келді соған.
Аттарын жылқышының қосып алып,
Жөнелді шоқырақпен шөлге таман.

Қаратау қала берді тұман басып,
Бұлттары шумақталып жоғары асып,
Таңдамай бар даланы безендіріп,
Күн шықты қызыл нұрдан шашу шашым.

Көсілген сар жазықта сағым самғап,
Жол берді Әмірханға қойнын ашып.
Соқпаққа соқыр сорап түсіп алып,
Жіберді жетек атқа қамшы басып.

Сол бетпен құмға кірді көп ұзамай,
«Ақтарлан» алып келед жүр деп болмай.
Бірінші шалар жері қос шыңырау,
Адасса, алдырғаны әлдеқалай...

Қойнауы Қаратаудың қалың жайлау,
Жанжалсыз, барымтасыз тұрмайды сау
Қалмайды тайлы-таяқ айғай шықса,
Әдеті бүлік іздеп күнде тынбау.

Ат шабыс, көкпар тарту жұма сайын,
Таныйсың айтқызбай-ақ кедей, байын
Тай тулақ көбеңімен о да жүред,
Ал десе қошеметке болып дайын.

«Ақтарлан» қойып еді бәйге бермей.
Үнемі тұрған емес жеке келмей,
Күндеген күнде қызған бәсекешіл,
Намыстан жүруші еді аз-ақ өлмей.

Қаңтарып таңасырса өре салып,
Жайлымға кететұғын жылқышы алып.
Атақты аймағына Тұрсын болыс,
Ақтарлан кұтым дейтін масаттанып.

Айғайы жылқышының тауды жарып,
Құлаққа тас ұрғандай тиді барып,
Аттанды аты барлар әй-түйі жоқ,
Қолына тиген-тиген қаруды алып.

Не болды, алып кетті «Ақтарланды»!
Айқасқан барлығы да жараланды.
Алыбы адамзаттың болса керек,
Ағызды жосадай ғып қызыл қанды.

Аттандап салған ұран тауды аралай,
Шошытты елді өрепкіп, үрей қалмай.
Бұйырса Тұрсын болыс жан қала ма,
Атылып атқа мінді оқ жыландай.

Күн қызды, шілде шертті тартып күйін,
Қайнатты әуе айналып адам мыйын.
Аңызғақ аңырай соғып қақырық кеуіп,
Дем алу, деміктіріп болды қыйын.

Ақтарлан ауыздығын қарш-қарш шайнап
Омырауын көбік жауып, келеді ойнап.

Шыңырауға шаңқай түсте келіп жетті,
Қоржыннан қауға арқанын алды сайлап.

Аттардың жетектегі ерін алып,
Суарды кезек-кезек бәрін жайлап.
Су құйып жан торсыққа толтырды да,
Бөктеріп «Мамакерге» алды байлап.

Жүгіріп маңайынан қокыр жыйды,
Жылқының жас тезегін қосып үйді
Өзі де тамақтанып азын-аулақ,
Аттарға қайталап су тағы құйды.

Сөйтті де көз жіберді кейін бойлап,
Қуғыншы бар ма екен деп қауып ойлап.
Алмалап қос-қос атқа кезек мініп,
Қараса бір топ кісі келеді айдап.

Белгілі келетіні шөлден талып,
Қандайын камданса да қос ат алып,
Жалма-жан жыйып қойған тезектері,
Жіберді шыңырауға бірден салып.

Саспай-ақ жәй шоқытып жүре берді.
Оншама шығармай-ақ ашы терді,
Ұйлығып, опыр-топыр келген халық
Құдықты улағанын бір-ақ көрді.

Шулады көктен түсіп құлағандай
Беймаза кейбіреуі жылағандай,
Өкінді барлығы да санын соғып,
Әмірхан қуа гөр деп сұрағандай.

Қайраты осы ғана барлық болған,
Қайтадан елге кетсе өлмей аман.
Әмірхан желе жортып жүре берді,
Сағымды жолдас қылып шөл даладан.

Өл шөлдің сақтанбаса жайы сондай,
Қуарған, қуырылған талай таңдай.
Өлгендер құртқа жем боп аз ғана ма,
Еріксіз кездестіріп өмір солай.

Адасса Әмірхан да соның бірі,
Өз малын алған үшін өлген ұры.
Жазықсыз жапанда өлсе қалғаны ғой
Сасыған өлімтіктей жазғытұры.

IV

Кеш еді, жаздың сұлу нұр төгілген,
Жібектей жерге жасыл гүл себілген.
Көк шатыр, қызғылт теңбіл тақталанып
Жерге кеп алыс аспан төңкерілген.

Шымқаған көкжиекте қызыл арай,
Көтерген күн шапағын қызыл тудай.
Тарауы сан жамырай көкке самғап,
Серпілген көк теңізі әрман қарай.

Көкжиек белдеу тартып қызыл нұрдан
Шапағын шашыратып бұлттарға ұрған.
Маяктің* жаңа жанған шамындай боп,
Жұлдыздар жана шықты сейіл құрған

Жайлауға жаңа қонған ауыл сыймай.
Ісімен мұрын жарған жас көкорай.
Айдынды ақ айнадай ортаға алып,
Тізіліп қонған бәрі көл жағалай.

Самалы салқын көлдің төске соғып,
Шомылған суға түсіп жұлдыз бен ай.
Жайланып мал отанда, жан ұяда,
Тыншыған мезгілі еді кештің сондай.

Ортада ақбоз үй тұр алты канат,
Төселген кілем, киіз сән-салтанат.
Қаданың арасынан арқан тартып,
Кермеде байлаулы тұр тізілген ат.

* Маяк — кемелер адаспас үшін қойылған жарық белгі.

Қаптаған үй алдында бала-шаға,
Жыйылған қыз-келіншек тамашаға,
Сыңқылдап әзілдесіп жүз кұбылып,
Жарқылдап кұдалар мен кұдаша да

Барлығы мәрә-сәрә күйеу келіп,
Жатса да қарар емес біреу өліп.
Сүйрендеп білгішсініп бес қапталдан.
Сөзкұмар жеңгейлер жүр суырылып.

— Кім екен, білдіңдер ме күйеу жолдас,
Жырынды біреу ме екен сөзге ұтылмас.
— Ішінде кұдалардың бір жігіт бар,
Байқаймын ешкім одан сөз алалмас.

Туысты, ер қабақты, орта бойлы,
Тұлғалы қалпында тұр терең ойлы.
Әмірхан жиен жігіт күйеу жолдас,
Қалжыңның жайын білер талай қыйлы

Жігіттің маңғазы еді өзі сері,
Күнде той, күнде сауық жүрген жері.
Жалынды аспанға ұшып алып қашып,
Нақ кезі кайнап тұрған жаңа пері.

Тәукеннің көз жанары осы Әмірхан,
Жан қыйып жаудан атын әкелді аман.
Мерт болам деген оймен жұмысы жоқ,
Жол тауып шөлді кезіп кекке барған.

Ал, бүгін топтан тандап талай маңғаз,
Ақсұңқар, ақиыққа қылмай ма наз.
Рудан асқан сұлу Ақбөпе еді,
Тотыдай боп тұлғалы туған сабаз.

Жанары екі жөздің жанған шамдай,
Нәркес* пен кірпік ойнап атылғандай.
Қызылы екі беттің уылжыған,
Үстіне ақ мамықтың қан тамғандай.

* Нәркес — әдемі көз.

Еріні қалың да емес, жұқа да емес,
Тістері тізіп қойған ақ мәр-мәрдай.
Бозбала сырттан көріп масаттанып,
Буынын алып кеткен анкубадай*.

Арудың Ақбөпе еді асқар белі,
Қыз демей қадірлейтін барлық елі.
Ойынға Ақбөпе де келеді деп,
Іңірдің сыбырлады қоңыр желі.

Етегін ақ көйлектің орай іліп,
Майысып қалып жатыр гүлдер күліп,
Басшы ғып таң шолпанын ортаға алып,
Бір топ қыз түн жүрегін келед тіліп.

Дариғай, болар екен кімнің жары,
Жұмбақ-ау өмірлері бұдан әрі.
Керуендей қоңыраулы келді ауылға,
Сыңғырлап, сылдыр қағып шолпылары

Керілген кер маралдай кербез сұлу,
Қыйын ғой, сұлулардың сырын білу.
Бакытты таусылмайтын сағат болып,
Дариға қандай қызық ойнап-күлу.

Шаңқанның ақ кұсындай Ақбөпеге
Жігіттің көзі түссе ішкендей у!
Қасынан Әмірханның орын берді,
Тоқталып дабырлаған у менен шу.

Сыпайы, кұдалармен амандасып,
Әдепті сөзіменен үн жарасып.
Сол үйге бақ айнасы орнағандай,
Көңілін көпшіліктің жіберді ашып.

Ақбөпе, Әмірханды бұрын білген,
Көрмей-ақ өткен қыста данқы келген
Өнерін Әмірханның көрген жастар.
Сыпаттап Ақбөпеге айтып берген.

* Анкуба -- бір шаралтың аты

Кездесті міне бүгін сәті түсіп,
Етене болмаса да, елжіресіп,
Еститін Ақбөпені Әмірхан да,
Дарығай, көрсем дейтін бір бас қолы.

Жалын ғой, алып ұлса жастың жан,
Сүйдіру, сүйюменен ойлағаны,
Ақылын әр тарапқа алып қашып,
Ғағатсыз тасымай ма ыстық қаны.

Арман қып жырламай ма махаббатты,
Өзі ұзақ, тойдырмайтын болса тәтті,
Жалғыз-ақ махаббатты танымайтын,
Мейірімсіз жандар жоқ па тастан қатты.

Несі екен жасында олар сүймеді ме,
Жалындап жар отына күймеді ме,
Еш болып мекнатпен өткен күндер,
Япырмау, маңдайына тимеді мс?..

Қозғалды жігіттерден ойын бастау,
Желіккен жеңгелерді болып қостау..
Бар еді аздап өлең айтатындар,
Бұл жолы қыйын болды домбыра ұстау.

Жол жорға жүрексініп отыр бәрі,
Пайда жоқ зорлағанмен бұдан әрі.
— «Ауылдың алты ауызын» өзің баста,
Қайтпайтын тау мен тастан жүйрік кәрі —

Деп біреу домбыраны қолына алды,
Отырған қыз, бозбала қарай қалды.
Қолына домбыраның тиюі екен,
Қазбекбай әй-түйі жоқ айғай салды.

— «Бітеді Ніл дарияға жалғыз қайын,
Әрқашан құрбы білер құрбы жайын.
Нақыстап бажайына келтіретін,
Ағалар жаңа талап Жолдыбайын.

Ауылым Қызыл кактың бауырында,
Танаштың дерт жабысты ауылында.

Кұдай-ау, осы дерттен қазам жетсе,
Еге көр Мұхамбеттің қауымында.

Аққурай, карақурай, қурай-қурай,
Кұдайым қызды ауылмен сыбай қылғай,
Шешесін алты ай жаздай ауру қылып,
Кұлағын әкесінің санырау қылғай...»

Ду күлді отырғандар, пәле-пәле,
Тағы да айтатының бар ма, кане.
Жол енді құдалардан басталсын деп,
Сөйледі көсемсініп Ұрқия, әне.

Усынды Әмірханға домбыраны,
Сіз ғой деп көпшіліктің қалағаны
Айтыңыз жиен құда халық құмар,
Әсіресе, бізге таңсық қырдың әні.

Бір жұмбақ адам айтпай өзі егіліп,
Бетіне ұят қаны тұр себіліп.
Ақбөпе Әмірханға наз еткендей,
Тілеген күлкісінен гүл себіліп.

— «Оншама жұрт айтарлық әнші де емес,
Қайтпасын меселіңіз сіздің берген».
Азырақ бастап шертіп алды дағы,
Кұдыйтты «Кұлагерді» төңкерілген.

Аспандап дауыс кетті түнді жарып,
Тамылжып сорғалады жанға дарып.
Ұйқысын жым-жырт түннің бірден ашып,
Сезілді айқасқаны айға барып.

Соңынан үртіс кетті «Қанат талды»,
Қалықтап жерге түспей тұрып алды.
Жаныңның бірге шертіп нәзік қылып,
Ұйтқытып ойламаған ойға салды.

Әннен ән, ағытылды дене балқып,
Талықсып кейде тынып, кейде шалкып.
Әндердің аспандаған тасқынымен,
Бар еркі Ақбөпенің жүрді калқып.

Әнінің ырғағымен кубылғанда,
Өзіне көз біткенді алды тартып,
Мөлдіреп Ақбөпенің қарауында,
Алғандай өз мойнына міндет артып

Нәр тауып жанның шөлі мейірі қанып.
Тарады тұлабойға балдай тамып.
Алпыста аузын ашқан кемпірлердің,
Лап етіп қалды бір-бір оты жаныш...

Сондайда таң аяғы кандай қысқа,
Байқаусызда ата салад, бостан-босқа
Қалыпты сүйек жалаң, ет сорпа боп.
Күн шыға қолы тиді жұрттың асқа.

Өйтпесе сәні келіп жараса ма,
Қалыпты әржерде ұйқтап бала-шаға.
Күн жаңа найза бойы көтеріле,
Тарады келген халық тамашаға.

Түрменен қызыл-жасыл қайысып жер.
Топтанып атқа мінді шет келгендер,
Сыпайы қалжыңдасып қыймағандай.
Соң шықты барлығынан Ақбөпелер.

Құдалар бірге шығып сөз жарасып.
Ұзатты әй дейтін жер белден асып.
Жардағы жапалақтай жазғытұрғы.
Басқасы бос қарайды аузын ашып.

Көздерін кейбіреуі укалайды,
Есінеп есі шығып, ұйқы басып.
— «Тағы да келіңіз» деп Ақбөпеге.
Әмірхан қолын қысты, амандасып.

Жан сырын ықтыярсыз түсіндірді.
Оттары қол арқылы араласып.
Үндеспей екі кұмар ұғысқанда,
Күн кұшты екеуіне нұрын шашып

Барлығы жан дегенде жалғыз аға,
Туғаны бір анадан екеу ғана.
Ардақтап аялаған қайран бауыр,
Болғанда, желге калқа, күнге пана

Ақбөпе жан бергендей Қасым десе.
Серігі, ақылдасы, әсіресе.
Әкесі қыя тартып көнбегенде,
Жөн айтқан ел сөзіне әлденеше.

Ауылы Көпбайды айтпай, Қасым дейті,
Ақылы тең құрбыдан басым дейтін.
Сарабал, қыйсық Көпбай десіп халық,
Балалар қалай туды, асыл дейтін

Айдардан алпыстай үй өсіп-өнген.
Бір ауыз бас-аяғы түгелденген.
Жасы үлкен ақсақалы Көпбай еді
Іргелі үлкен үйі терезе тең.

Қадірлі жақынға да, алысқа да,
Ел-елге аты кеткен дабыстана,
Ортасын Бескепенің ойып алған,
Құлашы кең жатады коньсқа да.

Аталас үрім-бұтақ жанды, жақты.
Барлығы тату-тәтті ынтымақты.
Өскен соң балалары үй көркейді,
Дейтің жұрт кім алады берген бакты

Көпбайға тыныс болды Қасым өсіп.
Ешкімге соқтықпайды шоққа түсіп.
Біреуге өкім айтса Көпбай кейде.
Тоқтатад балалары ара түсіп.

Ақылы Ақбөпенің ұшан-теңіз,
Аналық туысына біткен негіз.
Кісі күту, беретін қонақ асы,
Әмірінде Ақбөпенің болды деніз.

Салмақты Ақбөпенің жеңгесі де,
Қасымның тандап алған теңдесі де.
Бар сырын Ақбөпе одан жасырмайтыв,
Сыр бермей сырт жеңгенің өңгесіне.

Ақбөпе отыр еді шашын тарап,
Айнаға алдындағы күле қарап.
Жетіп кеп, Дәләпыраз күлімсіреп,
— Сүйінші сенен жаным келдім сұрап

— Не бар ед, сен сүйінші сұрағандай
Қуандың есің шығып неге мұндай.
— Қешегі айтқаныңды ұмыттың ба.
Бір кешке жеткізіп ең айтып болмай.

Жігіт жан, көрген жоқпын сендей жанды
Сөгесін қызық көріп қуанғанды.
Ендеше батыр болсаң ренжи ғой.
Әлгі ағаң шақыртыпты Әмірханды

Өзі де байқамады қуанғанын,
Білмеймін жүрек соғып не қылғанын.
Шын ба деп, күндей жанып жалт қарады.
Еріксіз бір жұмбақ күш, билеп жанын.

— Әнекей келіп қалды үйге таман,
Нанбасаң карашы үйдің жабығынап.
Айтқожа, Қасымменен ортаға алып.
Әмірхан түсіп жатты анығынан.

Бүгін кеш, тағы қызық, тағы жұмбақ.
Шіркін-ай, күнде болса осындай шақ.
Дәләпи, сөйлесейін бүгін еркін,
Ыңғайын шамаң келсе келтіріп бақ...

Отауға еңалдымен Қасым кірді,
Қонақтар аз кідіріп тыста тұрды.
Жайдары жай қараған адам құсап.
Көрсетті назды сұлу хош пікірді.

Айдыңның аққуындай басын иіп,
Сыр кілтін сылдыратпай ішке түйіп.
Жарқ еткен назарының отыменен,
Жанына махаббаттың уын құйып!..

Бар ма екен махаббаттай нәзік нәрсе,
Гоймайтын адам жаны көре берсе,
Сырласып сүйгенімен емін-еркін,
Жүрегін сен сақта деп соған берсе.

Болса егер жан жүрмейтін түннің түні,
Жоғалса жұлдыз сөніп, ай мен күні
Ол айтып, бакыт жайын бұл тындаса
Бөгет боп іздемесе ешкім мұны.

Тас еріп дарияға су боп ағып,
Токтатса бөгеушіні нөсер қағып,
Жасырынған бұл екеуін табалмастан
Жарығы дүниенің жүрсе лағып.

Ойдағы айтсам деген армандарын,
Ақбөпе бітірмес ед — сонда нағып,
Сүйісіп содан кейін мәңгі отырса,
Екеуі жүрек отын шам ғып жағып.

Естіді Әмірханды аймақтары,
Жыйылды кешке қарай жас пен кәрі
Төсеулі көленкеде кілем, киіз,
Сар қаймақ сапырылды қымыздары.

Әмірхан әрберден соң әнге салды,
Сүйкімді ән, тындаушының еркін алды
Топырақ жеп, домаланып еңбектеген,
Анырып жас бала да тындай қалды.

Умсынай Қазыбектің үстін басып,
Салқынға қонған борлы жөнелді асып
Ырғалып кешкі ауаның толқынымен
Косылды ұлы Ертіске әндер тасып.

Туғалы ән сүймейтін Мұсабек те,
Аңқайып қарап қапты аузын ашып
Қызғанып Әмірханның бұл келгенін,
Үйінде Әбіш жатыр «марту*» басып.

* М а р т у — бұл жерде есенгіреп жату мағнасында

Айтқан жоқ, арнап хабар Қасым оған,
Такаббар жанның бәрін жақтыртпаған.
Кей кезде дәме қылып қырындайтын,
Сондықтан Ақбөпе оны шақыртпаған.

Басталған бие ағыта ән мен өлең,
Төгіліп қырдан асты талай белең.
Шам жаға жұрт тарады рыйза болып.
Болад деп Әмірханға қай жігіт тен...

VI

Серпіліп қараңғылық қойнын ашып,
Ай туды аспанына жұлдыз шашып.
Жаңа өскен жас шіліктің тасасында.
Сөйлескен екі ғашық мауқын басып.

Сылдырап, жел ырғаса жапырақ күлед.
Өйткені ғашықтардың тілін білед.
Ән қосып самал келіп содан арман,
Сырды естіп жөнін айтпай жүре беред.

Түншығып тыңдамасын түн неғылып,
Жас жанды жасырғанын тұр ғой біліп.
Жеткізіп кейбіреуін мұратына,
Кейінің өмірін кескен баурын тіліп.

Жабысып ғашықтар тұр дымы құрып.
Жүрегі екеуінің бірдей ұрып,
Күрсініп жұтқан демін босатты да,
Әмірхан сөз бастады, құшып тұрып.

— Ақбөпе, сен алдың ба, еркім қайда,
Басқа емес, бір-ақ арман қазір ойда.
Жәрдемшім жалғыз өзің көрінесің,
Ауыр ой, қайғы-қасірет болды пайда

Тіршілік сенсіз маған өлгенше дерт
Жолыңа жан кыюға беремін серт.
Шешпесең өз қолыңнан тағдырымды,
Күл етер бойымдағы қаулаған өрт —

Деді де, қатты қысып тағы сүйді,
Тағы еріп, тағы баdqып, тағы күйді.
Мас болып талықсыған қайран сұлу,
Күрсініп сонда ғана есін жыйды.

— Білмеймін, ойламаушем мен де бұлай,
Қолыңа сенің қайдан түстім оңай.
Екі етпес әмірінді пендең болдым,
Мені ешкім алмас сенен ажал алмай.

Соны айтып қолтығына кіре түсті,
Махаббат не бар екен сенен күшті!
Жас гүлдің жан татпаған жана балын.
Улайды-ау!.. Екі жұбай бөліп ішті.

Көтерді актандақты таңы кұрғыр!
Көлдегі кұс оянды басталды жыр.
— Жігітжан, көзге түспей үйге бар деп,
Бүркеніп Дәләпыраз қасында тұр.

Жалт карап, сонда білді таң атқанын
Сезбепті түнді қалай ұзатқанын.
Әмірхан жаныменен жақсы көрді,
Қызықтап Дәләпыраз ұнатқанын.

Әмірхан Дәләпимен үйге кірді,
Уққаны белгілі тұр барлық сырды,
Шіркін-ай жеңге болсаң осындай бол.
Болжаған ақылымен ойды-қырды.

Барлығы Ақбөпенің ақылы ғой,
Қыз өсіп жасқа толып жеткен соң бой.
Жайына келер күннің кам етеді,
Пайымдап бас-аяғын жеткізіп ой.

Әмірхан ұйқтай алмай ойға кетті,
Ұйқысы келмей қойды не себепті.
Жалғыз үй, қалың Қыпшақ ортасында
Тартам ба, әлде талай қайғы дертті.

«Арыстан айға шауып мерт болды» деп
Көрем бе өмір өксіп өткелекті...

Жауса да, қысында қан, шілдеде мұз.
Екі етпен Ақбөпеге берген сертті.

Қауыпты өткір ойы бір-ақ кесіп,
Қызыққа тағы батты қайта кешіп.
Айналып Ақбөпемен бақыт тауып
Екеуі сайрандап жүр желдей есіп.

Қыялмен кешіп өтті бәрін де онай
Құрметпен құрбылары бірі қалмай.
Болғанда сәске мезгіл жұрт тұратын
Әмірхан мызғып кетті жатып солай.

Ақбөпе дәл осындай халге түсті,
— Қондырсам, тұғыр болып қыран күстем.
Қайғысыз қыздың онда күні бар ма.
Кім білед, немен тынбақ мұндай іст.

Айтқан жоқ, Әмірханға қауып жайын
Шошытып күні бұрын не қылайын?
Ерлігі еш адамнан кейін емес,
Не көрсек бір көрерміз болдык дайын.

Жолына Әмірханның тасаттықпен
Өмірімнің қуатынан немді аяйын,
Шыдадым нөсер жауып, жер қозғалса.
Бұлт соғып, аспан атса нажағайын!.

VII

Аққұла басқа жаздан бйылғы жаз
Бұралып қыз-келіншек қылады наз,
Күнде ойын, күнде сауық бас қосылу
Талапкер жігіттердің бәрі өнерпаз.

Күнде той Әмірханның жүрген жері,
Жанған от, жалыны ұшқан ердің ері
Елден ел Әмірханды шақырумен,
Боп кетті бәрі жомарт, бәрі сері.

Тыңдайды әрбір кеште Көпбай балқып
«Шырағым, дастан айт» деп қояд шалқып
Арудың ардақтаған қызуында,
Әмірхан көп үстінде жүрді қалқып.

Ежелден қырағы ғой көптің көзі,
Қыядан сынағыш-ақ тағы да өзі.
«Әмірхан Ақбөлені алад» — деген.
Жайылды бірте-бірте жұрттың сөзі

Сол өсек, өрши-өрши өрге кетті,
Көбіне Әбіш мырза дүрілдетті,
«Келінің бұзылыпты» деген хабар.
Ақкөлде Ақажанға барып жетті.

— Бұл не сөз құлағыма жақпайтұғын
Дерт бар ма, мен дауасын таппайтұғын
Карның кебек тескен «мұжық Қыпшақ»
Болды ма аруағымды аттайтұғын.

Ақажан бір әкеден алты ағайын,
Ал десе аймағымен елі дайын.
Аюдай ақырады ашуланса,
Білгендер соқтықпайды оның жайын

Інісі Кәрібай болыс даңқы шыққан,
Адамы бір дуанның* алдында ыққан.
Қармағын салған жері сау қалмайды.
Ісіне дос сүйініп, дұшпан бұққан.

Белі сол Ақажанның сенетұғын,
Әзір тең ер шыққан жоқ жеңетұғын.
Тоңырайған, тоң мінезді баласы бар.
Бінжық деп ауыл үйі күлетұғын.

Сонда да Құдыяр, деп әкесі оны,
Әке үшін қадірлейтін елі мұны,
Ақажан ыза болып ұрсатұғын,
Баласы қынырайғанда білмей соны.

* Д у а н — патша заманындағы уездік қала.

Болған соң бастан ынжық сңала ма,
Ондайлар бір қыйсайса тіл ала ма?
Дәйт десе, қорс етеді қыңырайып,
Ақылы қамшы жұмсау, қолда ғана.

Шақырып Қәрібай бастап елі қызды.
Жібер деп жігіттері, жыйып бізді.
Қарайтын алды-артына немене бар,
Келейік шаштан сүйреп ондай қызды...

Сөйлесті құдасына кісі салып,
«Отырмыз бір суық сөз хабарланып,
Егер де Қөпбай ойы адал болса,
Тез берсін келінімді малын алып!»

Қөпбайға жаңа туды ақырзаман,
Дүниеде іс бола ма бұдан жаман
Балама ондай атақ атамасын,
Айта бар Ақажанға сенсін маған.

Жайлауда ұзатайын күзге бармай,
Қызығын тез көрем деп ойласа ондай.
Даярлап үй жабдығын бітіргенше,
Құдаға айт, мұрсат берсін енді бір ай.

Бұл хабар жария болды барлық елге,
Ой түгіл қырдан асып жетті шөлге.
Атағы Ақбөпе мен Әмірханның,
Жайылды заматында талай жерге.

Сұм Әбіш біліп алып жұртқа шашты,
Өсекті үйрілтіп бетін ашты.
Ағайын, көршілес ел араз болып,
Аз күнде берекенің құты қашты.

Не дерін ел мен жұртқа білмей Қасым,
Уғалмай көзі жетіп қарындасын.
Қорлық, деп Ақажанның күш айтқаны,
Ойланып көп отырды шайқап басын.

Жол таппай туысына сөз салуға,
Тағы ұят Әмірханды қолға алуға.

Әмірхан Айтқожамен жолдан келсе,
Ауылдың кетіп отыр салы суға!

Әмірхан сездірмеді ішкі сырын,
Келіскен Ақбөпемен күні бұрын.
Естіді ел шетіне келісімен,
Келед, деп Ақбөпенің күйеуі ұрын.

Жалғыз дос Айтқожа еді Әмірханға,
Өлсе де ол айтпайды басқа жанға.
Жарлының жалғыз өскен бұл да бірі,
Дос болған Әмірханмен ұғысқанда.

Әмірхан ақылдасты Айтқожаға,
Бұл елде тұру бізге жөн бола ма?
Әкеме айт Текедегі елге көшсін,
Болмайды жайлы қоныс бұл арада.

Қыйналар нағашым да жол таба алмай,
Қапа боп қалар халық есі қалмай,
Көшірсін жұрт көзінше елің тап деп,
Түсіндір жасырмай-ақ сен осылай.

Мен мына, Жәдіктерге барып қонам,
Сезілді, сақтық керек бұдан былай.
Тентек пен Ескененің ұрылары,
Қоймайды Ақтарланға қатер қылмай.

Әдісін ол ауылдың естігемін,
Қапыда өкінерміз алдын алмай.
Іргені елге апарып орнықтырсақ,
Тілдесу Ақбөпемен түбінде оңай.

Айтқожа сол бетімен елге келді,
Қайғырды, капаланды, сыйын бөлді,
Тілегін Әмірханның орындаспақ,
Қыя ма бір жыл туған қайран төлді.

Бектасқа баяндады бастан-аяқ,
— Бір сөздің болуы рас осылай-ақ,
Ел басын дауға салып қайтемін деп,
Әмірхан ол ойынан қайтқан бірақ.

Ат шықты, жұрттың бәрі күдік алды,
Іс болды бетке шіркеу ұятырақ.
Біздің үй көшсін дейді керейлерге,
Бұл елде болмас дейді жайлы тұрақ.

Акажан коймайды ақыр кек ойламай,
Түбінде ауыз салад бізге қарай.
Көшейік, ел басына сөз келмесін,
Айта бар нағашыма жөні осылай.

Қынжылды, көп ойланды Бектас тұрып,
«Қап!..» деді басын шайқап санын ұрып.
Дерт болды-ау Әмірханға жазылмайтын
Қайратын қажытады-ау, оймен кұрып.

Біз үшін қаймықпасын өзі білсін,
Жігіттер күші серік елге әкелсін.
Табаны Ақбөпенің берік болса,
Сәлем айт жиенжанға бөгелмесін.

Қуанып түнде Айтқожа қайтып келді,
Бектастың бар сәлемін айтып келді.
Көлік ап ертең көшпек сорлы Тәукең,
Қаңғырып қоныс қылмай елден елді.

Қандай күн бишараны сандалдырған,
Бар ма екен әлде жарық алда тұрған.
Атағы Керей бұған туысқан ба,
Сақтар ма, жақын тартып, болып қорған.

Ұлтуған азар кетті, жылай-жылай,
Қаңғырып өттік пе деп елге сыймай
Бауыры бірге туған шыдата ма,
Егілді Бектас боздап, о да қыймай.

Аңду боп Әмірханның жүрісіне
Күшейді алақөздік ел ішінде.
Ақбөпе өз үйінен аттамайды,
Оның да өре түсті өрісіне.

Сонда да қажымайды сырын берік,
Жүрсіндер демейді де өсекке еріп.

Бұрынғы айдай ашық мінезімен,
Тотыдай таранады қасын керіп.

Еліне Ақбөпені таныстырып,
Қош айтты құрбылармен жылап жүріп.
Салқынмен ертең ерте жүреміз деп,
Жатысты күйеу, құда мәжіліс құрып.

Ақсұңқар жемтік болмақ қарақұсқа,
Десіп жұрт, қыз сорлының өмірі қысқа
Қор болған қайран ару малы барға,
Жоқ екен күйеуінде адам нұсқа.

Көргендер Құдырды құндап солай,
Кетгі дейді — есіл сұлу жылай-жылай
Шынында Әмірханның теңі еді, деп,
Өзді-өзі сөйлеседі жастар солай.

Ақбөпе басын таңып кешке таман,
— Төсек сал, жатам, дейді — апа маған.
— Жата ғой, құлынтайым, шаршаған ғой,
Танысып күні бойы көп жылаған.

Оңаша жайластырды үлкен үйге,
— Әр-бері демін алсын бірің тиме,
Деп бәрі кұрақ ұшып, жүгіріп жүр,
Жатқанын қайдан білсін, қандай күйде!..

Күйеуді қыз-келіншек ортаға алып,
Жезде, деп кейбіреуі шымшып қалып.
Құдалар, «кетер өлең, кербез өлең»
Айтсын деп талқыға жұрт жатыр салып.

Далада екі-үш дауыс шаң-шұң етті,
Біреуі ойбай салып, әлемдетті.
— Ойбай-ау «Жігітжан» жоқ, ұйқтап жатқан.
Таппадық үйден, түзден қайда келті?

Ұй тола отырған жұрт талқан болды,
Жүгірді есі шығып оңды-солды.

— Атқа мін, қуындар, деп жаны шығып,
Көпбайдың аққан жасқа алды толды .

— Түгенде жігіттерді мұнда келген,
Кім барсын бейсауатты адам көрген?
— Жок, десті Қудыярдың кербестісі,
— Айтқожа қайда, деді көлденеңнен.

«Мәлағам»* жаңа болды алай-топай,
Әуелгі ән орнына, жөнелді ойбай.
Қай жаққа қуарын да біле алмай жүрт,
Ұшырды ел үрейін күрғақ айғай.

Қос атпен кісі аттанды Ақажанға,
Сандалып ақыл таппай қалып таңға.
Шоқ басып, шулаған жүрт қала тұрсын,
Келсейік түздің құсы Әмірханға.

* * *

*

Алты салт, самалалы сойдауыттай,
Тік түсті «Қызыл қаққа» атқан оқтай.
Бауырымен «Жарма өзектің» қыйыс тартты
Самсаған түбектегі елге соқпай.

Мезгілде елең-алаң Текеге асты,
Күн жаңа шала-шарпы нұрын шашты,
«Қуғын жоқ кұтылдық» деп жаудан аман,
Бақытты балғын жастар қалжындасты.

Қиінген Ақбөпе де жігіт болып,
Өңіне шырай біткен нұры толып,
Әмірхан туыстарын таныстырып,
Бәрі мәз қуанышта көңіл толып.

Ақтарлан ойнай басып, алас ұрып,
Қайшылап қос құлағын мойнын бұрып,

* Мәлағам — ұрыс, жанжал мағнасында.

«Жігіттер менің олжам мінекей» деп,
Айтқожа кербестіні қояды ұрып.

Көрінді «Теке көлі» көкшіл тұман,
Жігіттер бетін бұрды соған таман.
«Немене мына тұрған көк тұман?» деп,
Сұрады Ақбөпесі Әмірханнан.

Ол көкшіл тұман емес сұлу сағым,
Алғашқы менің саған жұмбақ шағым.
Сағымды шымылдық қып біз екеуміз,
Осында сайрандаймыз бақыт бағын.

Осы екен Қонай шауып алған Теке,
Таласып талай соғыс болған Теке.
Қазақтың ұл мен қызын сынға салып,
Арқалап көп тарихты тұрған Теке.

Текенің аймағында қалың Керей,
Бәрінің ортасында біз екі ерке.
Туыстың ту ұстайтын тобындамыз,
Ойлама кеттік-ау деп елден жеке.

Нұрланып жанарынан күлді сұлу,
Бақыт қой сүйгенімен сүйтіп күлу.
Алакөз, тарбақ танау бір сұм болмай,
Анадан туған адам сүйтіп туу.

Құлпырған жердің беті шешек атып,
Ән салып шыбын-шіркей ызыңдатып.
Қып-қызыл манардай боп жидек пісіп,
Сай-сала жұпар исін тұр аңқытып.

Бетке алып тек ағытқан қоңыр желді,
Сәскеде бақыттылар елге келді.
Өзектің бойыменен қулай жүріп,
Тасалап бір-ақ түсті жасыл белді.

Отырған Тәукен байғұс маза болмай,
Екеуі Ұлтуғанмен ұйқтай алмай.
Аталас жанашыры Жақаш дейтін,
Сол келді сүйіншіге салып айғай.

Аталас Мергенбай мен Айтқұл сары,
Қуанып қарсы алысты соның бәрі.
Сәнменен қыз-келіншек алдан шығып,
Заматта түрге түсті ауылдары.

Бұл елден бұрын Тәуке ерте кеткен,
Он үш жыл Ақмолада кәсіп еткен,
Туысқан-туғандары осы жерде,
Басында тағы солар іренжіткен.

Әмірхан жігіт болып өскен мұндай,
Кеткенде жас бала еді мап-манардай.
Көтеріп төбесіне құрметтеді,
Қадірлеп ағайыны жаны қалмай.

Топ бастар Серкеміз, деп Әмірханды,
Бет қойды билетуге мал мен жанды.
Сыйса тек аз «Соқырдың»* мандайына,
Туғызған мұндай сирек арыстанды.

Барлығы бір «Соқырдан» он-он бес үй,
Олардың Айтқұл еді бәріне би.
Езілген тізеліден бишаралар,
Бетке ұста Әмірханды, есіңді жый.

Сәулетпен күн өткізіп күліп-ойнай,
Қызыққа екі науша жүрді тоймай.
Жіберіп елге астыртын Айтқожаны,
Әмірхан құлақ түріп жатты солай,

VIII

Топ жыйып Көпбайларға келді Ақажан,
Етпек боп астан-кестен елді Ақажан.
Кісімді адал болсаң бірге іздес, деп
Жарлықты салауат сап берді Ақажан.

Қыпшақ та түгел жыйды болыс, биін,
Ескене кетірді деп елдің күйін.

* С о қ ы р — Керейдің бір руының аты.

Ту бие, ту асауды ұстап сойып,
Қансоқта жаңа болды, үлкен жыйын.

Ел қызды сойыл сүйреп келгеніне,
Қорқытып жеңіп алам, дегені ме?
Жан қалмай Ескененің руынан,
Бұл елді тобыршағы көргені ме?

Сөйлесті екі жақтың қожалары,
Бұл жерде ұйлықпасын елдің бәрі,
Ақажан жөніне көш, ізіңмен кел,
Құш кылсаң көтермейміз бұдан әрі.

Егер де онан басқа тілек қылсаң,
Кел сөйлес, бізге берген малыңды алсаң,
Келген соң күйеу ұрын жесір сендік
Бізден мал бұйырмайды жөнге барсаң.

Ауылыңды тағы қалған түгел жыйна,
Көптікті көрсететін іс ойласаң,
Сыя алмас уысына барлық Қыпшақ,
Жауап сол, саған айтар тіл алмасаң.

Намысқа қызды солай «қызды керіс»,
Бірауыз, бас-аяғы болды тегіс.
Ақажан бітім алмай қайтты еліне,
Пәтуа, сөз байлаған болмай келіс,

Ойланып айла-әдіске салды Ақажан,
Бұл жолдан аямады малды Ақажан,
Қыпшақтың мынау деген басшыларын,
Қаратып пара беріп алды Ақажан.

Қерейдің жайын тартып кісі салып,
Ұзаққа шапты Ақажан басқа қалып.
Жоқ қылып Әмірханның басын жұтып,
Отауға бір әкел деп сол күнді алып...

ІУ

Айналып әке менің кетті басым,
Бойыма тарамайды ішкен асым.

Оңаша, үй іші боп отырғанда,
Бар ойын түк қалдырмай айтты Қасым.

Жүргенің есінде ме кетпен қазып,
Шеңбердеп шығып кеттің бүгін азып.
Әлімнің екі балаң сарқыты едік,
Ашымай енді жаның, жүрсін жазып.

Қайқайып пимаң басы көлік айдап,
Салдырап қатқан тоның, сорың қайнап.
Жайланып ас ішуге шамаң келмей,
Суықта қатқан нанды күрт-күрт шайнап.

Біз едік екі балаң сонда туған,
Кезінде екі бетті жаспен жуған,
Енбекке есті жыя ие болып,
Біз едік азабыңды бастан қуған.

Айдардан айналасы азғантай үй,
Қоңданып он-он бес жыл біткелі күй
Үйреніп егін салып мұжықтардан,
Болғаның кеше емес пе дәулетке би.

Естідім біз сенетін жан қалмаған,
Болыспайды, қасқа-жайсаң енді саған
Болыстар Ақажанға сөз беріпті;
Мейлі деп аударсаң да аймағынан.

Олардың құлықыны да ойлағаны,
Дейсін бе, бұқарасы сыйлағаны.
Параны Ақажаннан алып-алып,
Отырды соған шығып шыбын жаны.

Жантайып жатқан Көпбай көтерді бас,
Төгілді шешесінің көзінен жас:
Арда емген ақ сүтімді Ақбөпем ол,
Алдынан айы тусын, бердім ықылас.

Туып ед, жылағанда тілегіме,
Күйдіріп енді от қойма жүрегіме.
Тілегем зарлап жүріп екі құлын,
Дүниенің маған басқа керегі ме?

Аналық сырын айтты жалынғандай,
Көз жасын Дәләпыраз төкті аямай,
— Қасымжан, алдыршы, әлгі Бектасты тез,
Адамды қай-қайдағы ойға салмай.

Көпбай да бастан кешкен күндерді ойлап,
Барлығы көз алдында тұрды сайрап,
Жеңілді Ақбөпе мен Әмірханнан,
Алды-артын және Қасым қойды байқап.

Қойып ед, көптен бері Бектас келмей
Өзіне бір уайым ерік бермей.
Кенеттен шақырғанға таң болды да,
Аттанып келді Бектас көп бөгелмей.

— Көп болды көрінбедің Бектас маған
Әдейі хабар айттым сонсоң саған
Үйіші қыяр емес балаларды,
Түрі бар сағынысып шыдамаған.

Билікті Қасым менен екеуің ал,
Кездесіп тұр ғой бізге бұл ауыр хал
Тыныңдар Ақажанмен жөнін тауып,
Белгілі екеуіңе біз алған мал.

Кәрібай мен Ақажанның қаны бұзық
Әйтеуір істетпендер ұрыс-жанжал.
Өзді-өзің ақылдасып бас-аяғың,
Менің сол айтатыным тез хабар сал.

Жарайды, мақұл десті Бектас, Қасым
— Екпіні Ақажанның өте басым.
Қай күні шауып-шаншып кетеді деп,
Тығылды тамағыма ішкен асым.

Қерейге жолын тапса бұрын барад,
Естуім Әмірханнан кегін алад.
Еліме Ақбөпені бір әкелмей,
Тынбаймын деген хабар ду-ду жанад

Астыртын жайын байқап аялайық,
Әзірше кішірейіп сөз салмайық.

Бәрібір, енді Ақажан аямайды,
Түбінде Керейменен бір болайық.

Ақажан мықтыларды алды бізден,
Болыс, би, сөз берген соң елімізден,
Сақ болып, ат жаратып тұру керек,
Ешкімді шет шығармай өзімізден.

Керейге бүгін ертең өзім барам,
Алдырмас Ақажанға айла табам.
Ақбөпе Әмірханмен тая тұрсын,
Хабарлап құдаларды сақтандырам..

Х

Ақкөл мен Жалаулының екі арасы,
Өзенді өлке бойы кең саласы.
Ел қонған ұлан байтақ қаз тізіліп
Ортада Ақажанның ақ ордасы.

Көңілсіз күнді көміп, бұлт түнеріп,
Аспаннан тас түскендей қан боп еріп,
Еш адам таныр емес ұйқы-тұйқы,
Қазыққа бір сорлыны қойған керіп.

Сорғалап бетін жауып қан дірілдеп,
Қадаға сүйенеді маңдай тіреп,
Жабысып қою шашқа қатқан қаны,
Бір иығын тиген таяқ кеткен іреп.

Аурудың ақ мақтадай қайран тәні,
Моншактап тарам-тарам аққан қаны.
Көк бұлттай көгеріпті тиген таяқ,
Қыйналған қыянатпен жастың жаны.

Өн бойын кеткен басып қан мен жара,
Ақ көйлек өрім-өрім, пәрә-пәрә.
Жарадан сау қалған тән жұлдыз-жұлдыз,
Күмістей шағылып тұр кей арада.

Төгіліп жерге тиген кұндыз шашы,
Жабысқан қан соқталап ара-арасы.

Шырмалып нұрлы бетке қатқан қанды
Жібітед, сырғып түскен көздің жасы.

Күн құшқан асқар таудың ақ бұлтындай
Сүйсінген дос-дұшпаның сұлуым-ай.
Көк құлап, жер ойылып қойса жұтып,
Қор еткен зұлымдардың бірін қоймай!..

Әлсіреп естіледі жылағаны,
Тәңірден жалғыз тілек сұрағаны.
Мейрімсіз, улы жылан кез боп шақпай,
Сау болса Әмірханның шыбын жаны.

Қыянат саусағының шеңгелі ілсе,
Қайғы отын өршітпей ме тамған қаны.
Дарығай тұтқын ба екен о да мендей,
Қан жұтып мен бе екенмін ойлағаны.

Жылау ма барлық өмірім бұдан әрі
Уялап өткені ме сұмның зәрі.
Еркін бе, күші жеткен еніретуге,
Жарлының жазалы ма әлде бәрі.

Жоқ әлде, күндік үшін жаралдық па?
Әуелден осы азалқа арналдық па?
Анадан басқа туған, біз де тудық,
Аққұла халық атынан қарғалдық па?

Әйтпесе тұтқын болам неге бұлай?
Ес кіріп, ержетсем де ерік алмай?
Малды да мен секілді қор етпейді,
Арсыз жан әлі де тұр шығып болмай

Көрмей-ақ өлемін бе Әмірханды,
Шыдатпай кездескенше шыбын жанды.
Жаралған бар жәндіктің қоры болдым,
Жем қылды шыбын-шіркей қатқан қанды.

Талықсып құлап кетті тағы жылап,
Адам жоқ білетұғын халын сұрап.
Байлаулы, жібермейді екі қолы,
Асылып арқанына тұр салбырап...

Көптен соң енесі кеп қолын шешті,
Біреулер теріге сал, өлер, десті,
Қазықтан екі қолын босатқанда,
Қармалап қара жерді құлап түсті.

Үстері өрім-өрім, дал-дал болған,
Аймағы алабажақ қан бояған.
Қойыпты жалаңаяқ киіндірмей,
Күндіктің белгісі деп осы саған.

Ұшыраған мұндай күйге сорлы Ақбөпе,
Жазықсыз жаза тартқан мұнды Ақбөпе,
Бақыты бір-ақ түнде құл боп ұшып,
Күрмеліп көр аузында жатқан Бөпе.

Таяғы Құдырдың қоймай ұрған,
Тоқта деп, жан болмады ара тұрған.
Умтылған арашаға жеңгелерін,
Кісі деп, Құдыр жоқ есепке алған.

— Қаңғырған қайыршыға еріп қашып,
Жер қылып атағымды елге шашып.
Өміріңді ит жемеде өткізейін,
Ал бәлем, сөйлеп көрші аузыңды ашып.

* *

*

Бұл күйге нағып түсті қалай оңай,
Андаусыз қапы қалды абайламай.
Өзекте жеке қонған аз ғана ауыл,
Бір кеште бейқам еді, қауып ойламай

Түн еді, түртсе көзге көрінбейтін,
Нәсер ед, жүрген дыбыс білінбейтін,
Нажағай, анда-санда түнді тіліп,
Күрсініп көк қозғалып гүрілдейтін...

Жау тиіп осы түнде елді басқан,
Жармасқан жараланып, ауыл сасқан.

Тәукеннің талқан қылып қараша үйін,
Аруды атқа таңып, алып қашқан.

Әсіресе, Құдыярдың қатты ашуы,
Әл бермей, Ақбөпе көп жағаласқан.
Жабылып үш-төрт жігіт азар байлап,
Құдыяр қор боп қалған күш сынасқан...

Сол күні Әмірхандар сауық кұрып,
Қәрі-жас маңындағы балқып еріп.
Жоқ іздеп жарты түсте шығып еді,
Бір жігіт шапты ауылға атой беріп.

Келеді тура тартып Әмірханға,
Асығып қарамастан басқа жанға.
Ақбөкен әнеу күнгі тағы келді,
Әмірхан аттана көр Ақтарланға.

Әмірхан Ақтарланға тез салды ерді,
Ақбөпе ақ сойылын әкеп берді.
Қайда дейді — сыртқы өзекке жаңа түсті,
Дайыны бетіне алды айтқан жерді.

Өзектен ағып өтіп шықты белге,
Аз жігіт қарамады кейінгі елге.
Ақбөкен көріп қалып аныратты,
Лақтырды төсеп алып, төсін желге.

Түседі қарғығанда арқан бойы,
Сынасып екі жүйрік болды тойы.
Қоянды, Қойтас тауы қайдасын деп,
Тас қашап, тау ішіне жетпек ойы.

Жұлдыздай інірде аққан ақты бөкен
Тозаңы өрт жанғандай шықты төтен.
Сағымға ылдйдағы сүңги шапты,
Бұдан да озар жүйрік болар ма екен?

Кейінгі қалған елде көбейді айғай,
Дақбыртпен кетіп жатыр шыдам қылмай.
Желіде тұрған жылқы сол-ақ болды
Мінгені кейбірінің құнан мен тай.

Күтулі аты бардың бірталайы,
Соңынан Әмірханның кетті қалмай.
Бөксенді басқалары көре алмады,
Әмірхан келе жатыр көз айырмай.

Айғайда шын шабысқа салды тарлан,
Тістеніп ауыздығын алды тарлан,
Теңселген тебінгідей бетегені,
Шырлатып, от орнындай ойды тарлан.

Танауы шелектей боп шеңберленіп,
Түндегі қызыл шоқтай дөңгеленіп,
Алыптың аспан салған қалтасындай,
Салбырап астыңғы ерін жерге төніп.

Өрленіп от боп жанып екі көзі,
Жапанды жара жаздап жалғыз өзі,
Жал-құйрық жел көсілткен ту секілді,
Біткендей бір күн шапса жердің жүзі.

Адырын Андамастың аса шапты,
Қу жонын Құладырдың баса шапты
Бөленген жапан түздің бәйшешегін,
Қаратпай қаймықтырып тозаң жапты.

Айқасты бөкен асып бес қыяға,
Таянды шапақ шашып күн уяға
Әмірхан ақбөкенге сонда жетіп,
Қош айтты кербез киік дүнияға.

Күн батты, бұлтқа барып жарық қашты,
Құлады кеш қоңыры жерді басты.
Керуендей бұлттар көшіп жер қозғалып,
Көңілсіз күйге түсті аспан асты...

...Әмірхан осы кеште үйде болмай,
Күтпеген күйсіз мезгіл болған солай.
Арыстан алыс қалып алысатын,
Арманда кеткен ару — жылай-жылай.

Көрсеткен келе сала Құдыяр күшін
Аярлық сыйқында жоқ адам пішін.

Құм болып қайран жігер шыдай берді,
Қорлығы күндіз-түні жайлап ішін.

Күн сайын жұмбақ болып оқыйғасы,
Көл болды қан аралас көздің жасы.
Бас кессе жалғыз ауыз сөйлемеді,
Аңдып ед не болар деп кәрі, жасы.

— Жүзқара таңба салған аруақ аттап,
Аяма сүйегін жақ, етін қақтап.
Ақажан бір ысқырып сұр жыландай,
Құтыртып Құдыярды қойған баптап.

Ұрғанын келе сала естіп Кәрібай,
Аттанып өзі келді шыдай алмай,
Балана айт, бұдан былай көп ұрмасын,
Айламен ұстау керек таяқтамай.

Әкелдің, адам қылып ұстау керек,
Мақсатың өлтіру ме, мұның қалай?
Сұлуды ұрып өлтірді — деген атақ,
Таңба ғой, сүйегіңе жыр болғандай.

Құй ұрсын, құй ұрмасын болар болды,
Шама жоқ көтеруге екі қолды.
Нәр татып, қорек алып ас ішуге,
Ынта жоқ құр домалау оңды-солды.

Қайғының минут сайын дәмін татып,
Арсыз жан кеудесінен шықпай жатып,
Ілініп апта өткенде жүріп тұрды,
Мешелдей екі аяғын қыбырлатып.

Шын ба әлде, өтірік пе тала берді,
Уһлеп құшақтайды жатып жерді,
Ауыл үй шошынды деп, ұшына тиіп,
Таяқтан қатты жеген бәрі көрді.

Келіпті бір диуана сырттағы елге,
Лебізі дауа дейді үшкіргенге.
Кім білед — шарапатты шайқы адам ғой,
Қайтер ед — соны алдырып көрсеткенде.

Солай деп Ақажанның бәйбішесі,
Шақыра диуананы кетті кісі.
Жарады тұрып жүріп ас ішуге,
Жалғыз-ақ тала беред ендігісі.

Диуана, айғай салып кіріп келед,
— Ауру ма, мен білмеймін алла білед.
Шығыңдар, ұшықтайың дауа болар,
Шырағым, мен білмеймін алла білед.

Ақбөпе диуанамен қалды оңаша,
Қорықпаңыз үшкіремін жас құдаша,
Ұсынды Әмірханның сақыйнасын,
Шырағым жазыласын, бек тамаша.

Білмеді не қыларын қуанғаннан,
— Тірі ме, аман ба өзі, айтшы маған.
— Мен келдім диуана боп тілдесуге,
Жан жарың сәлем айтты қалқам саған.

Бас қосып біздің елдің кәрі, жасы,
Косылып барлығының түгел басы.
Саған кеп, күн белгілеу хабар қылып,
Сонан соң аттанысу бар уәдесі.

Төркінің келіп, кетті Әмірханға,
Барлығы ақылдасты ұзақ таңға.
Табысып ондағылар сөз байласты,
Барлығы тісін қайрап Ақажанға.

Ұмытпа, дүйсембі күн екінші сәт,
Әмірхан жігіт жыйып дайын болад,
Тым жақсы, өзің шығып тамға жетсең,
Олар сол айтқан күнде күтіп тұрад.

Ақбөпе қолын ұстап, — мақұл аға,
Менің де ауырғаным қасақана,
Жаңылман оныншы күн дәл осыдан,
Зыйратқа жетермін мен, келер шама.

* *

*

Жыйып ап бас-аяғын сөкті Кәрібай,
Қойыңдар Ақбөпені әуре қылмай.
Қолынан диуананың не келеді,
Шу-шуда қорыққан шығар әлдеқалай.

Оңаша көбіне айтты Кәрібай тұрып,
Сақалды сипамаңдар салақ жүріп.
Керейді бір соқпайды деп ойлама,
Бір күні қор қылмасын төбеге ұрып.

Әмірхан жалыны ұшып жанған жігіт,
Балқытып талайды ертіп алған жігіт,
Келгенше шамасынан тек жатпайды,
Қадірлі халық аузында болған жігіт.

Тұрмандар кеште бір-бір ат ұстамай,
Сақ болсын, жылқышылар бос тастамай.
Ойын ғыш Кұдыярдың отауында,
Осы жаз күзетіндер түнде ұйқтамай.

Ауруды ақылменен алдап ұста,
Кұтыртып Кұдыярды берме нұсқа.
Ол тентек өлімші етіп пәршалапты,
Алмай ма жек көргізіп бостан-босқа.

Бұл сөзді ауыл-аймақ мақұл десіп,
Әрине, Кәрібай сөзі ақыл десіп.
Аз күнде той қылам деп бір Дуанға,
Ақажан дуылдады желдей есіп.

Диуана, ел кезген боп жайға кетті,
Еліне суыт жүріп, барып жетті.
Келгенсіп сау қалпына сыр алдырмай,
Ақбөпе келешегін тағы күтті..

XI

Жаз болса ел қонбайды Жамансорға,
Көшеді алыс жайлап, Тұйықжарға,

Көп қыстау күзеті жоқ есіз қалып,
Болатын кейде мекен ұрыларға.

Кер жазық ылдый төмен әрмен қарай,
Жазылған Жалаулының бауырын кулай.
Көлкілдеп жотасында сағым ойнап,
Аңқыды жусан исі жұпарға сай.

Ақшашақ адырында селеу өсіп,
Көсілген сыртқы беті өзен түсіп.
Шақаты кой бетеге, сайда қыяқ,
Жаудырап жағасында жидек пісіп.

Шөлейтте шөліркемей ән шырқайды,
Бозторғай табиғаттың сүтін ішіп.
Сағадан суылдаған сұксыр күтіп,
Жүреді қыр басында қыран ұшып.

Қонған ел көк майсаға өзен құлап,
Мас болып әуесіне жүреді улап.
Құсбегі саятшылар қаршыға алып,
Кеш болса өзен бойы құстар шулап.

Малының түгін тартсаң майы шығып,
Арығын ай мінбесе, жығад тулап.
Шілдеде тоқты шайлап, қойға ере алмай,
Жылқысын түтігер деп қояд сулап.

Ақкөл мен Жалаулының жері осындай,
Сонда да қырылысад — жерге сыймай.
Жайлымнан асқан жерді шабыным деп,
Қағатын қарашыны ақырып бай.

Жеті ру, жетпіс аға Қанжығалы,
Бақталас бақашаян андымалы,
Ескене, тентек өзі екі жар боп,
Жосыйтын барымтаға кейде малы.

Ол елдің ең белдісі болыс Кәрібай,
Ал десе жаң калмайды салып айғай.
Тыйса айып, өлсе құнсыз баскасына,
Халқына аймағы мен зәрі сондай.

Не керек қайраты жоқ қолдан келер,
Қоңсысы құл секілді дөнгеленер.
Отызда ойнақтаған бозбала әні,
Дейтін жүрт күн бар ма екен өлім берер...

XII

Қөп қыстау баяғы айтқан Жамансорда,
Ежелден ел қыстаған ескі қорда.
Бүгін кеш аттанғалы Ақбөпеге,
Күтініп алпыс жігіт жатыр сонда.

Тандама жігіттері алпыс адам,
Баспады көзге түсіп, күндіз қадам,
Жан-жақты қарауылдап аңдып бағып,
Он жігіт атқа мінді кешке таман.

Астында Актарланы киікше ойнап,
Ақ сойыл ақ қайыңнан алған сайлап.
Әмірхан жеңіл киіп ыңғайланып,
Шымқаған орамалмен басын байлап.

Оны да тандамалы ығай-сығай,
Кірерлік топқа жеке естілсе айғай.
Баяғы днуана боп барған жігіт,
Отызға ат бермеген балуан Айтбай.

Күтпекші қалғандары Шолақсайда,
Баруы көп дабырлап емес пайда.
Қуғынға талып жеткен тың тиюге,
Ақылмен өздерінше тапқан айла.

Әмірхан ішке тартып барлық қанын,
Түйгендей шүберекке шыбын жанын,
Айқасса дұшпанымен арманы жоқ,
Аз, көп деп санар емес кісі санын.

Төскеймен түнді аркалап кетті жүріп,
Ел жата жетеміз леп желі кұрып.
Бейсауат әлдеқалай жан бар ма деп,
Қарайды баспа қылып бұғып тұрып.

Ысықыртпай аттарының ернін буып,
Сай менен өзектердің бойын қуып,
Міліп инеліктей жоқ боп кетті,
Жалмажан көрінген ай, жана туып.

Жоғалтты жұлдыздарды бұлт баяулап,
Ұйлығын қараңғылық тұр жаяулап,
Бұлтты айдап талып келген қызыр **самал**,
Құйылды құбыладан жана саулап.

Жеті аға, жеті мыстан бабалардан,
Зыйрат бар елге таяу ерте салған.
Ағыстың астыменен Әмірхандар,
Аялдап аттан түсті, жетіп соған.

Сол күні қонақ келіп бағлан сойып,
Құдыяр жемпаз мұндар етке тойып,
Қор етті төсегіне жата сала,
Алаңсыз ұйқысына көңіл қойып.

Сіркіреп жаңбыр жауды жайлап қана,
Қойшылар бұйығысты іздеп пана.
Таң таяу, шырт ұйқыда жұрттың бәрі,
Сақтанып Ақбөпе ояу жалғыз ғана.

Мезгілсіз неге жауды жаңбыр бұлай,
Жас сұлу зар шеге ме жылай-жылай,
Немесе төгілетін қаныма екен
Оятқан топырақты әлдеқалай.

Тастады шаштан шешіп, шолпы қалды,
Құдыярдың сырт киімін буып алды.
Ақырын сыптай болып тысқа шығып,
Әуелі жан-жағына көзін салды.

Кескестеп құйрық былғап Құтжол келді,
Оятамын дегендей барлық елді.
Бір сыйпап маңдайынан тағы тыңдап,
Сайменен бетіне алды арғы белді.

Алқынып аузына кеп жүрек ұрад,
Қараңдап шоқы біткен қуа болад.

Қолына сынған құрық түбін ұстап,
Біресе сұм Құдыяр жетіп қалад.

Қайдасын, келінің кетті Ақажан деп.
Моладан аруақтар айғай салад.
Әмірхан көз алдына елестейді,
Жетем деп енді қазір қайраттанад.

Саркездік бар қаруы қолына алған,
Еркек боп киінуге дайындалған.
Бәрібір өлмей қолға түспекші емес,
Ұстаса айласы сол барлық болған.

Моланың қандай суық түнде түсі,
Белгілі күндіз дағы оның іші.
Қайратқа қайрат қосып ер махаббат,
Жетуге Ақбөпенің келді күші.

Жетті де көп молаға тұра қалды,
Бар ма деп ешбір дыбыс құлақ салды.
Әне, деп сыбырласқан дыбыстарын,
Құлағы Ақбөпенің қағып алды.

— Мен деген Әмірхан даусын танып,
Айкасты құшағына құшақ жайып.
Жан десіп, ыстық жүрек соғысқанда,
Кеткен жоқ денелері аз-ақ жанып...

Еркекше етік киіп, шалбарланып,
Мінгенше атқа қашан құмарланып.
Тік түсіп сайдан әрман жүре берді,
Барлығы үйме-жүйме шоғырланып.

Сүйткенше — аттан! деген, басталды айкай,
Қу кемпір қараушы еді түнде тынбай,
— Тірі өлік уйқтап жатыр, Ақбөпе жоқ,
Күндегі қырылғырлар қайда, ойбай!..

Барлығы өре тұрды айғай салып,
Аттанды аты барлар қаруланып.
Жырынды көпті көрген сақа ұрылар,
Тындайды жеке шығып жата қалып.

Оншама дүбірлері көп кісі емес,
Таяуда кетіп барад, шумақталып.
Мен кеттім, ал соңымнан қалмаңдар деп,
Алдымен Аужан шықты сойыл алып.

Жылқы алған он жігіттен балуан Аужан,
Білмейтін сескенуді қорқып жаудан.
Қәрібайдың ерік берген еркесі бұл,
Үнемі қалдырмайтын дау мен шардан.

Қәрібайдың почтабайы Тайшық мерген,
Ат ұстап бала жастан қасына ерген,
Қолынан тастамайды қосауызды,
Шүрпелі қара мылтық Иван берген.

Қуғынға ыза болып шықты Қәрібай,
Ат ұста, жылқыға шап, ұмтыл тынбай.
Қосылып қуғыншының тобыменен,
Ауылдан ере шықты ит те қалмай.

— Жасаған кісі өлімнен сактай көр деп,
Катындар шашын жайып, қалды талай.
Ақбөпе құтылса екен қолға түспей,
Деп қана Балжан тілейд үн шығармай...

XIII

Ақ аяң айналдыра құлаш жайып,
Жөнелді, түн пердесі сырғып тайып,
Көтеріп көк жағадан күн өз туын,
Дүниені нұрыменен жаңа сайып.

Шашырап дөңгеленіп күн сәулесі,
Тілінді көк аспанның көлеңкесі.
Ұялған қылығынан жас сұлудай,
Құбылды бәйшешектер шығып есі.

Бетке ұстап ақ шашақты жасыл жібек,
Ауысып кейде қызыл нұрға тілек.
Көкайыл домылардың беті кұсап,
Жусандар шайқалады өзі бөлек.

Жүрерде кісі салып, Бектас берді,
Мінгізген Ақбөлеге Мамакерді,
Келеді Әмірханмен жанай шауып,
Жібер деп Ақтарлан ат сүзед жерді.

Жакындап жігіттерге, Шолақсайға,
Куғынды жетіп калған сонда көрді.
Айкасып айдалада кұмар таркап,
Сынайтын кезек келді ер мен ерді.

Әмірхан таяу келіп: — ал Ақбөпе,
Жалт карайд — не дейсіз? — деп өмірге ерке.
Тізгінді босатындар топқа тез жет,
Болмаңдар бізге бөгет кұр бекерге.

Амал жок, Ақбөпе айтты тіл алайын,
Әйтпесе айкасуға мен де дайын.
Кұдыйтып Кұдыярды сұлатар ем,
Калдырмай бір ұрғаннан неғылайын.

Жеткенше жігіттерге топка кірме,
Күтіндер, шеттеп тиіп, бірме-бірге,
Сақ бол деп Әмірханға бірнеше айтып,
Ақбөпе қамшы салды Мамакерге.

Әмірхан тоскауылдап күтіп қалды,
Қасына Қожақ пенен Айтбайды алды.
Аттарын іркіп ұстап аса қыспай,
Тозаңға соңындағы көзін салды.

Келеді үздік-үздік, топ-топ болып,
Адырдан андап түсіп дала толып.
Алдынан қалың қолдың жеке-дара,
Аңыратып Аужан жетті инін жұлып.

Астында киік танау «Тышқан сұр» ат,
Долданып шапқан сайын кұтырынад.
Қоймаймын жер түбіне кетсеңдер де,
Айқас деп жігіт болсаң айқай салад.

Айкасты ап дегеннен Қожақ барып,
Құштырды аттың жалын бір-ақ салып.
Алыспай, кезек ұрып өтіп кетті,
Көлденең кесе шауып Айтбай барып.

Ағызып Ақтарланға камшы сала,
Қырандай тура шүйді алдын ала.
Тістеніп Аужан ұрды, қакты Әмірхан,
Алып қол дарытпады өз маңына.

Түйіліп қарсы шапты қайта оралып,
Орайың осы ма? деп кетті салып.
Атының мойнын құша барып түсті,
Жөнелді Тышқан сұрды іліп алып.

Азар деп Қожақ батыр есін жыйды,
Өйткенмен ұмытпастай алды сыйды.
Сүйткенше ұмар-жұмар тобы жетті,
Сардала қан сағынып шертті күйді.

Қапелім Әмірхандар қаша ұрысып,
Талайы қан боянып аттан түсіп.
Қара жер суық баурын бір қыздырды,
Құмардың қыянатқа қанын ішіп.

Қос атпен Қожақ кетті ілгері ұрып,
Жетекте «Тышқан сұр» ат, желдей есіп,
Қаптады қара боран тозаң көкті,
Ұйлығып үйіріліп бұлттай көшіп.

Айтбайды ортаға алды көбі жетіп;
Әмірхан құлатып жүр ағып өтіп!
Қос тиіп қабатынан ұрған сойыл,
Бір кезде Айтбай түсті әлі кетіп.

Құрмелді тозаң басып күннің көзі,
Айғайға ән қосқандай жердің жүзі.
Айтбайды қыйып тастап кете алмастан,
Әмірхан қырғын қылды жалғыз өзі.

Тозанның арасынан ажал бұғып,
Қолыма тиесің деп қайсың шығып.

Қыздырып жұрттың қанын одан жаман:
Намыс пен ашуына қояд сұғып...

Қосылды Ақбөпелер топқа барып,
Сонынан Қожақ барды басын жарып.
Жүріндер Әмірханды қамап алды,
Айқасты көбіменен жалғыз дарып.

Лап қойды сайда тұрған жігіттері,
Тозаннан өрт жанғандай шапқан жері,
Алдымен Ақбөпенің өзі кетті,
Әйелдің болады екен мұндай ері.

Арасын жая шапты алыс алып,
«Жаукас» деп бара жатыр, айқай салып.
Үрпий жау үрейі жаңа кетті,
Көп қолды қарсы ұмтылған көріп қалып.

Арасы екі топтың көз ұшым жер,
Құлады Әмірханға айқасқан ер,
Құтылып қашса мана кетер еді,
Жауынан жасытпады қайрат жігер.

Ақтарлан қызып алды көбік шашып,
Аяғын жер тескендей нықтап басып.
Орғыйды таста ойнаған ақбөксендей,
Жібер деп басын шайқап аузын ашып.

Отыздай адамменен Кәрібай жетті,
Айқайдан айдаланың есі кетті.
«Мен Кәрібай, қаныңды ішем, Әмірхан» деп.
Айқасып ақ сойылмен салып өтті.

Қап бәлем, қанға жерік зұлым Кәрібай,
Қоймаушы ед, сен дегенде, ел жыламай.
Әкене көрде жатқан жіберейін,
Ағылтты Ақтарланды соған қарай.

Желкеден бір-ақ ұрды сеспей қатты,
Өзі ұрттап жерік қанын барып жатты.
Кез келіп жалт бергенше жалғыз аяқ,
Ақтарлан арам қатқыр омақатты.

Әмірхан аман қалды, жығылды асып,
Сойылын жылдам алды жанталасын.
Ұшып тұрды жануар жығылса да,
Жіліншігі үзіліп, қалыпты асып.

«Ойбай өлді, бауырым үзілді» деп,
Қәрібайдың бәрі ұйлықты үстін басып.
Ықылық атып, қара қан құсып жатыр,
Үзіліпті жұлыны, аузын ашып.

Әмірханды ортаға тағы да алды,
Дарытпай жалғыз, жаяу ұрыс салды.
Тобына сыпыра сермен болмаған соң,
Тайшық сұм қосауызбен басып қалды.

Емшегінің үстінен тесіп өтті,
Қан жалап ажал оғы жерге жетті.
Және тартты қалғанын сол жақтағы,
О да тиді шекесін жырып кетті.

Үстінен нұрлы жүздің саулады қан,
Мұздады тұлабойы қыйналды жан.
Серпілді бірі батпай дұшпандары,
Секілді жер күңреніп, көк жылаған.

Сүйеніп сойылына тұрып қалды,
Жосадай жосыған қан алдын алды,
Жап-жаңа жарық күндей жас боздақты,
Табанда дағдыр мұндай күйге салды.

Қаранып әлеміне қоштасты ол,
Қалған жоқ ізденетін басқа да жол.
Қол үзер өмірменен сертін айтты,
Күңірену, аз-ақ минут қалғаны сол.

— Дарига, денем дал-дал, кұр тілім сау,
Өткізді, өңменімнен өшіккен жау.
Мүлде жоқ, ай мен жұлдыз, күн де сөнді;
Ажалды серік қылып қалдым жаяу.

Сөнбейтін күшті едің ғой ей, махаббат!
Жанды бер жарың үшін тауып рақат.

Койныңда жас тәнімді өзің сақта,
Қара жер қаныма той енді рұқсат.

Жер ана, бар тілегім әлі сенде,
Айтатын келешекке арман менде.
Неғылсын аспан естіп, жұмысы жоқ,
Тарихты сенен сұрар өлген пенде.

Дауысымды естірт алыс желге аманат,
Балаңды ұмыттырма, елге аманат.
Кім білед, менің жаным тыйыш жатпас,
Молдадан ұшар бір күн бітіп қанат.

Сол күнде, еркін бақыт, еркін теңдік,
Сол күнде, жолың болар ей, махаббат.
Сол күнде, дұшпанымнан кегімді алу,
Сол күнгі ұл мен қызға тағы аманат!..

Жығылды алып дене жерге барып,
Көкмайса гүлдер тұрған даярланып,
Ей жас тән, бізден де сен кетесің-ау,
Дегендей илісіп ортаға алып.

Тағы да, — сй, Ақбөпе, келші бері,
Басылсын көңілімнің барлық шері,
Аққудай Әмірханның Ақбөпесі,
Сұртші бір, көзім жапты, бетім тері.

Тер емес, ол жып-жылы адам қаны,
Шыбынымдап, құлады аттан Ақбөпе әні,
Күңіренді, жолдастары жаңа жетті,
Зарлатты, үн қосты ерлер сардаланы.

Ақбөпе қанды тәнді құлай құшты,
Қуарды, екі көздің жанары өшті.
Құлатты тұңғыйықтың биік жары,
Әл бітті, ажал арбап барлық күшті.

Көзінің қанды жасы сел боп ақты,
Төгіліп Әмірханның бетін жапты.
Қан басқан кірпігінен көзін ашып,
Әмірхан, — Ақбөпем... деп тыныстапты.

Акбөпе Әмірханның қолын алды,
Көтеріп өз мойнына әкеп салды.
— Тағы да бір сүйейін... әлі жетпей,
Орнына қайта түсті, қайта талды.

— Акбөпе, мен дем алам, сен дем алма.
Азапқа өзіңді-өзің енді салма.
Ұмытпа, өмір бойы, жырла мені,
Қайғырма, қайратқа мін, қажып, талма.

Ағылтып Арқаға жәй, сал әнімді,
Тірі де... әлі өлген жоқ айт жанымды.
Сөнбейтін өмірбақы махаббаттың,
Айт, — менің отыменен жанғанымды...

Тайшықтың, атқан оғын ат өзіне,
Деді де қайта толды нұр жүзіне.
От сөнді, қан тоқтады, тамыр тынды,
Құйылды қанды жастар жұрт көзіне.

Акбөпе тұрды ерленіп орынынан,
Жігіттер, сыйла өлікті қайрат қылған.
Майданға мен аттанам, кел еріндер.
Топта ма, Тайшық қайда сонау тұрған.

Кегі мен Әмірханның құнын алам,
Қарғысты қанмен атам, қанмен ұрған.
Арманнан шығатуғын кезім осы,
Жігіттер, Мамакерді, әкел маған.

Күзетке үш-ақ кісі тәнге қалды,
Өң бұзып жауға бетін сайлап алды
Көзінен мөлт-мөлт етіп жас ағызып,
Ақтарлан күзетінде бірге қалды.

Кәрібайдың өлігін ап, елге қарай,
Қамданып жатыр еді жаулар солай.
Айқайлап алпыс жігіт ат қойғанда,
Қорқағы елге қашты жан сауғалай.

Гүлдерін сай-саланың тозаң басты,
Айрылып ұясынан құстар састы,

Тобына түре тиіп топырлатты,
Талайы бас сауғалап жанталасты.

Жөнелді Тайшық қашып үрейі қалмай,
Ақбөпе қыр соңына түсті талмай.
Сойылмен жеткен бойы екі салды,
Тоқтаусыз үсті-үстіне қолын алмай.

Атынан сүйретіліп түсті барып,
Кетіпті тиген сойыл басын жарып.
Ақбөпе түсе сала тағы да ұрды,
Достары жеделдетті ортаға алып.

Қойнынан сар мойынды кездікті алды,
Тоқта, деп кейбіреулер түсе қалды,
Қан емес, мұның аты кек алу деп,
Алмасын қақ жүректен барып салды.

От болып екі көзі кетті жанып,
Қайратқа қайрат қосып, тұр тұтанып,
Жалмажан жаудың қанын жұтты топырақ
Сусыны ішкен сайын шала қанып.

— Әмірхан тағы талай кегінді алам,
Уйқтай бер тыйышталып, болмай алаң,
Жүрегім сеніменен бірге болсын,
Тынысым шаршағанда сенің молаң!

Ақбөпе әнмен бірге жасын төгіп,
Қайғыны кекке берді қайратқа егіп.
Теңдік пен махаббатты жырлай, жылай,
Қапасын қара күннің өтті сөгіп...

1941 ж

ҚЫРМЫЗЫ — ЖАНАЙ⁹²

I

Шілденің орта кезі күн қайнаған,
Бу ұшып ақ жайқыннан бұлтта ойнаған,
Сайынды сағым қуып белес белді,
Көк аспан теңбіл түспен күле ойнаған.

Көк күмбез шатыр киген Зайсан көлі,
Арудай көсіледі шалқып селі,
Толқыны кестеленіп толықсыйды,
Суына тисе нудың қоңыр желі.

Зайсанның бетін сүйіп бу таласқан,
Күлтелеп қоңыр түспен бетін басқан.
Күндіз де теңбіл сурет әжім салып,
Ай, жұлдыз түнде түсіп ақылдасқан.

Шоршыйды шортан жүзіп, шабақ шауып,
Мың-мындап ауға түсіп, қармақ қауып.
Дем алған су ішінде балық ерке,
Тұншықпай, түзге шықпай жемін тауып.

Зайсанның тау менен тас шығыс беті,
Жарқабақ кемерленген кейбір шеті,
Үйілген, өркештенген үйдей жартас,
Қалғып тұр теңіз болып есілдерті.

Алыстан көрінеді кербез Алтай,
Ақша бұлт, белуары ақ шудадай.
Төгілген шымылдыктай етегіне,
Көкке өрлеп қатарласқан сан қарағай.

Алтайдың тұс-тұсынан өзен тулап,
Биіктен құлап түсіп төмен қулап.
Көпіріп, күрілдетіп, тас тербетіп,
Ойнайды бейне үстінде жел шуылдап.

Құяды Қара Ертіске қарт Жемелей,*
Тұмандата, түтете су себелей!
Қара ертіс* пен, Қалжыр* геп Зайсан түсіп
Молайтады Зайсанды үн білдірмей.

Қайта көрсең ақ жайқын Зайсан дария,
Шығысында кемерлі құз бен қыя.
Кей жерінде кербездің биік шыңы,
Жалғыз-ақ салған барып бүркіт ұя.

Батыс беті Зайсанның қыйыр дала,
Жағасында орнаған ұсақ қала.
Ат шаптырым жерінде ел жайлайды,
Көбінесе қонады күзде ғана.

Кейі есіп, кейбіреуі арқан ұстап,
Кейде билеп кетеді жел де бастап,
Алабұға, аққайран, шортан жарқ-жүрк;
Ақ күмістей шағылтад іліп тастап.

Алты-жеті осындай жел қайықты,
Қарағанда сүйініп, көз байытты.
Кеш қоңырлап, күн түсіп ұясына,
Ауын сүйреп талайы шетке қайтты.

Бәрінен бұрын шығып бір топ адам,
Ауын тартып балығын алып жатты,
Шабәқ шайқы секіріп билесе де,
Сусыз жер, тілсіз өл деп көңіл айтты.

* — Ертіске құятын өзен аттары.

Бұлардың ортасында бала Жанай,
Үлкеннен де өнері асқан талай.
Қайық есіп, ау сүйреп күш салғанда,
Тез орайтын жұлынтып бір қажымай.

Бидай өнді аққуба көрсең түсі,
Тыянақты, тұрлаулы әрбір ісі.
Тасығанда жанары жай отындай,
Қылығына досының жылайды іші.

Жұмыс қойса, ән салып сауық қылып,
Келген емес керіліп ерінгісі,
Кем соққанын кұрбыдан намыс көріп,
Тағы да жоқ жабы боп көрінгісі.

Оған таяу үлкені Сатыбалды,
Ерте ұнатып Жанайды дос қып алды.
Бір қалжында Жанайдың ағасына,
— «Жанашты іні қылам» деп айтып салды.

Содан былай Жанай да іштен ойлап,
Жас үмітке батушы ед терең бойлап,
Анда-санда Қырмызы кез келгенде,
Тіл күрмеліп қалатын жүрек ойнап.

Жаңа өспірім бота көз жас Қырмызы,
Күннің күлген сырындай кейбір сөзі,
Жас болса да, салмақты жүріс-тұрыс,
Болмаса да, боп баққан хордың қызы.

Жанарында жайнаған қайрат оты,
Жанай деген секілді есілдерті,
Ақша қардай уыз бет қаны тамып,
Қарауында өмірге бар ед серті.

II

Кеш еді, кербез еді, кеш те солай,
Көк қалқып төніп еді жерге қарай.
Күн сұлу перде киіп қызыл якұт,
Көк қалқып төніп еді жерге қарай.

Қызғыш қыйқар қыядан көлді торып,
Безек қағып жүреді су жағалай.
Бақа, шаян балғынды балдырда ойнап,
Бақылдасып барынша о да тынбай.

Көлден шыққан күмістей жарқ-жүрк етіп,
Балық шоршып ойнауда көлде тынбай.
Аспан асты тыйшықпен тынығып ед,
Күн жарығы кеткен соң болып жымдай.

Күн барда көрінуге жол таппаған,
Жұлдыз туды бір-бірін ымдай-ымдай.
Он төрт жасар сұлудай ай ортада,
Іліп тұр белінен аз-ақ сынбай.

Айтқандай жұлдызды аспан айға ертегі,
Баяндап өткендегі өмірі қалай.
Көміліп күнгірт түске күркеленіп,
Қостар тұр мыж-мыж болып көл жағалай.

Жанайдың соның бірі балағаны,
Еңбегімен ержету қалағаны.
Басқалары тындасып мәз болысад,
Жер жарады Жанайдың салған әні.

Айналасын қостардың балық басып,
Кейбіреулер далада бақыр асып,
Ертең балық қақтауға даярланып,
Түз түйіп, тақтай жайып жабырласып.

Жұлдыз біткен көрінбей, күн бұлттанып,
Қараңғы түн жұмылды жерді басып.
Жел шығып, құйын жүріп бір заманда,
Жауын жауа бастады сірке шашып.

Жас Жанай жалғыз қалды әнге салып,
Өзгелері шығысты жабырласып,
Боздатты домбырасын боз інгендей,
Көңіліне келгеннен соң күйі тасып.

Ой жөніп өз ойына ерген түсі,
Билеген барлық еркін ойдың күші,

Үміттің бақытпенен бесігінде,
Ұнатып Қырмызыны ойлайды іші.

Сабалап жаңбыр жауды күн шатырлап,
Су меруерт, тамшылары сылқ-сылқ құлап.
Жігіттер күркесіне бәрі кірді,
Жаңбырдан жалынышты сая сұрап.

Үлкен қос төрт іргесін жерден қазған,
Босаға дал-дал болып құлап тозған,
Лыпылдап білте шамы, мырс-мырс күліп,
Бір төмен, бір жоғары мазак «жазған».

Бақсылар үкі таққан тақыядай,
Шошақ қос алты-жеті тұр анадай.
Сүйеген талдан иық арқау салып,
Арқада екі тіреу самаладай.

Төселген төр жағына құрым сырмақ,
Ашада ілулі тұр үш-төрт тымақ.
Сүйелген босағада ағаш мосы,
Домалап шәйнек, шелек жатыр құлап.

Нажағай шатырлады жарқ-жұрқ етіп,
Қуанды түн албасты «шаттық» жетіп,
Сабалап жаңбыр «жынды» қосты соғып,
Қуанды қараңғылық есі кетіп.

Жанай да батқан ойдың теңізіне,
Бітпеген еш қуаныш негізіне.
«Дарғағай, жасым жетсе жыйырмаға» деп,
Кейде күш сенуші еді бір өзіне.

Әсіресе өмірі езген Усан болыс,
Берместен қарашыға жәйлі қоныс.
Ағасы әлі күнге есігінде,
Ақысын бір берді ме жөндеп тегіс.

Токсанның отыз үйі бәрі кедей,
Жалғыз-ақ балық аулап келеді өлмей,

Рамат*, шығын келсе — соған салып,
Усандар қала беред түк төлемей.

Бір кезде жесірлерін таргып алды,
Ақыры тағы кетті теңдік бермей,
Біқпалы бір болысқа түгел жетед,
Кім жеңсін қарашыны Усан жеңбей.

Усанның балалары бәрі оқыған,
Төрелік чин жамылған қыйын ба оған.
Оқуға қол жеткізбей жарлыларға,
Жанай да ыза болып күйед соған.

Ойланып осыларды жатты Жанай,
Қыялға қыйындағы батты Жанай,
Қызыққан Қырмызыны тағы да ойлап,
Ойына неше сәуле жақты Жанай.

Сәулелі болар-болмас үйдің іші,
Қылбықтың жарық қылар бар ма күші.
Жанайға жапаң-жапаң қарай берді,
Сәеңнің әлденеге кетті ме есі.

Ағасы Қырмызының Сатыбалды,
Неше күн көп ойларын сынға салды.
Зейінді бауырыма тең Жанаш дейді,
Уқпаған бар жұмбақты несі қалды.

Берейін Қырмызыны Жанайыма,
Туды ғой көп жарлының талайына.
Кім біледі Усаннан да кек әперер,
Қондырсам қыран кұсты маңайыма.

Жанайдың домбырасын, әнін тыңдап,
Сыйсаң деп бір күрсінді маңдайыма.
Тауықтай қонақтаған бұққандардың,
Жас Жанай ой түсірді талайына.

Тулады дарияның балығы да,
Басталды оқыйғаның анығы да.

* Р а м а т — алым-салық мағнасында.

Алыстан талып келді зарлы дауыс,
Тірліктің не болар деп жарығы да.

Қасында бүлдіршіндей Қырмызы бар,
Алыстан күңіреніп зарлады ана,
Күй шертіп ойда жатқан бала Жанай,
Төсектең бас көтері сонда ғана.

Қосына баласының жетпей жатып,
Анаың шер лақтырған зарын кара.
Боздаған барылдаңқы кәрі дауыс,
Қақ тілді түн жүрегін пәрә-пәрә.

Көмілді үнді дауыс бәрі де өлді,
Күй басып қойды сонда соққан желді.
Қасында айдай ерке Қырмызы бар,
Қарт ана «алтын» қосқа кіріп келді.

«Алтын» қос мыж-мыж болған сабан сарай,
Улы үшін ана сүйген болды солай.
Баласы құралайдың секілденіп
Қырмызы жас ағызды шыдай алмай.

Кәрі бет дал-дал болған әжім басып,
Қайғымен жаралағандай ақылдасып.
Көңілсіз, күйсіз түрде неге келді,
Қарт дене қалжыраған асып-сасып.

Қаптаған сарыуайым бой кернеді,
Кемпірді тынықтырмай мауқын басып.
Орнынан жатқан Жанай ұшып тұрды,
Оқыйға көрінгендей ойдан асып.

Солкылдап жас Қырмызы шыдай алмай,
Ағасын барып құшты, есі қалмай.
Көзінен қара нәркес төгілген жас,
Сылпылдап бетін сүйіп домалады-ай.

Ақ жүзі уыз кұсап балқып еріп,
Бота көз жас ағызды тоқтай алмай,
Ағасы Сатыбалды бірге егілді,
Болғанын не пәленің ұғына алмай.

Кемпірдің кемсеңдеген бегі жамап,
Күте ме ылғый қайғы жүрт анадан.
Отырған жігіттерде ес қалмады,
Не сұмдық естіртед деп бұдан арман.

Кемпірдің бүкір бегі төмен түсіп,
Мас болған жас секілді қайғыны ішіп.
Ажыммен тозып қалған кәрі беттің,
Өңінде қауып ойнайды бұлтша көшіп.

Лағындай ерке киік жас Қырмызы,
Бір соны арбағандай жердің жүзі,
Лялап ағасын кеп күшқанында,
Жанайға жанындағы түсті көзі.

Көзінде жанған жанар жанды арбаған,
Меруерттей бетті қулай жас парлаған,
Қуатым, қуанышым Жанайым деп.
Көзінің жат жұлдызы айтады арман.

Селт етті сергек дене бала Жанай,
Қарауда басқалар да түсіне алмай.
Бәрі де құты кетіп аң-таң болды,
Оқыйға естілгенше әлдеқалай.

Екі оттың ортасында Жанай жалын,
Құмарлық сыбырлайды билеп әлін.
Қорқыныш құмарлықпен бірге келіп,
Өзі де түсінбейді не болғанын.

Күркіреп Зайсан жатыр ішін тартып,
Теңізді тербеп соғып дауыл тарпып,
Кемсеңдеп алтын ана жылап тұрды,
Бастады әңгімені оқтай атып!

— Бәріңді жібермекші болыс айдап,
Егер де көнбесеңдер бермек байлап,
Ақ патша анттан тайып бұйрық қыпты
Солдатқа қыршындарды алмақ сайлап.

Он тоғыз, отыз бірдің екі арасы,
Қазақтың солдат болмақ барлық жасы.
Байлардың балалары ілінбепті,
Кедейдің осы ма еді сыбағасы.

Ақ патша анттан тайып, солдат алмақ,
Түспекші қарашыға ауыр салмақ,
Усанның айтқанына көнген адам,
Қара басын далдалап алып қалмақ.

Он тоғыз, отыз бірдің екі арасы,
Кедейдің кетпек сүйтіп барлық жасы.
Ат беріп, атан беріп Усан сұмға,
Спесікті өшіртті бай баласы.

Селт етіп тыңдағаннан жас пен кәрі,
Үндеспей ойға кетіп отыр бәрі.
Барлығын Жанай бірер сүзіп қойып,
Күтуде сөз аяғын одан әрі.

Анасы сол қалпымен сайрай-сайрай,
Естіген, білгенінен түк қалдырмай,
Сөз бітті, жым-жырт болып отырды жұрт,
Жалғыз-ақ қамыққан жоқ бала Жанай.

Айтты да ана тоқтап жасын сұртті,
Қырмызы жылауда әлі шыдай алмай,
Қыймайтұғын боздағы сол секілді,
Жанайға қарай береді көз айырмай.

Қалған соң балықшылар жабырқасып,
Жас Жанай атып тұрды оқжыландай.
— Көппен көрген ұлы той байқасармыз,
Ағалар, серпіліндер жабырқамай.

Түн басты, түнмен бірге қайғы басты,
Қалғыған қараңғылық аспан асты.
Әжім түскен ананың өңін көріп,
Одан әрі өртеді сөзі жасты.

Орнынан ұшып тұрды Сатыбалды,
Қырмызы, Жанай оған қарай қалды.
Қолында өлсем өлем Қырмызы үшін,
Бірақ, ойы болмас деп ызаланды.

Бір тұрып, ашуымен бір отырып,
Анаға сұрау берді мойын бұрып,
Спескеге Жанай да жазылып па,
Өліп жүрген ойы ғой дымы құрып.

Қалжырап жаяу-жалпы келген ана,
Қайғырып ой азабын көрген ана,
Әлсіреп шөке түсіп отыр еді,
Бір сықты көздің жасын сонда жана.

Қырмызы көздің жасы мөлт-мөлт етіп,
Әлдене күш көңілге әсер етіп,
Жанайға жанарынан жалын шашып
Не дер деп қарт ананың сөзін күтіп.

Сәтіжан-ау, сұрайсын оның несін,
Адам деп Усан итті сенемісін,
Балықшылар барлығың түгелсіңдер,
Сол емес пе келгенім шығып есім.

Ашуға тағы мінді Сатыбалды,
Сөйлей алмай қалшылдап тұрып қалды,
Еркі жетпей ашуды тоқтатуға,
Омырауын май жейденің жыртып салды.

Сыр шешті Сатыбалды күйінгелі,
Қырмызы мен Жанайдың сүйінгені,
Махаббатты жандарын бір тындырды
Сәкеннің Усан сұмға түйілгені.

Жігермен былай деді сонда Жанай,
— Күн бұрын таусылмаңдар көріп болмай
Бай мен мырза, Усандар аман қалмас,
Жалпы кедей аттанса бірі қалмай.

Усанның тілегені өзі келді,
Тілмен бірге жұмсармыз біз де қолды.
Көзге күйік қарашы болмасын деп,
Теңізге көшірмек қой біздің елді.

Ақсақ пен құлғанасын алып қалып,
Елді жаншып билетпек күшке салып.
Кұс атам деп, мылтықпен атын атып,
Ақмақ ед, айдалада қалған талып.

Бұл кезде қостағылар бәрі күлді,
Жанайға рыйза болып өткір тілді,
Моншақтап бетті сызған жаспен қабат,
Қырмызы қырын қарап бірге күлді.

Қызық кой қабат келсе күлкі, жылау,
Жылаудан тұра ма екен күлкі таяу.
Қандай күш бір күлдіріп, бір жылатты,
Не дер ед Қырмызыға қойсақ сұрау.

Жанайды жапы сүйген бала жастан,
Бақытка жететұғын кезін тосқан.
Балық неі жұпар боп аңқушеді,
Алдынан шықса Жанай жыртық қостан.

Сол еді жылағаны ойға түсіп,
Еріксіз жас ағызып тыныс қысып,
Қауыпты хабарды естіп қайғырмастан,
Жанайы кетті сөйлеп желдей есіп.

Қырмызы сүйгеніне сүйінгеннен,
Үмітке сенімі мол кемденген,
Жанашқа рыйза болып күліп еді,
Басында жыласа да күйінгеннен.

Жаңбыр тынды, сөгілді бұлт баяулап,
Жел айдап, тауға қарай көшті саулап.
Сол кезде бірте-бірте жұлдыз шығып,
Сызылды бұлттан шығып ай жаяулап.

Өрлеген тоқталған жоқ Жанай сөзі.
Жаспын деп санамайды өзін-өзі,
Жасқанбай барлығына ақыл айтты,
Тұтанып оттай жанып екі көзі.

Мен сендерден қайтемін мұнда қалып,
Не болса бір көремін бірге барып.
Усанды аман тастап кете алмаспыз,
Ордасын талқандамай ойран салып.

Барлығы Жанай сөзін мақұл десті,
Көтермек қайратты жас мұндай дертті,
Балықтарын тапсырмақ ертең ерте,
Ақылдасып сонымен сөзі бітті...

(Поэма бітпей қалған)

1939—1940 ж.

Ү Б Ө Л І М

**ИСАНЫҢ АЙТУЫМЕН
ТАРАҒАН ШЫҒАРМАЛАР**

АЙ АСТЫНДА АЙБАРША СҮЛУ¹³

Баяғыда Күлмес хан деген хан болған екен. Оның шын аты, Баяу хан екен. Күлмес хан аталған себебі — Баяу ханның заманында жаугершілік қатты болып, бір ел бір елді шауып, шаншып ала береді. Содан кейін Баяу хан бір күні жұртын жыйып бірнеше мың әскер алып, жұртқа тыю саламын, әлемге әділдік орнатамын, деп жер қайысқан қолмен аттанған екен. Жарты қоналқа шыққан соң Баяу ханның пір тутып жүрген бір абызы бар екен, сол есіне түседі. Баяу хан — «Мен қайда барсам да, не істесем де, абыздан рұқсат алушы едім ғой, абыздан бата алып, ақыл алмай кеткенім, кәте болған екен» деп әскерін сол араға қалдырып, бас уәзірі екеуі абызға келіпті.

Абыз: — уа, ұлым қайда аттандың? — деп сұрапты.

Баяу хан: — уа, баба сізден бата ала кеткелі келдім. Жер қайысқан қол жыйып, дүниеге тыныштық, әділдік орнатқалы аттандым. — дейді.

Сонда абыз отырып:

— Уа, балам, тыйыштық па, әділдік пе, ә!.. Тыйыштық, әділдік орнатам деп соғысқа аттандым де, — деген екен де, үндемей отырған екен. Сонда Баяу ханның тыныштық орнатам деп, жер қайысқан қолмен қырғынға аттанған катесі ойына түсе қалып, — енді аяғың айтпаңыз абыз, мен тоқталдым, өз жазамды өзім айттайын, менің жазам өмір бойы күлмеу болсын, — деген екен. Баяу хан сонан былай тәубаға келіп, әскерін таратып Күлмес хан аталыпты. Күлмес ханнан содан кейін бір ұл туып, абызды шақырып оның атын Өлмес қойыпты.

Өлмес, он беске келген соң қасына нөкер ертіп аңға шығатын болады. Жүйрік аттармен киік қуып, аң аңлауды жақсы көреді екен. Бір күні аштан еліне қайтып келе жатса, дәл шәһарінің сыртынан бір жалғыз ағаштың түбінен мүйізі алтын бір киік тұра қашады. Өлмес нөкерімен жабыла қуған екен, қарасын бір-ақ үзіп киік жоқ болыпты. Қанша ұмтылып, соңынан қалмайын десе де, ізін таптырмай адастырып кетіпті. Амалы жоқ санын бір соғып, ханның баласы да болып қала беріпті.

Содан кейін ханның баласы бірнеше рет сол жермен жүрсе, жүрген сайын әлгі мүйізі алтын киік зымырап қаша береді. Қандай жүйрік тұлпармен қуса да жеткізбейді, құс екенін, жыл екенін адам білмейді, жоқ болып қарасын үзеді де кетеді.

Тағы бір күні ханның баласы, есепсіз көп әскерін ертіп, киік жататын жерді іздеп, ине шаншатын жер қалдырмай, сол жерді қамайды. Содан соң бәрі бірден киікке қарай жүреді. Сонда:

— «Кімде-кімнің басынан киік қарғып кетсе, сол адамның басын аламын» — деп, ханның баласы әмір етіпті. Бір заманда топты әскердің ортасында қалған киік, олай-былай шауып, әбден қысылған кезде ханның баласының басынан бір-ақ қарғып, жоқ болады.

Содан кейін ханның баласы барлық нөкерін еліне қайтарып, көс тұлпар мен қару-жарағын және теңдеген алтынын алып, азық-түлігін бір тұлпарға артып, киіктің кеткен жобасына қарай жөнеліпті.

Бірнеше күн жүріп келе жатса, алдында жыйылған қалың топ көреді. Топқа жақындап келсе, бір жаланап адамды шыңжырлап байлап, жан-жағынан найзамен қоршалып алып келе жатыр екен дейді. Ханның баласы жыйылған топқа келіп: — «Осынша қыйнағандай бұл қандай адам, не жазасы бар, мұның?..» деп сұрапты.

Сонда жыйылған топ шуылдап қоя беріпті: — «Мұның жазасы көп, істемегені қалмады, не керек қылса да, сұраусыз алып жүре береді. Қыран қарақшы деген жүгенсіз жүйрік қарақшы осы. Жүйріктігі сондай, ел болып неше жылдай ұстай алмай жүр едік, бүгін ұйқтап жатқан жерінен қамап тұрып ұстап алдық. Босатсаң қолға түспейді» депті.

Ханның баласы Қыран қарақшының тегін адам емес екенін біліп, көп алтын бсріп, сатып алмақ болыпты. Жыйылған жұрт: «Алсаңыз алыңыз, бірақ қол-аяғын босатқан соң, біз міндетті емеспіз, бұл бәрібір сізді де алмайты, қанша тұлпар тұрсын, құсқа да жеткізбейді»—дейді. Оған болмай: «Қайтсе де рыйзамын» деп ханның баласы Қыран қарақшыны босатып алыпты.

Қол-аяғы босауы-ақ муң екен, Қыран қарақшы алдағы тауға қарай бір-ақ зырлайды. Сонынан қос тұлпармен Өлмес қуған екен, шаңын бірақ көрсетіп, содан кейін ханның баласының салы суға кетіп, жылай-жылай соның кеткен жөнімен тоқтамай жүре береді. Түн болыпты. Сонда да келе жатса, бір таудың арасында екі шырақ жанып тұр еді. Не болса да соған жетейін деп, тұпа-тұра жанып тұрған шыраққа қарай жүреді. Әлгі жанып тұрған от, олай-бұлай қозғалғандай болады. Ханның баласы келуін келсе де, — бұл жын ба, пері ме, әлде жезтырнақ па? — деп қорқып тұрып қалыпты.

Сонда:

— Е, мырза, ханның тұқымы ер болушы еді, қорықпа, мен өзің босатқан Қыран қарақшымын — депті.

Сонда ханның баласы қуанып, аттан түсіп, құшақтасып, Қыран қарақшымен ақыреттік дос болады.

Екеуі тамактанып, тұлпарларды аунатып, сол жерде қоныпты. Қыран қарақшы отырып: «Ал, досым, мен жайымды айтайын, тыңда» — депті. Ханның баласы тыңдайды, Қыран жәйін айтады: — «Мен өсімді білген соң-ақ, зор оқымысты адамнан сабақ алдым. Әке-шешемнің кім екенін де білмеймін. Содан жер үстінде оқып болған соң, жер астына түсіп, сыйқыр ғылымын оқый бастадым. Бір күні ұстазымның қызына көңілім ауып, ұстазым біліп қалды да, мені жер үстіне шығарып жіберді. Бұрын кәсіп қылып, еңбек етіп көрген адам емес едім, сондықтан дүниенің төрт бұрышы кезіп, көзіме көрінгенді алып қашып күн көретін болдым. Менің үйім де, күйім де осы таудың іші. Егер де сіз кездеспегенде, бағанағы жұрт мені өлтіретін еді. Сен мені ажалдан кутқардың. Қане, достым, не мұның бар, айт? Қолымнан келгенше аянбаймын» — депті.

Сонда ханның баласы бастан-аяқ іздеп шыққан киіктің оқыйғасын баяндайды. Мұны естігеннен кейін Қы-

ран қарақшы айтады: «Мен оны білсем, ол Құддыс ханның қызы екен ғой. О да пері оқуын оқыған адам. Ол саған ғашық болған екен, оны қолға түсіру аса қыйын» — дейді де, жүгіріп кетеді. Әлгідей болмай үйеме қылып етегіне тезек толтырып әкеледі. Сөйтіп тезекті үш рет әкеліп, отау-отау етіп, үш жерге үйін тастапты.

Сонсоң ханның баласына айтады: «Сен мына тезектің бірін тұтат, осы күлге айналып шоғы басылғанша келсем келдім, келмесең жоқ. Өйткені, ол қыздың шәһарінің айналасында неше қатар күзеткен әскер бар, одан кейін қыздың үйі тоғыз есік, әрбір есігінде күзетші бар. Ең түпкі үйдің есігінде бір мыстан жатады. Бәрінен қыйыны мыстан кемпір. Егер оның қолына түсетін болсам, маған тіршілік жоқ» — дейді.

Ханның баласы Қыран қарақшы айтқандай етіп тезекті жаға бастайды. Қыран қарақшы екі етегін түріп алып, жоқ болады. Құддыс ханның шәһаріне келеді. Айнала күзет екен, эзер дегенде ұрлауып кіреді. Тоғыз есіктен өтіп келсе, Айбарша сұлу алтын тақтың үстінде ұйқтап жатыр екен. Қыран қарақшы Айбаршаны қолтығына қысып ала жөнеліпті. Мыстан кемпір қолы ұйқылы көзімен сермеп қалғанда Қыранның оң етегі ілініпті. Өңірі мыстанның қолында қала берді, Қыран әскердің бірінің басын, бірінің шығын басып кұстай ұшып, Айбаршаны алып жоқ болыпты. Ханның баласы оты қызыл шоқ болып, «енді қайтер екен, күл болып сөнсе Қыранның біткені ғой» деп қорқып отырғанда, Қыран қарақшы айдай Айбарша сұлуды қолтығына қысып, бүрқ етіп жетіп келеді. Ханның баласы шаттанып, бұрынғысынан да артық нұрлана түседі.

Сонда Қыран қарақшы айтыпты: «Ендігі міндет өзіңде, мен міндеттен құтылдым жалғыз-ақ айтатыным мынау: бүгін түнде қалай да болса ұйқтама, күн шығып, таң әбден атқан соң ұйқтарсын, әйтпесе, Айбаршадан айрыласың. Бұл қанша айтқанмен перінің шәкірті, көргенін істейді. Көзіңді жұмсаң-ақ ол саған дұшпан, қашып кетеді» — депті Қыран қарақшы. Ханның баласы: «Достым, мақұл», — деп алтын шатырды кұрып, Айбаршаны қасына алып жатқан екен дейді, таң білінгенше көзін жұмбап жатып, дәл күн шығарға

таянғанда болар-болмас қалғып кеткен екен, көзін ашса, қасында Айбарша сұлу түгіл, сайтан да жоқ. Ойбайды салып, зар илеп жүгіріп барып, Қыран қарақшыны оятыпты. Сонда Қыран қарақшы тезектің енді ана ортадағысын жақ, деп кұйынша шаңды бұрқыратып жоқ болыпты. Ханның баласы тезекті жылдам тұтатып, жаға бастайды.

Бір заманда тезек қызып, жанып орталай бергенде, Қыран қарақшы Айбаршаны алып тағы жетіп келіпті. Ханның баласына айтыпты: «Енді ұйқтап айрылсаң маған айтпа, менің күшім жетпейді, осы әкелуім ең соңғы әкелу» — дейді. Содан кейін ханның баласы, келер түні ұйқтамасқа бекиді де, Қыран қарақшыға сенім беріпті. Күндіз ойшап-күліп отырып, кеш батқан соң ханның баласы мен Айбарша алтың шатырға тағы жатады. Енді бүгін қайтсем де шыдайын деп ханның баласы бекиніп ұйқтамады. Таң атып, күн шығуға таянғанда аз ғана көзі жұмылып кетіп еді, Айбарша тағы жоқ болды. Ханның баласы ойбай салып зарлай тұра келді. Қыран досына тағы да жалынды. Қыран қарақшы енді лауа жоқ десе де, досын қыймай, үшінші үйген тезекті тағы тұтаттырып, ханның баласына айтты: «Егер де мына тезек жанып болып, күл болғанша мен келмесем, мені де, Айбаршаны да күтпе, үйіңе қайтып жүре бер. Енді үміт аз, мыстан кемпірдің қолына түссем, менен қайран жоқ, көрсе өлтіреді» — депті. Содан соң шаңын аспанға шығарып, Қыран қарақшы жоқ болыпты.

Ханның баласы отты жағып, жанып жақындаған сайын сабырсызданып екі көзі Қыран қарақшының кеткен жағында болады. От қызыл шок болып күлге айнала бастады, Қыраннан әлі белгі жоқ. Ханның баласы күдерін үзіп, зарланып жылай бастады. От сөніп, күлдің сырты бітіп, астында ғана аздап шок қалды. Ханның ұлы жер бауырлап жылаудан басқаны білмеді. Әбден үміт үзіп, Қыран қарақшы мен Айбаршаны енді көру жоқ деген кезде, күннің оңтүстік жағынан бұрқыраған шаң көрініпті. Ханның баласы қуанғаннан есі кетіп, тала берген екен, дейді. Айбаршаны қолтығына қысып, Қыран қарақшы көз ашып-жұмғанша жетіп келіпті.

Сонда Қыран қарақшыны қыздан бұрын кұшақтап, ханның баласы шын достығын көрсеткен екен, дейді Қыран қарақшы айтыпты: «Енді менің саған бұдан артық достық істеуге, әрі жолдас болуға уақытым жоқ, осы жолы ажалдың аузынан қайттым. Айбарша шеттегі күзет әскерінен өтіп, сарайына енді кіре бергенде ұстадым. Мыстаны түскір күтіп отыр екен, сермегенде қолы маған жетпей, сол жақ өңірімді ұстады, өңірім сол қалпымен қолында қалды. Қалың әскерден кұстай ұшып, бірінің басынан қарғып, бірінің арасынан өтіп зорға кұтылдым. Садақтың оғынан жараланбаған жерім жоқ» — деді. — «Енді айырылсаң өз обалың өзіңе» — деп Қыран қарақшы көңі айтпастан шанды аспанға шығарып, жоқ болды, дейді. Ханның баласы, досы Қыран қарақшыға бір ауыз сөз айталмай, шерменде болып, қала берген екен.

Келер түні ханның баласы қалай да болса шыдап, ұйқтамай көрер танды көзімен атқызып, күн шыққан соң Айбаршамен далаға шығады да, жан-жаққа қарап. Қыран досын арман қылып ойлап тұрған екен, Айбарша сұлу айтыпты: — «Мен енді сенікі болдым. Бірақ бір тілегім бар соны орындасаң тигенім тиген» — дейді. Ханның баласы айтады: «Сен мендік болсаң, әуелі перінің кебінін маған бер, әйтпесе, сен адам қалпыңнан өзгеріп тағы да қашып кетесің, кебініңді берген соң мен сенің тілегіңді орындайын» — депті. Айбарша сұлу қанша жалынса да, ханның баласы көнбей, Айбаршаның кнік суретіне түсетін кебінін шешіп алғанда: «Досым, рас ханның баласы екенсің» — деп Қыран қарақшы жетіп келіпті.

Содан кейін ханның баласы, Айбаршаның кебінін бойына сақтап бекінді де, Айбаршаның тілегін сұрайды. Айбарша сұлу айтыпты: «Осы күн жақта бір шәһар бар, ол шәһардің патшасы менің үлкен ағам болатын. Қап тауындағы дәулер біздің тұқымымызды кұртуға кам қылып, менің сол ағамның шәһарін қатырып қойды. Менің әкемнің інісі де пері оқуын оқыған еді. Бар шамасы келгені — осы күнде сол катып қалған шәһардің маңында сандалып жүр. Ешбір сырын айтпайды. Міне, менің тілегім осы ғана, көмегіңді тигіз» — дейді.

Сонда ханның баласы жауап бермей, ойланып оты-

рып қалған екен, Қыран іле-шала жұлып алғандай: «Мен білемін, оны орындайық» — деп ханның ұлының бетіне қарапты. Ханның ұлы — я, орындайық — депті. Содан былай үшеуі сол Айбаршаның ағасының шәһаріне жөнеледі. Бұл шәһарға, алты ай дегенде зорға жетеді. Шәһарға келсе, бау-бақшалы, райхан гүлін төккен, адам есінен танғандай көркем екен. Барлық адамдары тұрған-тұрған жерлерінде қатып қалыпты. Біреу жүріп бара жатып, біреулері сөйлеп тұрып, тағы басқалары сауда-саттығын істеп жатып, сол қалпында қатып қалған екен. Шәһардің неше түрлі алтын сарайлары бар екен. Ханның баласы, Қыран қаракшы, Айбарша үшеуі таң-тамаша қалып аралап жүрсе, сақалы белуарына түскен бір қария бір сарайдан: «Қош келдіңіздер» — деп шыға келіпті.

Қариядан жөн сұрап үшеуі ортаға ала бастайды. Содан қария айтыпты: — «Шырақтарым, мен Құддыс хан деген ханның досы едім, оның туысқанын дәулер қатырып кетті, мен осылардың шәһарінің күзетшісі болып жүрмін. Сендер тегін адамдар емес шығарсындар, қонақ болып жата беріңдер. Мен енді қырық күнде келемін, оған шейін осы шәһарда болыңыздар, менің баратын зәру жұмысым бар еді. Бірақ, анау тұрған алтын сарайды ашпаңдар. Онан басқаларын аралауға болады» — депті. Ханның баласы: — «мақұл қария» — деп шалға рұқсат беріп, өздері сол шәһарда қала береді.

Үшеуі шәһарді аралап, барлық тамашасын көріп, саяхат құрып бірнеше күн жүргеннен кейін ханның баласы айтыпты:

— Осы қария, бізге, шәһарді аралауға, бау-бақшаларды сайрандауға хан сарайларының бәрін көруге рұқсат етсе де, сарайдың кілтін бермей кетті және ашпаңдар деп тапсырды. Мұнда не сыр бар екен? Тегінде, біздің мұны білмей қоюымыз дұрыс емес, — деп Қыран мен Айбаршаны бастап, «ашпаңдар» деген сарайдың құлпын бұзып, қақпасын ашқан екен дейді, қақпаны ашса екі қара арғымақ шынжырмен байлаулы тұр екен. Қабырғалары қабысып, арып, жадап қалған екен.

Ханның баласы Қыран қаракшыға: «Тез екеуін де босат, бұл жануарлардың не жазығы бар?» деп бұйырығанда, Айбарша сұлу: «Ойбай, босатпа» — деп ара түсе

кетеді. Ханның баласы: — «Ей, ойланбай айтасын, малда не жазық бар» — деп босаттырыпты. Екі арғымақ босанысымен сілкініп, екі дәу болып көз алдарында ұшып жүре беріпті. Үшеуі не қыларын білмей кеткен жөніне қарап дал болып тұрып қалған екен дейді. Содан кейін бағапағы күзетші шал да келіп қалыпты.

— Өзгенің бәрін араласаңдар да, осы сарайдың маңайына кезмендер дегекім қайда, осы шәһарді қатырған екі дәу еді. Ол дәулерді қапылыста суға түсіп отырған жерінен арғымақ суретіне түсіріп байлаған мен едім. Сол екі арғымақ аштан бұралып өлген күні, осы шәһардің барлық адамына жан бітетін еді, енді бұл дәулердің қолға түсетін ылажын мен таба алмаймын — депті.

Ханның баласы қатты қайғырып, шерменде болып тұрғанда, Қыран қаракшы мен Айбарша: «Дәулердің кеткен жөнімен іздейік, бәлкім табармыз», — деді. Содан кейін үшеуі сол дәулерді іздеп кеткен жағына қарай жүре берді.

Сонан бірнеше ай жүріп, шаршап келе жатса, бір-екі аққу сыңқылдап ұшып барады екен. Қыран қаракшы зулап екеуінің астында көп уақыт ілесіп бірге отырады. Қыран құстың тілін біледі екен. Тыңдаса екі аққу сөйлесіп, біріне-бірі айтыпты:

— Мынау келе жатқан Қыран қаракшы, ханның баласы мен Айбарша үшеуі шәһарлерін қатырып кеткен дәулерді іздеп келеді. Бұлар осы бетімен жүре берсе, алдындағы дарияның жағасында, бір кара апан бар, сол апанның ішін ақтарса, толған балық. Ең астында бір кара балық бар. Соны алып ішін жарса алдындағы дариядан екі дәудің жанын сақтаған екі алтын сандық су бетіне шығады. Ол екі сандықта екі шабақ бар. Шабақты қысса, екеуі жалынып жетіп келеді. Не айтқандарын істеп береді. Ол дәулерге бір шәһарді екінші жерге көшіру көз ашып жұмғанша ғана жұмыс. Егер де шабақты турап өлтірсе екі дәуде өлер еді дейді. Мұны Қыран қаракшы Айбарша мен ханның баласына айтып келіпті.

Үшеуі сол бетімен тоқтаусыз жүріп дарияға келген екен. Келіп қарап жүрсе, айтқанындай бір кара апан бар екен дейді. Бетін ашып көрсе толған балық екен.

Шетінен бір-бірлен алып мақтыра беріпті. Әбден бәрін алып болғанда, ең астынан үлкен қара балық шығыпты, алып ішін жарған кезде, дарияның беті шымырлап, толқынданып екі алтын сандық су бетіне шығыпты. Сандықты дариядан алып, ашып жіберсе, бір ақ бас, бір қара бас шабақ жатыр екен, дейді. Балықты алып қысып-қысып қойған екен, теңіздің үстінен бұлт болып көрініп: — Алдияр, не қыл дейсіз? — деп екі дәу жетіп келіпті. Сонда ханның баласы айтыпты: — Тез, ана шәһардің қатып қалған адамдарын тірілітіп, баяғы қалпына түсір депті. Екі дәу бұлт боп кетіп, әлгідей қайтып келіп, — тақсыр айтқаныңыз орындалды — депті.

— Енді үшеуімізді қазір сол шәһарге жеткіз, — депті.

— Көздеріңізді жұм, — депті. Үшеуі көзін жұмған екен, енді ашып қараса, қатып қалған шәһарда хан сарайының алдында тұр екен, дейді. Ханның баласы балықты қысып-қысып қойған екен — Тақсыр, алдияр, не қыл дейсіз? — деп екі дәу шыбын-шіркей болып жалыныпты.

Ханның баласы: «Менің әкемнің шәһарін, және Айбаршаның шәһарін сол қалпында тез осы жерге орнат» дегенде, бір түннің ішінде шәһарді орнатыпты — дейді. Тапкертең ханның баласы далаға шықса, әкесінің және қайын жұртының шәһарі түгелімен көшіріліп, орнатылған екен. Өлместің әжесі Құлмес ханның екі көзі соқыр болып көруден қалған екен дейді, жалғыз баласы Өлместен тірідей айырылған соң, қайғырып жатып алған екен. Ұлы Өлместі көргенде екі көзі шырадай ашылып, өркен қайғыларын ұмытып жасарған екен, — дейді.

Ханның баласы, Қыран қарақшы екеуі әбден тілегін орындаған соң, дәудің жаны екі шабақты турап-турап өлтіргенде, қаны сыртына шығып, екі дәу өліп жерге түсіпті. Өлмес қарындасы Қаламқасты Қыран қарақшыға беріп, әкесі Құлмес ханның орнына хан болған екен — дейді.

Үш шәһардің ханы Өлмес, оның бас уәзірі Қыран қарақшы болып, екеуі барша мұратына жеткен екен, — дейді.

Ж Е Т І М Д Е Р⁹⁴

Чин-Мачин деген шәһарда саудамен күн көретін бір адам болыпты. Халқына да білікті екен. Әйелі өліп, екі ұл баласы жетім қалады. Үйелмелі-сүйелмелі екі баласы оқу жасына жеткен соң, мектепте оқып жүреді. Ол жылында бір рет керуенмен саудаға шығатын еді. Әйелі өлген соң бұл жылы саудаға шықпай, елінен таңдап бір әйел алып, бау-бақшасында бір жыл сайран етеді. Қелешек жылы әйеліне барлық шаруасын, үйішін тапсырып және екі баласын оқуынан үзбе, деп өзі сапарға шықпақ болады.

Сөйтіп, ол сапарға шығар алдында әйеліне айтыпты: — Менің екі баладан соңғы бір қымбатты нәрсем, мына сарайда дәулетқұс деген құсым бар, саған әлі көрсеткенім жоқ, тамағын кәдімгідей пісіріп бер, мұны еш адамға айтпа және көрсетпе. Ол өте қасиетті құс, — дейді.

Тоқалы дәулетқұсын көріп, «күп болады» — деп сарайдың кілтін алып қалады. Бай, балаларымен, тоқалымен қоштасып, бір жылдық сапарға жүріп кетеді.

Тоқалдың бұл байынан бұрын дос болған бір жігіті бар екен; байы кете салысымен-ақ, ол, жігітпен мәрсәре болып, ойын-күлкісін өткізіп, жүре береді.

Бір күні тоқалдың тамыр жігітіне балгер кездеседі. Жігітке бал ашып отырып:

— Ойпырай, сен өте бақытты адам екенсің, бір тамыр әйелің бар екен, екі өгей баласы, бір дәулетқұсы бар екен, шіркін-ай, дәулетқұсын сойдырсаң, жүрегін

жесең патша болады екенсің, оң жақ топшысын жесең, күрт-кұмырысқа, бақа-шаян, ұшқан күс, жүгірген анның тілін білетін болады екенсің және түкіргенін түйме алтын, қақырғаның қайма алтын болады екен — деді, балгер. Жігіт, балгердің сөзін әбден ұғып алып, байдың тоқалына келді. Тоқал оны қарсы алып құрметтеп, күлмең қағып күте бастап еді, жігіт қабағын ашпай отырып алды. Тоқал мойнынан құшақтап:

— Айтшы, не жаздым, әлде өкпеледің бе, маған, — деп жалынып сұрай бастайды.

Сонда жігіт айтты:

— Әрине, сенің ісіңнің бәрі алдау, мені жаныңдай жақсы көретінін рас болса, дәулеткұсын осы күнге шейін неге көрсетпей жүрсін, — деді.

— Ойбай, жаным-ау, оны қалай көрсетемін, бай сауда сапарына жүрерде әдейі тапсырып кетті, еш адамға көрсетпе де, айтпа да деп, оны сен қайдан білдің? — деді, тоқал. Жігіт айтты:

— Сен мені кім деп жүрсің, менің білмейтінім жер астында, егер сол дәулеткұсын көзіме көрсетіп, сойып етін түгелімен асып бермесең, мені, сенің жақсы көретінің өтірік, — деді.

— Қойыңыз, менің байым келгенде тірілей өлтірсін дегенің бе, оған өкпелеме, — деді тоқал.

— Ендеше менен күдерінді үз, — деп жігіт шығып кетеді. Үш-төрт күн өткеннен кейін, тоқал жігітті шақырып алып, — амалым бар ма, айтқаның болсын, сен үшін не көрсем де көндім, — деді.

Дәулеткұсын бауыздап, аспазшы қатынның қолына берді де:

— Бір мүшесін қалдырмай ас. Піскен кезде бізге хабар айт, — деп өздері бақшаға кетті, — дейді. Түс мезгілінде екі бала оқудан қайтты. Тамақ пісіп тұр еді, скеуі тоқал шешесінің келуіне қарамай, қарнымыз ашты деп, аспазшы қатынның мазасын алған соң, аспазшы қатын ағасына жүрегін, інісіне оң топшысын түсіріп бере салды.

Бір заманда тоқал жігітімен келді. Тамақты түсіріп жігіттің алдына қойды. Жігіт өзгесінен бұрын топшысы мен жүрегін іздей бастайды. Мұның жүрегі мен топшысы қайда деп ашулана бастайды. Аспазшы қатын

қустың жүрегі мен топшысында қанша ет бар, жылаған соң екі балаға бергемін — дегенде, жігіт табақты бір-ақ теуіп, шығып жүре берді. Бәрі аң-таң болып қала берді, тоқал жүгіре шығып — «не болды?» десе, жауап бермей жігіт жүрін кетеді. Баяғы балгерге тағы келді, бастап-аяқ не болғанын айтты, балгер тағы да бала ашады. Енді бұрынғыдан қыбын болды, сол екі баланы сойып жүректерін жесең ғана саған ауысады, әйтпесе дауа жоқ, — деді балгер.

Бір күні жігіт тоқалға жолығып, — егер, менде анық ойың болса, ана екі жетім баланды өлтіріп, жүректерін бер, — депті.

Тоқал ыршып түсті, дәулетқұсын босқа өлтіртпін, енді екі баласын өлтір дейсін, мен байдың бетін қалай көрем, жоқ, оның болмайды, деп тоқал көнбеді.

— Ендеше, менен күдеріңді үз, — деп жігіт кетіп қалды. Арада он, он бес күн өтті, тоқал әрі ойлап, бері ойлап, тамыр жігітін шақыртты.

— Амалым бар ма, сен үшін қара басымды да қыям ғой, екі баласын батылым барып өлтіруге, өз қолымнан келмейді, өзің біреуді жалдап өлтірт, — деді тоқал. Бұл кезде екі бала өздеріне найда болған қаснетті түсініп, қайран қалып жүрген болатын. Түс кезінде балалар оқудан қайтып келе жатыр еді, қақпасына таялғанда, інісі ағасын ұстай алып, — «тоқта, ағатай, ана бұтақта отырған екі торғай біз туралы кеңесіп отыр» — деді. Ағасы, — е, не болып қалды? — деп күледі де, — біз сабақта шәкірттердің ең алды емеспіз бе, — деді.

— Жоқ, аға, олар мына екі жетімнің өгей шешесі, тамыр байымен ақылдасып, бір табак алтын беріп, екі баламды өлтір, деп бір ұрыны жалдады, екі бала қазір барса, ол ұры өлтіруге даяр тұр, — деп, мына торғайлар әңгіме қылып тұр, жүр аға кетейік, бармайық үйге, — деді інісі. Ағасы:

— Қой, апам өгей де болса, бізді күтіп, тамақ, киім беріп жүрген жоқ па, ондай бізді өлтіретін, біз неғып-быз, жүр үйге, мұның не? Егер, сен қорықсаң барма, мен өзім барам, — деп ағасы тұра жөнелді.

Амалы не, інісі ойлап-ойлап тұрды да, ағасының соңынан о да жөнелді. Екеуі үйге кіріп келгенде, бір босағада кара-ауызды. Қанды дейтін атақты ұры

шыға келіп, есіктерін іліп алып, қанжарын суырды. Екі баланың зәресі ұшты, бірақ, кіші бала сөйлеп қоя берді.

— Ей, аға, сен ұрысың, ұрыға мал керек, бізге жан керек, шешем саған бір табақ алтын берді, мен саған он табақ алтын берейін, біздің қанымызды жүктеме қоя бер. Біз көзімізді жоғалтайық, — деді.

Ұры: — Әкел алтындарыңды, әрине, маған алтын керек, — деді. Інісі: — «Тос етегіңді» деп еді, ұры етегің тоса берді. Бала түкірін-түкіріп жіберіп еді, ұрының етегі алтынға лық толды. Бұлар ұрыдан босағаннан кейін, зыр қағып шәһардан шығып кетті. Келе жатса, екі құлан шөлде жайылып жүр екен. Інісі құланша сөйлеп қоя бергенде, құландар аңырып тұра қалды, сөйтті де, екі балаға жетіп келіп, арқаларына миңгізіп алып, жөнелген екен, — дейді. Екі құлан балаларды бір көлдің жағасына әкеліп түсірді де, өз жайларына жүре берді. Балалар не қыларын білмей тұрысты. Інісінің ойыншық садағы бар екен, сонымен бір құсты атып алып, жаубуірек пісіріп жеп отыр еді, кастарынан салт мінген үш жігіт өте бере, жалт қарасып, — міне, міне, бала болса да тоқтаймыз дегеміз, — деп дабырласып қалды да, балаларға бұрылды.

Үш жігіт тұрып: — Уа, балалар, біздің бір төрелететін ісіміз бар еді, бала болсын, шаға болсын кез келген адамға сынамайық — деп шыққан едік. Үшеуіміз бір әкеден, бір анадан туған туыс едік. Әкеміз өліп еді. Өлерде бізге үш нәрсе берді: Біреуі мына кілем, жайып тастап, үш десен аспанға бір-ақ шығады. Мінген адам мұның үстінде ұйқтап қалады. Ал енді біреуі, мына тақия, мұны киген адам көрінбей, көзден ғайып болады. Үшіншісі мына қобдыйша, мұның қасиеті ішіндегі алтыны таусылғанда, төңкеріп қалып қайта аударсаң, алтын ішіне қайта тола береді. Осы үш нәрсеге ағайынды үшеуіміз таластық. Үлкен ағамыз, жасым үлкен, жол менікі дейді. Органшы ағамыз жоқ, жол менікі дейді. Әкеміз ең кенжесімін, жол менікі деп, мен айтамын. Осыған бала болсаңдар да төрелік айтсаңдар екен, — дейді.

Екі жетімнің кішісі тұрып: — Құп болады, мен би-

лік айтайын, көссіндер, — депті. Үш жігіт шуылдасып: — «Мақұл, төреңе құлдық, болсын» — деседі.

— Ендеше, үш қасиетті нәрсені бері әкел, мен үш жаққа қалауық атам, әбден атып болған соң үшеуің бірдей жүгір, қай бұрын тауып әкелгендеріңе, бұл үш қасиетті нәрсе тиеді, — деді бала. Бұлар, баланың сөзіне көнді де нәрселерді балалардың қасына қояды, кіші жетім қалауық тартады, қалауықтың қалағы бұлтпен араласып, шырқап барып алысқа түседі. Үшеуі де солай тартылып болған соң үш жігітке, — ал, лап қойыңдар, жүгіріңдер, — деді бала. Үш жігіт барлық пәраменімен жүгіріп, жөнелісті.

Үшеуі де барып, қалауықты бірдей тауып, біріне-бірі көнбей жанжалдасып келеді. Мұнан кейін кіші жетім ойланып отырып, үш жігітке айтты: — Сендер ешқандай билікке көнетін емессіңдер, ақыры бұл үш қасиетті нәрсе өздеріңе қырсық болуы да мүмкін. Бұдан құтылыңдар, — деді.

— Қалай құтыламыз? — десті.

— Үшеуің де көтергенше бізден алтын алып, бұл үш затты әзірше бізге бере тұрыңдар, түбінде өзара келісімге келсеңдер, түгел қайырып берейік, — деді. Үш жігіт көтергенше алтын алып, бұларға үш затты беріп, тұратын шәһарін, үй, тұрақ мекендерін айтып қала берді.

Кіші жетім ағасын қасына алып, кілемге мінеді де, аспанға бір-ақ ұшады. Заматта, бір шәһарға келіп түсті. Шәһардің халқы өте қайғылы, жыйын, мең-зен сел соққандай, күйініште екен. Екі бала кілемді қалтаға салып, қобдй мен тақыяны да жасырып, жыйынға келді.

Бұл жыйынның мәнісін бір адамнан сұрап еді, ол адам балаларға: «Қарақтарым, несін сұрайсыңдар, ханымыз өліп, хан сайлауға жыйылған халық еді, бұл. Бірақ, ханның дәулетқұсын ұшырып, сол кімге қонса, соны хан сайлаушы едік. Қырық күн болды, дәулетқұсы еш адамға қонбай қойды» — дейді, әлгі адам. Баланың кішісі тұрып, — «Е, ата, тағы да ұшырып байқаңыздар, біз де көрелік», — деді. Әлгі адам балалардың сөзін дереу барып уәзірлерге айтты. Уәзірлер де әбден кұсты ұшыра-ұшыра қажып отырған адамдар,

бұл сөзді естігеннен кейін дәулеткүсын ұшырып еді, екі баланың үлкенінің төбесіне келіп қонды. Халық қуанып, баланы хан көтеріп, жетімнің үлкені сол шәһарға хан болды. Ағасы хан болып жайланған соң, інісі ағасынан, — мен мына кілемге мініп дүние кезіп келейін, — деп тілек қылды. Ағасы мақұл көрді. Сонда кілемге мініп, тақыяны киіп, қобдйды қалтаға салып, бала ұшып жөнелген скен дейді. Көзін ашып-жұмғанша кілемге мініп тағы да бір шәһарға келіп түсті. Бала кілемін бүктеп, қойынға салып келе жатса, қарсы алдында жылаған, мейлінше жүдеген адамдарға кездеседі.

— Уа, сіздер неге жылап отырсыздар? — деді бала. Бір қария тұрып:

— Балам, бұл шәһардің адамы білмейтін жай жоқ еді, бізде. Сен қалайша сұрадың? — деді.

— Ата, мен Жиһанкез адаммын, сондықтан білгім келеді, айтыңыз, — деді бала. Сонда қария:

— Балам, — бұл өте қыйын оқыйға еді, егер бала-лық қылып өліп қалмасаң айтамын, біздің талай сендей балаларымыз айтқан тілімізді алмастан, апатқа ұшырап өліп кетті.

— Ата, не де болса, айтыңыз, мен өле қоймаспын, қорықпаңыз — дейді, бала.

— Балам, айтайын ендеше, — дейді қарт, — осы шәһардың ханының жалғыз қызы бар еді. Ол ерге тимек болғанына бес-алты жыл болды. Қыздың қойған шартына шыдамай, талай жігіт дарға асылды. Ханның қызы әкесінің және жұрттың алдына екі шарт қойды. Мені алатын жігіт, мені құмар ойнап ұтсын, не бір жыл бойына алтыны таусылмайтын болсын. Екінші — мен күніне қырық кебіс тоздырам, сол қалай тозады, соны тапсын. Міне сол жігіт қана мені алады, егер шарт орындалмаса, басын алуға жігіт рыйза болсын, деді. Міне, содан бері талай мырза, талай ханның балалары келді. Өздері ұтылды, алтыны таусылды, қырық кебісті де таба алмай өлді. Әне, жылап жүрген солардың жанашыр жақындары мен ата-аналары. Соның бірі, мен, өзім деді де, қария сөзін бітірді.

Сонда бала: — Ата, қыздың сарайы қайсы? — деді. Қария қыздың үйін көрсетті де: — Балам, егер онда

баратын болсаң, есігінің алдында төрт төбеті бар, байқамасаң жарып тастайды. Үйге кірерде, қақпасынан хабар беріп, байқап кіргейсің, — деді. Бала қақпаға келді де, иттерге өзінше сөйлеп еді, күйрықтарын бұлаңдатып жаға кетті. Несіне хабар беріп еді, бір күтушісі есік алдына шықты.

Бала: — «Мен ханның қызын алғалы келген жігітін, қызға хабар бер», — деді. Күтушісі хабар бергеннен кейін, ханның қызы баланы сарайына қабыл алды да, шартын әкесінің алдына апарып бекітті. Ертеңіне баламен кұмар ойнауға кірісті. Баланы ұта бастады, бала қобдйын аударып қалса, алтын тола береді, қыз ұтуын үдетсе де, баланың алтыны бітер емес, алты ай ойнады, әлі де алтыны таусылар емес.

Сол шәһарда, бір мыстан кемпір бар екен, қыз соған ақылдасты. Кемпір айтты: — Оның қобдйы қасиетті екен, сен бір шеберді үйіңе жасырып қойып, дәл сондай қобдйі жасат, ойнап отырғанда, жігіттің көзін алдап, қобдйды ұрлап ал, — деді. Қыз, кемпірдің айтқанын істеп, жігіттің көзін алдап, қобдйды ұрлап алды. Енді, қобдйды бұрынғысындай аударып еді қобдй бос болып шықты. «Е, мұның қасиеті таусылған шығар» деп жігіт қобдйға түкіріп жіберіп еді, тағы толды. Сол арада тоғыз ай өтті, енді қыз сасуға айналды. Қыз мыстанмен тағы да ақылдасты. Сонда мыстан:

— Арақ-шарап ішіп, бой жазаық деп бақшаға апарып, мына дәріні оның арағына сал, деп, — бір шөптің басын берді. — Содан кейін ол мас болып құсар, егер де аузынан түскен зат болса, таза жуып жібекке орап тығып қой. Осыдан дауа болмаса, енді басқа дауа жоқ, — деді. Қыз айтқанды орындады, жігіт құсып еді, аузынан баяғы тобық түсті. Қыз орап алып қойды.

Ертеңінде жігіт тағы ойнап еді, ұтылды. Қобдйға түкіріп еді, былш етіп түкірік түсті, жігіттің енді алтыны жоқ, амалы не, шарт пен серт бойынша, хан ертеңінде дар ағаштың түбіне жұртты жыйып, жігітті алып келді. Жендеттері даярланып, жыйылған халық жігітті аяп, не қыларын білмей ханға жалынып, «мұның кінасын кешір дейік» — десті. Дар ағашқа келген

соң жігіт «дәт» деді. Хан рұқсат етті. — Журттың ортасында тұрып бір ауыз сөз айтамын, содан соң өлімге рыйзамын — деді жігіт.

Ханның жарлығы бойынша жыйылған халық алқақотан отырысты. Жігіт кілемін жайып, тақияны киді де, аспанға бір-ақ ұшты. Мұны көрген халық қуанып, хан суалып қала берді, дейді.

Сол бойы жігіт бір үлкен орман, тоғайға келіп түсті. Тоғайды аралап жүр еді, бір көк алма тұр екен, жігіт алманы қызығып үзіп жеп еді, көк шолақ қасқыр болды да кетті.

— Қап! Амал не, болмасқа сорым қайнады-ау, бір аңшының, не мергеннің жемі болдым-ау, — деп күйінді, жігіт. Сөйлейін деп еді, ұлыды, бірақ ақылы, есі дұрыс. Кейпі қасқыр. Сөйтп кезіп келе жатса, бір күрең алма тұр екен, әй, не болса да, осыны жейін деп ағашқа асылып барып, оны да жеді. Ала канат сауысқан болып кетті. «Е, қасқырдан көрі бұл жақсы, ағаш басында жүрем ғой, ұшып тоғайды аралайын» деді жігіт. Үшінші ретте бір қызыл алма көрді. «Боларым болдым ғой, мұны да көрейін» деп оны да жеді. Баяғы жігіт қалпына келді. Тіпті бұрынғысынан нұрлы сұлу жігіт болды. Қуанып, жүгіріп жүріп, бағанағы алмалардың барлық түрінен теріп алды. Біреуін жеп еді қасқыр болды, екіншісін жеп еді сауысқан болды, үшіншіні жеп, қайта жігіт болды. Қуанып кілемге мініп, алмаларды қалтаға толтырып алып қайта ұшты. Қыздың шәһарына келіп түсті.

Ханды күтіп, суын әкеп жүретін бір кемпірлеу әйел бар еді. Ол құдыққа суға келген екен. Жігіт тақияны киіп қасына келді де, шелегіне бір қызыл алма тастай берді. Кемпір, бұл қайдан түсті деп аспанға қарады. «Оны саған мен сыйладым, же, байқұс, бақытты боласын» деді жігіт. Кемпір жеп алды. Сол жерде кемпір жас қыз болып, екі бетінен нұры тамды. Қуана-қуана үйге келді. Ханның қызы: — Ой, саған мұндай сыйпат қайдан пайда болды, — деп таң қалды. Кемпір: — Құдай берді, ғайыптан үн қатып, алма тастады, же, — деді. — Жедім, сонан соң осындай болдым, — деп секіріп-секіріп қуанды.

Ханның қызы, — япырмай, сенің құдайға тілегің

жеткен екен, бар, мені де жасартсын, тілек қылып сұрашы, — деді. Жарайды деп күтуші әйел қайта құдыққа келді. — Я, немі, менің ханшама да алмашан бер, — деді.

— Жарайды, бірақ, қолыңа ұстама, өзі ғана жесін — деп алманы шелегіне тастады жігіт. Ханшама әкелді. Ханшама қуанып жеп еді, алақанат сауысқан болып шықылықтап, төсегіне қонды. Күтуші әйел сасып ханшаға хабар қылды.

Хан уәзірлерін жыйып, келіп көрсе, қызының төсегінде алақанат сауысқан отыр. Молдадан молда, балшыдан балшы қалдырмай, жыйып оқытты, үшкіртті. Еш дауа болмады. Жігіт әдемі киініп, молда болып ханның алдына барды.

— Қызыңды мен жазамын, жеті күн мұрсат бер және шәһардың ортасында, халықтың алдында емдеймін, — деді.

Хан: — Егер жазбасаң басыңды алам. Жазсаң, қызым сенікі, — дейді.

Ертеңіне сауысқанды жыйылған халықтың ортасына әкеліп, өзі қасқыр болып тырнағымен жүнін жұлып, әбден талап өлімші қылады.

Сол кезде хан — өлтірем, деп қылышын алып еді, уәзірлері, — қойыңыз, бұл тегін адам емес. Егер тегін адам болса, өзі қасқыр болар ма еді, — деп ханды тоқтатады.

Келер күні қызды қасқыр қылып өзі жігіт боп, құйрығынан ұстап тұрып өлімші ғып ұрды.

Жетінші күні қызға қызыл алма жегізіп еді, бұрынғысынан да сұлу болып қыз қалпына келді. Хан қуанып, — қызымды осы жігітке бердім — деп, халыққа жар шашады.

Сонан соң жігіт пен қыз ханның сарайына келді. Жігіт қызды оңаша үйге алып кірді де, — сен мені таныйсың ба? — деді. Қыз танымаймын, — деді. — Ендеше, мен қобдйын, тобығын ұттырған жігітпін. Есінде шығар, мыстан скеуің маған үлкен қыянат жасадыңдар, бұл жігіттің ешбір қасиеті жоқ, деп ойладыңдар. Егер, маған шын тиетін болсаң, қобдйымды, тобығымды бер, — деді. Қыз: — Мен намыс үшін ғана істеп едім, енді бәрі өзіндікі, — деп қобдйды, то-

бықты алып берді. Жігіт тобығын жұтып, қобдйын қойынға салды.

Ертеңіне ханға барып, — қызыңды маған берсең, халқынды жый, — деді.

Хан шәһардың барлық халқын жыйды. Жігіт қызды ортаға алып шығып:

— Уа, халық, мына ханның қызы енді менікі. Бұл қыз мыстанмен бірігіп сыйқырмен қанша адамды кұмардан ұтты. Ұтылған адамдардың басын алдырды. Бір күні түнде бұлар сайқалдыққа шықты. Мен көрінбей ере бердім. Сыйқыршы дәумен тамыр екен, дәу алыста тұрады екен, — жолда жүгіріп келе жатып, тақасы түскенде кебісті лақтырып жаңалап отырды. Барғанша жыйырма кебіс, қайтарда жыйырма кебіс тозды. Қыз қайтқанда, мен көрінбей тұрып, дәудің өз қылышымен басын алдым. Нанбасаңдар міне басы, — деп дәудің басын лақтырды. Халықта да, ханда да үн жоқ...

— Қаншама жұрттың ажалына себеп болған, бұл залым, сайқал қыздың жазасын мен беремін, ал мыстанға жаза беруді ханның өзі білсін, — деп қыздың басын қылышпен бір-ақ шапты да, тақыяны киіп кілемге мініп аспанға ұшты. Жұрт бұған өте қуанды. Хан ұялғаннан сарайына қарай, жүріп кетті.

Жігіт ұшқан бойымен ағасы хан болған шәһарға келді. Шәһарға келсе ағасы жоқ, аралап, қарап жүрсе, ағасы қайыр сұрап жүр екен. «Уа, аға, саған не болды?» — деп сұрап еді: «Сен кеткен соң уәзірлер мені баласынып, қаңғыртып жіберіп, хандықты өздері алды» — деді. Інісі уәзірлерге барып: — Бір байбатша едім, сіздермен таныс болмақ едім, мейман болыңыздар, бірақ мен жолаушы болғандықтан, базар ішінде қонақ болыңыздар, — деді. Уәзірлердің бәрі де келді. Татпаған жердің алмасы деп бір-бір алма берді. Уәзірлер тамсанып танырқап жеп еді, бәрі де: бірі сауысқан, бірі қасқыр болып кетті.

Сонан соң ағасын қасына алып, кілемге мініп өзінің туған шәһаріне келді. Келсе, әкесінің үйі быт-шыт болып тозып, бау-бақшалары қыйраған екен.

Екі жігіт үйіне келді. Әкесі қартайып, балаларының

кайғысынан жүдеп біткен екен. Тоқал шешесі қақшан қағады. Бұлар екі жігітті танымады.

— Біз осы үйге қонайық деп едік, алыстан келген жолаушы едік, — деді екі жігіт. Тоқал қондырмай шыжалақтап еді, шал: — Менің сыбағамды берсең де қондыршы, кім біледі менің екі құлыным да осындай мүсәпір болып жүрген шығар, — деді. Сөйтіп, бұлар қонбақшы болды.

Бір уақытта екі жігітке қарап шал, — балалар әңгіме айтыңдар, — деді. Кіші баласы мысалдап, өз бастарынан кешкен оқыйғаны сөйлей бастады. Тоқал көп жерінде жаратпай, тыржыйып, осы қаңғырған немелердің сөзі не керек деп ара түсе берді. Шал айтқан сайын ықласымен тыңдап, — е, шырағым, айт, тағы да, содан соң... деп сүйсініп отырды. Әңгіме бітті.

Кіші бала шығып кетіп тоқалдың тамырын тауып, шақырып ертіп келді де:

— Ал, әке, екі балаң біз, тоқал мынау, бізді өлтірмек болған бұзық мынау, — деді.

Шал балаларын құшақтап жылап-сықтап, есінен айрылғандай қуанды.

Екі жігіт тоқал мен тамырын байлап, бастарын алды. Ертеңінде сарайға да алтын толды.

Кілеммен ұшып барып үш жігітті іздеп тауып, қасиетті заттарын өздеріне берді. Сөйтіп, барлығы да барша мұратына жетті. Кіші ұлы үлкен ғұлама болып халқына ақылшы болды.

ӨТКЕНДЕГІ КЕЙБІР АҚЫНДАР ТУРАЛЫ БІЛЕТІНІМ⁹⁵

Аркада Әздембай деген ақын болды. Әздембай кедей болса да, сал еді. Менің 12 — 13 тегі кезімде Әздембай Омбыдағы Зайцев деген байдың өгізін айдаған адамдарға бастық болып, біздің Тоғай бойына түсті. Елдің бозбалалары оның өлеңін естіп, жаңа айтып келе жатқан мені түнде шақырғанда, жеңгем, қорқамын деп мені жібермеді. Өлеңдерінен есімде қалғаны:

— Дегенге Әздембай сал, Әздембай сал,
Салдықты көтермейді аз ғана мал.
Құрбыңа сойып берер бір қозың жоқ,
Не керек саған салдық, адырам қал.

—...Жолдасы кедейліктің ұйқы мырза,
Ерте жатып, кеш тұрса болады ырза...

(Қалғаны есімде жоқ.)

* * *

*

Айдабол* — Көтеш деген ақын болатын. Көтеш жалғыз атты кедей екен. Бір тойда көкпар алып қашып келе жатқанда жығылып, атының аяғы сыныпты. Сонда қасында келе жатқан бір жолдасы Көтеш қайғырып тұрғанда: «Көтеш, осы атыңның аяғы сынғанын бір ауыз өлең қылшы» — дегенде, —

* Айдабол — руының аты.

Үйде қалай отырамыз атқа мінбей,
Тойда қалай жүреміз шаппай, желмей,
Иесінің мандайы тайқы болса,
Жалғыз ат қайтып өлсін, өстіп өлмей—

деген екен.

Сонда жолдасы астындағы атын түсіп беріпті-мыс.

Көтеш атақты ақын болып, бері келгенде, Торыайғыр, Шоң бимен араздасып, айрылысып көшпек болған екен. Олардың араз болған себебі: Торыайғыр, Шоң биге — «Сіз неге намаз оқымайсыз, пайғамбар жасына желдіңіз» — депті; Шоң семіз денелі адам екен, «қайтейін астыма қолым жетпейді» депті.

Торыайғыр: — Астыңа тайтұяқ жамбы тастай берсе, қолың жетер еді-ау — депті.

Сонда Шоң ашуланып: «Сенімен бірге отырмаймын, басқа елге көшемін» — деп жұртын жыйған екен. Ел болып тоқтата алмай, неше күн сергелдең болған екен. Сонда елдің бір биі:

— Аузына дуа қонған адам еді, Көтеш сөйлесін — депті.

Сонда Көтеш:

Торыайғыр мен Шоң едің мақтап жүрген,
Бар ақылың осы ма сақтап жүрген.
Екеуің екі айырылып көшіп кетсең,
Дұшпандарың жеп қояр қаптап жүрген —

депті. Содан соң Шоң көшпей қалған екен дейді.

Көтеш бір жыл ел кезіп кетіп, өлең айтып мал тауып келеді екен. Бір жылы келетін мезгілінен бір жыл өтіп кетіпті. Сонда Айдабол, Күлік елі болып, бір жыйында жоқтап:

Көтеш өлсе де, бір белгі қалдырған шығар ел кезіп біраз жігіт тың тыңдасын» деп, ел-елге кісі аттандырған екен. Аттандырған жігіттің бір-екеуі келе жатса, бір елдің қойшысы қойын бағып жүріп, өлең айтады, тындап байқаса былай:

Ей шырағым, өздерің не ел боларсың,
Бас пен малдан бүйтсендер кем боларсын.
Айдалада Көтешті тонап кетіп,
Айдабол мен Күлікке жем боларсын, —

дейді. Екі жігіт қойшыға келіп:

— Шырағым, кімнің қойшысы едің, өлеңің қалай дәмді, қайта айтшы — деп айтқызып болған соң, жайып сұрайды. Қойшы:

— Анау тұрған ауылдың ортасындағы ақ үйдің үш баласы, барымтадан келе жатып, жетелеген ат, айғыры бар бір шалға кездесіпті. Үшеуі шалдың ат-тонын алып, суықта өзі-ақ өлер деп айдалаға тыржалаңаш тастап кетіп бара жатқанда:

— Шырақтарым, бір ауыз өлең үйретейін, — деп осы өлеңді айтқан екен. Содан елге айта келіп, мен үйреніп, алдым, — депті.

Жігіттер байдың үйіне қонып, алдарында қонақ кәдесі үшін ақша беріп қойшыға әлгі өленді айтқызып. ертеңінде елінің биіне айтып, Айдабол, Күлік, сол елден Көтештің құнын алыпты.

* *

*

Омбы аузындағы Атығай ішінде, Тегі Қарасырым деген елде Сүйімбай деген ақын болды. Қаламен аралас жатақ ішінде өсті. Діннің күшті кезінде Сүйімбай орыстан әйел алады.

Сүйімбай Құдайберген ақынмен, Исамен айтысқан. Ол өлендері жеке жыйналар.

* *

*

Алтай Құлтума ақын болған.

Өлеңі: Сұрасаң арғы атамды Қуандықты,
Әр жерде қылған екен жуандықты.
Аққошқар, Сайдалының заманында,
Бір көлден қырық мың жылқы суарыпты.

Сұрасаң менің атым Құлтума-ды,
Момынан Құлтумадай ұл тумады.
Келгенде сексен үшке ән шырқадым,
Көмекей сонда дағы бір тынбады, —

ден келеді. Арканың ақындары Құлтуманы жақсы біледі. Оның шығарған әндері де бар.



Қос-айдар Қыпшак, Жолдыбай акын. Бұл өзі палан, өзі ақпа акын болған. Іштегі Барабаның хазретінен оқыған екен. Өлеңді ылғый шарығатпен соққан.

Өлеңі: Әкем Ауған болғанда мен Жолдыбай,
Мен нешік осы арадан тартынғандай.
Ішінде Құдас, Төбет шықтым сайрап,
Жағыма жәрдем берсін жаппар құдай.

Жолдыбай акын жыйырма бес жасында қайнына ұрып келіп жатқанда, шешек шығып өліпті.

Өлерде айтқаны:

Ауылым қызыл қактың бауырында,
Танаштың дерт жабысты ауылында.
Құдай-ау осы дерттен казам жетсе,
Қыла көр Мұхамбеттің қауымында.

Бұдан басқа да өлең, жырлары бар еді, есімде қалмапты.

Ескерту:

Жоғарыда аталған және төменде көрсетілген ақындардың барлық тарихын жазып берем. Оны елге бармай, бере алмаймын. Ол ақындар мыналар:

1. Жұмабай акын — заты қойсары.
2. Жұмабай акын — заты Қарабұжыр, Тентек.
3. Мүсек акын.
4. Саңқай акын.
5. Естай акын, — әрі әнші, әлі тірі.
6. Сағит акын — Қыпшак.
7. Кешубайдың Омары — Елетен.
8. Құдайберген.
9. Мұса акын (Төлеңгіт. Ертіс ауданы).

Бұлардың бірен-сараны ғана болмаса, бәрі көрген, айтысқан адамдарым.

Байзақұлы Иса.

VI Б Ө Л І М

**ӨМІРБАЯНЫНА
ҚОСЫМША МАТЕРИАЛДАР
МЕН ТҮСІНІКТЕР**

АҚЫН ӨМІРІНЕН

Иса Байзақұлы өзімізбен бірге жасасып, күні кеше ғана қатарымыздан кетті. Ол бүкіл Қазақстан жұртшылығына өнерімен, өлеңімен өзін танытқан ақын, замандас еді. Иса әрі ақын, әрі артист, әрі өрісі кең жазушы еді.

Мен Исаны ең алғашқы 1925 жылы июнь айының ішінде, Қоянды жәрменкесінде көрдім.

Жәрменке жаздың өте бір көңілді күндерінде басталды. Қызмет ретімен, шаруа жайымен келген алуан түрлі елдің бас қосқан орны, осы жәрменке болатын. Иін тірестіре тігілген үйлер, бірінде ән салынған, бірінде күйсандық ойнаған қызу думанның үсті еді. Батыс жағы айнадай шалқыған Қарасор көлі, күншығысы күрілдеп аққан Талды өзенінің арнасы, оңтүстік, солтүстік қойнау: Қоныр адыр, Қоянды, Тоқпан шоқылары. Осылардың ортасынан орнаған жәрменке орны шалғынды, томарлы көкмайса еді.

Күн еңкейіп қалған кезде, тарқап бара жатқан мал базарының қалың тобын қақ жара ерекше бір топ адам түйдектеліп жүйткі берді.

Біз де сол топқа келдік, әлі ешнәрсені көргеміз жоқ. Тек бір айқай, кұйындай бұрқыраған бір өлең серпінін аспанға шарықтатады.

Топ ортасында ашық үлкен автобус, оның үстінде толған адам. Өзге жұрттан ерекше, алып денесімен Қажымұқан көрінді. Қасында әртүрлі киінген бірнеше

жігіттер бар. Бірақ, елдің өзеурей қарап, өзгеден көрі кұмарлана көз тіккені екі адам.

Қолындағы сырлы домбыраны біресе аспандата, біресе шалқыта, үні мен сөзі кұйындай жүйткіген бір жас жігіт ән салып отыр. Бұ жігіттің кім екенін сұрас-тырғанда, Иса акын болып шықты. Ол жүріп келе жат-қан автомобильдің үстінде домбырамен желдірмені жүйткіте соғып, Қажымұқан балуанның күшін, дүние жүзін аралаған өнерін өлеңмен келістіре сыйпаттап, елдің еркін билеп әкеткендей.

Бұл топтың ішінде Қалибек те бар, Зәрубай да бар. Қалибек жыйылған топты шанышпа, тапқыр сөзімен күлдірсе, Зәрубай бір де қоян, бір де жылан болып, саналуан ойын көрсетеді. Олардың бұл жүрісі ертеңгі күні үлкен ойын көрсетіледі. Қажымұқан үстінен ав-томобиль жүргізеді, кеудесіне қойып жалпақ сом тасты ұрғызып сындыртады, — деген қолма-қол хабарланды-ру еді.

Ертеңінде Қажымұқан ойын көрсетті. Қажымұқан әрбір ойынды көрсетерде Иса домбырамен оның жайын түсіндіріп, желдірмеге толғайды. Бір жағынан гармо-нын кұлаштай сермеп Майра да отырды. Адамның ас-қан күшті алыбы Қажымұқан, кұйындай ұйтқыған акын Иса, ән асқағы Майра, түйдек бір жерде бас ко-сып, Омар мен Қалибектің де күлкі-сықағы араласып, ойын кыза түсті. Осы күннен бастап-ақ, Исаның даңқы елге таралып кеткен еді.

Одан кейін Исаны Алматыда көрдім. Иса бірде сах-нада, бірде концерттерде ән мен өлеңді талай ағытты.

1938 жылы Жазушылар Одағының үйінде Октябрь мерекесіне арналған бір мәжіліс болды. Сол мәжілісте осы қаладағы жазушылармен бірге, Үмбетәлі Кәріба-ев, Саяділ Керімбеков, Сапарғали Әлімбетов, тағы бас-қа да халық ақындары болды. Сол кезде атакты «Родина» самоләті Москвадан ұшып Қыйыр Шығысқа қонбай жету сапарынан қайтып келіп, советтің ұшқыш қыздарының асқан ерліктері дүниежүзілік даңққа бө-леніп еді. Олардың басынан кешірген уақығасы да ел аузында әсерлі аңыз болып таралған кезі еді.

Осы мәжілісте ақындарға кезекпе-кезек тема беріп, өлеңдер айтылды. Әсіресе, Исаға осы «Родина» самолә-

тінің экипажы, үш қыздың басынан кешірген хал, әсіресе, Марина Раскованың он бір күн, он бір түн орманда адасқанын жырлап шық, деген ұсыныс болды.

Иса қолына домбыра тиісімен, белгілі желпіну сарынымен біраз айқайлап алды да, өлеңді заулатты. Сағат жарымдай уақыт жырлады. Үн шығарған жап болған жоқ.

Поэма болып жырланған үлкен жырды отырған жұрт сүйсіне тындап, осыны жазып таста деген ұсынысты да айтты. Артынан осы поэманы «Он бір күн, он бір түн» деген атпен жазып та шықты.

Бұдан кейін де Исамен талай кездестік. Соның бірі — 1940 жылы көктемде, Турксиб жолының 10 жылдық мерекесіне байланысты, акын-жазушылар бригадасы ұйымдастырылып, жол бойына шыққанда, Исамен жарты айдай бірге болдым. Бұл жолда біз Шу, Луговой, Жамбыл, Шымкент және Қырғызстанға дейін барып қайттық. Осы сапарда әрқайсымызбен әр жағдайда іштей ұғысып, көп сөйлесті.

«Менің өмірімді ешқайсыларың білмейсіңдер. Неге жазып алмайсыңдар. Мен өзім айтайын, жазып алу сайшы» деп бір-екі рет ескертті.

Осы жолда біз Қырғызстанға бардық. Қырғызстан жазушылары бізді аса зор құрметпен қарсы алды. Біз барған кезде, Қырғызстан жазушыларының пленумы болып жатыр екен, ол жыйындарына да қатнастық. Біздің бригаданы Қырғызстан жазушылар одағы, қырғыздың халық жыршылары, жазушылары бар бас қосып қонақ етіп, туысқандық, достық мәжіліс ұйымдастырды. Мәжілісте қырғыз, қазақ жазушылары атынан Аалы Тоқамбаев, Сәбит Мұқанов жолдастар сөйледі. Бұлардан кейін Иса сөз сұрап алып, сөзін өлеңмен айтты. Ол қырғыз бен қазақтың туысқандық достығы, әсіресе, қырғыз елінің тарихын шолып, сонау Енисей өзенінің, Алтай атрабында болған көне уақыттардағы уақыттарды байланыстыра келіп, сөз нөсерін ағылта шарықтады.

Қырғыз жазушылары мен халық акындары — Халық, Әлімқұлдар Исаның ақындығына сүйсіне, зор құрмет етті. Бұл күні Иса саналуан жыр тәкті, бірақ ол жерде бұл жыры жазылған жоқ. Кейін де оны өзі

күнттап жазбаған болар, өйткені ақынның қолжазбасынан кездестіре алмадық.

Исаның осындай бір ерекше шақтары айтылғанда, оның өз тұсындағы ақындардан (халық ақыны) озық екені айқындала береді. Әсіресе, дайындалмаған жерден үлкен жырды өзекті етіп төге салатын әдеті, Исаның бойына біткен айрықша қасиет еді.

Мұнан кейін Исамен 1940 жылы июль айында сұлу Көкше, Бурабай курортында кездестім. Бір күні таңертең ерте біз жатқан үйдің есігін біреу қатты қақты. Біз үш адам едік. Ояу жатқан Қазы деген жас жігіт есік ашты. Есік ашылғанда-ақ Иса кіріп келді. Ойда жоқ жерден келген Исаға бәріміз де орнымыздан тұрып амандасып, мәз-мәйрам болып қалдық. Иса үйге өлеңдете кірді.

«Жақын деп жанымды ұғар сәлем бердім,
Таң атпай баса-көктеп кіріп келдім.
Мөлтілдеп бауырында Бурабай көл,
Көкшетау — жәннәті ғой жұмыр жердің», —

деп ағызып барып тоқтады.

Біз, курортта бір ай жаттық. Бурабайдың көлі, Жұмбақ тасы, Оқжетпесі, Бөлектау бойына серуендеп, қайыққа мініп көлдің арғы жағына да барып қайттық. Иса мархұм осы демалысында өте көңілді, шатты жүрді. Осында жатқанда ауруларға арнап екі рет концерт ұйымдастырылды. Жыйылған жұрт Исаның ақындығына, сөз тапқыш шешендігіне таң қалысты.

1943 жылғы декабрь айында Алматыда болатын ақындар айтысы күндерінде, Иса айтысқа кешігіп келіп, жазушылар одағында, жеке үйлерде бәйге алған ақындардың әрқайсысымен бір қағысып қалып жүрді. Соғыс кезінде Иса үнемі ел аралап жүрді де, кездесуіміз сирек болды. Ақырында, Исаны көбірек кездестіріп, жақын араласқан мезгілім 1946 жылы июль, август айлары болды. Жазушылар Одағының, Қазақ Академиясы Тіл және Әдебиет институтының басшылары, Исаның өмірбаянын жазып ал, деп маған тапсырды.

Мен бұл тапсырмаға қарсы болғаным жоқ. Оның

екі түрлі себебі болды: бірі - Исаның өзі маған жолығып, сөйлесер едім деген тілек айтыпты. Екіншісі — Иса сыяқты замандас ақынның, өзім аса қадір тұтатын жанның сол кездегі хал-жайын біліп, аз да болса көңіл күйіне ортақтасуды өзім де мақұл көрдім.

Мен Исаны жатқан үйіне іздеп бардым. Бұл июль айының 13 і еді. Мені көріп, Иса мархұм қатты қуанды.

Жай-күйіне танысқаннан кейін: «Мені емдетуге орналастыру қамын істендер. Қырда жазылмадым, жақсы күтіммен дәрігерлер қарауында, ауруханада біраз болсам жазылам» деп, өмірге сондайлық құмар екендігін көрсеткендей болды. Уайым, мұңаю сыяқты сезіктен ешбір белгі бермеді.

Әрине, мен де «жазыласын» деген көңіл көтерер сөздермен әңгімелесіп, біраз отырдым.

Ол күні Исамен хал-жай білуден арғы сөзге барғаным жоқ. Мен ертең келемін деп қайтып кеттім. Ертеңінде келсем, Мәкен, Ертіс екеуі (бұл Исаның, сол күнде бірі 12-мектепте, бірі театр училищесінде оқып жүрген балалары) келіп отыр екен. Екі баласына қуанып, тіпті сырқатын ұмытқандай серігіп, көңілді отыр екен.

Біз тағы әртүрлі жағдайды әңгімелесіп отырғанда, өзінің елінен Алматыға келген бір жас жігіт келіп, көңілін сұрады. Ол жігіт Исаның Зылиқа деген тәтесінің жақын адамы екен. Ол еліне қайтпақ болғандықтан, екі баланы тауып танысқан екен. Оған Иса соншалықты риза болып, екі баласына қарап:

— Сендер елді бідмейсіңдер. Мына кісіні танып қойыңдар. Зылиқа апаларыңнан туған жиендерің бар. Апаларыңа сәлемдеме жіберіңдер, — деп өзінің қалтасынан ақша алып, балаларын магазинге жіберді.—Сіз де білмейсіз, менің екі балам осы. Жаман болмайды. Мәкен би үйреніп жүр. Ертіс әлі бетін түзеп, өнер таңдауға жетпей келеді. Ауру жаныма батса да, осы екеуін көріп, кешеден бері мүлде сауығып қалдым. Екеуінің тәрбиесі сондай жақсы, — деді.

Исаның осы бір сәттегі балаларына мейірленген, олардың келешегіне, тәрбиесіне сүйсінген қуанышын көзбен көрген шақ оның Сәрсенбай дегенге айтқан:

Шығады менің қызым биші болып,

.....
.....
.....

деген бір ауыз өлеңін еске түсіреді.

Одан кейін Исаны өкпе ауруларын емдейтін институтқа орналастырдык. Институтқа барған соң, бұрынғыдан да жиі, үнемі барып отырдым. Бірақ, Иса аса ауырлап қалған еді. Сондықтан оны ауруханаға орналастыру, емдеу тәртібін дұрыстау жағдайларына біраз уақыт өтті.

Сөйтіп, Исаның өзі өмірі жөнінде айтқан сөздерін жазып алуды 26 июль күні бастадым.

Емдеу орнына жатып, дәрігер көмектері ұқыпты істеле бастаған кезде, ол біраз көңілденіп, сергіп қалды. Өмірбаяны туралы әңгімелескенде Иса былай деді:

— «Мен 1900 жылы күз айларында туған екенмін. Менің туған жерім осы күнгі Павлодар облысы, Ертіс ауданы Қорковский сельсоветі, «Үлгілі» колхозы, қонысымыз «Жабысқан» деген жер.

Әкем Байзақ шағын шаруалы еңбекпен күн көрген момын шаруа адам еді. Ескіше хат таныған, түркі сауаты бар, жасында ән салып, өз әлінше сауыққой кісі болып, бері келе өлең де жазатын әдеті де бар еді.

Шешем Ғазиза, Шөппай деген кісінің қызы. Аса әнші, ойынан өлең шығаратын ашық көңілді, ер мінезді кісі болыпты. Байзақ пен Ғазизадан 9 ұл, 12 қыз туады. Соның 18-шісі болып мен туыппын.

Үлкендерден сұрап білгенімде, біздің аталарымыз ерте күнде Ертіс өзенінің солтүстік бойына Есіл өзені жақтан көшіп келіп, қоныстанған екен. Біздің руымыз Қуандық, оның ішінде Алтай болады. Өзім жеті атама дейін ғапа білем. Өз атым Иса. Әкем аты — Байзақ. Оның әкесі — Өтеген, оның әкесі — Оразбай, оның әкесі — Мендібай, оның әкесі — Сағым, оның әкесі — Тілеуберді. Одан арғысын анық білмеймін. Ал, білетін кісілердің айтуына қарағанда, Алтайдың бір қатынынан Әлке, Байдалы, одан Сары атты, Мұрат атты бала туған көрінеді. Ал бұлар бергі қалың Қуандықтан бөлініп, Атбасар жағына барып қоныстаныпты. Бұрынғы Қарақойын, Қашырлы болысына қараған

Әлке, Байдалы деген елдер осы біздің арғы аталарымыз көрінеді. Қысқартып айтқанда, арғы руымыз Қуандық. Менің шешем Ғазиза 9 жасымда қайтыс болып, өзіммен бірге туған ағайым Мұсаның, әйелі Қатираның тәрбиесінде қалдым. Әке бойдақ, мен жетім, біріміз келін, біріміз жеңге қолына қарадық. Менің бала кезімде әкем мен Мұса, Арын деген ағаларымның кәсібі Омбы, Қызылжар қаласындағы саудагерлердің елден жыйған малын бағып, Омбыға айдап баруға жалдану болатын. Мен ес білгеннен кейін сол ағаларыммен бірге саудагерге жалданып, мал табуды кәсіп еттім.

Шешем өлгеннің келер жылында үлкен ағайымның қайшы Нұртазаның қолына барып, соның аулындағы молладан оқып, хат танытым. Содан кейін 1914 жылы медресе «Ғалиядан» оқып қайтқан Құрлеуітұлы Құсайын деген мұғалімнен төрт ай оқыдым. Осы кейінгі оқығаным бұрынғы шала сауатымды жетілдіріп, кисса, өлең, кітаптарды өз бетіммен оқуыма жол ашты. Шешем өлгеннен кейін көбінесе нағашы шешем Жанбаланың қолында болдым. Нағашы шешем ер көңілді, сері, еркек мінезді, адуын кісі еді. Сауықты, өлеңді жақсы көретін, мені аса еркелетіп, бетімнен қақпай өсірді. Әсіресе, менің өлең айтқаным аса сүйсінетін еді.

Шешеммен бірге туған нағашы ағайым Рақмет те әнді жақсы айтатын, сауыққой жігіт еді. Бала күнімде «Сал торыат» деген әнді сол нағашымнан үйрендім» — деді.

Иса өлеңді тіпті ерте бастаған, ол тоғыз жасар күнінде-ақ, бір күні өзінің Зылиқа деген бірге туған апасына соқтығып, бір ауыз өлең айтыпты, сонда Зылиқа:

— «Басында жұлма-жұлма ескі бөрік,
Ағаш ат астындағы жансыз көлік,
Өн бойың қус түткендей түрін мынау,
Қақсадың тумай жатып шешең өліп» —

депті.

Сонда Иса: — «Кекілін көр бесті аттың түймедім бе,
Тал шыбық бұрайын деп імедім бе,

Несіне бөркімді айтып мазақтайсың,
Бөркінді істеп берген кимедім бе?» —

депті.

Ойламаған жерден мен осыны айтқанда, тәтем іс тігіп отыр еді. «Қағынды келгір, жендің деп қасында отырған жеңгем Қатираның нығына сүйене кетті» деп, өзі де сол кез есіне түскендей, күліп жіберді. (Ол апасы қазір тірі, Ертіс ауданында).

«Шешемнің «Құлагерді» айтқандағы әдемі даусы әлі құлағыма келіп тұрғандай болады. Менің тіпті бала күнім. Шешем бір күні суға барғанда қасына ере бардым. Сонда Ертістің бір айырық жерінен су алып, шелегін қойып, ақырын өлеңдетіп:

«Біз жүрміз «Жабысқанның» суын ішіп,
Жазғанын бір төңірдің бастан кешіп,
Қанаты қаршығаның бітсе маған
Өзім-ақ барар едім құстай ұшып», —

деп «Құлагер» әнімен айтты. Әрине, шешем онда аса жас емес еді. Бірақ туып-өскен елін (төркінін) сағынып жас кезінде айтқаны болар деймін».

«Менің аз нәрседен сергіп кететін, ақкөңіл, жомарт мінезім шешеме, тез ашуланатын кіді мінезім әкем тартқан. Өзімнің кескінім де шешеме тартқан еді. Шешем Ғазизаның көп мінезі жоғарыда айтқан шешесі Жанбалаға тартқан еді. Жанбала аса есті, сауыққой сері мінезді кісі дедім. Шешемнің де көп мінезі осы шешесіне тартқан еді. Сол нағашы шешем 1916 жылдың аяғында өлді. Өле-өлгенше мені аса еркелетіп, өлең айтқаныма сондай сүйсінетін еді. Осы кісі өлісімен-ақ апалық мейрімнен ажырап, қорғансыздыққа ұшырадым. Бірақ есейіп те қалған едім.

1916 жылғы уақытқа да менің жасым толмаса да тізімде 21 жаста болып шығып, ағаларым: Мұса, Арын, әкем Байзақ төртсеуіміз бірдей қара жұмысқа алынатын болдық. Көппен бірге майдан жұмысына жүруге әзірлендік. Бір кезде майданның өзіне емес, байлардың өндірісінде де жұмыс істеп қалуға болады екен, соған жіберді.

Томск қаласының қасында бір көмір шахтасы бар екен, біз сонда жұмысқа бардық. Бір біздің ел ғана емес, сол атраптағы елдің бәрінен де адамдар барған

екен. Біз барған соң-ақ, әр елден келген адамдармен қоян-қолтық араласып кеттік. Әсіресе, менің өлең, ән айтқаныма сүйсініп, мені жеңіл жұмысқа қойды.

Қыс аяқтаған кезде: «Хұррият болды», «патша орнынан түсті» деген лақап жайылды. Осыдан кейін, еріксіз жұмысқа алынған жігіттер босанып, еліне қайтты. Біз де тобымызбен аман-есен елге келдік. Мен бұл жолдан олжалы қайттым. Ол олжам — «бала ақын» деп маған жігіттер ат қойды. Өзім осы жолы көп жігіттермен таныстым. Жол көріп, бетім ашылды.

Бірақ, жоқтық бой жаздырмады, жазда тағы да үй ішімізбен жалданып саудагер байлардың малын бақтық. Әкем, Арын деген ағам бір қос малды бағып, бізден бөлінді. Мұса екеуміз, Бабабайық Жаныбекұлы деген ағайынымыз бар, Қажым деген жиеніміз бар, бір тайпы малды бағып, «Түлек» деген жерде жаттық. Шанышпа қосымыз бар, баққанымыз ылғый ірі өгіз. Күндіз бағып, түнде күзетіп, зыр қағамыз.

Бабабайық, Қажым екеуі де ертегіші еді, мен бұлардың ертегісін өте кұмарлана тындаймын. Бір күні Бабабайық бір ұзақ ертегі айтты. Ертектің аяқ жағын шала тындап ұйқтап қалыппын. Сол күні түсімде «ауыл ортасына күнбатыс жақтан астына қызылкөк бесті мінген бір адам келіп, өлең айтып тұр екен. Мен қасына жүгіріп келіп едім, домбырасын маған ұстата берді. Мен домбыраны алып жүгіріп сол жақта тұрған қараша үйге кірсем, толып отырған ақын екен. Түрегеліп тұрып, бәрімен айтысып жеңдім.

Түсімдегі айқайыммен оянып кетсем, Бабабайық, менен бұрын тұрып, таңертеңгі тамақты істеп жатыр екен. Соған түсімді жорыттым. Ол — «сен ақын боласын», — деп жорыды. Бабабайық Ертіс ауданы, Корковский сельсоветі, «Үлгілі» колхозында тұрады» — деді, Иса.

Осы жылдың өзінде-ақ ел арасына «бала ақын» атанып, атағым жайыла бастады. Сол жылы елге келгеннен кейін Бабабайық, Қанжығалы ішінде Жұмабек деген нағашысы бар екен, соған баратын болып, мені ертіп жүрді.

Жұмабектің аулына келдік. Жұмабек алдына ақын барып, өлең айтпаған, тәкаппар адам екен. Бабабайық маған «қорықпай айтып көр» деп сыбырлады. Ол кез

өлеңді бастау дәстүрі де қыйын кез, не дін, не ел аруағы, не алам шежіресінен бастап айту керек. Мен өлеңді адам шежіресінен бастап айттым. Жұмабек тыйым салмай тындап «бала, акын екен» деп сараң ғана сөз айтты. Маған соның өзі үлкен сый болды.

Осы жолдан қайтқанда атым бұрынғысынан да жайыла түсті. «Жұмабекке өлең айтыпты...» деген алысқақты сөздер ел арасына тарап кетті.

Сол жылы қыстыгүні, 1918 жылдың бас кезінде: «Құлас, Төбет» деген елдің ішіндегі Сағит деген акын мен айтыстым. Тұңғыш айтысым осы. Қосқұлақ деген рудың ішіндегі Жүніс деген кісі келін түсіріп, той болды. Тойда акын айтыстыру егесі басталды. Алдымен Құнанбай деген болыс ақша тастады. Шұбарат поселкесінің бір бай орысы да ақша қосып, Сағит екеумізді айтысқа шығарды.

Сағит кексе, көпті көрген акын, ол өлеңді, ел руынан бастап айтты. Мен ол жағынан жене алмайтын болған соң жұмбақ айттым. «Бір шақырымда неше ине бар» деп сұрадым, Сағит біле алмады, тоқталып қалды. Оны өзім шешіп бердім. «24 000 иненің бойы бір шақырым болады» деп түсіндірдім. Сөйтіп, бәйгесі мен алдым. Осы айтыстан кейін бұрынғыдан да өлеңге кұмарлығым асып, айтыс іздедім. Бірақ, лайықты акын кездеспеді.

1920 жылдың қысы, совет өкіметі орнаған кез. Ел ішіпе уәкілдер келді. Павлолардан келген қызметкерлер мені шақыртып алып, ертіп жүреді. Құлас деген елдің ішіндегі Бердалы Жылқыбаев дегеннің үйінде Құдайбергенмен айтыстық. Бұл айтыста да мен оны тоқтаттым.

Құдайбергеннің даусы қырылдап барып, біраз қызғаннан кейін ашылады екен.

Сұрасаң өз атымды Құдайберген,
Халқыма айтқан сөзім унай берген,
Жынданып, өлең буып жатқанымда,
.....

деп бастап, шалқып жететін, тасқын акын екен. Бірақ, мен ел аңғарынан бір жолды дау айттым, сонан бөгелді» — деп өзі ұстаз көрген ақынды қасиет тұтып, Иса сол күнгі сөзін аяқтады.

Содан кейін Исаның халін білуге август айының 2-сі күні келдім. Бұл келгенімде Иса төмендеп қалыпты. Әрине, себебін сұрау қыйын. Жайын сұрағанымда, өзі:

— Аурудың шығар кезі болар, осы кейінгі күндерде ауырлап жатырмын, — деді.

Бірақ, өлімге мойындап жасыған жоқ. Өмірді сүйетін сондай сергу көңілді мінезбен әңгімелесті.

— Менің уезден келген адамдармен тапысуым ақындық атағымды қалаға да жайды. 1921 жылы Керекуде (Павлодар) автономия тойы болды. Осы тойға мені қалаға шақырды. Ұлы Октябрь революциясының халыққа берген бостандығы, қазақ елінің автономия алуы, халықтың рухын сондай көтерген еді, қаланың қыр жақ қабағына бірнеше жүз үй тігілген, жүздеген бәйге ат жаратылған. Адам дегеннің жер қайыстырады. Мұндай тонка шығын өлең айтып көрмеген жас кезім болғанымен, жүрексіңбей-ақ, өлең айтқым келіп, делебем қозып, шабыттана бастадым. Мені үкімет адамдары шақырып, биік ағаштан жасаған сәкіге шығарып тема берді. Осы берілген тема бойынша өлең айтып шықтым.

Бір сағаттай демалып, қайтадан әңгімелестік.

— Мен ол күні тек өлең айтып қана қойғаным жоқ, — деп бастап, — ат ойынын да жақсы білетін едім. Жарысқа түсіп ат үстінде алуан ойын көрсеттім. Онда менің қолымнан келмейтін өнер жоқ еді. Түс ауа тойтарқар басталды. Керекудің қызметкерлері мені орталарына алып, Керекудегі Нұртаза Алимов деген татардың үйіне әкелді.

Кешкілікте үлкен мәжіліс болды. Мен көп өлең айттым. Ел тарағанда сол үйдің иесі мені жібермей алып қалды. Сонан, сол үйде тұрып қалдым Алимов скрипкашы, музыкант, өнерпаз, әрі орысша оқыған адам екен, көп кітаптар оқып, маған әңгімесін айтып беріп отырады. Мені қала жұртшылығы отырғызбай, қонақтан-қонаққа шақырып еліме қайтармады.

Қалада оба ауруы жайылып қатты ауырдым. Үй иесі ауру білінісімен мені емдеуге кірісті. Бірақ, көпке дейін осы аурудан көтеріле алмай, қатты жүдедім. Сонан соң қалада тұра алмадым. Баян жағынан келген жігіттер шақырып, мен қырға шығып кеттім. Сол жолымда Жұман деген кісінің тойына кездестім.

Қаладан қырға атым кең жайылған. Және автономия тойында көрген жұрт қатты құрмет етіп, бір ақ үйге түсірді. Ол үйде бұрыннан көп адамдар отыр скен. Өзге елден ерекше ақ кемзал, ақ шапан, ақ тақия киген біреу көзіме түсті. «Кім?»—деп сұрастырғанымда өзі жауап беріп:

— «Мен Нұрғожа Мәшһүр болам» — деді, кеудесін түртіп. Бұрын ондай Мәшһүр деген кісіні естімеген едім. Оның үстіне, менің өлеңімді қағытып, орынсыз мінез көрсетті. Тағы да ақындықпен Мәшһүрмін дегендей өзің көкке көтеріп, менен ақыл сұрап айт дегендей кісілік те көрсетті. Мен оны көтере алмай:

— Ақ киіп әуреленген қай Мәшһүрсің,
Жамылған қой терісін қай қасқырсың,
Естуім Жүсіп деген Мәшһүр біреу
Өзіңді-өзің мүшкіл ғып қайдан жүрсін?—

деп ем, отырған ел күлісін қалды. Көп ішінен біраз адамдар:

— «Бұ да ақынмын деп кеудесін қағатын еді, қағыспай қала ма» деген қыздыру сөздер айтты. Мәшһүрім айтысам деп қызып еді, мен өлеңді бастырмалағып, жер-жебіріне жете, алып кеттім. Үн шығара алмай қалды.

Сол жолы ел ішінде қызмет істеп жүрген Қаныш Сатпаевқа жолықтым. Қасында болып, өлең айттым. Қаныш кешікпей Томскіге оқуға жүрмек болды. Бірақ, әлденеше күн бірге болып, маған Семейге баруға ақыл берді: — «Ел ішінде жүріп қалсаң надан ақынның бірі болып қаларсың, қалаға оқуға бар» — деп мені жақсы көрген ықласпен ақыл берді.

Сөйтіп, октябрь ішінде пароходпен Семейге келдім. Пароходқа бірінші рет мінгенім де, алғаш үлкен қаланы көруім де осы. Пароходтан түскенде бержабай атқа мінуді білмей, киім-кешегімді арқалап, жаяу тарттым. Іздегенім Баянның бір оқыған жігіті. Оны Қаныш және басқа бір адамдар жазып берген еді. Сұрастыра отырып, қаланың татар жақ бөліміне келдім. Күн батып барады. Бір үйдің алдына келіп, сәкісіне демалып отыр едім, бір татар әйел шықты да жөнімді сұрады.

Алыстан келген жөн білмейтін: халыма жаны ашып, үйіне кіргізіп: — «Бүгін осында қон, іздеген адамыңа ертең атпен апарып саламын» — деп жібермеді.

Үйінде күйсандық (граммофон) бар екен, соны ойнап, мен оған табан аузында қосылдым. Ауызша да өлең айттым. Үй иесі Мусина деген мұғаллима екен. Мені ертеңіне ат жектіріп іздеген үйіме апарып салды». Иса осыны айтып болып, демалды.

— «Мен бүгін бір нәрсені айтып жібергім келіп, соны жазуға шабыттанып отырмын. Өзің айтатын атақты Бексейіттің қаралаты сыяқты шығандап, туған жерден алыс шығып кеттім» деп туған-туысқанын есіне алды. Біраздан кейін тағы көңілдене сөйлеп:

— «Менің сонау өзіммен айтысатын апам Зылыйка қазір де бар. Күйеуі өлген. Сонан туған жиенім де бар. Ақын болатын бала. Шіркінді қолыма алып оқытып тәрбиелемедім»—деп тағы бір қалың ойларға кетті.

Келесі күні тағы келдім. Көңілді, сергу амандасып, менің күнде келетініме соншалық рыйза болып қалды. Біраз отырғаннан кейін кешегі планы жөнінде сөз бастап:

— Мен кеше тамаша өлеңді бастағым келіп еді; ол әңгімем ойда жүрген планды нәрсе еді. Ұлы Отан соғысы жөнінде жазамын деп едім. Біраз тәуірлене түсейін деп қойдым, — деді.

Исаның жазамын деген мұндай пландары мұнан бұрын да үнемі болып отырған. Оның сақталған қолжазбаларының ішінде қысқа лирикалардың да, поэма, дастандардың да кіріспелері, үзінділері кездеседі. Бір өлеңі:

Төтенше бұл VIII съезд тойы,
Жеткізген мұндай тойға кімнің ойы?
Атына Сталиннің миллион асық.
Ойы теңіз, күннен биік оның бойы, —

деп басталып, бес шумақпен аяқталып тұр. Мұны 1936 жылы жазған болуы керек.

Екінші бір өлеңінің шумағы:

— Ал кетті, ақын шапты шабыт мініп,
Қырандай қыядағы сөздерді іліп,
Сөйлемек өскен елдің тамаша ісін
Күші берік, кім шыдамақ шықса ышқынға, —

деп аяқтайды.

Міне, бұл өлеңнің бір ұзақ дастанға кіріспе екені өзінен өзі-ақ белгілі болып тұр.

Иса, сөзін тағы да бастап: — Оны қоймайтын едім, емдеп жүрген дәрігер келіп — «Әбден жазылған соң кіріс. Қазір ауырлап қаласың — деп қағаз-қарындашымды сұрап алып кетті» — деп күлді. Әңгімені қайтадан бастадық.

— Менің іздегенім Керекулік бір мұғалімнің үйі еді. Оны тапқан соң мүлде еркіндеп алдым. Өзі бір тартар үйінде пәтерде тұрады екен, мені Семей қаласының Ташкент көшесінде тұратын, Құсыке деген адамның үйіне әкеліп орналастырды.

Құсыке де сауықшыл адам екен, үйір болып кеттік. Семейде ашылған жұмысшы факультеті бар екен, соған оқуға түстім. Күндіз оқу оқыймын; кешкілікте Құсыке қымызға ертіп барады, не оның үйіне кісілер келеді, әйтеуір өлеңсіз отырмаймын. Біраздан кейін қаланың қызметкерлері де мені таный бастады.

Не бәрі 23 күн оқып, факультет жабылып қалды. Сонан кейін Семейдің клубтарында ойын қоятын казак жігіттерінен құралған труппаға кіріп ойындарға қатнастым. Әміремен осы ойынға қатнасып жүргенде таныстым. Семейде шығатын газет, қаладағы сауықшыл жұртшылық маған үлкен ой сала бастады. Әсіресе, сонау Баян тауында болған аз уақытым ойымда өзекті өлең болып таралғандай, бір үлкен шығармаға үнемі жетектейді. Тіпті кейбір мәжілістерде, өлең, поэмаларымды жүгіртпелетіп айтып та жіберетін едім.

Сол жылдары пароходпен Ертісті өрлеп Зайсанға дейін барып қайттық. Марқакөл, Алтай алабы, Қалба, Тарбағатай тауларын көрдім. Осы көрген жерлерім, сол елдерден естіген ертегі, аңыз, әңгімелер «Алтай ертегісі», «Кұралай», тағы үлкен жырларымның әңгімесін туғызды. Жер жаралса, Алтай болып жаралсайшы, — деп, демалды Иса.

Екі күн өткеннен кейін тағы келдім. Иса бұрынғыдан көрі бәсеңдеп қалған екен.

— «Мен осы аурудан жазылсам, шіркін, Баянға барып тұрып, Жасыбай көлінің жағасында жатып, елден өзен етіп ағытар едім. Бүгін жазам, ертең жазам деп жүрген талай темам бар еді. Әсіресе, «Рүстем Зарап»

«Назымбек», «Желбегей», «Қырмызы—Жанайдың» бітпей қалған ақыры деп бірсыпырасының атын айтты.

Бір ескерте кетерлік нәрсе, Иса жазамын деген темаларының ішіндегі «Назымбек» жыры бастап жазылған да сыяқты. Өйткені, Исаның қолжазбаларының ішінен, «Назымбек» деп ат қойып бастаған бір шумак өлең бар:

«Тағы бар сауыр етік табанында,
Ержігіт сөйлей білер заманында,
Өтіпті ноғайлы да Асылбек бай,
Кешегі Орманбет хан заманында...» —

деп тоқтаған. Бұған қарағанда, Назымбекті бастаған.

— Мен желдірмені бес-алты түрлі етіп айтам. Оның өзі — өленді бастау, тынымдау, желпіндіру, аяқтау сыяқты түрлендіру.

— Аркада Желбегей деген жүйрік болған екен. Екі жағымен кезек жүгіреді екен. Мысалы, не камшылар жақ, не мінер жақ екі аяғын құлаштап, бір жағын тынымдатады екен. Сөйтіп барып, тағы бір жақ екі аяғын тынымдатып неше күндік жерден жіберсе де, бәйгенің алдынан келеді екен. Осы Желбегейді жазайын деп қызығып едім,—деп бір тоқталды. «Бірақ осы желдірмелердің бәрінің арғы түбі бір. Алғашқыда мен желдірменің өзім айтып жүрген үшінші түрін Құдайбергеннің сарынынан алдым. Гәккудің Қыз Жібек операсындағы түрін ел аузынан естігенімнен өндеп, мен айтып бердім. «Қалқа» деген әнді халық ақыны Қалқа айтты — дейді. Бұл сөз қате. Оның өлеңін мен жазғанмын. Әні халықтікі, оның ішінде тіпті Жетісудікі емес, мен есіткен. де Аркадан есіттім. Бұл тексті жазуда үлкен сыр бар еді, енді айтайын» — деп Иса аз тынымдап демалып, ол сырын айтты.

— Мен алғашқы әйелім Шарбануды 1924 жылы алдым. Одан бір жыл бұрын көріп танысып, көңлімізде айрықша сүйіскен уәде болды. Алғашқыда қыз үйінен батып менімен еріп кете алмады. Бір жыл ермей үйінде қалып қойды. Бұл өлең сол кезде айтылған еді. Бірақ кейіннен ғана ел ішіне таралды.

— Екі баламның шешесі Шарбану сондай жақсы

адам еді. Бір-бірімізге дос едік. Ол 1936 жылы 28 апрельде қайтыс болды. Менің басыма кейбір жүдеушілік те осы жарымнан айрылған соң кездесті — деп, сәл өңі бұзылып, қамығайын деді.

— Мен елден ерте кеттім. Сонан ел ішіне барып тұрғаным жоқ. Әкем Байзақ 1933 жылы, үлкен ағам Мұса да 1932 жылы Қарағандыда қайтыс болған. Қазірде туысқанымнан тірісі бір қыз (Зылықа), басқасы өлген — деп әлі азайған сайын туыс деген сезім билегендей болды.

Ендігі келгенімде, бұрынғыдан да әлсіреп жүдеп қалған екен. Бұл кездесуде ол:

— Енді осы аурудың шығатын кезі болды білем. Тәуір мұжыды ғой. Қалайда жазылуым керек. Бұдан артық аурудың менде не алмағы бар — деп, азырақ күлімсірегендей болды.

— Менің көп қолжазбам әр жерде шашылып кетті. Мен оны сау күнімде күнттадым ба? Біразын өз қолымнан Академияның фондысына бергемін. Ал, біразы Тайырда болуға мүмкін. Қазір бәрі есімде жоқ. Орнымнан бір тұрсам бәрін жыйнап алар едім. Ертис әлі жас, Мәкен — әйел бала ғой, олар тұрмыстан, өмірден жетімдік көрген жоқ, көрмейді де ғой» — деп екі баласы жөнінде маған арман тәрізді сырын айтты.

— Екі бала әлі жас. Әлі өмір сырын ұғатын жасқа келген де жоқ. Менің оларға қалдырған аталық еншім де, азды-көпті еңбегім ғой... Балаларым үшін емес, халқым үшін, Отаным үшін істеген еңбегімнің «біздің әкеміздің еңбегі дер несі солар болсын» деп бір ескертіп кетті. «Менің шығармаларым күнтталып жыйнақталсын» деген тапсырманы өзінің ақырғы өтініші еткендей болды.

Мен енді екі күн өткеннен кейін келгенде, Иса мархұм:

— Сірә, осы ауру не алады, не кешікпей қалады. Тіпті әлімді азайтты, — деп жымыйып қана күлгендей болды. Даусы да бәсеңдеп қалған екен. Мен де әңгіме сұрап, әліне тиюді лайық көрмедім. Аз отырған соң:— «Мен, бір дұрыс үйле болып күтілсем жақсы болар ма едім» деп ойын айтты.

Иса мархұммен 9 — 11 августан кейін әңгімелесуді

тоқтаттық. Тек барып, рұқсатпен көріп қайтып жүрдім. Күн санап әлі азая берді. Ақырғы күндерде үстіне кіруге біржолата рұқсат бермеді. Исамен қатар бөлмеде жатқан Бұрхан деген агроном жігіт, сол ғана хал-жайынан бізге айтып отырды. Ол кейінгі сағатта Иса халін қатар бөлмеде болып көзімен өткізді.

Иса мархұм қайтыс болатын түнге дейін ешбір өлімді мойындамапты. Өзіне келіп халін айтып кеңес берген дәрігерлерге: «Мен жазылам, сендер не айтып жүрсіндер, ауру мені жеңбейді, өмірді өлім жеңуші ме еді» деген ылғый үмітті сөз сөйлеген.

Бұрхан Иса өмірінің ақырғы түнін былай деп әңгіме етеді:

«Күндіз аптап, ыстық болды. Қаншалықты ауру меңдетсе де, өлімге мойындамай, ара-тұра қалыпты өзінің желдірмесінің сарынын шығарып, өлең айтады. Менімен бірге жатқан орыс жолдастар да бар еді, олар да осынша ауыр халде жатып Исаның өлең айтқанына орасан танданды. Айдың ортасы ауған кез, кешігіңкіреп ай көтеріліп, үйге сәуле түсті. Түнгі қоңыр самал жел есіп, үйдің ішіне алма исі аңқып кетті. Өйткені, ауланың іші толы алма ағашы, қалың шыққан алманың толқып піскен кезі. Уйқы жоқ. Терезеден сыртқа карап жатты. Алыста жал тартқан қарлы асқар, мұнартқан тұн, табиғат қалғығандай, ақырын ғана демін алады. Әлден уақытта Исаның үні құлағыма келді.

Терезеден сығалаған ай сәулесі, алакөлеңке жарығын түсіріп, сыр тыңдағандай болады. Жаратылыстың осы бір әдемі шағына қош айтқандай ақын Иса әлсіз үнмен қоңырлатып әлденені айтты. Мен әдейі тұрдым да, барып тыңдадым. Ол әлсіз денесін ай сәулесіне шомылдырғандай, өнбойын тұтас аялаған ай жарығына қадала қарайды. Сөйтеді де, жар-жар өлеңін айтып, шұбырта-шұбырта жырлайды. Бір мезгілде әрі терек, әрі ұшқыр ойдың қанатына мінгендей болады. Ол әлсін-әлсін жырлағандай болады.

Аздан кейін жаздың қысқа түні де өзінің міндетін атқарғандай, таң рауанына жол бере бастады. Шығыс жақ ақтандақ тартып таң сілемі өрлей берді. Исаның үні әлсіреп, денесі біртіндеп өмір жолын тоқтатқандай жуасый берді. Осы кезде:

«Әуелде дүние есігін ашады өлең,
Өлеңмен жер қойнына кірер денең» —

еген Абай сөзі ойыма түсті.

Ай сәулесі әлсіреп, таң нұры көтеріліп, айналаны өмір қызығына бөлей бастады. Ақын Исаның алып үні тоқталып қыймылсыз денесі төсегінде жатты» — дейді.

Исаны жазушылардан, искусство, ғылым қызметкерлері коллективінен, оқушылардан көп халық жыйналып, 3 сентябрь күні Алматыда жерледі. Исаның өзінен қалған екі баласы бар. Бірі Мәкен (Махфуза), екіншісі — Ертіс. Екеуі де Москвада оқып жүр.

Иса ақынның өмірбаяны жөнінде жыйналған материалдар әлі де жеткіліксіз. Сондықтан, Исаның толық өмірбаянын жазу, ақын жөнінде арнаулы еңбектер жазу, алдағы күндегі әрі игілікті, әрі маңызды жұмыстарымыздың бірі деп білеміз.

Сапарғали Бегалин.

А ҚЫ Н И С А Т А Ш Қ Е Н Т Қ А Л А С Ы Н Д А

Бұл 1924 жылдың күз айларының бірі болатын. Ташкент қаласындағы қазақтың халық ағарту институтына жасы жыйырма екі, жыйымра үш шамасындағы бір жас жігіт келді. Үстінде кара өткерме жағалы қаптал шапаны, басында жасыл масатымен тыстаған пұшпак бөркі бар — осы ойнақы көз, ұшқыр мінезді, қараторы жас жігіт институт тіршілігіне тікелей байланысты болмаса да келген күннен бастап оқушылардың іші-баурына кіріп, өзін-өзі институт оқушысындай ұстап, институттың қоғам тіршілігіне араласа түсті.

Ол бір күні мектебіміздің ойын-сауық үйірмесінің жеті сайын беріп тұратын сауық кешіне өзінен-өзі шақырусыз келіп қалды. Ол былай болды:

Жұмаға қараған кеш институт залының сахнасында институт оқушысы мархұм Жиенбаевтың өзі жазып шығарған «Қойшы» атты пьесасы қойылмақ. Институттын мұғалімдері, оқушылары тегіс жыйналған еді. Оның үстіне басқа мектептерден де келгендер бар, зал адамға лық толулы. Залдың шамы сөніп, сахнада ойын жүріп жатыр. Ойын үстінде зрительдер арасынан, сахнада ойнаушылардың кемшіліктерін оқта-текте эзілге айналдыра сөйлеп, қу тілділенген біреудің сөзі зрительдерді ду күлдіріп отырған.

Өзі шағын пьеса эне-міне дегенше ойналып бітті де артынша концерт басталды. Концерттің алғашқы номерлерінің айтылғаны да сол еді, манағы жұртты ду күлдіріп отырған жігіт зрительдер арасынан ұшып тү-

режелді де, ойын басқарып жүрген жігітке — әй жолдас, концертке бізге де қатысуға мүмкін болар ма екен? — деп еді, ойын басқарып жүрген жігіт табан астынан берілген бұл сұрақты аса лайық көрмеген пішінде: — ондай өнеріңіз болса ертерек, ойын басталмай тұрып қамдануыңыз керек еді — деп жүре жауап берді. Бірақ залдағы жұрт неге екені белгісіз — «қатыссын, қатыссын!» деп дүрсе қоя берді. Не керек, көпшілік тілегі орындалды да, жаңағы жігіт сахнаға шықты.

Ол сахнаға шығып, сол кезде Ташкенттегі қазақ жастарының арасына жаңадан жайылып жүрген «Қызыл бидай», «Екі жирен», «Үш тос» әндерін домбыраға қосып екпінді ырғақпен айтып берді. Онан кейін өз жанынан суыра «Қазақ жастарына» деген темаға тақпақтата жөнелді. Жұрт ду-ду қол шапалақтап жатты. Осыдан кейін өленді домбырамен де, домбырасыз да айтып концерт аяқталғанша қайға-қайта шығып араласып отырды.

Осыдан кейін бұл жігітпен біздер қатты араластық. Бұл мархұм Иса Байзақов еді. Бұл өзінің сырқатын емдету үшін Ташкентке келіп қазақ институтында істейтін өзінің бір таныс мұғалімінің үйіне түскен болатын. Ол осында жатып Семашко атындағы физо институтта емделді.

Иса институт оқушыларымен талай концертке араласты. Ол жұмысшылар факультеті мектебінде, сот қызметкерлерін дайындайтын курсте, коммунистер университетінде талай-талай концерттерге қатысты. Ол кейде біздің институттың әдебиет сабағына келіп тындап та жүрді.

Әсіресе, бір есте қаларлық нәрсе: Абайдың ақындығы жөніндегі бір талас үстінде оның өлеңмен шығып сөйлегені болатын. Мен оның өлеңмен шығып сөйлеген сөзінің алғашқы алты жолын әлі жатқа білем.

Ол былай болды:

Ташкенттегі, қазақ жастары клубында, Абайдың ақындығы жайында болды. Бұл жыйналысқа Ташкенттегі түрлі мектептерде оқыйтын қазақ жастарының көпшілігі қатысты. Баяндамашы, Абайды байшыл-феодал ақын деп қорытты.

Міне, осы мәселе жөнінде үлкен талас болып, айтыс басталды. Жұрттың көбі баяндамашыны іремей сойып, жыйналыстан қашып шыққандай етіп жатыр. Осының арасында баяндамашыны жақтап сөйлеушілер де табылып жатыр. Соның бірі ақын Ғұбайдулла Балақадыров еді. Ол сөзінің басынан бастап, аяғына дейін Абайды байдың, феодалдың ақыны деумен болды.

Балақадыров сөзін бітірісімен Иса орнынан ұшып түрегеліп, жыйналысты басқарып отырғандардан сөз сұрады. Сөз Исаға берілді.

Балақадыровтың сөзіне шыдамай, ашу кернеп отырған Иса қызара булығып сөзін салғаннан дәл осылай бастап еді:

Жаңада айтып кетті Балақадыр,
Сөзіне мен отырмын етпей сабыр,
Халқы сүйген Абайды феодал дейді,
Сөз бар ма улы ақынға бұдан жәбір.
Алтын мен мысты байқап айырмайтын,
Сенасыз Балақадыр неткен пақыр?

.....

...Бір шарықтап кетсе Исаны токтата қою қыйынға соғатын. Иса шұбыртып ала жөнелді. Клубтағы жұрт қыран-күлкі, мез-мәйрам болып жатыр. Иса онан сайын қыза түсіп, тіпті Балақадыровтың үстіне төне түсті. Жұрт әрең қойдырды.

Иса осыдан кейін Ташкентте 6 — 7 ай болып, сырқаты жазылған соң еліне жүріп кетті. Осыдан кейін мен онымен Алматыда кездестім. Бұл 1931 — 32 жылдары — менің қазақ радио комитетінде істеп жүрген кезім. Иса өзінің желдірмесін сол жылдары әнге арнап айтқан болатын. Осы желдірменің текстіне менің «Еңбек» деген өлеңімді лайық тауып, сол текспен микрофон алдында Иса бірінші рет, 1932 жылы, өзінің желдірмесін айтты.

Иса туралы: оның ыстық қанды, ұшқырлығы, ерекше тапқырлығы, өзгеше қызық, алғыр характері жайында толық мәліметтер жазу — әдебиетшілердің алдында тұрған үлкен міндеттің бірі.

Айтпай Хангельдин.

ДОМБЫРАНЫҢ ЕРКЕСІ

Ертістің тұнығына жүзіп, өлең мен жырдың өріне қулаш сермеген, «Желдірмені» желдей үйірген, аса дарынды ақын Иса Байзақовтың туғанына елу жыл толып отыр.

Исаны ел қадірлеп, халық қалаған ақын. Ол өлең-өлгенше халықпен бірге жасады. Халықтың теңеусіз қасиетін таза жанымен, шын жүрегімен ұға білді.

Сондықтан да:

Аруды Ақбөпедей ел жырлайды,
Бес кепе, бес арналы көл жырлайды.
Халықтың қасиетін жанмен уққан,
Бұл жырды мен жырламай кім жырлайды. —

деп жырлады Иса.

Нәзік жанды, тәкаппар үнді Иса ақын өзінің халқына «Құралай сұлу», «Алтай аясында», «Кавказ», «Он бір күн, он бір түн» сыяқты дастандарымен, «Желдірме», «Наз қоңыр», «Алатау», «Екпін» сыяқты асқақты әндерін сыйлыққа тартты. Өр Кавказ, тәкаппар Саян туралы жырдан маржан тізді.

Кеше, кілегей бұлт торлап, соғыс апаты ел басына қаратүнек кесепатын төндіргенде, Иса ақын фашизмді мiрдiң оғындай ызалы жырымен аяусыз түйреді. Үгітші ақын, дабылшы ақын деген қасиетті атақты ту қылып ұстады. Халық дегенде ол өнерін іркіп, жігерін тежеп қалған ақын емес.

Байтақ елдің тауын да, тасын да, орманын да ара-

лай отырып, күн сәулесі халықтың шұғласына бөленедінің бақытты тұрмысынан нәр алды.

Мен айтсам тау да, тас та, орман да өлең,
Бәрін де ой толғанса айтып берем,
Дүниеде мен білмейтін бір нәрсе бар:
Соны ғапа білмеймін — қай күні өлем, —

деп толғанды, Иса.

Сөйтіп, ол асқақты ән, тасқынды үнімен жұртты сүйіндірді. Топты көргенде шығандай тартып, үздік шығатын тұлпардай қызатын Исаның дәл бойына тән ерекше қасиеті болатын. Ол өлеңді таудан құлаған көшкіндей тулатып, жырды желдей есіп, «тағыны жетіп қайырған» ақын еді.

Қарашы, қарағайдың еркесіне,
Исаның шығып алды желкесіне.
Домбыра — екі шекті, тоғыз перне,
Арқаның кез болды ғой серкесіне,

Толқының топшымменен қақ айырып
Өлеңнің мен жүзейін өлкесіне.
Самғайын қанатымды жел үйіріп,
Қонғандай Оқжетпестің өркешіне, —

дейді, Иса.

Я, Исаның өзі де ерке, домбырасы да ерке еді. Ел сүйген ерке жанды ақын еді. Өткір тілді, алғыр, зейінді, ұшқыр қыялды Иса мархұм өлеңнің өлкесіне жүзіп, домбыраның да еркесімен сырласа отырып, талай айтыс, талай шаршы топта жарып шыққан кең құлашты, алқапты, өрісті қыяға сермейтін халық ақыны еді. Қазақ халқының ардақты азаматы, қадірменді ұлы, жез қанат балапаны еді.

...Әлі есімде.

Иса аурып жатқанда, көңілін сұрау үшін жатқан пәтеріне бардым.

— Жакан!—деді Иса, — басын көтеріп,—мен осы сырқатымнан сауыға алмай олай-бұлай болып кетсем, сенің маған істеген жақсылығың: екі балама ақыл айға жүр. Ал, мен туралы бір нәрсе жазғың келсе, тақырыбың—«Халықтың қасиетін жанмен ұққан...» деген

өлеңім болсын. Өйткені, халық мені еркелетті. Халыққа мен де еркеледім,—деп қасында тұрған домбырасын алды да, он саусағы тоғыз пернені жорғалай басты. Исаның әсем үнді ерке домбырасы да жүректің қылын шертті.

Осы кездесуден аз уақыт өткеннен кейін, Иса ақынды ұзақ сапарға жөнелттік.

Ол ең ақырғы рет көзін жұмып, мәңгі қоштасқанша жүрегі — халықтық, серігі — домбыра, үні де, тілі де—өлең мен жыр болды.

«Өлермін өлеңдетіп, өлгенде де,
Тартынбан әзірейілді көргенде де,
«Мен кетсем, сіз қаласыз» деп жырлармын,
Денемді топырақпен көмгенде де!» —

деп татар халқының ұлы ақыны, классигі Ғабдолла Тоқай айтқандай, Иса ақын өлгенше жырлап өтті. Ол ұлы көсемдер Ленин мен Сталинді, сталиндік дәуірді, социализм дүниесін өзінің атақты әнімен шырқай салды. Заманымыздың айыр көмей, орақ тілді жыршысы болды.

Иса арамыздан кетсе де, оның асау «Желдірмесінің» тасқынды үні әлі кұлағымызда, ерке домбырасы өлі көз алдымызда.

Сондықтан да, Исаны халық ұмытпайды, оның қаламдастары біз де әруақытта еске тұтамыз.

Жақан Сыздықов

ИСА АҚЫНМЕН СОҢҒЫ КЕЗДЕСУ

1945 жылдың жазында Ұлы Отан соғысынан Алматыға қайттым. Майданнан қайтқан солдаттың сағынышын, қуанышын бұрын бір жүріп, бірге өскен жолдастарын көруге қаншалық ынтық болатынын майдандас жолдастар ғана біледі.

Сол жазда ұлы Абайдың туғанына жүз жыл толғаны бүкіл Қазақстандық мереке болды. Осы мереке үстінде өзімнің қаламдас жолдастарымның көпшілігімен кездесіп, шексіз бір қуаныштың айдынында жүзіп жүрдім. Сол жылдың, жеңіс жылының жазындай жарқын, аспанындай ашық көңіліме күтпеген жерден бір ой орнай қалды. Ол не? — Ол мынау: Абай тойында ақын-жазушылардың бәрі бар; елдің кәрі тарлан, жүйрік жыраулары да топ жара суырылып шығып жатыр. Осындай думанның ортасында дуылдап жанған оттай шалқыйтып Иса қайда? Онсыз думан өтуші ме еді; ол әрдайым ортамызда болушы еді ғой. Осынысы қалай? Исаның орны бос тұрған сыяқты, ол неге келіп отырмайды орнына... Қанатын желпіген бүркіттей өткір қара көздері төңкеріліп «Желдірмемен» желпіп-желпіп өтпес пе? Ақын жанның салютіндей жарқылдатып, асыл жырды аспандата атпас па?..

Ол қатты науқас дейді. Алматыда жоқ дейді. Келе алмапты, бұл тойға. Неткен арсыз хабар. Домбырасын қолға алып, қыран құстай қомданып көз алдымызда да, өлеңнің өткел бермес теңізін екпінді желдей «Желдірмемен» сапырып-сапырын жібергенде де; сол Исаның бойында мәңгі сөнбес жалын, мәңгі тозбас өмір

бар сыяқты емес пе еді? Япырай сондай қуатты өмірді, сүмелек ауру басынғаны не сұмдық?

* *
*

«Иса келіпті» деді бір жолдас. Қуанғанымнан «Иса, Иса! Иса!» дей бердім ішімнен. Түскен жерін біліп алдым да, дереу сонда тарттым. Көз алдымда баяғы Иса сол қалпында елестейді. Жеттім. Ендім үйіне, сәлем бердім. Төртегі бір төсекте Исаға маңдайы ұқсас, бір кұр сүйек адам жатыр екен. Жаныма мұз төгіліп кеткендей болдым.

Даусы ақырын ғана шығып, «Қарағым, Қасымым» деді де, қалт-кұлт еткен қолын соза берді. Менің ыстық шеңгеліммен, оның салқын тартқан шеңгелі достықтың бір түйініндей жазылмай біраз тұрды.

— Отыр қарағым, — деп төрді ұсынды. Отырдым. Жайлап басын көгеріп, ол да төсек үстінде отырды.

— Аман-есен қайтқаныңды есіткем. Бәрін де есіткем. Қайырлы болсын, үй болыпсын. Ол менен қандай өлең жазғандығымды, ағайын-туысқандарымнан кім барлығын сұрады. Осыдан кейін төсектің бас жағында тұрған, алғашқы да Исаның қойнындағы баласындай жастықтаса жатқан домбырасын алды да, бас пернеден сағаға дейін бір-екі рет сыдыртып өтті. Байқаймын, саусақтары бұрынғыдай күйғытпайды, тек жай ғана желді...

— Сәбитке сәлем айғ. Осында Сапарғалиді жіберіпті, менің өмірбаянымды жазып алсын, — деп. Тегі мені «өледі» деп ойлаған екен. Мен өлмеймін. Туберкулезім жоқ, тек бойымды суық алған. Өлмеймін! — деді Иса.

* *
*

Бұл кез 1946 жылдың көктемі еді. Сол жылдың жазында Исаға Алматыдағы туберкулез институтының ауруханасында жолықтым. Бірнеше адамдармен бірге жатыр екен. Сәлемімді алды. Қуанып қалғаны бір-

ден сезілді. Өзімен қатарласа жатқан домбырасын алды да «Желдірмені» ойнап, бірден қосылып кетті. Ама! не, дауысы сәл-сәл ғана естіледі. Кеуденің әбден қажығандығы сезіліп-ақ тұр.

Бұдан соң жазушылар ұйымында не жаңалықтар болып жатқанын сұрады. Өзіне кім келді, кім келмегенін айтты. Әсіресе, Мұхтар мен Кәрімнің келгеніне қатты риза екенін айтты. Ақыр соңында:

— Мен осы қанша өлмеймін десем де өлемін-ау деймін. Тегі, енді ұзаққа бармаспын. Жолдастарға сәлем айт. Сәбитке сәлем айт, — деді де көзін жұмып біраз жатты. Мен шаршап жатқанын сездім де:

— Иса аға, мен енді кетейін, дедім. Қолын созды. Қолын алдым да шығып кеттім.

Осыдан біраз күн өткен соң Шахмет Хұсайнов, Ғабдол Сланов тағы бірнеше жолдастар болып сол институтқа барып, Исаның сүйегін алдық...

Қасым Аманжолов.

ИСАМЕН ЕҢ АЛҒАШҚЫ КЕЗДЕСУІМ

Қайнаған базар, күнімен құмырсқаның илеуіндей жыбырлап шаң-тозаңы аспанға шығып, әлдеқалай құйын жүріп кетсе алай-түлей болады.

Өйтпесіне шара жоқ. Жәрменкенің өзінен басқа үш бөлек мал базары бар: жылқы базары, қой базары, сыйыр мен түйе базары. Жәрменкенің батыс жағында, тап ортасында биік төбесі бар қарасор, алды мыйдай дала, оңтүстігі Саржал, Токпан деген қоңыр тау, солтүстігі Қояндының биігі, күншығыс жағы Қызыл шоқымен Талдыны өрлей, айналасы жүз шақырымнан аса жерде жүн, тері-терсек, тиелген арбалар. Сатуға әкелген малдан, кісені сылдыраған арқандаулы тұрған аттан ине шаншар бос жер болмайды деуге болады. Әлдеқалай күндіз базарда жүріп жолдасынан айырылып қалған адамдар, кешке қайтқанда қостарынан табысады...

Сол жәрменкенің бір түні, бірсыпыра адамдар қызыл іңірден-ақ бір тәуір қымызшының үйін иемденгенбіз. Әншілер де, өнерпаздар да, күлдіргіштер де тәуір-ақ жыйналып отыр еді. Оның үстіне сол жерге Майраны қонаққа шақырып әкеп, көпшіліктің ықыласпен ән тыңдап отырған бір кезі еді. Он сегіз баспалы гармоньды ырғай изеп, соза тартып, отты екі көзі ақықтай жарқылдап, Майра бір әнді сыңқылдай салып отырғанда, екі-үш кісі кіріп келді. Бұрын көрмеген адамдар. Әйткенмен, жат қонаққа орын беріп, ортаға алып отырыстық. Олар Майрамен таныс адамдай амандас-

ты. Подностың үстіне кәрлен кеселер шығып, қымыз күйылып қонақтарға ұсынылып та қойды.

Думан бұрынғыдан қыза берді. Өйткені қалжың, әзіл, біреуді-біреу қолға алып шақпа тілмен, қулық сөздер басталды. Кейінгі келген үш қонақтың біреуін сыйпаттап Зәрубай ку: ұзын бойлы, терең ойлы, түйенің кешкі көлеңкесіндей ербінген адам екен десе, Омар тұрып, — өзі әр ұлттан құралып жасалған ба, қалай тұр-сыйпаты, әркімге ұқсайды екен, — деп, тағы бір жігіт тұрып, — тілі де қызық екен, ауыздығын шайнап тұрып кісінеген асау тай сыяқты, — дейді. Өне біреу-ешкі бас жігіттің көзін қарашы, кісіге қарағанда тесіп өте жаздайды. Өзі ойнақтап бір жерде отыра алмай отыр — деп, әрқайсысы осындай сөзлерді естір-естіместеу қып айтып, қымызды жұта түсіп отырысты.

Үйдің іші, толған үстіне тола берді. Майрадан кейін кезек бойынша Қали «Аққұм», «Ғазіз», «Шама», «Алтыбасар», «Топай көк» міне осындай алуан әндерді айтып жатты. Зәрубай, Омар тағы-тағылар өнерін көрсетіп жыйылған елді де, сый қонақты да күлкіге батырып рақаттандырып жатыр.

Бұл кезде төрде отырған қонақтың ішіндегі ешкі бас, өткір көзді жас жігіт күйіне келіп, бабына түскен бе, бүйрек қызыл шұбар қаршығадай ойнақтап отыра алмай отыр еді.

Қасындағы ұзын бойлы, жасы үлкен кісі, қарынан қысып, санынан нұқып, етегінен басып тоқтатып отырды.

— Майра, домбыраларыңызды қонаққа неге ұсынбайсыздар? Сіздер білмейсіздер, бұл — акын Иса. Біздің Керекудікі — дегенде Исаның көзі ойнақтап, тұмсығын алақанымен сыйпай сүртіп бір тартып қойды, қолы домбыраға тиер-тиместен, шырқай айғайлап:

«Домбыра екі шекті ішің қуыс,
Ызботтан сөзім шықсын уыс-уыс,
Майра апам домбыраны алып берді,
Исада түні бойы болмас тыныс», —

деп ағыза жөнелді.

Түйдек-түйдек сөз деген кетіп жатыр. Арасында бағанағы әзілқой жігіттерді де шаншып-түйреп өтіп жатыр. Біреуге-біреу: «Аты — таныс ат. Осы Исаның

жазғандары да бар-ды» десіп отыр. Тап сол айдың ішінде «Таң» журналы жәрменкеде көп сатылған. Соның ішінде Исаның «Алтай» атты поэмасы басылған екен.

— Ә, Байзақов Иса сен екенсін ғой! Естуіміз бар шырағым, көрмеген соң қайдан білейік. Жолдарыңыз болсын, — деп Исаға жұрттықыластана түсті. Иса өзінде, қасындағыларын да, жұртқа өлеңмен таныстырды. Сонан кейін:

«Жәрмеңкең құтты болсын Советский,
Сіздермен кез боп қалдым өң мен түстей.
Жынды Омар, Зәрубай мен Қалибекті
Ұмытпан мен де сірә жанар өшпей.

Қоянды қызыл тулы тұрған жайнап,
Неткен ел сейіл-серуен салған ойнақ.
Ашы тіл, әдемі әзіл, сән-салтанат,
Шаттықпен гүлдей жайнап, отыр ойнап», —

— деп нәсерлетіп, екпіндетіп, нажағайдай жарқылдатып, желдірмемен ағызып өткенде, мұндай да ақын болады екен-ау, деп сүйсініп отырдым. Бір мен емес. талай адамдар мұндай ақынды кұлақ естігенмен, көзіміз көрген жоқ, — десті. Шынында Исадай ақынның жоқ екені рас-ты. Анық ақынды бірінші көрген сыяқты болдық.

— Ой шіркін-ай! Еліре шабатын ешкі бас екен ғой!

— Сөз бұлағы осындай-ақ болар!

— Сені тапқан анаңнан айналайын! — деген қошеметті алғыс үсті-үстіне үйіліп, қонақтарды қатты құрметтеп аттандыра бастады. Күн шыға пәтер-пәтеріне, қос-қостарына тарау үшін үйден шыққанда, үлкен ақбоз үйдің айналасы қаптаған кісі еді. Тарап бара жатқан жұрттың аузында да, таңертенгі самал желдің ызыңы да «Иса, Иса», — деп бара жатқандай болды.

Бұл 1925 жылы июнь айының іші еді...

Қалибек Қуанышбаев.
Қазақ ССР-нің халық артисі.

ИСА АҚЫН ТУРАЛЫ ЕСІМДЕ ҚАЛҒАНДАР

Мен, Исаны ең алғаш 1928 жылы көрдім. Онда менің де өленді жаңа бастап айтып жүрген жас кезім еді. Иса Алматыдан біздің елге келді. Ол келісімен-ақ елдің адамдарымен іле-ақ танысып, үйренісіп кетті. Еліміздің салтында айтысты өте мадақтайды; осы әдетпен екеумізді айтыстырмақ болды. Мен Исаның алдында өлең бастап, онымен айтысуға батылым бармады. Өйткені, ол менің ақындығымды байқағысы келіп, әртүрлі тақырып беріп, «өлең етіп шығаршы» деді. Мен Исаның берген тақырыбына, жауап ретінде әлім келгенше айттым.

Оған Иса қанағаттанбады. «көргенің, ақындық үлгің аз екен» деп сын айтты. Сонан кейін Алатаудың жаратылысын, оның табиғи байлығын айтқанда, ол сүйсініп тындады.

Осы ауылда отырғанда, Жанак деген елдің адамдары Исаны естіп, хат жазып қонаққа шақырыпты. Иса екеуміз сонда бардық. Барған аулымыздың иесі өркөкректікпен аты шыққан адам еді. Барған бетте ауыл иесі де, көпшілік те құрметтеп қарсы алды. Дайындаған үйлері бар екен, өлең тындаушылар да көп жыйналыпты.

Сонан әңгіме мәжіліс басталды. Иса, өзіне өлең айтыңыз деген елге «нені айтайын, қалаңыздар!» дегенде, жұрт тоқталып, отырып қалды.

— Ендеше өзім айтып берейін — деп, дүниенің құрылысын, күн мен жерді баяндап берді. Одан адам тарихына түсіп, бұрынғы дәуірді бір шарлап шықты. Отырған жұрттың ішінен:

— Бізге ақын «Рүстем-Дастан» жырын айтып берсе, — деген тілек болды.

Бұл тілек жаңа келіп, лапырып отырған ақынға

сынай айтылған, «білмесе осыны білмес, осымен бөгелтейік» — деген тілек еді. Иса, «Рүстем» қиссасын арасын үзбей екі күн айтты да, — аяғына әлі жеткенім жоқ, — деді, танданған көпшілік, тамашалап тыңдап: «Білмеймін дейтін нәрсең бола ма?» — деп сұрады, Исадан. Сонда Иса:

Мен айтсам тау да, тас та, орман да өлең,
Ой толғанса бәрін де айтып берем,
Мен білмейтін дүниеде бір нәрсе бар:
Соны ғана білмеймін, қай күні өлем?..—

деп өзін суреттеп берді.

Осы ауылдың қасында, ағынды кара су болатын. Құс атамыз деп, Иса екеуміз соған бардық. Жұрт келе жатқанда өзеннің бойынан бір топ үйрек ұша жөнелді. Иса ат үстінен атып қалғанда, бір үйрек далбалақтап, қамыстың ішіне түсті. Үйректің алынуы қызын деп жүре бергенде, ауыл иесі өзінің өркөкірек мінезіне салып, киімін шешіп тастады да, суға малтып үйректі алып келді. Бұл кез күздің қарасуық уақыты еді, судың бетінде аздап мұз да қатқан болатын, өзінше осы суға түсуін батылдық санап, ол Исаға — «менің осы ерлігімді өлең етші» — деді. Сонда:

Көз тіккенде мылтықтан оқ зу етті,
Оқ тиген үйрек жерге түсіп кетті,
Суды малтып, қамыстың түбін тінтіп,
Таза ит құсап лып етіп алып жетті, —

деді. Ақынның жулып алғандай тауып айтқан сөзіне «л риза болып, қарқылдап күлді.

Ертенінде Иса аттанатын болып, ауыл иесі өзінің астындағы буырыл жорғасын ер-тоқым мен әкеліп сыйға ұсынды. Бұл сыйды, «Өлең сатып, мал жыйнағалы жүргенім жоқ» деп Иса алмады.

Содан былай Исамен жан аямас дос болып кеттім. Иса осы жолы мені қалаға ертіп келді де, театрға орналастырып, өз айналасында ұстады. Бұл 1932 жылы еді. Иса Алматыдан үйшімен көшіп Қарағандыға қызметке барды. Онда да Иса мені ертіп әкетті. 1934 жылы Иса Семейге кететін болғандықтан, мен Алматыға кеттім.

1936 жылы Исаның әйелі Шәрбану қайтыс болып, Иса Алматыға келді де, біздің ауылға барып тұрды.

Иса біздің үйде жатқанда, бір күні Жәкең келді, Жәкең үйге жайланып отырғаннан кейін:

— Уа, Жәке көпті көрдің, достық кімде.
Шіркін, жоқтық жігітке кір келтірме,
Отым өшкен, түгінім Саяділдің
Муржасынан будақтап ушқан бірге.
Адамшылық арға кеп жұғады екен,
Іштегі іске аса алмай жатқан кірне.
Өз үйім жоқ, керосин қатқан күні,
Сонда қонақ боласын біздің үйге». —

деп Иса әзілдей өлең айтты.

Жәкең, Исаны мандайынан оң қолымен сыйпап, «шіркін, тентегім» деп бетінен сүйді.

Иса жаз болса біздің үйде, күз жетсе-ақ Алматыға қайтатын болды.

Иса мархұм 1937 — 38 жылдары Қазақстан Жазушылар Одағында қызмет істеді. Одан да көрі үнемі араласып, бірге болдық.

1939 жылы ССРО Жоғарғы Советінің президиумы бір топ ақындармен бірге мені де, Исаны да наградтады. Осындай елеулі өмір кезеңдерін Исамен бірге өткіздік.

1941 жылы Отан соғысы басталарда. Иса біздің ауылда болатын. Кешікпей ауданнан көптеген жігіттер майданға аттанды. Сол адамдарды жөнелткенде, екеуіміз бірге бардық. Сонда аттанып бара жатқан жігіттерге амандасып:

— Жау алдынан жәй тартқын,
Аман барып, сау қайтқын,
Құлыным-ау, құлыным
Бәріңе де қош айттым! —

леді. Исамен біраз жолдас болғанда, сан мәжіліс, сан топта бірге болдық. Ол осы мәжілістерде талай өлең, галай дастан жырлады.

Замандасымыз Иса, елінің келешегі үшін түйінді сыр, өнегелі, әдемі жыр айтқан ақын еді. Екеуіміз екі шетте туып-өссек те, бір туған адамдай дос едік. Соның бәрі Исаның бауырмал, адамнан бойын тартпайтын, ақжарқын екендігін көрсетеді. Иса ерекше туған асыл адам еді.

Саяділ Керімбеков

ИСАМЕН БІРГЕ БОЛҒАН ШАҚ

1923 жылы август айында қазақ институтына оқуға келдім. Институт ол уақытта Орынбор қаласында (қазіргі Чкалов) болатын. Осы институтта Исамен таныстым. Оқуға келген соң-ақ драма үйірмесін ұйымдастырып, ойын-сауыққа ептейлі жігіттердің басын қостық. Бұл үйірмеде Иса да бар еді. Осы үйірмеде Иса өзінің зор талантты екендігін көрсетті. Драма үйірмесінде жүргенде Исамен талайлар айтысты; бірақ біреуі де Исаға тең келіп, қатарласа алмады. Иса сахнаға шыға келгенде, оны жұрт сүйсініп қарсы алатын. Оған әртүрлі тақырып беріп, өлең айтқызатын; Иса берілген тақырыптардың бәріне де іркілмей, саспай жауап беретін.

Өз жасымда Исадай ақынды көргем жоқ. Ол кезде жұмысшы факультеті, совет-партия мектебі және басқа да оқу орындарында ойын-сауық үйірмелері болды. Бірақ бәрінен күштісі біздің институт еді. Біз ойын қоямыз дегенде, кеңсе қызметкерлері де келетін.

Сол Исамен 1925 жылы Қызылордада қазақ театрын аштық. Бұл кездерде Иса бұрынғыдан да күшейді. Үлкен сахнаға шыққанда, жел қайықтай есіп жөнелетін. Сөйтіп, концерттің жартысын Иса алатын.

Оның жасаған образы «Бәйбіше тоқалда» күйеу жолдасы еді. Тағы бірнеше пьесаларда ойнаған рольдері өте жақсы болатын. Жаз айында 1926 жылы біздің театр, Қызылордадан Алматы, Қарқараға қарай газет рольге шықты. Бізбен бірге Иса да, Әміре де болды. Қарқараға кетіп бара жатып, бір елге қондық. Иса

ақынды көргесін, ауыл адамдары: — Мұнда атақты ақын қыз бар, соны айтыстырамыз — деп ақын қызды алдырды. Ол қызды Иса алты ауыз өлеңмен жеңді.

Иса, Әміре дегендер театрдың афишасы болатын. Күн бұрын ел біліп отыралы. Күндіз Иса мен Әмірені көреміз деп келгендер үйге сыймай кететін.

1931 жылы Исамен бірге Турксиб бойын аралап, Семей, Павлодарға қарай бардық. Бұл сапарда да Иса өзінің асқан шеберлігін көрсетті. Жол бойы Исанын өнеріне риза болмаған, оған алғыс айтпаған адам болған жоқ.

Сол Исамен 1934 жылы опера театріне кеткенше бірге болдым. Концертке бірге шығып жүрдік. Менің айтып жүрген әндерімнің де сөздерін Иса жазған еді.

Елубай Өмірзақов.

Қазақ ССР-ның халық артисі.

А Қ Ы Н - А Р Т И С Т

Қазақ республикасының 5 жылдық тойына арнап, жоғарғы дәрежелі оқу орны, институт оқушыларының күшімен, бір актілі пьесаны 1925 жылы Октябрдің 4 күні қойып едік. Осы ойынға қатнасып бұрыннан келе жатқан сол үйірменің ескі мүшелері, Елубай Өмірзақов бастаған бір топ студент — біздерді Халық Ағарту комиссариаты оқудан біржолата босатып алып, келешек театрымыздың негізгі ұйтқысы — болашақ артистеріміз осылар деп іске қосын еді.

Оқудан босап, артистік қызметіне бірыңғай бел буып шыққан біздерге, сол кездегі совет қызметкерлерінен бірсыпыра талапты еркек, әйелдер де әр жерден шақырумен келіп қосылғаннан кейін, үйірмеміз қалыпты театрға айналған болатын.

Сол жылы декабрь айының аяқ шенінде, Иса Байзақов Ташкент қаласынан шақырылумен театрға келді.

Бұрын Исамен бірге оқып, өте жақын таныстығымыз бар; алғаш көріскенімізде анадайдан құлаш жайып көрісіп, енді бірге болғанымызға қуанып қалдық. Әсіресе, көркемөнер майданында тағы да бірге болып ұзақ мезгіл еңбек етеміз деп бірімізді-біріміз сүйеніш демеу көргендей, серік тапқандай болдық. Ол кезде «театр», «артист», «режиссер», «роль» деген сөздер алғаш құлаққа жат тиіп, ерсі көрініп тұратын. Ашқалы тұрған осы тарихи сахнамызда кездесетін талай көдергілер тұрғандай, игілікті бастаманың үстінде, тәуекел, не көрсек те бірге көреміз ғой дескенмен, әлдеқандай көз

жетпеген алдағы қыйлы-қыйлы кезеңдерді де ішімізде қатты түйгендей едік.

Бұл кезде телеграмма арқылы шақыру бойынша Семейден атақты әнші Әміре Қашаубаев, Қарқаралыдан Қалибек Қуанышбаев, Қостанайдан Серке (Сералы) Қожамқұлов, Ташкенттен Құрманбек Жандарбеков және Әбен Мұхамедияров (қазір Шімкент театрында істейді, Қазақ ССР-на еңбегі сіңген артист) келіп, артистердің ұйтқысы топталып қалды. Сөйтіп, 1926 жылғы 13 январь күні Қызылорда қаласында қазақтың ұлт театры тұңғыш рет ашылып еді.

Орталықта бұл кезге дейін спектакльдер көрсетіп келген орыс драма театры да және кино-картина көрсетіп жүретін клуб та сол театрдың үйі болатын, осы екеуінің үстіне біздің театр да осында болды.

Театрдың бұл ашылуында күрделі спектакльдер көрсетілмеді. Өйткені, ашылуына арнап даярлаған Мұхтар Әуезовтің «Еңлік—Кебек» пьесасының өзі тұтас көрсетілмеді, жасау, жабдық, басқа да жағдайлар болмай, тек, үшінші картинасы мен концерт, әдеби бөлімдер ғана қойылып жүрді.

Театрдың тұңғыш рет дүниеге келуіндегі үлкен мерекесінде, барлық концерттің ауыр салмағы марқұм Әміре мен Исаның үстінде болды. Осыдан бастап олар жұртшылығымызға өздерінің тамаша талантты артист екендіктерін шын мәнісінде көрсетті. Қысқасы, бірі әнші, бірі ақын, бұл екі өнерпаз өз тұсында, ойын-сауық, қызық думанның әсем көркі болды. Иса Байзақов театрға келіп, алғаш артистік өнерін бастамастан бұрын, елінен оқу іздеп астанаға келгенінде, оның сыйылынған жұртқа таныстырғандағы ерекше есте қалған бір жайды баян еткіміз келеді.

1922 жылдың күзі, октябрь айының бас кезінде, Қазақ республикасының орталығы болған Орынбор (қазіргі Чкалов) қаласында қазақтың халық ағарту институтының кең клубында ойынға жыйналған көп жұрттың бас қосқан ерекше бір кеші өткізілді. Ол кезде бұдан үлкен оқу орны жоқ еді. Басқа рабфак, тажрибе мектебі, медтехникум, 18-жаяу әскерлер мектебі оқу орындарынан астанамызда, міне, осылар ғана ба

еді. Жаңадан құрылған жас республикамыздың әр тарапынан жыйналған қазақ интеллигенциясының, сол кезде дағдылы салтына айналғандай ойын-сауық «Шығыс сауық кештері» болатын. Осындай сауық кештерінің бірінде, ойын басқарушы өзімен бірге ертіп біреуді сахнаға қоса алып шықты. Танымаймыз. Бір жас жігіт. Шалбарының балағын копышына салып киген, аяғында біраз кигеннен қыры сывған, қыйсық табан жаңа қара етігі бар. Үстіне жапсыра салған төрт қалталы, бітеу қайырма жағалы, жиі түймеленген, қоңыр гүсті бешпент киген, түлкі нұшағын мол қайырып, желкесіне сала киген, төрт бұрышты биіктеу келген қызыл тысты бөркі бар. Кең маңдайлы, жар қабақтау, нұнғылша біткен өткір көзді, бүркіт мұрындау, қыйылған қара мұрты бар, орта бойлы талдырмаш, тікшенеу, келбетті келген қызыл шырайлы, қара торыдан көркі қылацдау жас жігіт сахнаға шықты. Ол оң қолын төсіне басып, көпке иіліп сыпайы түрде жайлап тәжім етті. Мұны ертіп шыққан ойын басқарушы, көпке таныстырып, сахнаның шетінде тұрған жаңағы жас жігітті қолымен нұсқап:

— Бұл, жолдас Семей қаласынан осында оқу іздеп келгелі екі жетідей болып қалды. Өзі суырыпсалма ақын, қандай тема, сұраулар берсеңіз де соған қолмақол өлеңмен жауап бере алады. Туған жері Қереку, аты-жөні Иса Байзақов. Қанеки тема-сұрақтарыңызды берулеріңізді сұраймын — деп, өзі сахнадан қайта түсіп кетті.

Иса жалғыз тұрып қалды. Бұрын сахнаға шығып, тамсаған жап-жарық электр лампаларының астында тұрып үйренбеген ақын, кең залдағы көздер өзіне төменнен қадала қарағаннан кейін, аздап именейін дегендей, бір орында тұра алмай ырғала басып, жайлап қақырынып, қозғала бастады. Өйткені, отырған жұрттан тіл қатып, «не пәленді, не түгенді айтып беріңізші» деп ешкім жарып шыға қоймады, тема берулерін күтіп аздап бір олай, бір бұлай жүрді де, бұрыла беріп қарсы алдында, сахна шетінде тұрған рояльға көзі түсіп кетті де, соған көңіл тоқтатқандай тұра қалып рояльді көрсетіп: «мынау тұрған күйсандық...» деп оны өлеңге қосып кетті. Сол айтылған өлеңді жазып ала қою дегенді кім ескерген, не дер екен бұл, — деп күй-

лаққа урған танадай тына қалды жұрт. Сонда: «Адам баласының он саусағы араласып, ойына жәрдем етпесе, бойындағы балдай тәтті, әсем үнімен жан жүйесін жібітіп, бойды алып, жүрекке жылы тиетін қасиетін көрсетіп үн қатпайды. Сол секілді сіздер де маған сұрау, не тема беріп сөйлетпесеңіздер, қарап тұрып жынды кісідей сөйлей беретін мен де еріккен жан емеспін» — деп жұртты ду күлдірді. «Бірақ, мен мына тұрған күйсандық емеспін, мен адам деген зор атқа ие болған ақынмын. Еліме еңбек ету үшін жүріп те кетем, сөйлеп те кетем» — дей келіп, «шынды айтып сырласайықшы: — мен мұның тілін біліп (рояльдың) тие алмай тұрғанымдай, сіздер де менің жайымды біліп, танымай отырған соң, біреуің үн қатып, соны айт деп маған тіл қатуға бата алмадыңыздар ғой» — деп жұртты тағы ду күлдірді. Атым Иса, әкем аты Байзақ деп, елін, тұрған жерін айтып өзін таныстырып өтті. Сонда алғыр ой, өткір тілмен моншақтай тізілген сұлу сөздің иесі Иса, жап-жаңа момақансып, тып-тыныш тұрған жас жігіт, жалпылдап жанған оттың ыстық жалынындай, лаулан кеп біраз жерге барып қайтты да, бір кездерде, қып-қызыл боп жайнап, қызу шоққа ұқсап, маңдай терін сүк бармағымен сыпырып тастап, асыл сөздің бір-сыпырасын айтып үлгірместен, жүйрік ойы, бай қыялы екіншісін даярлап тұрғандай самғай жөнелді. Қатты айқайдан түтіге долдана, дауылдата, күйындата келген өсердей, бөгеті ағытылған тоғанның төңкеріліп кұлай аққан суындай, қарқыны қарсысындағысын жапырып қаптай өткен, екпінді алып күш тәрізденді.

Содан кейін топ ішінен кейбіреу: «Мына жанып тұрған электр жарығын айтыңызшы», тағы бірі — «Жаңа құралған жас республикамызды суреттей айтыңызшы» деп сұрады. Бұл берілген сұрақ-темалардың біріне іркілместен әрқайсысына 10 — 15 минуттен тоқталып, жауап бере, әрқайсысын өте жақсы көркем шығарма етіп суреттеп, саяси маңызын түсіндіре баяндап берді Иса.

Отырғандар залды басына көтере ду қол шапалақ таумен шын алғыстарын айтып, өте риза болғандарын білдірді, ақынның асқан шеберлігіне, зор талантына бас игендей қатты құрмет көрсетті жұрт. Иса тек ақын ғана емес, домбырамен әнді де өте жақсы айта

тын еді. Оның салған «Қызыл бидай», «Желдірмелерінің» әсем үн, серпінді ырғағы әлі күнге дейін естіген жұрттың құлағынан кетер емес.

Міне, осыдан бастап ардақты Иса ақын сол күнгі үркердей оқушылардың жанында қадірлі қонағы, қымбатты жан қыймас досы болды. Біздің институттың ішінде драма үйірмелерінде қойылған спектакльдерге қатнасып жүріп, басқалардан бұрынырақ өте жақын танысып, киімнің ішкі бауындай, бірімізге-біріміз тез үйір болып бауырмал жақын болып кетіп едік.

Исаның бұл оқушылармен ғана танысуы емес, бұл республикадағы бүкіл астана интеллигенциясымен танысуы. Исаның бұл өнер-білімнің ордасына алғаш басқан адымы еді. Исаның бұл кездесуі, кейінгі күнгі ақындық таудай талабының кең өріс алуына себеп болып, көк қанат балапан шағындағы алғаш ұшқан ұясы болды. Сондықтан, ақынның есте қалатын елеулі күнін еске еріксіз түсіруімізге тура келді. Осыдан бастап Исаның аты ел аузына ілініп, қалың жұртшылыққа тарай бастады. Бұдан кейін ақын оқу оқып, білімді адамдармен араласа келіп, Пушкин, Лермонтов, Шевченко. Абай тағы басқалардың ұлы шығармаларымен ганысты. Исаның «Құралай сұлу» дастанынан бастап, ақырғы күрделі шығармасы «Ақбөпе» дастанына дейінгі артында қалдырған мәдени мұраларының әдебиетте қандай орын алып, бүгінгі социалистік құрылысымызға қаншалықты пайда келтіргенін талдап, дұрыс бағасын беру әдеби сынның міндеті.

Иса ескілікпен алысып, қараңғылықты серпіп тастап, білімге құлаш ұрды, білім-өнерді аңсаған жастардың алдыңғы қатарында болды; республикамыздың бірінші мақтанышы болған, жоғарғы дәрежелі тұңғыш оқу ордасы Қазақтың халық ағарту институтының алғашқы, ардақты совет студенті атағын алғандардың бірі де Иса болды.

Исаның айтып тауыса алмастай, сан ерекшелігінің біреуі — оның адамгершілік бейнесі, үнемі көз алдында тұрады. Исаның бір ерекшелігі — ол ақжарқын, өте майда тілді, бауырмал еді. Жүрген жері думан, еріксіз өзіне ертіп кететін. Ол кек сақтамайтын, кен пейілді, қолы ашық, алды дарқан, жомарт жігіт еді.

Революцияға дейін қазақша театр, кино, режиссер.

актёр деген сөздердің зағы түгіл, аты да болмағанын дәлелдеп жатудың қажеті жоқ. Біз жоғарыда Иса тек ақын ғана емес, әнші, домбырашы да деп едік қой. Иса көркемөнер майданына өзінің табиғи ақындық талантымен келді. Ол халықтың ән-күй, ауыз әдебиет мұраларын да ала келді. Әсіресе, өзге елдерден өзгешерек болған суырыпсалма ақындық халқымыздың қанына біткен, ауыз әдебиетінің негізгі түрі болған, ескі ақындар дәстүрі болған айтысты да ала келді. Онымен ғана тұрмай, көркемөнердің бір түрі драма өнерінің негізгі саласы болған, бүгінгі Қазақстандағы 43 театрдың шыққан қайнар бұлағы болған, аға театр — Қазақтың Академиялық Енбек қызыл ту орденді драма театрының ірге тасын ең алғаш қалаған, саусақпен саналатын аз ғана артистер, мархұм Әміре Қашаубаев, Иса Байзақов бастаған топ еді. Осы топта Исаның жеке драма театрында жасаған мына екі образы еске түседі. Мархұмның драма артистерінің қатарында ойнаған толып жатқан рольдері бар. «Еңлік Кебекте» Жәуетей, Жомарт билің рольдері, «Бәйбіше тоқалда» күйеу жолдасы, «Біржан мен Сара да» Біржан ролі тағы басқа да көптеген рольдерде ойнап жүрді.

Осы рольдерді Иса қатты ойланып, толғанумен, үлкен даярлықпен барып ойнаған болатын. Сондықтан да ол жасаған образдар тамаша жақсы шықты десіп жұртшылық ол кезде аңыз еткен еді. Адамның психологиялық ішкі сезіміндегі қайғы, не қуаныш, не сүйіну, не күйіну түрлерін Иса өте жақсы ашып беретін еді.

Мархұм Исаның есте қаларлық жақсы жасаған үлкен образдарының бірі, өзі сахнаға лайықтап құрастырып, өңдеп жазған «Біржан мен Сара» пьесасындағы Біржан салдың образы. Біржан образын жасау, Исаға соншама қыйынға түскен жоқ. Өйткені, Біржанның образына керек ақындық қасиеттер, өз басынан мол табылған соң, Иса тіпті қысылған да жоқ. Қайта ол құлпырып, қарға аунаған Арканың қызыл түлкісіндей жайнай түсті. Бар дауысымен шіренте кеп айқайлағаннан кейін, өнбойына ыстық қан жүгіріп, көкірегі керіліп, бойы кеңіп, ой-пікірін кеңінен толғайтын, құлашты кең тастап, бұрқырата екпіндеп келгенде, рольдегі жаттап алған шағын сөзге місе тұтпай, аз ойлачып сөз қосатын, бұрынғы айтып келген текстіне үк-

састыра үйлестіріп жымын білдірмей, өз ролі етіп, әр қарай әкете беретін. Сахнаға шығар алдында жүрегі лоблып алқымға тірелгендей, қылыш жүзіне табан басқандай сезім үстінде тұрып, сынға түскендей, екіталай кезде, Иса Біржанның мына өлеңін сырттан шыр қағанда арқаланып кететін еді.

Бұл үйде Сара бар, ма шықсын бері,
Іздеген келіп тұрмын Біржан сері,
Жолықпай сөзі өктемге жүрген шығар,
Ауылында Тұрысбектің өлер жері.

Барабар сөзі теңдес адам болса,
Көңілімнің тарқаушы еді сонда шері,
Сайраған Ортажүздің булбулымын,
Арғынның Алтай қарпық ақтанкері.

Ақиық мұзбалақпын жерге түспес,
Қең қолтық арғымақпын алқымы іспес.
Басайын аптығыңды тез шық Сара
Сен түгіл әкендеймен болдым істес, —

дей келе ашы даусын қайтадан көтеріп ап, жадырап арқалана самсаған ашық айқаймен көтеріле келіп:

Уа, осы үйде Сара бар ма отыр нағып,
Қарсы ушпай тоты құстай қанат қағып,
Жел қобыз, жез тағалы еңіреумін,
Қара тер шыққан сайын кетем ағып, —

деп құтыра соққан дауылдай дүрліктіре, думанмен сахнаға шыға келгенде, айналасындағы жұртты ықтырғандай мысы басып кететін. Бұл спектакль бірер ақ қойылғаннан кейін, әбден рольге еті үйреніп алған Иса, бір күні сахнада Сарамен айтысып отырып шабыты келіп қызара бөртіп рольдің текстіндей етіп, өз сөзімен бастырмалатып ала жөнелді, тоқтайды деген не. Кезекпен Сараға сөз беретін емес, аласұрып кетіп барады.

Қасында Біржанның қосшылары боп отырған артистер етегінен басып, нұқып қалып тоқта деп белгі берсе де, екіленіп әбден делебесі қозып желігіп алған кәдімгі Исаның өзі айтысып отырғандай бой беретін емес. Айналасындағы қаптап отырған артистер, суфлер «тоқта» деп қолымен ымдап, бүкіл ойынға қатнасушылар боп, оның көзі түскеннің бәрі де түрлі белгілермен «ойбай тоқта» дегендей әрекет жасап, әрен.

дегенде тоқтатып алғанымыз бар. Өзінің артистiгiнде жұмысы жоқ, мен оны (Сараны) жеңбей қоймаймын деп өршелене түсті. Артынан әзілмен, «неге бөлдіңдер ойымды, бекер тоқтаттыңдар мені, жаңа қызып келе жатыр едім, неде болса бірсыпыра жерге апарып тастап, кішкене шер тарқатқандай желпініп алатын едім. Зритель қайдан білсін, Біржанның сөзі ме, менің сөзім бе, тыңдаушының құлақ құршын қандырып бұдан да көрі жұртты қатты риза ететін едім» — деп езу тартып жұмсақ қана күліп, домбырасының құлағын сындырып бұрап қатты-қатты қағып жіберді. Осындай орынды етіп бірнеше ауыз өленді, ролінен тыс айтып қалғанына, жас баладай мәз болып, осылай қыйсының тауып қыйыстырған істеріне масайрап қалатын.

Исаның бұл секілді қызғылықты, тапқырлық, оңтайлы мінездері көп кездесетін. Театрда тек артист қана емес, бүгінгі түсінігімізде ол — театрдың әдеби бөлімінің меңгерушісі де еді. Өйткені, ол кездегі қойылатын қандай пьесаның болса да, сөзін жөпдеп, қолма-қол оған лайықты сөздер тауып сала қойып, артығын алып, нашар сөздің орнына жақсы сөздер ойлап таба қоятын.

Ол кезде театрда спектакль соңынан концерт бөлімі, әрдайым болып тұруы міндет болатын; сондағы айтылатын тақпақ (декламация) сөздердің тіліндегі жетімсіздіктерді, олардың ұйқасын келтіріп әрдайым түзеп отыратын. Өйткені, өлеңдердің сөздерін жамап-жасқай отырып, оның шыққан мезгілін айта келіп дәуіріне лайықты, әндердің буынына өлшеп, ырғағына келтіріп саяси мазмұнын ескере отырып, қолайлы түрде сол әндерге текст беретін. Мысалы: «Смет» әнінің мына өлеңін Иса жазған болатын:

Алтайдың айналасы шөккен алтын,
Көркейткен іргесіне қонған халқын,
Бір кезде қонсы қонған жарлы-жалшы,
Міне, бүгін еркіндеп басты қарқын.

Алтайдың кен шығады саласынан,
Биік құз, терең жартас арасынан,
Сокқанда болат балға шүйдесінен,
От шығады жарқылдап көк тасынан, —

деген секілді көп өлеңдерге, осылай сан рет текст жазып, өндірістің тоқталмай өркендей беруіне белсене ат

салысқан еді. Бұған бір жағынан өте жақсы артистка әйелі мархұм Шәрбану да, Исаны көтермелеп ақыл айтып «Қолыңнан келгенді аяймысың, бәрібір өзіміз айтатын өлең, хор ғой, жазып бере сал, ертең сен өлген күні біреу болмаса біреу пәленшенің еңбегі еді деп айта жүрер» — деп бір жағынан қалжыңға айналдыратын.

Қысқасы, Қазақстанда тұңғыш театр құрылғандағы естен қалғысыз нәрселер: Әміренің гармоньға қосылып шырқап салған сұлу, тамаша, Абай айтқандай:

«Кулақтан кіріп, бойды алар
Тәтті ән мен жақсы күй» —

дегендей, осындай әндері еді. Иса үкілі домбырасын қолға алып Желдірмесімен желіп кетіп, қыза келе домбыраны тастай сала, ақындығымен ағып кеп, неше алуан асыл сөздерді төгіп жіберіп, жұртты театрдан кірсе шыққысыз етіп, тәтті ән мен енжу-маржандай сөздерге көміп-көміп алатын. Әміре әсем әнімен, Иса асыл сөзімен алғашқы ашылған театрымыздың кұты, қасиетті көркі еді. Көркемөнерде Исаның аты аталған жерде, Әміренің атын бөлек алып қарауға болмайды. Бұл екеуі де большевиктер партиясы бастаған мерейі үстем, жеңімпаз еліміздің бүгінгі идеология майданындағы күшті құралы болған театрымыздың, оның мындаған артистерінің алдыңғы сапында болған өнерпаздар еді. Бұл екі талант, жауларына ала ұмтылған қайтпас қайратты әндері мен сұлу сөздерін, гармонь мен домбырасын қару еткен жауынгерлер еді.

Бүгінгі қазақ республикасының еңбегі сінген артистері мен халық артистері бастаған тобының және лек-лек өсіп келе жатқан жас артистер тобының ағасы болған Әміре Қашаубаев пен Иса Байзақовтың көркемөнерді өркендетудегі зор еңбегін халқымыз ұмытпайды.

Иса Байзақов — 1946 жылы 3 сентябрь күні ұзақ аурудан қайтыс болды. Ол артына өлмейтін әдеби мұра қалдырған талантты ақын, шебер әнші еді. Исаның жарқын образын жолдастары, жұртшылығымыз есінде сақтайды.

Қапан Бадыров,

Қазақ ССР-нің халық артисі.

ҮІІ БӨЛІМ

ТҮСІНІКТЕР

Бейнетқорлар қаһарманы, басшысы,
Коммуналық тұрмыстағы данышпан.

*Еңбегімен кедей муңын зарлаған,
Қыянатшы жауыздарды қарғаған.
Патшашыл мен байшылдарға қарсы боп,
Ерлігімен дүние жүзін шарлаған.
Бейнетқорлар бостандыққа жетсін деп,
Арам тамақ (?) қап сормасын кетсін деп.
Тури жолмен бастап едің оларды
Әділ, білік, бостандық қосып үкім етсін деп.*

Ленин өлді пікірі оның өлген жоқ,
Ленин өлді жолын ешкім жеңген жоқ,
Ленин сөзі коммунистер құраны,
Жүрек оны өлді деп те сенген жоқ,
Жасар мәңгі коммунизм халқымен,
Мәңгі гасыр Ленин сонда танылар.
Көш кеттің бе (?) қайрылмай, бейнетқордың қыраны.
Сен мәңгілік коммунизм ұраны.
Біз бақытты тудық, сенің тұсында,
Өзің қалды артыңда, еңбекші тап құралы.

Міне, мұны кітапқа басылған негізгі текстімен салыстырғанда, айырма елеулі екендігін, кейбір өлең жолы — «зарлаған» «құран» сыяқты болып бұрмаланғандығын және кейбір өлең, жырларының буыны артық, олақ «жазылғандығын» көреміз. Сондықтан, Иса 1926 жылы «Еңбекші қазақ» газетінде (№ 19) өлеңін бұрмалан басушыларға қатты қарсылық жасап, ашық хат жазған.

² «Біздің еңбек» — Бұл өлең Қазақстан автономиялы республика болып құрылуының бес жылдық мерекесіне арналып, 1926 жылы «Еңбекші қазақ» газетіне 407-санында басылып шыққан. Одан кейін 1948 жылы толық шығармалар жыйнағына кірген (12—13-б.). Бұл өлеңінде әуесідегі басылғанынан өзгеріс болған жоқ.

³ «Сегіз жаста ұлы октябрь» — Бұл өлең 1925 жылы ноябрдің 7 күні, ұлы Октябрь революциясы жеңісінің сегіз жылдық мерекесіне арналып, «Еңбекші қазақ» газетінде басылған. Кейін, 1948 жылы «Таңдамалы шығармалары жыйнағына» кірді (11-б.)

⁴ «Мақтандым, бүгін мақтандым» — Бұл өлең «Еңбекші қазақ» газетінің 1927 жылы 20 январь күнгі санында басылған. 1948 жылғы «Таңдамалы шығармалары жыйнағына» (26—27-б.) және осы жыйнаққа сол газеттен өзгертілмей алынды.

⁵ «Бүгін» — Бұл өлең баспасөз күніне арналған. Ең алғаш 1927 жылы 5 май күні «Еңбекші қазақ» газетіне басылған. Одан кейін 1948 жылғы «Таңдамалы шығармалары жыйнағында» басылды.

⁶ «Аэроплан» Бұл өлең 1927 жылы 17 май күні «Еңбекші қазақ» газетінде басылған. Кейін 1948 жылы шыққан «Тандамалы шығармалар жыйнағында» (23—24-б.) басылды.

⁷ «Улы Октябрь» — 1927 жылы Октябрь революциясының он жылдық мерекесіне арнап жазылған бұл өлең, — сол жылғы «Еңбекші қазақ» газетінің 9 ноябрь күнгі номерінде басылған. 1948 жылғы (14—22-б.) және осы жыйнақтарға сол газетте басылғаны бойынша өзгеріссіз жіберілді.

⁸ «Бетіңді аш» Бұл өлең 1929 жылы, әйелдердің 8 март күнгі мерекесіне жазылған, «Еңбекші қазақ» газетінің 55-номерінде басылған. 1948 жылғы (45—46-б.) шыққан жыйнақта «1928 жылы жазылды» — деп, жыл мезгілі дұрыс көрсетілмеген. Осы жыйнаққа сол бұрынғы басылған нұсқалар бойынша жіберіліп отыр.

⁹ «Қаты қалма, қамданбай» — 1929 жылы жаңа ұйымдастырылған артельдердің байлардан жігін айырып, көктем егісіне шығуы туралы жазылған. Бұл толғау «Еңбекші қазақ» газетінің март айындағы 63-номерінде басылған. 1948 жылғы «Тандамалы шығармаларына» (43—45-б.) және осы жыйнаққа сол газеттен алынып жіберілді.

¹⁰ «Қордайдан өткенде» — Бұл өлеңді Түрксіб темір жолы Алматы қаласына дейін салынып жетпей, жолаушылар апаты жиі болып тұратын Қордай асуынан көлік машинамен өтіп жүрген кезде, Иса өзінің көрген әсерінен алып жазған. Өлең — 1929 жылы «Жаңа әдебиет» журналының 3-номерінде басылған. 1948 жылғы жыйнағына (29—30-б.) және осы жыйнаққа сол журналдан өзгеріссіз алынып, жіберілді.

¹¹ «Неге Алатау шаттанды» — Бұл толғау (поэма) Түрксіб-Сибирь темір жолы оңтүстік жағынан (Луговойдан) бастап салынып келіп Қазақстанның жаңа астанасы Алматыға жеткен күні жазылған. Ол кезде Иса Қазақтың мемлекеттік театрында істейтін. Темір жолдың Алматыға жетуін бүкіл астана халқымен бірге артистер де қарсы алған. Қазақ ССР халық артисі Құрманбек Жандарбеков жолдастың және сол кезде Исамен бірге болған артистердің айтуына қарағанда, Иса осы тақырыпты жол салушы жұмысшылардың ортасында және Алматыға тұңғыш поездың келген күнгі бірінші Алматы станциясында өткен бүкіл халықтық митингінде ауызша айтып, ұзақ жырылаған көрінеді. Сол ұзақ жылдың қысқа нұсқасы сыяқты. Толғау «Еңбекші қазақ» газетінің 1929 жылы август айындағы 153-номерінде басылған. Газеттен алынып, 1948 жылғы (31—38-б.) және осы жыйнаққа енгізілді. 1948 жылғы «Тандамалы шығармаларында» жыйнақта бұл поэма «Неге Алатау шаттанды», «Поезд келген күні» — деген атпен екі бөлініп басылған. Шынында екеуі де бір-ақ шығарма. «Поезд келгенде» — поэманың IV тарауының тақырыпшасы.

¹² «Миллиондаған жалшымыз» — Бұл өлең 1929 жылғы Қызыр шығыста шетел империалистерінің айтақтауымен Совет еліне соқтықпақ болған Қытайдың Гоминдан үкіметінің арандату әрекеті кезінде патриоттық идеямен жазылған. Өлең «Еңбекші қа-

зақ» газетінің сол жылғы сентябрь айындағы (№ 194) номерінен алынып, ақынның 1948 жылғы (39–42-б.) және осы жыйнағына жіберілді.

¹ «Жасасын қызыл болаттар» — Өлең Қызыл Армия күніне арналып жазылып, «Еңбекші қазақ» газетінің 1930 жылғы 24 февральдағы (№ 45) номерінде басылған. Сол басылуынан 1948 жылғы және осы жыйнаққа өзгеріссіз жіберілді.

¹⁴ «Қызыл әскер маршы» — Бұл өлеңнің әуелгі жазылу мезгілі анық емес, тек 1932 жылғы Әміна Мукетованың құрастыруымен Алматы қаласында басылып шыққан «Одебнет тану оқу құралы» кітабынан (45-б.) алынып, осы жыйнаққа жіберіліп отыр.

¹⁵ «Ажар комсомолка» — 1934 жылы, 8 март күнгі Халықаралық әйелдер күніне байланысты жазылған, бұл өлең «Лениншіл жас» газетінің 59 номерінде басылған. 1948 жылғы жыйнаққа және осы жыйнаққа да газетте басылуы бойынша жіберілді.

¹⁶ «Құттықтау» — 1934 жылы шоны айында өткен Қазақстан Совет жазушыларының туңғыш съезінде өлеңмен сөйлеген сөз. Съезге қатысқан жазушылардың айтуына қарағанда, Исанын домбырамен айтып жырлаған толғауы ұзақ екен. Бірақ, түгел жазылып алынбаған. Бұл жыр сол съезд материалынан құралған жыйнақтан (1931 жылы, Алматы, Қазақстан көркем әдебиет баспасы) алынып, ақынның 1948 жылғы кітабына (45–56-б.) және осы жыйнаққа жіберілді.

¹⁷ «Қадырлы қонаққа» — Өлең 1931 жылы Алматы облыстық екінші советтер съезінің делегаттарына құттықтау ретінде жазылған, «Лениншіл жас» газетінің сол жылғы декабрь айындағы 292-номерінде басылған. 1948 жылғы жыйнағына (52–53-б.) және осы кітапқа сол газеттегі басылуы бойынша жіберілді.

¹⁸ «Даналардың данасы» — Ұлы Көсеміміз Сталин жолдасқа арналған. Бұл өлең ең алғаш «Қазақ әдебиеті» газетінің 1936 жылғы 13 октябрь күнгі 59-номерінде басылған. Сол газеттегі басылуы оонынша кейінгі жыйнақтарға жіберілді.

¹⁹ «Жасасын Сталиннің ұлы заңы» — Бұл өлең ССР Одағының Сталиндік Конституцияның проєктісі бүкіл халықтық талқыға түскен кезде жазылған. Сол келдің өзінде, Жамбыл бастаған қазақ ақындары — Сталиндік Ұлы заңды жырлай бастаған еді. Өлең, ең алғаш Семей облысының «Екпінді» газетінің 1936 жылы 21 ноябрь күнгі 267-номерінде басылған. Кейінгі жыйнақтарға да сол газетте басылуы бойынша жіберілді.

²⁰ «Жау адымын аттаптан» — 1938 жылғы март айында бухариншіл фашист бандылары әшкереленіп, оларға сот қурылған кезде Исаның халық атынан зұлым жауға ыза, кек айтып жазған бұл өлеңі — «Қазақ әдебиеті» газетінің 22 март күнгі 14-номерінде басылған, кейінгі жыйнақтарға да сол газетте басылуы бойынша жіберілді.

²¹ «Горький» — Бұл өлең Совет әдебиетінің атасы, кеменгер ұлы жазушы А. М. Горькийдің туғанына 70 жыл толуына арнап жазылған. Ең алғаш «Қазақ әдебиеті» газетінің сол жылғы 28 март күнгі 15-номерінде басылған. Кейінгі жыйнақтарға да осы газет нұсқасымен жіберілді.

²² «*Көктем*» — 1938 жылғы «Лениншіл жас» газетінің апрельдегі 95-номерінде басылған лирикалы өлеңі. 1948 жылғы жыйнағына (99-б.) және осы кітапқа сол газетте басылуды бойынша жіберілді.

²³ «*Қош ана*» — Н. К. Крупскаяның қайтыс болуына байланысты жазылған. Бұл өлең «Лениншіл жас» газетінің 1939 жылғы 1 март күнгі 49-номерінде басылған. Кейінгі жыйнақтарға сол газетте басылуды бойынша жіберілді.

²⁴ «*Қарталы*» — Иса 1939 жылы Ақмола—Қарталы темір жол құрылысын аралап, құрылысшы-жұмысшылар арасында көптеген жыр айтқан. Бұл өлең сол жол құрылысын аралағанда жазған өлеңдерінің бірі. 1939 жылы «Лениншіл жас» газетінің 28 апрельдегі 96-номерінде басылған; кейінгі жыйнақтарға да осы газеттегі басылуды бойынша жіберілді.

²⁵ «*Қиров каналы*» — 1941 жылы көктемде Иса Оңтүстік Қазақстан колхоз, совхоздарын, соның ішінде екіінді қарқынмен аяқталған Қиров атындағы канал бойындағы колхоздарды аралап, өлең-жыр айтқан. Сол тақырыптағы өлеңдерінің бірі осы өлең—1941 жылы «Оңтүстік Қазақстан» газетінің 10 апрельдегі номерінде басылған. 1948 жылғы жыйнағына (69—70-б.) және осы жыйнаққа газеттегі нұсқасы бойынша жіберілді.

²⁶ «*Даналығың өлмейді*» — 1940 жылы Абайдың туғанына 90 жыл толу мерекесіне байланысты, Абай өлеңінің үлгісімен жазған өлеңі. «Теміржолшы» газетінің сол жылғы 119-номерінде басылған, жыйнаққа сол газеттен алынып жіберілді.

²⁷ «*Мәліктің сыйпаты*» — Иса Отан соғысы кезінде колхоздарды аралап жүріп, соғыс майданындағы даңқты батырлардың ерлігін көп жырлады. Солардың ішінде Советтер Одағының Батыры атағы берілген Мәлік Ғабдуллиннің ерлігін де ауызша дастан етіп жырлаған. 1943 жылы жазушы Полевойдың М. Ғабдуллин туралы «Елдің ері» атты кітапшасы қазақ тілінде басылып шыққаннан кейін, Иса ақын Мәлік жайында арнаулы поэма жазбақ болады. Соған дайындық ретінде осы бір қысқа өлеңі жазылып, «Социалистік Қазақстан» газетінің 1943 жылғы 20 августтағы 171-номерінде басылған. Алайда, поэмасын жазып үлгірмеген. 1946 жылы Иса қайтыс болғанда, өзінің жастығының астында сақтаулы қағаздарының ішінде жоғарыда аталған Полевойдың кітабы бар екен. Кітап бүктеліп, әр жеріне белгі қойылып, тозған. Кітаптың ішінде Мәліктің ата-тегіне байланысты ақынның өз қолымен жазған мынадай мәлімет бар: «Қарауыл; Қанай, оның ұлы Бекболат, шешен би (ағасұлтан). — «Шошқаны неге жейді?». Губернаторға айтқан, сайланған. Бекболат—Қанай ұлы Бекболат».

II БӨЛІМ

Әнге лайықтан жазылған өлеңдеріне түсінік.

Иса ақынның — артист, әнші, халық композиторы ретінде шығарып айтқан, көптеген өлеңдері халық арасына кең таралған. Олардың бірқатары ақынның сөзі мен әнін өзі тыңдап шығарған

өлең-өндер, боламаса, бірқатарын халықтың, бұрынғы қазақтың әнші композиторларының әндеріне арнап жазылған өлеңдері. Ақынның өзімен театрдың ашылуының алғашқы күнінен бастап бірге істескен замандастары, Қазақ ССР халық артистері — Елубай Өмірзақов, Қалибек Қуанышбаев, Құрманбек Жандарбеков, Манарбек Ержанов, Жүсіпбек Елебеков, Қапан Бадыровтың, Республикаға еңбегі сіңген артист — Ғарифулла Құрманғалиевтің және басқалардың айтуларына қарағанда, 1926—1936 жылдардың арасында, Иса көп халық әндеріне жаңа текет (өлең) жазған.

Артистер Исамен бірге елге шығып, колхоз, совхоз, өнеркәсіп орындарын аралағанда, халық әндерінің бұрынғы мұңды, зарлы, терлі, я «құдайға сыйынған» сөздерін алып тастап, Исаға қолма-қол жаңа мазмұнды өлең жаздырып алып отырған. Осының нәтижесінде, Иса жазған жаңа өлеңдермен көптеген халық әндері осы күнге дейін радио арқылы, театрларда, опера арналарында үздіксіз айтылып келеді.

Исаның әрбір ән-өлеңдерін қашан, қандай жағдайларда жазылғандығы туралы мәліметтер төмендегіше:

28 «*Бірінші желдірме*» — Бұл өлең — «Ал, алқа келді кезін жайпайтуғын» — деп басталады. Бұл ақынның атақты бірінші желдірмесінің сөзі. Театр сахнасында, ақындар айтысында, той, мәжілісте т. б. керек болған жерде бұл сөзді қоя салып, сол жерде-ақ, басқа өлемен де айта беретін. Қолына домбыра алып, алғашқы бастағанда осы сөзбен бір төгіп-төгіп алатын.

Ақынның көзі тірі кезінде де, осы күнде де Қазақ ССР халық артисі Манарбек Ержанов, республикаға еңбегі сіңген артист Ғарифулла Құрманғалиев «бірінші желдірмені» осы өлеңмен айтып жүр.

Қазақ ССР Ғылым Академиясының Тіл-Әдебиет институтына тапсырған Мақсұтбек Майшекин жолдастың қолжазбасынан алынып, тұңғыш рет 1948 жылғы «Таңдамалы шығармалары» жыйнағында (72-б.) басылған.

29 «*Екінші желдірме*» Бұл өлең «Жұмыскер еңбегіне септуғын» — деп басталатын, өзінің екінші желдірмесінің сөзі. Бұл желдірме «Айман - Шолпан» постановкасында да айтылады.

«Ақ-ақ-ау, шіркін,
Өтеді бір күн сағатта,
Миллион сомдық ойын-күлкі» —

деп айтылатын қайырмасы бар жұртшылыққа мәлім ән, осы Исаның екінші желдірмесі. Қазақ ССР Халық артисі — Құрманбек Жандарбеков басқарған артистердің концертінде (ішінде өзі де бар) 1930 жылдардан бастап айтыла бастаған. Қазір концерт бригадаларында, колхоз, совхоз театрларының сахнасында, мектептердегі драма үйірмелерінде көпшілік даусымен (хор) айтылып жүр. Тұңғыш рет 1948 жылғы жыйнағына (75-б.) Майшекин Мақсұтбектің қолжазбасы бойынша жіберілген.

³⁰ «Үшінші желдірме» - Бұл өлең -- «Гүлденген Қазақстан кең даласы» -- деп басталады. Өзі үшінші желдірмесімен айтқан, жазған жылы белгісіз. Өлең Исаның қолжазбасында сақталған (Тіл-Әдебиет институтының архивінде), оған Исаның өзі «III-мен» деп ат қойыпты. Өлеңнің үшінші шумағы ақынның қолжазбасында былай:

«Дариядай толқып жатыр бізде мұнай,
Мол байлық нефть алқаның жандарыңдай,
Қарсақбай, Қарағанды, Степняк
Қайнардай кен береді тыным алмай».

Алайда, Иса өлеңді орындаушылардың тілегіне, сынына қарай, кейін кейбір сөздерін («Степняк» -- дегенінің орнына, «Айдын Балқаш» дегендей) өзгерткен сияқты. Бұл жыйнаққа Тіл-Әдебиет институтындағы екі қолжазба (М. Майшекин мен ақынның өз жазғаны) бірдей пайдаланылып жіберілді. 1948 жылғы жыйнақта (78-б.) бұл өлең «III-мен» деген атпен басылған.

³¹ «Төртінші желдірме» — Бұл өлең — «Ембіде мұнай қазған еңбек ері» — деп басталады. Ақынның өзі төртінші желдірмесімен орындаған. Бұл өлең Майшекин қолжазбасынан алынып, 1948 жылғы шыққан жыйнағына (73-б.) жіберілді.

³² «Бесінші желдірме» — Бұл өлең — «Қарағанды үшінші алып көмірлі» — деп басталатын өлең. Өзінің осы желдірмесіне арнап жазған. 1948 жылғы жыйнағында (100-б.) «Қарағанды туралы екінші өлең» — деп басылған. Бұл желдірмені бұрын артистер Тайыр Жароқовтың «Өндірісім қоздап жатыр, қоздап жатыр жан-жақта» деп басталатын өлеңімен айтатын. Қазірде кей жерде осы өлеңмен айтады.

Қазақ ССР халық артисі — Құрманбек Жандарбековтың айтуынша, бұл желдірмені 1930 жылдың шамасында шығарған. Ал, әнінен өлеңнің кейін шығуына қарағанда, әсіресе, Қарағанды туралы жазғанына сүйеніп, біз ақын өлеңін 1932 — 34 жылдарда Қарағанды театрында істен жүргенде жазғанын байқаймыз.

³³ «Назқоңыр» I-түрі. — «Айқабак, алтын кірпік, қызыл ерін» — деп басталатын бұл өлеңді Елубай Өмірзақовтың, Манарбек Ержановтың, Қанан Бадыровтың айтуына қарағанда, халық әні «Назқоңырдың» бұрынғы өлеңін тастап, 1926 -- 27 жылдары атақты әнші — Әміре Қашаубаевқа жазып берген. Әміренің орындауында жүріп, осы өлең халыққа кең тарап, сіңіп кеткен. Қазір «Назқоңырды» осы өлеңмен барлық жерде айтады. 1948 жылы «Таңдамалы шығармалары» жыйнағына (108-б.) М. Майшекин қолжазбасынан жіберілді.

³⁴ «Бүгін дала» Бұл өлең — «Бүгін дала гүлденіп, жаңарғандай» — деп басталады. 1926 жылы Елубай Өмірзақовқа «Завлатшы-ай, кұрбым» әніне жазып берген. Елубайдың орындауында сол жылдан бері айтылып келеді. 1948 жылғы жыйнағына (86-б.) М. Майшекин қолжазбасынан жіберілген.

³⁵ «Қалқа» -- «Бұл әннің кім біледі аты қалқа» — деп басталады.

талады. Манарбек Ержановтың айтуынша, оған 1927 жылы «Қалқа» әніне лайықтап жазып берген. Бұл өлеңді Қазақ ССР халық артисі Манарбектің орындап, басқа артистер де үйреніп осы өлеңді ел арасына таратып жіберген. Барлық жерде «Қалқа әні» осы өлеңмен орындайды. 1948 жылы жыйнаққа (100-б.) тұңғыш рет Майшекин қолжазбасынан жіберілген.

³⁶ «Қанапия» — Бұл өлең «Айқайлап жылқы бақтым мен жасымнан» — деп басталады. Осы өлеңмен Зәбира Жұбатова, Рабиға Есімжанова, тағы басқа әнші артистер орындап жүр. Бұл әннің сөзін Иса ертерек кезде жазған екен. Тұңғыш рет 1948 жылғы жыйнағына (110-б.) М. Майшекин қолжазбасынан жіберілді.

³⁷ «Кербез сұлу» — «Алтайдың кербез сұлу азат қызы» — деп басталатын өлеңі. 1948 жылғы жыйнағына (111-б.) М. Майшекин қолжазбасынан алып жіберілген. Осы өлеңмен Зәбира Жұбатова, Рабиға Есімжанова тағы басқа артистер орындап жүр.

³⁸ «Бір бидай» — «Сайрасаң бауырларым мендей сайра» деп басталатын өлең. 1948 жылғы жыйнағына (98-б.) Майшекин қолжазбасынан алынып, тұңғыш рет басылды. Осы өлеңмен «Бір бидай» әнін Зәбира Жұбатова, тағы басқа артистер айтып жүр.

³⁹ «Төгілмелі» — «Отанымның жайнаған жасыл бөлі» деп басталатын өлең. 1948 жылғы «Таңдамалы шығармалары» жыйнағына (99-б.) тұңғыш рет басылған. Осы өлеңмен «Төгілмелі» әнін Зәбира Жұбатова, Рабиға Есімжанова тағы басқа артистер айтып жүр. Кейбір орындаушы әншілердің айтуына қарағанда, Иса бұл «Кербез сұлу», «Қанапия», «Төгілмелі» ән өлеңдерін 1929 жылдың алдында жазған.

⁴⁰ «Қосқанат» — «Бұлытпен араласып, аспанға ұшып» деп басталатын бұл өлеңнің жазылған жылы мәлімсіз. 1948 жылы «Таңдамалы шығармалары» жыйнағына тұңғыш рет басылды. Осы өлеңмен «Қосқанатты» Қазақ ССР халық артисі Зәбира Жұбатова, Қазақ радио комитетінің әншісі Рабиға Есімжанова орындап жүр.

⁴¹ «Жастарым» — Бұл өлең — «Жастарым сибекші елдің болатысын» — деп басталатын өлең. 1929 жылы Елубай Өмірзақовтың сұрауымен жазып берген. Содан бері Елубай да, басқа артистер де «Жастар» әнін осы өлеңмен айтады. 1948 жылғы «Таңдамалы шығармалары» жыйнағында (84-б.) басылған. Бұл өлеңінің:

«Жастарым жайна,
Шілдедей қайна,
Адымдан алға, ақ-ау-ай!» —

деген қайырмасы басылмаған. Оны осы жолы қостық.

Өлеңнің түп нұсқасы Елубай Өмірзақовтың Тіл-Әдебиет институтындағы қолжазбасынан алынды.

⁴² «Турксіб» — «Қақ жарып қара тасты октай өтіп» — деп басталатын өлең. 1929 жылы Елубай Өмірзақовқа жазып бер-

ген. 1948 жыл жыйнағына (81-б.) тұңғыш рет басылған. Түп нұсқасы Майшекин қолжазбасынан алынған.

⁴³ «*Заманымда*» — Бұл өлең «Түрлентемін ән шырқап заманымда» — деп басталады. 1929 жылы ақыяға Елубай Өмірзақов «Құрбымжай» әніне лайықтан жаздырып алған. Осы күйінде Елубай Өмірзақов және басқа әншілер орындап жүр. 1948 жылғы жыйнағына (82-б.) тұңғыш рет басылған. Түп нұсқасы Елубай Өмірзақовтың қолжазбасынан алынды.

⁴¹ «*Әліби*» — «Ескі молда бұрынғы жұртты алдаған» — деп басталатын бір шумақ өлең, 1929 жылы жазылған. 1948 жылғы «Таңдамалы шығармалары» жыйнағында (83-б.) тұңғыш рет басылған. М. Майшекин бұл өлеңді әнге арналған текстер қатарына қосады. Біздің қарауымызша әнге арналған өлең емес, дінге қарсы жазылған — сатира. Өлеңнің жалпы сарынына қарағанда, аяғы бар сыяқты. Басқа шумақтары табылмады.

⁴⁵ «*Ақдария*» — «Оқысаң өнер-білім қайнап тұрған» — деп басталатын өлең. Бастыңқы тұсінікте айтқандай, бұл өлеңді де осы 1929 жылдардың ішінде жазған болуға керек.

«Ақдарияның»:

«Құдай-ау көймді алдың көрмесін деп,
Тіліне өзәліктің ермесін деп.
Молдалар қай кітаптан көрген екен,
Соқырға қайыр, зекет бермесін деп?»

— деп айтылатын бұрынғы өлеңін, Шөже айтқан болуы керек. Исаның текстісі. 1948 жылғы жыйнағында (90-б.) тұңғыш рет, Майшекин қолжазбасынан алып, басылған.

⁴⁶ «*Үридай*» — «Мінекей, біздің бақша гүл жамылған» — деп басталатын өлең. Жазылған жылы мәлімсіз. 1948 жылғы жыйнағына М. Майшекин қолжазбасынан жіберілген.

⁴⁷ «*Өнер*» — «Жігіттер өнер үйрен заманыңда» деп басталатын өлең. 1949 жылы Елубай Өмірзақов жаздырып алған. «Құрбымжай» әнінің екінші өлеңі ретінде айтып жүр. 1948 жылы «Таңдамалы шығармалары» жыйнағына (80-б.) тұңғыш рет басылған. Түп нұсқасы Елубай қолжазбасынан алынған.

⁴⁸ «*Қанатталды*» «Ән сұлау күндей күліп, сорғалаған» — деп басталатын өлең. 1948 жылғы жыйнағына тұңғыш рет басылған. Зәбира Жұбатова, Рабига Есімжанова, Қосымжан Бабақов және басқа әншілер осы өлеңмен орындайды. Түп нұсқасы Майшекин қолжазбасынан алынған.

⁴⁹ «*Жалқаулық*» — «Жалқаулық нағандықтың бір белгісі» — деп басталатын өлең, 1929 жылы жазылған. 1948 жылғы жыйнағына (79-б.) М. Майшекин қолжазбасынан алынып, жіберілген.

⁵⁰ «*Алатау*» — «Бұлыт буган басың қарлы Алатау» — деп басталатын өлең. Композитор Зайнутдиновтың «Алатау» әніне жазылған, халық арасына кең тараған. Майшекин қолжазбасы бойынша кейінгі жыйнақтарға жіберілді.

⁵¹ «*Қызыләскер*» — «Қызыләскер қырағы қайнайтұғын» —

деп басталатын өлең. Композитор Латиф Хамидидің «Қызылөскер маршы» атты әніне жазылған. Қазірде айтылып жүр. 1948 жылы жыйнаққа (112-б.) Майшекин қолжазбасы бойынша жіберілді.

⁵² «Алтай» — «Көрі Алтайдың жонынан кеп атады» — деп басталатын өлең. 1929 жылдың шамасында жазылған сыяқты. Осы өлеңмен «Алтай» әнін Зәбира Жұбатова, Рабиға Есімжапова тағы басқа әншілер орындап жүр. 1948 жылғы жыйнағында (93-б.) тұңғыш рет басылған.

⁵³ «Егіс» — «Қолхозшым гүлдендіріп егісінді» — деп басталатын өлең. 1929 жылдардың шамасында жазылғаны өлеңнің мазмұнынан байқалады. 1948 жылы жыйнағына Майшекин қолжазбасынан алынып, жіберілді.

⁵⁴ «Май» — «Нұр төгіп күн аспанда мақтанады» — деп басталатын өлең, композитор Ковалевтың әніне жазылған. Өлең нотасымен «Жаңа әдебиет» журналының 1933 жылғы, 4-номерінде басылған. Осы жыйнаққа журналдан алынып, жіберілді.

⁵⁵ «Көкпай» — «Бір кезде артта қалған Қазақстан» — деп басталатын бұл өлең, 1931 — 1932 жылдар шамасында жазылған. «Көкпай» әні кей жерде осы өлеңмен, кей жерде халық өлеңдерімен айтылып жүр.

⁵⁶ «Қарағанды туралы өлең» — «Қайнаған қалың байлық Қарағанды» — деп басталатын өлең. Жазылған жылы, қай әнге арналғаны белгісіз. Қарағанды театрында істеп жүрген жылдарында (1932 — 33 ж.) жазса керек. Бұл өлең тура келетін әртүрлі әнге салып, айтылып жүр, бұрын Қазақ ССР халық әртісі Қали Байжанов орындаған.

⁵⁷ «Шахтерлер туралы ән» — «Қарағанды шахтерлері ұр сибектің дабылын» — деп басталатын ән. Ақының желдірме әнімен айтылады. Бұл өлеңді де сол Қарағанды театрында істеп жүргенде жазған болу керек.

⁵⁸ «Өндіріс» — «Қарсақбай, Қарағанды, Риддерім» — деп басталатын өлең. 1948 жылғы жыйнағында тұңғыш рет басылған. «Көкпай» Қарағанды туралы бірінші өлең, Шахтерлер туралы ән, «Өндіріс» өлеңдері де Майшекин қолжазбасынан алынды.

⁵⁹ «Сталин туралы ән» «Отаным күннен-күнге өрге шапқан» — деп басталатын өлең. Әртүрлі әнмен айтылып жүр. 1948 жылғы жыйнағында (76-б.) басылған.

⁶⁰ «Станок» — «Қердің бе станокты тұрған қайнап» — деп басталатын өлең. 1936 жылдан бастап Исаның өзі үшінші желдірмесімен айтқан. 1948 жылғы жыйнағында (78-б.) Майшекин қолжазбасынан алынып, басылды.

⁶¹ «Жаңа өмір» — «Жастарда албырт жүрек, қыран көзді» — деп басталатын өлең. 1948 жылы «Таңдамалы шығармалары» жыйнағына (85-б.) тұңғыш рет басылған.

⁶² «Марина Раскова» — «Қайрағы ескен елімнің» — деп басталатын өлең. Советтер Одағының батыр қыздары Марина Расковаға, Валентина Гризодубоваға, Полина Осипенкоға арналған. «Абайкөк» әнімен әр жерде айтылып жүр.

«Сталин туралы ән», «Станок», «Жаңа өмір», «Марина Раскова» өлеңдері де Майшекин қолжазбасынан алынып, осы жыйнақтарға жіберілген.

⁶¹ «*Ұлы заң*» — «Бақытты Отанымыз. Ұлы заңы» — деп басталатын өлең. Ақынның өзі Әздембай ақынның сарынымен айтқан. 1948 жылғы жыйнақта (87-88-б.) бірінші рет басылған.

⁶² «*Ағайыш*» «Ортекедей орғытып, мінген атын» — деп басталатын өлең. Жазылған жылы мәлімсіз, 1948 жылғы жыйнағында (104-б.) бірінші рет басылды.

⁶³ «*Қызыл флот*» — «Теңбіл аспан төгіліп дарияға» — деп басталатын өлең. «Заман-ай» әнімен әр жерде айтылып жүр. 1948 жылғы жыйнағында (105-б.) Майшекин қолжазбасынан алынып, тұңғыш рет басылған.

⁶⁴ «*Жастар маршы*» — «Біз бақытты, туганнан гүлденгенбіз» деп басталатын өлең — композитор Байболатовтың «Жастар маршы» әніне жазылған. 1948 жылғы «Таңдамалы шығармалары» жыйнағында (113-б.) тұңғыш рет басылған. Бұл ән қазір де орындалып жүр.

⁶⁵ «*Асыл зат*» — Бұл өлең «Ойламай сағат сайын тұра алмаймын» — деп басталады. Жазылған жылы мәлімсіз. Алғашқы да «Асыл зат» әніне лайықталса да, кейінгі уақытта әртүрлі әнмен орындалып жүр. Тіл-Әдебиет институтындағы М. Майшекин қолжазбасынан алынып, осы жыйнаққа жіберілді.

⁶⁶ «*Сұр желгеніше*» — «Қолхөздің социалистік даласында» — деп басталатын өлең. Қай жылы, кімге жазып бергені мәлімсіз. «Сұр желгеніше» халық әні, қазір осы текстімен айтылып жүр. Қазақ ССР халық артисі Зәбира Жұбагова, тағы басқа артистер орындайды. М. Майшекин қолжазбасынан алынып, бірінші рет осы жыйнаққа жіберілді.

⁶⁷ «*Жонып алды*» — «Өлеңді айт дегенде тасып берем» — деп басталады. Жазған жылы мәлімсіз. «Жонып алды» әні осы текстімен орындалып жүр, бұл өлең М. Майшекин қолжазбасынан алынып, осы жыйнаққа бірінші рет енгізілді.

⁶⁸ «*Ақерке*» — «Ақерке ақ күмістей сенің жүзің» — деп басталады. Барлық жерде «Ақерке» әнін осы өлеңмен орындайды. Бізге белгілі орындаушылар Зәбира Жұбатова, Рабиға Есімжанова.

М. Майшекин қолжазбасынан алынып, осы кітапқа тұңғыш рет басылды.

ІІІ БӨЛІМ

Жаңадан қосылған шығармалары

⁶⁹ «*Исаның Құдайбергенмен айтысы*» — Бұл өлең бірінші рет осы жыйнағына қосылып отыр. Айтысты Иса 1946 жылы август айының бас кезінде, ауруханада жатқанда өзі айтып, С. Бегалинге жаздырған. Құдайбергенмен айтыс 1920 жылы жаздығүні Павлодар облысы, Ертіс ауданында Бердәлі Жылқыбаев деген кісінің үйінде өткен.

зін кеткен бір ер қызға кездеседі, екеуі мұндасып, қосылып елге баратын еді. Мұны басылар кезде ақын-жазушылар сынақ ұнатпаған соң және шынында аяғы қыйсынсыз ертегіге айналып бара жатқан соң алып тастадым» — дейді. (Мұны 1940 жылы «Қуралы сұлуды» қайта бастырарда айтып еді).

Поэма ең алғаш Орынбор қаласында «Қызыл Қазақстан» (Қазақстан өлкелік партия комитетінің органы) журналының 1925 жылғы 2-номерінде басылған. Одан кейін 1926 жылы Қызылорда қаласында жеке кітап болып басылып шықты. 1939, 1940, 1941, 1942 жылдары, Қазақ Совет әдебиетінің X класка арналған хрестоматияларында (Д. Әбілев пен Ж. Саип құрастырған) қысқартылып басылған. 1941 жылы «Кавказ» жыйнағына және 1948 жылғы «Таңдамалы шығармалары жыйнағына» кірді. Осы жыйнаққа да 1948 жылғы басылуы бойынша жіберілді.

⁸⁷ «Улы Құрылыс» — Бұл поэма 1932 жылдары жазылып, 1933 жылы Семей қаласында (Қазақтың Мемлекеттік баспасы) басылды. Ақын поэмасының басына «Колхоз, совхоз туралы поэма» деп жазған. Поэмада колхоз, совхоз жайы аз айтылады да, революциялық күрес, Октябрь революциясының жеңісі, Лениннің кемеңгерлік жолы, Сталиндік бесжылдық жоспардың іске асуы, Советтік Отанның қуат-күшін арттыру мәселесі, тап тартауы, өнеркәсіпгердің өркендеуі жолындағы күрестер кең жырланады.

Поэманың соңғы бір тарауы «Тап күресі майданында» деп аталып, бесжылдық жоспар бойынша еліміздің өнеркәсібінің өркендеп, алға басып келе жатқандығы баяндалып, колхоз құрылысының өсу мәселесін айтумен келіп тоқтайды. Ақын поэманың соңғы тарауларында колхоздағы еңбек өнімін, жаңа тұрмысты кең суреттеу мақсатын алға қойған. Поэма сол 1933 жылы басылуы бойынша баспаға жіберіліп отыр. «Өлең» деген кіріспесі, 1948 жылғы «Таңдамалы шығармалар жыйнағында» жеке өлең болып (3-4 б.) басылып еді. Бұл жыйнақта өз орнына жіберілдік.

⁸⁸ «Алтай аясында» — Бұл поэма 1934 жылы «Әдебиет майданы» журналының 1, 2, 5, 6, 10-номерлерінде басылған. Одан кейін, 1939 жылы бөлек кітап болып шықты. 1948 жылы «Таңдамалы шығармалары жыйнағына» кірді. «Алтай аясында» поэмасы бұрынғы «Алтай ертегісі» поэмасының екінші варианты. Екеуінің тақырыбы бір, басты геройлары да, бірқатар оқыйғалардың қалыптасуы да бір. Мысалы: Құбылай, Балағазы, Көпін, Қәутіл, Еркежан (Еркеш), Жоламан, Құсан, сыяқты адам аттары өзгермейді. Бірақ, бұл кейінгі жазылған «Алтай аясында» поэмасының басталуы да, аяқталуы да, ішіндегі оқыйғалары да басқаша құрылып, өзгеріп кетеді.

Әсіресе, кейінгі поэмада кедей Балағазы мен Құсан мырзаның арасындағы таптық күрес айқын ашылып айтылып, әңгіменің негізгі мақсаты да осыдан өрбиді. «Алтай ертегісінде» оқыйға Еркежанның қалмақ тұтқынынан қашып шығып, Маркакөл жағасындағы елін, Балағазыны жоқтап тұрған жағдайдан басталса, бұл поэмада Балағазының, Еркежанның, Құсанның ауылдарын суреттеуден бастайды. «Алтай ертегісінде» Еркежанның,

оның шешесінің, жақындарының қалмақ тұтқынындағы қорлықтарын кеңірек баяндаса, бұл поэмада ол көріністер аз. Онан соң Кәутүінің Кәшіп, Қәбікке қарсы күресі алғашқы поэмада айқын, толық айтылса, кейінгі поэмада бір-ақ ауыз сөзбен түсіндірілгені өтеді. «Алтай ертегісінде» қазақ ауылы сырттай суреттелсе, бұл поэмада кедейдің, байдың ауылы, тұрмысы ашық көрсетіледі: Әсіресе, Құсан мырзаның өркөкірек мінезі, зорлық-зомбылығы, зальымдығы суреттеледі де, оған қарама-қарсы Балағаз, Құбылай бастаған кедейлердің халықтық күші, халықтық ыза, кегі басымы беріледі. Алғашқы поэмада Балағаздың ауылдағы досы Жолдасбегі өлсе, мұнда қарама-қарсы соғыста өзімен бірге жүрген жігіт Жоламан өледі. Жоламан өлімі — Балағазға таптық кек тастайды. Екі поэманың асты-көпті айырмашылықтар осындай. Алғашқыда романтикалық сарын басым болса, соңғы поэмада реализм басымрақ.

⁸⁰ «Кавказ». — Исаның бұл көрнекті поэмасы, алғаш 1939 жылы «Пионер» журналының 3, 4, 5-номерлерінде, сол жылғы «Советтік Қарағанды» газетінің 90, 104-номерлерінде басылған және Қазақстанның XX жылдығына арналған «Тарту» атты жыйнаққа кірген. 1941 жылы бірнеше поэмалармен бірге өзальдына жеке кітап болып шықты. 1948 жылы «Таңдамалы шығармалары жыйнағында» және осы жыйнаққа бұрынғы басылғандарынан өзгеріссіз алынып жіберілді. Иса бұл поэмада Жүсіп манап пен кедей ер жігіт Бағыда арасындағы тартысты суреттейді.

Поэманың сюжеті негізінде Абайдың баласы Ақылбайдың «Дағыстан» атты поэмасының сюжетімен бір. Ақылбай поэмасы ең алғаш 1918 жылы «Абай» журналында жарияланған. Ақылбай поэмасында Дағыстан елінің Жүсіп атты қатал бегінің жетім-жесірге қыянаты, қаталдығы баяндалады. Жүсіп Әлі кемпір дейтін жесір әйелдің жалғыз ұлын тауда кездесіп, жазықсыз қанжар салып өлтіреді. Жалғыз баласының қайғысынан кемпір де өледі. Басқа бір жаумен соғыста Жүсіптің Әлі, Мұса атты баллары өледі. Онан кейін Жағынар, Таяр атты екі ұлы тауда аң аулап жүріп, нөсер жауын кезінде таудан құлап өледі. Жебірейіл атты кедей өзі мерген жігіт Жүсіптің қызы Зайраға ғашық болады. Мұны білген Жүсіптің кенже ұлы Рахым, намыстанып Жебірейілмен ұрыс салып, оны Жебірейіл өлтіреді. Рахым өлер алдында әкесінен, қарындасы — Зайрадан кек алуды тілейді. Ыза болған Жүсіп Жебірейілдің соңына түсіп іздеп тауып, екі құлымен жабылып өлтіреді. Ғашығының күйігінен Зайра да өледі. «Әлі кемпірдің қарғысы, обалы жібермеді, Жүсіптің тұқымы кұрып кетті» деп, ақын қортынды жасайды.

«Бәрі есітті өлгенін ұлы, қызы,
Батты Жүсіп бағырға қайғы сызы,
Кемпірдің қарғысынан құтылуға,
Пана жоқ айнадай боп жердің жүзі» —

деген сөзі поэманың оқыйғасының түйіні сияқты.

Иса поэмасының тақырыбы, кісі аттары бір болғанмен, сюжет қурылысы, оқыйға желісі, идеялық мотиві бүтіндей басқаша, кейбір оқыйға кезеңі де бүтіндей басқа. Поэмада Жүсіп манап пен Зайданың ғашығы, келсі ер жігіт Бағыданың арасындағы тін тартысы суреттеледі. Бағыданың әкесін ерте кезде Жүсіп өлтіреді. Бірақ, ол ешкімге мәлім емес. Құныя сыр.

Ақын осы сырды ашып, Бағыда мен Жүсіптің және оның балаларының арасынан кекті оқыйға туғызып шиеленістіреді. Жүсіптің қызы Зайда әкесінің жауы Бағыдаға ғашық болып, әке аңғын орындамайды. Бұл күресте Бағыда Жүсіптің балаларын өлтіреді. Осы күйіншітерге шыдай алмаған Жүсіп өзін-өзі өлтіреді.

Ақылбай поэмасында - пікірін тағдыр, жазмыш, кемпірдің қарғысы деген қортындыға келтірсе, Иса тап күресі, өркөкірек манаптың әкелік назарынан, адал махаббатты, таза әділетті жоғары етіп көтереді. Ақылбайды қайталап жаздың деген уақытта Иса: «Мен біле тұрып Ақылбаймен ақындық жарысқа түстім, салыстырып оқып көріңдер, менде тап тартысы, адалдық пен адамгершілік — негізгі тақырып» деуші еді. Әрине, идеялық-көркемдік қасиет жағынан Ақылбай поэмасынан Исаның «Қауказ» атты поэмасы анағұрлым күшті жазылған.

⁹⁰ «Он бір күн, он бір түн» — Бұл поэма 1938 жылы жазылған, 1940 жылы «Әдебиет және Искусство» журналының 7, 8-номерлерінде, 1941 жылы «Қауказ» атты поэмалар жыйнағында, 1948 жылы «Таңдамалы шығармалар жыйнағында» басылған. Бұрынғы баспаларымен салыстырғанда елеулі өзгешелігі жоқ, бірақ, 1941 жылғы «Қауказ» атты поэмалар жыйнағында (90-беті, жоғарыдан санағанда 4-жолы) «Басталды оқыйғаның тамашасы» делінген. 1948 жылғы «Таңдамалы шығармалар жыйнағы» ның (221-бетінің, жоғарыдан санағанда 16-жолы) «Басталды оқыйғаның бір сатасы» дейді. Біз соңғы баспаның нұсқасымен жібердік.

Бұл поэманың басты кейіпкерлері Совет Одағының батырлары Валентина Гризодубова, Марина Раскова, Полина Осипенко.

Отанымыздың ержүрек ұшқыш қыздары, 1938 жылы сентябрьдің 24 күні, Москвадан Қызыр-Шығысқа қонбай, төте ұшу сапарына шығып, дүние жүзіндегі әйел ұшқыштар өмірінде бұрын-соңды болып көрмеген рекорд жасаған. Осы сапарда ауа райының қолайсыздығынан өте биіктеп ұшып, самолеттің жанар майы таусылып, Қызыр-Шығыста Байкал тұсында Саян, Камар, Дабан тауларының арасында, Әмгун өзенінің жағасына қонады. Марина Раскова алдымен парашютпен түсіп, бірінен-бірі адасады. Осы арада ұшқыштар он бір күн, он бір түн болады. Поэманың «он бір күн, он бір түн» деп аталуының себебі де осы оқыйғандан. «Родина» самолетінің экипажын іздеп табуға, мемлекеттік комиссия құрылып, самолетті және ұшқыштарды тауып алады. 1938 жылы октябрьдің 27 күні, Москвада ұшқыштарды зор қуанышпен қарсы алады. Сол жылы 2 ноябрь күнгі ССРО Жоғарғы Советі президентумының указымен, айбынды ұшқыштар Валентина Гризодубоваға, Марина Расковаға, Полина Осипенкоға Совет Одағының Батыры атағы берілді.

Барлық газет, журналдар, радиолар дақты совет әйелдерінің таңғажайып ерлігін, бүкіл әлемге хабарлағанда, осы бір тарихи оқыйға, ақынды қатты қызықтырады. Сол 1938 жылы күзде Иса Маринз Раскова туралы ән текстісін жазады. Одан кейін жұрттың бас қосқан мәжілістерінде, осы оқыйғаны ауызша жырлап жүреді. Артынан жазып қағазға түсіреді. Ауызша жырлағанын естіген жолдастар (Әлжаппар Әбішев, Сапарғали Бегалин, Жақан Сыздықов, тағы басқалар) поэманың басылған нұсқасынан ауызша айтқанының көлемі анағұрлым мол, көркемдігі бұдан да күшті екендігін ескертеді.

Ақын поэманы жазғанда «Родина» самолетінің ұшу сапары туралы ресми хабарларды, мақалаларды қадағалап оқығандығы байқалады. Поэмадағы оқыйғана байланысты жер, су, мекендерді айнытпай дәл айтады.

⁹¹ «Ақбөпе» — Бұл поэма 1941 жылдың басында жазылған. 1941 жылы «Әдебиет және искусство» журналының 4-номерінде басылған. 1945 жылы Қазақтың Біріккен Мемлекеттік баспасы жеке кітап етіп шығарған. 1948 жылғы жыйнағында (259-315-беттер) басылған. Бұл басылғандарын бір-бірімен салыстырғанда, ешқандай айырмасы жоқ. Ал, ақынның қолжазбасымен салыстырғанда поэманың басталуындағы үшінші шумақ:

«Жүрегін жұлып алып аспанға ұрған,
Жұлдыз боп соның оты жанып тұрған.
Арқада ақтарылған барлық өзен,
Жасы еді Ақбөпенің көп жылаған» —

делінген. Бұл бір ауыз өлең басқаларында жоқ болғанықтан, біз де осы жыйнаққа енгізудің қажеті бар деп таппадық. Бұл поэмадағы жырланатын оқыйғаның негізі, Шу өзені бойындағы Дулат ішінде Ақбөпе сұлудың теңіне (сүйген жігіті Сауытбекке) бара алмай, қалыңмал берген байдың тоқалы болып кеткен өміріне байланысты, ел аузындағы бірсыпыра оқыйғаға сүйенген бе деп те ойлаймыз. Бірақ, Иса жазған Ақбөпе, Арқа мен Қаратау арасындағы елдердің өміріне байланыстыруына қарағанда, ақын басқа да бір тарихи шындыққа сүйене отырып, жазды ма екен деген ой туады.

⁹² «Қырмызы—Жанай» — 1940—41 жылдары жазыла басталып, аяқталмай қалған поэма. Мұның тақырыбы және тарихи оқыйғасы Шығыс Қазақстан облысының жеріндегі, 1916 жылғы халық көтерілісінен алынған. Ақын мұнда да өзінің бұрын көп аралап, қызығын жырлаған Алтай оқыйғаларына зейін аударған. Поэманы балықшы жігіт Жанайдың өмірін суреттеумен бастауы да қызықты. Поэманың қолжазбасы Тіл-Әдебиет институтының архивінде сақтаулы.

Бұл поэма 1948 жылғы «Таңдамалы шығармалар жыйнағына» кірген және қолжазба нұсқасы бойынша осы жыйнаққа жіберілді.

Ү БӨЛІМ

Исаның айтуы жентаралған шығармалар

Иса ел ақындарының өлеңдерін, ертегі, аңыз әңгімелерін көп білетін. Басқалардан естігендерін тез жаттап есіне сақтай алатын үлкен жыршы да болатын. Осы ретте ол Қазақ ССР Ғылым Академиясымен үнемі байланыс жасап, әр мезгіл кұнды материал тапсырып отырды. Сол Иса тапсырған материалдардың жөне Исаның жырлауымен таралған дастандардың кейбір нұсқасы іріктеліп алынып, баспаға жіберіліп отыр.

⁹³ «*Ай астында Айбарша сұлу*». Бұл ел аузында көп тараған ертегінің бірі, мұны Иса ССРО Ғылым Академиясының Қазақ филиалына, 1936 жылы өз қолынан жазып тапсырған (папка 30, инв. 35), өзінің қолжазбасы бойынша баспаға жіберілді.

⁹⁴ «*Жетімдер*». Бұл да ел арасына көп тараған ертегінің бірі. Мұны Иса филиалға 1938 жылы тапсырған (папка 286, инв. 242). Ақынның өз қолжазбасы бойынша баспаға жіберіліп отыр.

⁹⁵ «*Өткендегі кейбір ақындар туралы білетінім*». Бұл — тіл және Әдебиет институтына, ақынның соғыстан бұрын жазып берген шағын қолжазбасы.

Ақын Академияға өзі білетін және естіген ақындардың сөздерін, олардың өмірі жөнінде мәліметтерді мол жыйнап тапсыруды мақсат еткен көрінеді. Бұл материал ақынның өз қолжазбасы бойынша баспаға жіберіліп отыр.

МАЗМУНЫ

	Беті
Шығарушылар алқасынан	3
Иса Байзақов (Е. Исмаилов)	5

I БӨЛІМ

Өлеңдері

Ленин	51
Біздің еңбек	53
Сегіз жаста Улы Октябрь	55
Мақтандым, бүгін мақтандым	56
Бүгін	59
Аэроплан	60
Улы Октябрь	62
Бетінді аш	70
Қапы қалма, қамданбай	72
Қордайдан өткенде	74
Неге Алатау шаттанды	76
Миллиондаған жалшымыз	83
Жасасын қызыл болаттар	86
Қызыләскер маршы	88
Ажар комсомолка	89
Қуттықтау	92
Қадырлы қонаққа	95
Даналардың данасы	97
Жасасын Сталиннің ұлы заңы	99
Жау адымын аттатпан	101
Горький	103
Көктем	105
Қош ана	106
Қарталы	108
Киров каналы	109
Даналығың өлмейді	111
Мәліктің сыйпаты	112

II БӨЛІМ

Ән өлеңдері және әндерінің нотасы

	Беті
Бірінші желдірме	115
Екінші желдірме	116
Үшінші желдірме	117
Төртінші желдірме	118
Бесінші желдірме	119
Назқоңыр I-түрі	120
Бүгін дала	121
Калқа	122
Қанапия	123
Кербез сұлу	124
Бір бидай	125
Төгілмеді	126
Қос қанат	127
Жастарым	128
Түрксиб	129
Заманымда	130
Әліпби	131
Ақдариға	132
Үридай	133
Өнер	134
Қанатталды	135
Жалқаулық	136
Алатау	137
Қызыләскер	138
Алтай	139
Егіс	140
Май	141
Көкпай	142
Қарағанды туралы өлең	143
Шахтёрлер туралы ән	144
Өндіріс	145
Сталин туралы ән	146
Станок	147
Жаңа өмір	148
Марина Раскова	149
Ұлы заң	151
Ақайша	153
Қызыл флот	154
Жастар маршы	155
Асыл зат	157
Сұр желгенше	158
Жонып алды	159
Акерке	160
Иса Байзақовтың музыкалық творчествосы	163

III БӨЛІМ

Жаңадан қосылған шығармалары

	Беті
Исаның Құдайберген ақынмен айтысы	179
Қарқара жәрмеңкесіндегі жыр	181
Әміре жөнінде білетінім	187
Сау бол енді Сәрсембай сам знает	188
Шығады менің қызым биші болып	189
Жылама, кемпір, жылама	190
Бауырым Ахметжан	191
Ғаниятбек ініме	193
Екпін (I, II өлең)	194
Алтын отан гүл киген	195
Уа, шіркін шабыт атсын тілдің тілі	196
Төтенше бұл VIII съезд тойы	—
Кәрібай шал	197
Жаңада айтып кетті Балақадыр	200
Қарашы домбыраның еркесіне	—

IV БӨЛІМ

Поэмалары

Құралай сұлу	203
Ұлы құрылыс	228
Алтай аясында	253
Эпилор	306
Қавказ	307
Он бір күн, он бір түн	334
Ақбөпе	317
Қырмызы—Жанай	398

V БӨЛІМ

Исаның айтуымен тараған шығармалар

Ай астында Айбарша сұлу	411
Жетімдер	420
Өткендегі кейбір ақындар туралы білетінім	431

VI БӨЛІМ

Өмірбаянына қосымша материалдар мен түсініктер

Ақын өмірінен (С. Бегалин)	437
Ақын Иса Ташкент қаласында (А. Хангелдин)	455
Домбыраның еркесі (Жақан Сыздықов)	458
Иса ақынмен соңғы кездесу (Қ. Аманжолов)	461
Исмен ең алғашқы кездесуім (Қ. Қуанышбаев)	464

	Беті
Иса ақын туралы өсімде қалғандар (Саяділ Керімбеков)	467
Исамен бірге болған шақ (Е. Өмірзақов)	470
Ақын-артист (Қ. Бадыров)	472

VII БӨЛІМ

Түсініктер	481
------------	-----

ИСА БАЙЗАКОВ СОБРАНИЕ СОЧИНЕНИЙ.

(на казахском языке)

Издание Казгослитиздата 1951 г.

Редактор *Ж. Сыздықов*

Техн. редактор *С. Ищанов*

Корректоры *Л. Ашкеев, Б. Омаров*

Сдано в набор 4 IV 1951 г. Подписано к печати 21/VIII-1951 г. УГ 03107. Изд. №88.
Бум. 84X108/27,87 б л.—25,83 п. л. (Уч. Изд. 25,6 л.) Тираж 10000. Цена 20 руб.

г. Алма-Ата, Гостипография №1 Казполиграфиздата при Совете Министров
КааССР Заказ №326.

